Сонымен, авторлардың жұмыстары бірлескен тәсіл мәселелерін шешу контекстінде «коллаборация», «коллаборациялық орта», «коллаборациялық оқыту», «коллаборациялық технология» ұғымдарының мәнін аша отырып, олардың ***коллаборацияны*** *орта, модель, технология, тәсіл, үдеріс тұрғысынан қарастырғанымен барлығы да болашақ педагогті оқу орны мен өндірістің әріптестігінде даярлау қажеттілігін, бірлескен ортада бір мақсатта ортақ нәтижеге жету үшін ынтымақтастықта даярлығын теңдестіруге болады.*

Тұжырымдай келе, біздің түсінігімізше *«Коллаборация»* – бірлескен іс-әрекет, ынтымақтастық, ортақ мақсаттың нәтижеге бағытталуы деген түсінікті білдіреді.

«Коллаборациялық орта» – білім алмасу, оқыту және келісімге (консенсусқа) қол жеткізуде орын алатын ортақ мақсаттар үшін қандай да бір салада, екі және одан да көп адам немесе ұйымдардың бірлескен іс-әрекеті (үдерісі).

«Коллаборациялық оқыту» (ағылш. collaborative learning) – бұл оқыту білім алушылар арасындағы немесе студенттер мен оқытушы арасындағы тығыз өзара өзара әрекеттестікке негізделген тәсіл. Үдеріске қатысушылар ақпаратты белсенді түрде бірлесіп іздейді, талқылайды және мағынаны түсіну арқылы білім алады. Коллаборациялық оқыту топтық жобалар, бірлескен зерттеу-жұмыстар, шығармашылық сессиялар, ми шабуылдары және т.б. сияқты форматтарды қамтиды.

Коллаборациялық кеңістік (collaboration space) – бірлескен артефактілер жиынтығы және оларға қатысушылардың қол жеткізу тәсілдері.

Ал *коллаборациялық технологиялар* (collaborative technologies) – коллаборациялық ортаны құру мен қолдаудың кез келген технологиясы.

Нәтижелер

Қазіргі кәсіптік білім беру тәжірибесінде қоғамдағы динамикалық үдерістер мен ЖОО-да мамандар даярлау сапасы арасындағы айтарлықтай алшақтық байқалады. Себебі, ЖОО-да пәндік оқытудың басым сипаты студенттердің білімінің жиі шашыраңқы, тым теориялық сипатқа ие болуына әкеледі, нәтижесінде алған білімдерін практикада қолдануда және ұйымдастырушылық, басқарушылық, жобалау іс-әрекетін жүзеге асыруда қиындықтары туындайды. Осындай оқу-танымдық іс-әрекеттің нәтижесінде алынған білім қажетті нәтиже бермейтінін аңғаруға болады. Ал, біз қарастырып отырған коллаборациялық үдерістер әрқашан тәжірибеге бағытталған, сондықтан олар тек адам іс-әрекетінің кәсіби салаларында пайда болады.

Яғни, бүгінгі таңда мұғалімдердің біртұтас педагогикалық үдерісінде ұжым теориясының негізгі ережелерін қолдану дағдылары сұранысқа ие, бұл өз кезегінде топтық жұмыс мәселелерінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруды талап етеді.

Коллаборациялық ортаны құрудың *бірінші қадамы:* ұжымда достық атмосфера құру, педагогикалық міндеттерді шешу үшін ПОҚ-ң студенттермен, студенттердің студенттермен бір-бірімен өзара әрекеттесуінің сенімді ортасы болуы, бұл кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас мәдениетін дамытуға, тәжірибе мен идеялармен алмасуға, өзара түсіністікті дамытуға, бірлескен ортаның әлеуметтік сипатын түсінуге мүмкіндік береді.

Топтың әрбір мүшесін құрметтеу, қабілеттерін тану және жеке үлестері негізінде ынтымақтастық студенттердің әлеуетті мүмкіндіктерін ашуға қолайлы жағдай жасайды. Іс жүзінде біз жұмысты дұрыс ұйымдастырған кезде: үдерістің әрбір қатысушысы топтық іс-әрекетке қатысып, өзі үшін белгілі бір нәтижелерге қол жеткізетінін көруге болады; студенттер өздерінің жетістіктерін топтың басқа мүшелерімен салыстыруға мүмкіндік алады; топтық жұмысты қолдану қызығушылық тудырған және танымдық қызығушылықты едәуір арттырған іс-әрекет түрін әртараптандыру мүмкіндігі болады; студенттерді жалпы тапсырмасы бар шағын топтарға біріктіру, әр студент үшін оның тапсырманы орындауға қатысу формаларын бөлу, әрқайсысы өз жұмысының нәтижесі үшін ғана емес, ең бастысы бүкіл топтың нәтижесі үшін де жауап беретін жағдайлар жасалады; бұл ортада студент өзінің маңыздылығы мен ұжымдағы жеке құндылығын

түсінуге, шығармашылық, инновациялық ғылыми-зерттеу жұмыстарына даяр болуына үлесін қосады.

Біздің пайымдауымызша, топтық іс-әрекет барысында студенттердің мәселелерді бөліп көрсетуді және оларды шешудің жолдарын табуды, өз көзқарасын қалыптастыруды, өз пікірін қорғауды, коммуникативтік дағдыларды игеруді қалай үйренетінін – коллаборациялық оқу ортасын құру айқын мысал бола алады. Коллаборациялық оқу ортасын құру барысында қатысатын студенттер саны артады. Нәтижесінде бұл жаңа идеяларды қалыптастыруды жеңілдететін, кері байланыс ұйымдастыруға және іс-шараны әртүрлі елдердің студенттері мен педагогтері арасында шығармашылықты өзара әрекеттестістік байланыстар орнату бойынша нәтижелі көрсеткіштердің біріне айналдыруға мүмкіндік беретінін көреміз.

Тәжірибе көрсеткендей, коллаборациялық ортаны құрудағы екінші қадам: ауысымдық құрамды қолдана отырып, кәсіби этика, нормалар мен талаптарды сақтай отырып, топтық жұмысты ұйымдастыра білу. Бірлескен ортаны қамтамасыз ету болашақ педагогтердің кәсіби ұтқырлығын дамытуға көмектеседі; студенттер тақырыпқа тез еніп, шешімнің әртүрлі нұсқаларын жедел әзірлейді; жалпы және жеке іс-әрекеттерді түзету мен үйлестіруді жүзеге асыра алады; әріптестерінен алынған ақпаратты тіркеуді және жүйелеуді қамтамасыз ете алады; студенттердің байқауға деген қызығушылығы мен назарын арттыру үшін инновациялық әдістер мен формаларды таңдап, әзірлейді.

Бүгінгі күні коллаборациялық ортаны құрудағы үшінші қадам: білім беру сапасын жоғалтпай қашықтықтан оқыту форматына көшу талаптары қойылуда. Біздің коллаборациялық ортадағы тәжірибеміз қысқа уақыт ішінде қойылған міндеттерді шешуге бағдарлануға және онлайн оқыту шеңберінде ПОҚ мен студенттердің бір-бірімен өзара әрекеттестікте жұмыс істеудегі білім беру мүмкіндіктерін кеңейтуге көмектесу. Бұл ретте топтық жұмыс нысанын ұйымдастыру қойылған міндеттерге байланысты студенттерді олардың тәжірибесін, жұмыс өтілін, жасын ескере отырып, тең деңгейлі немесе көп деңгейлі топтарға біріктіру және бірлескен іс-шаралар ақпарат беру мен оқыту үдерісін жандандырады. Сондай-ақ, ПОҚ мен студенттердің арасында құрылған чат қарым-қатынас пен кеңес беруде үлкен көмек көрсетеді.

Болашақ педагогтерді кәсіби даярлауда практикаға бағдарланған, дуальді-бағдарлық оқытудың маңызы ерекше екендігін айта отырып, студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуда мектеп-колледж-ЖОО өзара әрекеттестігінде көп жылдық тәжірибесі бар педагогтармен, бірақ ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгермеген педагогтер және оларды жақсы меңгерген, бірақ қашықтықтан сабақ жүргізу тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз жас мамандардан тұратын шағын топтар құру елеулі көмек көрсететінін айдан анық. Мұғалімдердің өзара оқуы кейбір заманауи ақпараттық технологияларды, оқытудың инновациялық-трансформацияланған әдістері мен формаларын (робототехника, 3D модельдеу, телесабақтар, онлайн аудио, видео сабақтарды дайындау мен түсіруді) игеру процесін жеделдетеді. Жас түлектер оқытудың жаңа тәсілдерін енгізіп, сабақтың эмоционалды берілуін белгілей алады әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге, коммуникациялық үдерісті жоспарлау мен ұйымдастыруға дайындығын дамытуға оң әсер ететіндігі сөзсіз [13].

Коллаборациялық орта әріптестік қағидаттарына негізделген ПОҚ-студенттер-жұмыс берушілердің бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады. Мысалы: әртүрлі тақырыпта жобалық-конкурстар іске асыру бізге қатысушылардың тұлғааралық өзара әрекеттестік байланыс дағдыларын дамытуға, бір-бірінің табысын қолдауға, өзінің тиімділігін топтық бағалауға, оны арттыру тәсілдерін әзірлеуге ықпал етеді [14]. Жобаны бірлесіп әзірлеу және орындау қатысушылардың үйренгеннен өзгеше мінез-құлықтың әртүрлі түрлеріне төзімділік және т.б. сияқты жеке қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қоғамдық бірлескен жұмыс нәтижелері, іскерлік талқылау жүргізу, жанжал жағдайлары мен даулы мәселелерде келісімге қол жеткізу үшін жауапкершілікті қалыптастырады. Әрине, жоба бойынша жұмыс болашақ педагогтердің әлеуметтік-кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға, әлеуметтік-кәсіби бағдарларға сәйкес өз қызметін дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі деп тұжырымдаймыз.

Талқылау

«Бәсекелестіктен ынтымақтастыққа» көшу идеясы педагогикалық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасын әзірлеу барысында пайда болды деп айтуға болады. Сонымен, біз қарастырып отырған коллаборациялық орта негізінде болашақ педагогтің кәсіби даярлығының теориялық-әдіснамалық негіздемесі бойынша бірқатар ғалымдардың зерттеу көзқарастарын талдап талқылайтын болсақ, коллаборациялық ортаны құру ерекшеліктері А.С.Макаренко әзірлеген және эксперименталды түрде дәлелденген ұжымның даму теориясымен тығыз байланысты. Бұл теорияның мәні адамның жеке басының қалыптасуы мен дамуы ұжымдағы басқа адамдармен қарым-қатынас жүйесін ұйымдастырудың ерекшеліктерімен, жеке тұлғаны «ұжым арқылы», «ұжымда» және «ұжым үшін» тәрбиелеуімен сәйкес келеді.

Педагогикалық теорияда ұжымда жеке тұлғаны тәрбиелеу туралы қарама-қайшы түсіндірулер болғанымен, біз бұл теорияның тұлғаға бағытталған, гуманистік бағыты бар деп санаймыз, өйткені ұжымның шығармашылық әлеуетін пайдалану арқылы жеке тұлғаға өзінің қабілеттерін ашуға, тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік беруге болады. Іргелі принципте көрсетілген. Бұл идея А.С.Макаренко ұсынған «құрмет пен талап» қағидаты ретінде, яғни мұғалімнен жеке адамға қатысты қатаңдық пен құрметті үйлестіру, студенттік топ мүшелері арасындағы қарым-қатынасты үйлестіру, өзара жауапкершілік пен тәуелділік ережелерін бекіту мүмкіндігі талап етіледі. Ұжымның ұйымдастырушылық, тәрбиелік, ынталандырушы ретіндегі негізгі функцияларын А.С.Макаренко мұндай белгілер тек дамыған ұжымға ғана тән екенін және тек дамыған ұжым ғана өзінің әлеуметтік функцияларын сәтті орындай алатынын атап көрсетеді [15].

Ал, шетелдік ғылыми әдебиеттерді топтық оқыту бойынша зерделеу кезінде білім беру үдерісіне сәтті кіріктірілетін коллаборациялық оқу ортасының әртүрлі әдістерінің сипаттамасын табуға болады. Мәселен, мысалы, Роберт Славин төрт әдісті жан-жақты сипаттайды: a) шағын топтарында бірлескен оқыту (Student Teams Achievement Division/ STAD); b) ойындар негізінде командада оқыту (Teams Games Tournament/TGT); c)

командалық оқытуды даралау (Team Assisted Individualization/TAI); d) ынтымақтастық оқу және шығармашылық эссе бойынша оқыту (Cooperative Integrated Reading and Composition/CIRC) [16].

Американдық ғалымдар Дэвид Джонсон және Роджер Джонсон, әртүрлі оқыту әдістерінің тиімділігін анықтау бойынша халықаралық зерттеулер нәтижесінде, коллаборациялық оқу ортасының әдістері дәстүрлі педагогика әдістерімен салыстырғанда тиімді деген ойға келді.

Коллаборациялық оқыту Н.В.Павельеваның мақаласында білім беру үдерісін тиімді ұйымдастырудың үлгісі ретінде ұсынылған. Сонымен қатар, коллаборациялық оқыту – бұл қазіргі заманғы әлемдік білім беру тәжірибесінде ең көп сұранысқа ие әдістердің бірі [17].

Ш.С.Асилова коллаборациялық оқыту үдерісінде болып жатқан тұлғаның эмоционалды және әлеуметтік дамуы топтың әр мүшесінің қабілеттері мен жеке үлестерін құрметтеу, тану, ынтымақтастыққа деген ұмтылыс пен қабілет, өзара түсіністік сияқты маңызды жеке қасиеттердің қалыптасуына әкелетінін атап өтті [18]. Сондай-ақ, Г.П.Синицынадан кейін біз коллаборациялық оқу ортасының үлкен тәрбиелік мәні бар деп санаймыз, өйткені барлық субъектілер жалпы іс-әрекетте серіктестік, өзара құрмет, өзара көмек, ұжымшылдық қатынастарымен біріктіріледі. Білім беру мәселесін шешу барысында бір-бірімен ынтымақтаса отырып, білім алушылар жанжалдарды еңсеруге ұмтылады, ынтымақтастық қабілетін қалыптастырады, серіктестермен өзара әрекеттестікті үйренеді. Яғни, серіктес ретіндегі рөлін түсіну, әртүрлі көзқарастарға төзімділікті қалыптастыру, бірлескен жұмыстың нәтижесі үшін жауапкершілік, даулы сәттерде келісімге келуге ұмтылу маңызды [19].

Білім беру үдерісінде коммуникация үдерісінің мәнін ашатын коммуникация теориясы дәстүрлі түрде негізгі аспектілердің бірі болып саналады. Тұлғааралық қарым-қатынас коллаборациялық оқытудың негізінде жатыр. Тиімді бірлескен іс-әрекет серіктестермен келісім немесе келіспеушілік білдіру, назар мен қызығушылықты көрсету, ризашылық білдіру дағдыларын қамтитын дұрыс қарым-қатынас стилінің қалыптасқан дағдыларымен қамтамасыз етіледі. Қазіргі уақытта командалық жұмыс дағдылары еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие. Кіші топтардағы қарым-қатынас түрлері келесідей болуы мүмкін: оқытушы-топ, оқытушы-микротоп, топ-микротоп, микротоп-микротоп, микротоп-студент, студент-топ, оқытушы-студент және т.б. оқытушының рөлі білім алушылардың белсенділігін үйлестіру, кеңес беру, ынталандыру болып табылады. Сонымен қатар, студенттер бір-біріне көмек, қолдау көрсете отырып, дербестікті, шығармашылық әлеуетті, өзін-өзі жүзеге асыруды дамыту мүмкіндігіне ие.

Өз кезегінде, С.Н.Рягин қазіргі жоғары білім беру мәселелерін талдай отырып, педагогикалық білім беруді модернизациялаудың векторлық моделін үш деңгейге бөліп көрсетеді: заңнамалық база, аймақтардағы педагогикалық білім берудің даму стратегиялары мен модельдері және педагогикалық университеттер [20]. Біздің ойымызша, ең маңыздысы – бұл педагогикалық серіктестік пен желілік өзара әрекеттесудің жаңа формаларын іздеумен, академиялық ұтқырлықты ұйымдастырумен, педагогикалық қоғамдастықты қазіргі педагогикалық практика мәселелеріне қосумен байланысты бірлескен деңгей.

Сондай-ақ, модернизация жағдайындағы жоғары білім берудегі өзгерістердің мәнмәтінін А.П.Тряпицына мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің қазіргі заманғы моделінің негізгі сипаттамаларына баса назар аударады: командалық рух, ынтымақтастық, өзіндік пен жекелік жұмыстың ұжымшылдық пен командалық жұмыспен үйлесуі. Ол педагогикалық білім беруді дамыту контекстінде «білім сапасы = өмір сапасы» қағидаты бойынша бағытталған жүйелі бірлескен өзгерістерді жобалау қажеттігін көрсетеді [21]. Осылайша, жаһандану («әлемдік университеттер»), сабақтастық (ғылым-білім-өндірістің ортақ үйлесімділіктің маңыздылығы), геймификация (ойын өмір нормасы ретінде) дәуірінде жоғары білім кәсіби қауымдастықтар, бизнес және білім беру ұйымдарының кластерлерін құра отырып, байланыстарды нығайтуға және жоғары оқу орындарының қолда бар ресурстарын біріктіруге ұмтылады.

А.Е.Берикханова пікірі бойынша, бірлескен өзара әрекеттесуге қатысушының субъективтілігі оқытушының сабақта студенттердің топтық, командалық, жұптық іс-әрекетін ұйымдастыра білуімен қамтамасыз етіледі. Топтарға бөлудің әртүрлі түрлері бар. Бұл жағдайда келесі тармақтарды ескеру қажет [12, 10 б]:

* Ынтымақтастыққа қатысушылармен бірлесіп топтық жұмыс ережелерін әзірлеу;
* Топтар ауыспалы құрамға ие болуы керек;
* Әр топта әртүрлі рөлдерді бөлу;
* Топтардағы рөлдер үнемі өзгеріп отыруы керек;
* Кәсіби этика нормалары мен талаптарын сақтау;
* Топтарда тек сындарлы сын айту.

Сонымен бірге мұғалім фасилитатор рөлін атқарады, яғни топтық коммуникацияны қамтамасыз етеді, топтар арасындағы пікірталас үшін қолайлы орта құруға ықпал етеді. Ынтымақтастықта әр студент оқу үдерісінің тікелей қатысушысы болуы, танымдық іс-әрекеттің түрлерін саналы түрде таңдауы, рефлексиялық іс-әрекетпен айналысуы, өз ойын еркін білдіруді үйренуі, өз мүмкіндіктерін жүзеге асыра алуы қажет.

Ал, кәсіби білім беру жағдайындағы педагогикалық сауатты ұйымдастырылған коллаборациялық оқу ортасы болашақ мұғалімнің әлеуметтік табысты тұлғасын қалыптастырудың тиімді тетіктерінің бірі болып табылады. Әлеуметтік және кәсіби табысты тұлғаны қалыптастырудың семантикалық жүктемесі ынтымақтастық идеясының маңыздылығына ие, оның болашағы бүгінгі объективті шындықпен, жаңа әлеуметтік үміттерге сәйкес келеді. Болашақ мұғалімнің әлеуметтік табысты тұлғасы қазір педагогикалық практика, қоғамның инновациялық-индустриялық даму сұраныстарына ие.

Жоғарыда айтылған ой-пікірлерді тұжырымдасақ, коллобарация нарықтық немесе иерархиялық қатынастардың кез-келген түрінен ерекшеленеді, өйткені ол «тең» және мүдделер бойынша өзара әрекеттесуді қамтиды. Қатысушылардың ресурстарын біріктіру осы формада, сайып келгенде, белгілі бір бірыңғай нәтижеге (өнімге, білімге) әкеледі. Қатысушылардың «тең дәрежеде» дағдылары мен интеллектін неғұрлым қуатты пайдалануға, стандартты емес жағдайларда шешімдер әзірлеуге, шеберлікті дамытуға және оны көрсетуге мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Қорытынды

Коллаборацияның әртүрлі әдістері мен стратегияларын қолданудың тиімді нәтижесі болашақ педагогтердің өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысын, өзіне деген сенімділік пен көпшілік ортада өзін ұстауы мен ойын ашық жеткізу, т.б., яғни тұлғалық қасиеттерін дамытуға көмектеседі.

ПОҚ-ң коллаборациялық ортада жұмыс істей білуі және қалыптасқан құзыреттіліктер студенттердің топтық жұмысын сәтті ұйымдастыруға және олардың білім алуға деген ынтасын арттыруға, оқу үдерісі шеңберінде құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етеді. Осылайша бірлескен іс-әрекеттің негізі ынтымақтастық: ПОҚ-студенттер-жұмыс берушілердің теориялық, практикалық, кәсіби, шығармашылық бағытта өзара әрекеттестігін ұйымдастырып, дамытуда қолайлы екендігін нық сеніммен айтамыз. Студенттер ПОҚ-жұмыс берушілерді серіктес ретінде қабылдауға, оқудың сәтті нәтижелілігі әрбір топ мүшесіне бірдей байланысты екендігіне көз жеткізеді.

Біз таңдаған жол нәтижесінде, болашақ педагогтің жетекші ұстанымы басқару емес, жеке тұлғаны сүйемелдеу, оны ынталандыру және таң қалдыру, кеңес беру және көмек көрсету, оқушының шығармашылығы үшін жағдайлар мен ортаны ұйымдастыру, шешімдерді бірлесіп іздеу, өз ұстанымы мен жұмысын көрсету, оқушылармен бірге мәселелерді талқылауға даяр екенін көрсетеді. Сондай-ақ, жұмыстың топтық формаларын қолдану студенттің сыни тұрғысынан ойлауы мен шығармашылығын дамытуға кең мүмкіндіктер ашады.

Осылайша, коллаборациялық ортаны құру, болашақ педагогтің белсенді іс-әрекеті, оның біртұтас педагогикалық үдеріске қатысушылармен өзара әрекеттесуі, балалармен жұмыс жасауда бірлескен ортаның ерекшеліктерін қолдану педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың шешуші шарттарының бірі деп тұжырымдаймыз. Топтық іс-әрекет негізінде әлеуметтік маңызды іс-әрекетке даяр мұғалімнің әлеуметтік табысты тұлғасын қалыптастырудың, әлеуметтік байланыстар орната білудің, балалар ұжымында да, педагогикалық ұжымда да қолайлы психологиялық климат құрудың маңызды тиімді механизміне айналатынына; педагогикалық практика, қоғам дамуының сұраныстары талап ететін мақсатты болуға, жауапты шешімдер қабылдауға даяр болатынына біз сеніммен айта аламыз. Білім беру жағдайында педагогикалық сауатты ұйымдастырылған коллаборациялық оқу ортасы кәсіби құзыретті болашақ педагогтерді қалыптастырудың тиімді тетіктерінің бірі болып табылады. Мұғалімнің өз дағдыларын оқу үдерісіне дәйекті әдістемелік түрде енгізуі білім алушылардың жаңа білімді сапалы игеруін, оқу, пәндік және арнайы дағдыларды қалыптастыру мен пысықтауын, әмбебап дағдыларды дамыту мен бекітуді, әлеуметтік маңызды құндылықтар мен адамгершілік мінез-құлық нормаларын сіңіруді, қазіргі жағдайда білімнің пайдалылығы мен маңыздылығын түсінуді қамтамасыз етеді.

Авторлардың қосқан үлесі

Айтенова Э.А. – теориялық тұжырымдама, зерттеу нәтижелерін түсіндіру және ұйымдастыру, орыс және ағылшын тілдеріндегі материалдарды талдау, мақала жазу.

Сарыбекова К.Н. – зерттеу тұжырымдамасы мен әдістемесін жобалау, зерттеу нәтижелерін түсіндіру, мақала жазу

Сманова А.А. – студенттер арасында эксперимент жүргізу және оның нәтижесін талдау, зерттеу нәтижелерін түсіндіру, эмпирикалық мәліметтерді дайындау, фигуралар мен кестелерді құрастыру,

Кошимбетова З.Д. – студенттер арасында эксперимент жүргізу және оның нәтижелерін талдау.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941

2. 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы. –2021 жылғы 12 қазандағы № 728 қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000728

3. 12 жылдық білім беру реформасы. – 2006 жылғы 19 шілдедегі N 681 Қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P060000681_

4. Якунаева С.Г., Кошурникова Ю.Е. Доверие и клиентоориентированность как факторы успеха фирмы // Фундаментальные исследования. – 2013. – № 6-4. – С. 971-975.

5. Антипина Е.А. Региональная политика нового поколения: постановка задачи в сфере человеческого капитала // Человеческий капитал. –2014. – № 4(64). – С. 41-45.

6. Иншаков О.В. Коллаборация как глобальная форма организации экономики знаний // Экономика региона. – 2013. – № 3(35). – С. 38-44.

7. Смородинская Н.В. Смена парадигмы мирового развития и становление сетевой экономики. // Экономическая социология. – 2012. – Т. 13. – № 4. – С. 95-115.

8. Тихомирова О.Г. Корпоративная коллаборация и взаимодействие: решение проблемы самоорганизации социально-экономических систем // Фундаментальные исследования. – 2014. – № 9-5. – С. 1082-1086.

9. Самсонов Н.Ю. Коллаборация вузов и корпораций: что, кому, зачем? // ЭКО. –2013. – № 10(472). – С. 51-56.

10. Aitenova E., Smanova A. Construction of dual system of preparation of engineering-pedagogical personnel at hihger education institute. – Astra Salvensis – Review of history and culture, year VII, number 13, 2019. – P. 345-357. - ISSN 2393-4727

11. Мусина Д.С. Коллаборативная среда как благоприятное условие для формирования профессиональной компетентности педагогов дополнительного образования // Social And Political Researches. – 2021. – № 1(10). – С. 124-133. DOI 10.20323/2658-428X-2021-1-10-124-133.

12. Sovetkanova, D., Turgunbayeva, B., Chinibayeva, G., Aiman, B., & Imansydykova, N. (2021). Innovative Methods and Technologies of Training Specialists in Postgraduate Pedagogical Education. International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET), 16(19). - P. 109–123.

13. Романцова М.Г. Дидактика и компетентность в профессиональной деятельности преподавателя медицинского вуза и колледжа. Руководство для преподавателей / М.Г.Романцова, М.Ю.Ледванова, Т.В.Сологуб. – Москва: Академия естествознания. – 2010. – 151 с.

14. Тарханова И.Ю. Интерактивные стратегии организации образовательного процесса в вузе: учебное пособие. – Ярославль: Изд-во ЯГПУ, 2012. – 67 с.

15. Кенсаринова М.В. Теория коллектива А.С.Макаренко: философские и психологические аспекты // Успехи современного естествознания. – 2015. – № 1-2. – С. 301-304

16. Slavin, R.E. Cooperative learning and academic achievement: Why does groupwork work? - Anales de Psicología, 30(3), 2014.- P. 785–791.

17. Павельева Н.В. Коллаборативное обучение как модель эффективной организации образовательного процесса / Н.В. Павельева. – Текст: непосредственный // Образование. Карьера. Общество. – 2010. – №3(29). – С. 30-37.

18. Асилова Ш.С. Влияние коллаборативной среды на познавательную активность учащихся / Ш.С. Асилова. – Текст: непосредственный // European research. – 2016. – №5(16). – С. 87-88.

19. Синицына Г.П. Стратегия обучения в партнерстве: коллаборативное обучение / Г.П. Синицына. – Текст: непосредственный // Педагогические науки. – 2019. – №2(36). – С. 78-82.

20. Рягин С.Н. Модернизация педагогического образования в России: проблемный анализ практики первого года реализации // Управление образованием: теория и практика. – 2015. – №2(18). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/modernizatsiya- pedagogicheskogo-obrazovaniya-v-rossii-problemnyy-analiz-praktiki-pervogo-goda-realizatsii

21. Модель уровневой оценки профессиональной компетентности учителя = Teachers' professional competence: The model of level-based assessment / Писарева С.А., Пучков М.Ю., Ривкина С.В., Тряпицына А.П.; С.А. Писарева, М.Ю. Пучков, С.В. Ривкина, А.П. Тряпицына // Science for Education Today. – 2019. – Том 9, N 3. - С. 151-168. – URL: https://elibrary.ru/item.asp?id=38538213. – DOI: 10.15293/2658-6762.1903.09. Объем в п.л.: 2,25 п.л.

Э.А.Айтенова, Қ.Н.Сарыбекова, А.А.Сманова, З.Д. Кошимбетова

Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

Теоретико-методологическое обоснование профессиональной подготовки будущего педагога на основе коллаборативной среды

Аннотация. Качество образования, в том числе подготовка профессионалов, гарантирует конкурентоспособность государства, то есть, можно сказать, что ведущими факторами создания коллаборационной среды в сфере высшего образования являются глобализация, технологические достижения и изменение социального порядка в системе высшего образования нового типа экономики. Целью предлагаемой статьи является исследование роли коллаборационной среды в формировании подготовки будущего педагога и определение результатов.

Также в статье предпринята попытка всестороннего анализа сущности коллаборационной учебной среды как инновационной образовательной технологии в зарубежной и отечественной научной литературе. Таким образом, обобщая взгляды зарубежных и отечественных ученых на преимущества коллаборативного обучения в вузах, в том числе в отношении профессиональной подготовки будущего педагога, раскрывается сущность понятий «коллаборация», «коллаборативная среда», «коллаборативное обучение», «коллаборативная технология», дается авторская

справка. Описаны преимущества, эффективность, шаги и основной формат организации коллаборационной учебной среды в университете – принципы командной работы. Показано, что важнейшими условиями деятельности организаций высшего образования в составе коллаборативной среды являются готовность к открытости, самоуправлению, повышению и реализации научного потенциала.

Профессиональная коллаборация имеет один и тот же алгоритм взаимодействия педагогического сообщества и перехода одного вида знаний в другой в процессе творческой деятельности каждого участника. Процесс единого сотрудничества состоит в переходе к обмену опытом; построению сходств, гипотез, моделей; ассимиляции. Таким образом, можно сделать вывод, что профессиональная коллаборация педагогического сообщества, представленная конкретным алгоритмом деятельности, призвана обеспечить мотивацию достижений участников, обучить необходимым компетенциям, включить их в групповой процесс на основе эффективного общения для достижения одной цели.

Ключевые слова: коллаборационная среда, совместная деятельность, профессиональная деятельность, профессиональное сотрудничество, командная работа, профессиональная компетентность, практико-ориентированное обучение, сотрудничество, совместная среда, взаимодействие ППС-студентов-работодателей.

E.A.Aitenova, K.N.Sarybekova, A.A.Smanova, Z.D.Koshimbetova
M.H. Dulati Taraz Regional University (Taraz, Kazakhstan)

Theoretical and methodological justification of the future teacher's professional training based on a collaborative environment

Abstract. The quality of education, including the training of professionals, guarantees the competitiveness of the state. That is, we can say that the leading factors in creating a collaborative environment in higher education are globalization, technological advances and a change in the social order in the higher education system of a new type of economy. The purpose of the proposed article is to study the role of the collaborative environment in the formation of the future teacher's training and to determine the results.

The article also attempts a comprehensive analysis of the essence of the collaborative learning environment as an innovative educational technology in foreign and domestic scientific literature. Thus, summarizing the views of foreign and domestic scientists on the advantages of collaborative learning in universities, including with regard to the professional training of a future teacher, the essence of the concepts "collaboration", "collaborative environment", "collaborative learning", "collaborative technology" is revealed, the author's reference is given. The advantages, efficiency, steps and the main format of the organization of the collaborative learning environment at the university – the principles of teamwork - are described. It is shown that the most important conditions for the activity of higher education organizations as part of a collaborative environment are readiness for openness, self-government, improvement and realization of scientific potential.

Professional collaboration has the same algorithm of interaction between the pedagogical community and the transition of one type of knowledge to another in the process of creative activity of each

participant. The process of unified cooperation consists in the transition to the exchange of experience; the construction of similarities, hypotheses, models; assimilation. Thus, it can be concluded that the professional collaboration of the pedagogical community, represented by a specific algorithm of activity, is designed to motivate the achievements of participants, teach them the necessary competencies, and include them in the group process based on effective communication to achieve one goal.

Keywords: collaborative environment, joint activity, professional activity, professional cooperation, teamwork, professional competence, practice-oriented training, cooperation, joint environment, interaction of teaching staff-students-employers.

References

1. Kazakstan Respublikasynyn 2022-2026 zhyldarga arnalgan bilim berudi damytudyn memlekettik bagdarlamasy. – 2022 zhylgy 24 karashadagy № 941 kaulysy. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941 [in Kazakh]

2. 2021-2025 zhyldarga arnalgan kəsipkerlikti damytu zhonindegi ulttyk zhobasy. –2021 zhylgy 12 kazandagy № 728 kaulysy. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000728 [in Kazakh]

3. 12 zhyldyk bilim beru reformasy. – 2006 zhylgy 19 shildedegi №681 Kaulysy. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P060000681_[in Kazakh]

4. Yakunaeva S.G., Koshurnikova Yu.E. Doverie i klientoorientirovannost' kak faktory uspekha firmy // Fundamental'nye issledovaniya. – 2013. – № 6-4. – C. 971-975. [in Russian]

5. Antipina E.A. Regional'naya politika novogo pokoleniya: postanovka zadachi v sfere chelovecheskogo kapitala // Chelovecheskij kapital. –2014. – № 4(64). – C. 41-45. [in Russian]

6. Inshakov O.V. Kollaboraciya kak global'naya forma organizacii ekonomiki znanij // Ekonomika regiona. – 2013. – № 3(35). – C. 38-44. [in Russian]

7. Smorodinskaya N.V. Smena paradigmy mirovogo razvitiya i stanovlenie setevoj ekonomiki. // Ekonomicheskaya sociologiya. – 2012. – T. 13. – № 4. – C. 95-115. [in Russian]

8. O.G. Korporativnaya kollaboraciya i vzaimodejstvie: reshenie problemy samoorganizacii social'no-ekonomicheskih sistem // Fundamental'nye issledovaniya. – 2014. – № 9-5. – C. 1082-1086. [in Russian]

9. Samsonov N.Yu. Kollaboraciya vuzov i korporacij: chto, komu, zachem? // EKO. –2013. – № 10(472). – C. 51-56. [in Russian]

10. Aitenova E., Smanova A. Construction of dual system of preparation of engineering-pedagogical personnel at hihger education institute. – Astra Salvensis – Review of history and culture, year VII, number 13, 2019. – P. 345-357. - ISSN 2393-4727. [in English]

11.Musina D.S. Kollaborativnaya sreda kak blagopriyatnoe uslovie dlya formirovaniya professional'noj kompetentnosti pedagogov dopolnitel'nogo obrazovaniya. // Social And Political Researches. – 2021. – № 1(10). – C. 124-133. DOI 10.20323/2658-428X-2021-1-10-124-133.

12. Sovetkanova, D., Turgunbayeva, B., Chinibayeva, G., Aiman, B., & Imansydykova, N. (2021). Innovative Methods and Technologies of Training Specialists in Postgraduate Pedagogical Education. International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET), 16(19). - P. 109–123. [in English]

13. Romancova M.G. Didaktika i kompetentnost' v professional'noj deyatel'nosti prepodavatelya medicinskogo vuza i kolledzha. Rukovodstvo dlya prepodavatelej / M.G.Romancova, M.YU.Ledvanova, T.V.Sologub. – Moskva: Akademiya estestvoznaniya. – 2010. – 151 c. [in Russian]

14. Tarhanova I.YU. Interaktivnye strategii organizacii obrazovatel'nogo processa v vuze: uchebnoe posobie. – YAroslavl': Izd-vo YAGPU, 2012. – 67 s. [in Russian]

15. Kensarinova M.V. Teoriya kollektiva A.S.Makarenko: filosofskie i psihologicheskie aspekty // Uspekhi sovremennogo estestvoznaniya. – 2015. – № 1-2. – C. 301-304 [in Russian]

16. Slavin, R.E. Cooperative learning and academic achievement: Why does groupwork work? - Anales de Psicología, 30(3), 2014.- P. 785–791. [in English]

17. Pavel'eva N.V. Kollaborativnoe obuchenie kak model' effektivnoj organizacii obrazovatel'nogo processa / N.V. Pavel'eva. – Tekst: neposredstvennyj // Obrazovanie. Kar'era. Obshchestvo. – 2010. – №3(29). – C. 30-37. [in Russian]

18. Asilova, SH.S. Vliyanie kollaborativnoj sredy na poznavatel'nuyu aktivnost' uchashchihsya / SH.S. Asilova. – Tekst: neposredstvennyj // European research. – 2016. – №5(16). – C. 87-88. [in Russian]

19. Sinicyna, G.P. Strategiya obucheniya v partnerstve: kollaborativnoe obuchenie / G.P. Sinicyna. – Tekst: neposredstvennyj // Pedagogicheskie nauki. – 2019. – №2(36). – C. 78-82. [in Russian]

20. Ryagin S.N. Modernizaciya pedagogicheskogo obrazovaniya v Rossii: problemnyj analiz praktiki pervogo goda realizacii // Upravlenie obrazovaniem: teoriya i praktika. – 2015. – №2(18). URL: https://cyberleninka.ru/article/n/modernizatsiya- pedagogicheskogo-obrazovaniya-v-rossii-problemnyy-analiz-praktiki-pervogo-goda-realizatsii [in Russian]

21. Model' urovnevoj ocenki professional'noj kompetentnosti uchitelya = Teachers' professional competence: The model of level-based assessment / Pisareva S.A., Puchkov M.YU., Rivkina S.V., Tryapicyna A.P.; S.A. Pisareva, M.YU. Puchkov, S.V. Rivkina, A.P. Tryapicyna // Science for Education Today. – 2019. – Том 9, N 3. - C. 151-168. – URL: https://elibrary.ru/item.asp?id=38538213. – DOI: 10.15293/2658-6762.1903.09. Объем в п.л.: 2,25 п.л. [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Айтенова Э.А. **–** Phd, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің қауымдастырылған профессор м.а., Тараз, Қазақстан.

Сарыбекова К.Н. **–** педагогика ғылымдарының кандидаты, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің қауымдастырылған профессоры,Тараз, Қазақстан.

Сманова А.А. **–** Phd, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің қауымдастырылған профессор м.а.,Тараз, Қазақстан.

Кошимбетова З.Д. **–** магистр, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы, Тараз, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Айтенова Э.А. **–** Phd, и.о. ассоц. профессора, Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан.

Сарыбекова К.Н. **–** кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан.

Сманова А.А. **–** PhD, и.о.ассоц. профессора, Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан.

Кошимбетова З.Д. **–** магистр, Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан.

Information about authors:

Aitenova E. **–** Phd, Associate Professor, M.H.Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan.

Sarybekova K. **–** Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, M.H.Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan.

Smanova A. **–** Phd, Associate Professor, M.H.Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan.

Koshimbetova Z. **–** master, senior lecturer of M.H.Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN: 2616-6895. eISSN: 2663-2497

ПЕДАГОГИКА СЕРИЯСЫ/
PEDAGOGY SERIES / СЕРИЯ ПЕДАГОГИКА

ХҒТАР 29.01.45
Мақала типі: ғылыми мақала

DOI: https://doi.org//10.32523/2616-6895-2024-147-2-180-199

Орта мектепте толықтырылған шынайылық қолданбасын белсенді тұтынынатын физика пәнінің оқыту методологиясы

Б.С. Арымбеков*, К.М. Тureханова, С.К. Коданова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

**Байланыс үшін автор: beckemn@gmail.com*

Аңдатпа. Қазіргі заманда иммерсивті технологиялар білім беру амал-тәсілдерін қысқа мерзімде адам танымастай етіп өзгертіп үлгеруде. Иммерсивті технологиялар ішінде толықтырылған шынайылық технологиясы ең ыңғайлы және ең қолжетімді құрал болғандықтан орта мектептегі физика пәнін оқытуда ең әлеуеттісі болып есептеледі. Дегенмен, бұл толықтырылған шынайылықты орта мектеп сыныптарында тікелей қолданатын мұғалімдер әлі де болса аз болғандықтан толықтырылған шынайылықтың мүмкіндіктерін аз ғана оқушылар пайдалануда. Физика пәнінің оқу бағдарламалары қазірдің өзінде шамадан тыс жүктелген. Оған қоса орта мектептерде әдеттегідей оқушылардың дағдыларын дамыту ресурстары жетіспейді, сондықтан озғыр технологияларды қолдануға уақыт мүлдем қалмайды. Бұл қалыптасқан жағдай оқу пәнінің мазмұнын аз қамтитын білім беру қосымша материалдарымен одан әрі қиындата түседі. Бұл мақалада біз оқушыларға оқудың оңтайлы жолы ретінде толықтырылған шынайылық қолданбасын тұтыну арқылы орта мектептегі физика пәнін оқыту әдісін зерттейміз. Біз Байсерке ауылдық округінде орналасқан бірқатар орта мектептердің оқушыларымен жасаған зерттеу жұмысымызда орта мектептегі физика пәні үшін толықтырылған шынайылық қолданбасын тұтыну арқылы оқытудағы толықтырылған шынайылықтың қолдану мүмкіндігін бағалаймыз. Біз осы ұсынылған пішім қалай жұмыс істейтінін талқылаймыз, сондықтан оны сабақ барысында күнделікті қолданылудың негізінде жасай отырып, бекітілген оқу бағдарламаларына енгізу мүмкіндіктерін қарастырамыз. Біз зерттеуге қатысқан оқушылардың осы зерттеу барысындағы сабақтарының қалай қызықты өткенін және толықтырылған шынайылық технологиясы арқасында олардың оқу үлгерімінің қалай жақсарғанын толығымен сараптаймыз. Толықтырылған шынайылық қолданбасын тұтыну арқылы физиканы оқыту әдістемесі оқушылардың дағдыларын дамытуда үлкен қызмет атқарды. Демек, біз ұсынылған орта мектепке арналған толықтырылған шынайылық қолданбасын тұтыну арқылы оқыту әдістемесі физика пәніннен біртұтас және тартымды түрде білім беруге қабілетті екенін дәлелдейміз.

Түйін сөздер: білім беру, физика, толықтырылған шынайылық, зертханалық тәжірибе, оқу үлгерімі, оқу дағдысы, когнитивті жүктеме, оқытуды ұйымдастыру, оқыту формалары, білім беру үрдісі.

Түсті: 28.02.2023; Жөнделді: 30.04.2024; Мақұлданды: 29.05.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

Кіріспе

Орта мектептегі физика пәнінің оқыту бағдарламасына қалыптасқан дағдыларға сұраныс уақыт өте артып келеді. Қазіргі заманда қоғам бесінші өнеркәсіптік революцияға еніп жатқан кезде осы зерттеудің маңыздылығы бұрынғыдан да арта түспек. Оқу үрдісін өзгеру үшін жаңа технологияларды барынша қолдану керек. Орта мектептегі оқу дағдылары оқушылардың ғылыми ілгерілеудің кілті болып табылады. Осы оқу дағдылары оқушылардың болашақта өздігінен өсіп жетілуі үшін өте маңызды. Орта мектептер өз оқушыларының білімділігін арттыру үшін жаңа технологияларды қолдануына тура келеді. Оқыту барысында оқушылардың оқу материалдарын нашар қабылдауы және физика пәніне қызығушылықтың аздығы оқудағы жетістіктерге жетуге кедергі жасайды. Халықаралық рейтингтерден байқағанымыздай, қазақстандық оқушылардың жыл өткен сайын орта мектептегі оқу бағдарламасын игеруі құлдырауда. Өкінішке орай, соңғы онжылдықта мемлекеттік оқу бағдарламасы жыл сайын жаңартылса да оқу бағдарламасына сандық жаңартуларды енгізу әлі қарастырылмаған. Қазіргі мектептегі оқу бағдарламасы өте ауқымды және ондағы оқыту сағаттары шектеулі. Осының нәтижесінде сынып оқушылары көптеген ғылым салаларында таяз білім алатыны баршамызға мәлім. Біз бұл мәселенің педагогикалық шешімін мұғалімнің оқушыларға дәстүрлі жолмен түсіндіргенінен басқа физикалық теория мен физикалық құбылыстарды нақты түсіну мақсатында толықтырылған шынайылық қолданбасын тұтыну арқылы оқытқан жөн деп санаймыз. Мұндай тәжірибелік оқыту оқушылардың тұжырымдауына және терең түсінуіне үлкен мүмкіндік береді. Бұл зерттеуде, біз толықтырылған шындық қолданбасын тұтынуды зерттеп, оқушыларға олардың жеке өздерінің толықтырылған шынайылық қосымшаларын телефондарынан қолдануға мүмкіндік береміз. Біз оқушылардың оқу дағдылары арасындағы алшақтықты азайту үшін толықтырылған шынайылық қосымшасын пайдаланамыз, сынаймыз және бағалаймыз.

Орта мектепте оқушылардың оқу әдістеріне байланысты өз таңдауларын жасай алуы өте маңызды. Мұндай жағдайда оқушылар білімі мен дағдыларын тек бір бағытта ғана дамытып қана қоймай басқа бағыттарда да дамытуына болады. Алайда, біртұтас білім берудің маңыздығын ұмытпаған жөн. Дәстүрлі орта мектептегі физика пәнінен оқыту негізінен теориялық құзыреттілікке бағытталған. Алайда, бұл мәселелерді жаңаша шешу терең ойлау мен көркемдік дағдыларын біріктіретін тұтас амал-тәсілді енгізуді талап етеді. Бұл ұстаным өнер мен ғылым арасындағы бірегейлілікті көрсетеді және оқушыны көркемдік тәрбиеге әуестенуіне көмектеседі. Бұл мақалада біз толықтырылған шынайылық технологиясын техникалық және көркемдік дағдыларды бірдей дамыту үшін жаңа зертханалық жұмыс форматында қолдануға болатынын зерделейміз.

Толықтырылған шынайылық өте жылдам дами отырып, білім беруде негізгі технологияға айналуға жақын. Толықтырылған шынайылық нақты әлем мен виртуалды нысандардың бір ортада өзара беттесіп әрекеттесуіне мүмкіндік беретін жалғыз ғана технология болып саналады. Толықтырылған шынайылық бірегей сапаға ие физикалық шынайылық пен сол шынайылық туралы виртуалды ақпарат

арасындағы тікелей байланысты қамтамасыз етеді. Толықтырылған шынайылық технологиясының жетістіктері тек физика пәнінің зертханаларында ғана емес, сонымен қатар физика дәрістерін оқу барысында да анық байқалады. Сондай-ақ, толықтырылған шынайылық технологиясын орта мектептерде оқытуда қолданудың әлі зерттелмеген көптеген маңызды себептері бар [1]. Алайда, толықтырылған шынайылық әлі де болса көпшілік үшін тың жаңа технология болып табылады, сондықтан оны орта мектеп сыныптарында пайдалану қазірге жоқтың қасы. Зерттеулер көрсеткендей, білім беруде толықтырылған шынайылық технологиясын қолдану орта мектептерде қол жетімсіз және табиғи құбылыстар мен әрекеттерді имитациялау өте қымбатқа түсетін құбылыстарды оқытуда қолайлы жағдай жасай алатын таптырмас құрал екені анық байқалады [2]. Толықтырылған шынайылық нақты және виртуалды орталардың бірегей қоспасын ұсына отырып, физиканы тереңірек оқыту мүмкіндіктерін қамтамасыз ете алатынына көзіміз жетті. Біздің тәжірибелік нәтижелерімізде, педагогикалық үлес пен оқушылардың өзара әрекеттестікте бірнеше дағдылық жетістіктерге жеткенін байқаймыз. Толықтырылған шынайылық орта мектеп оқушыларына әртүрлі және тиімді оқу тәжірибесін алуға мүмкіндік береді. Бұл дамыған жаңа технология оқушыларға орта мектепте үйренуге болатын тиімдірек дағдыларды дамытуға көмектеседі. Толықтырылған шынайылық мазмұн мен өзара әрекеттестіктің шынайылығын қамтамасыз етеді [3]. Бұл өз кезегінде оқу материалдарын меңгерудің жақсы нәтижелі болуына әкеледі және оқуға деген құлшыныстыны ынталандырады. Толықтырылған шынайылық оқушылардың оқу материалдарын игеруге мүмкіндік береді, осылайша күрделі және дерексіз физикалық құбылыстарды түсінуде оқушылар өзара бірлесіп оқуға мүмкіндік алады. Бұл абстрактілі құбылыстарды нақтылау арқылы оқуды жеңілдетеді. Толықтырылған шынайылық оқушылардың назарын оқуға аударады, мазмұнды түсінуі мен ұзақ мерзімді есте сақтауын ынтасын арттырады, олардың өзара ынтымақтастығын жақсартады және оқуға деген оң көзқарасты қалыптастырады [4]. Сыныптағы оқу іс-әрекеттеріне толықтырылған шынайылық интеграциясы оқушылардың оқу жетістіктерін арттырып, оқушылардың физикалық ұғымдарды ұзақ уақыт бойына сақтауына ықпал ететіні және оқушыларға мәселелік сценарийлерді тереңірек түсінуге және талдауға көмектесетіні байқалды. Біз толықтырылған шынайылықты пайдалану арқылы орта мектептегі білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының қатысу, түсіну және оқу деңгейін арттыруға болатындығын көрсетеміз. Соған қарамастан, көптеген мұғалімдер толықтырылған шынайылық қолдануға мүлдем дайын емес [5]. Сонымен қатар, орта мектептерде физика мұғалімдердің тапшылығы әлі де бар. Зерттеулер көрсеткендей, жақсы біріктірілген жағдайда, толықтырылған шынайылық таңғажайып тартымды мазмұны бар сабақтарды қолдау мүмкіндігіне ие, сабақ мазмұнын түсінікті етеді және оқушыларға бұрын-соңды болмаған жеделдік сезімін береді. Толықтырылған шынайылық қолданылатын сабақтар озғыр және көңілге жағымды болып өтеді. Бұл технология оқушылардың сабаққа қатысуын арттыруға және олардың физика пәніне деген оң көзқарасын дамытуға мүмкіндік береді. Дегенмен, мектептерде толықтырылған шынайылықты қалай енгізуге болатыны туралы әлі де аз зерттеулер жүргізілуде, бұл

мұғалімдердің сабақта толықтырылған шынайылықты қолдануға мүлдем дайын емес және жігерсіз екенін көрсетеді. Мұғалімдерге толықтырылған шынайылықтан көбірек пайдалану үшін жергілікті оқу басқармаларынан ресми нұсқаулық пен ауқымды қолдау қажет [6].


Сандық дәуірде өмір сүруімізге қарамастан, дәстүрлі оқу дәрістері мен зертханалық жұмыстар әлі күнге дейін орта мектепте физика пәнінде ең жиі қолданылатын әдіс болып табылады. Жалпы, толықтырылған шынайылық қолданбасын тұтыну арқылы оқушыға тура бағытталған оқыту мен зертханалық тәжірибе әдістері білім беру жүйесіне ресми түрде енгізілмеген. Мұғалімдерге мұндай инновациялық әдістерді қолдануына кедергі болатын көптеген жүйелік кедергілер бар. Атап айтқанда, қатаң оқу жоспарының көлемі мен реттілігі, нақтыланған стандартты бағалаулар, ресурстар мен материалдардың жетіспеуі және тиісті материалдар мен материалдарға бюджеттік шектеулер [7]. Бұл мұғалімдерге тікелей, мұғалімге бағытталған нұсқауды қолдануға, керісінше, пән салаларын оқшаулап шешуге қысым жасауы мүмкін. Сонымен қатар, мұғалімдер физика пәнінде балама тәсілдерді қолдана алмауы немесе қаламауы мүмкін. Көбінесе мұғалімдер өздеріне қалай үйретсе, солай оқытады. Бұл толықтырылған шынайылық қолданбасын тұтыну арқылы әдістерді қолдану тәжірибесінің жетіспеушілігімен байланысты болуы мүмкін. Белгілі бір мерзімде мектептегі оқу жоспарын жүзеге асыру арқылы қойылған шектеулер осы зерттеуді іске асыруда көп қиындықтар туғызды. Сонымен қатар, оқушылардың толықтырылған шынайылық қолданбасын бірден қолдану арқасында оқушылардың жұмыс жадына жоғары жүктемені сезінгенде, тек сабаққа ғана назар аударуады. Толықтырылған шынайылық дәстүрлі оқытумен салыстырғанда оң нәтижені берді себебі зерттеу барысында дәстүрлі оқыту сыныпты тиімсіз интеграциялады [7]. Осылай толықтырылған шынайылық қолданбалары оқушылардың жоғары үлгерім үшін тиімді оқыту стратегиясын оңтайлы бейімдей алды. Бірақ оқушылардың үстемеленген ақпаратты сақтауда қиыналуы мүмкін және виртуалды ақпаратқа қызығып тым көп көңіл бөлуі мүмкін. Бұл толықтырылған шынайылықты озғыр технология ретінде қабылдануға болатынын көрсетеді. Дегенмен, біздің ойымызша, толықтырылған шынайылық технологиясын сыныптарда көмекші құрал ретінде пайдаланудағы ең үлкен кедергі орта мектеп мұғалімдері үшін қол жетімді нұсқаулықтың, оқу материалдарының, қолданбалардың және сабақ сценарийлерінің жоқтығы. Мұғалімдерге толықтырылған шынайылық қолданбасын тұтыну арқылы оқыту үшін жаңа технологияны пайдалану жолдарын үйрету арқылы аталған қиындықтарды жеңуге болады [8].

Бұл зерттеуде негізге алынған оқыту әдістемесі толықтырылған шынайылық арқылы оқыту болып табылады. Бұл оқушыларды оқу үрдісіне тартатын және олардың оқу тәжірибесін жасауға ынталандыратын оқушыға тура бағытталған әдіс. Толықтырылған шынайылық арқылы оқыту оқушылардың қызығушылықтарын оятқанда, өздері кездесетін тапсырмалармен жұмыс істегенде және тәжірибелік жұмыс істеу кезінде есептерді шешкенде орын алады. Бұл әдіс оқушылардан толықтырылған шынайылық қолданбасын тұтыну арқылы ізденіс, сыни тұрғыдан ойлау, мәселені шешу дағдыларын қолдануды талап етеді. Оқу үрдісінің сәтті жүруі үшін оқушының толықтырылған

шынайылық қолданбасын тұтыну арқылы қатысуы қажет. Оқушылардың белсене қатысуға ынталандыратын оқыту стратегиялары мектеп сабақтарынан алынған білімді түсіну мен сақтау деңгейін айтарлықтай жоғарылатуы мүмкін [9]. Толықтырылған шынайылық қолданбасын тұтыну арқылы оқыту оқушылардың қызығушылық танытуға, сабақтың қарқынын қажетінше өзгертуге және сабаққа қатысуын, ынтасын, зейінін, қабылдауға көмектесетіндігін және сабақта алған білімдерін қолдану мүмкіндігін арттыруға жағдай жасайды. Зерттеу барысында оқушылар талдау, сараптау және бағалау сияқты жоғары деңгейлі ойлаумен айналысады. Мұғалім нұсқаушы рөлін қабылдайды және оқыту шынайы, тартымды және мағыналы үрдісте болғанын қадағалайды. Бұл жұмыстың зерттеу мақсаты орта мектепте оқытуды жақсарту үшін толықтырылған шынайылықты пайдалануды барынша зерттеу болды. Білім берудегі толықтырылған шынайылықты қолдану зерттеулері жеке нұсқаулық қосымшаларымен жүргізілгенімен, зерттеу педагогикалық үлгіні құруға және мұғалімдерді оны қолдану үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етуге бағытталған [10]. Содан кейін біз осы олқылықтың орнын толтыру үшін алдымен физика сабағының арнайы пішімін сипаттаймыз. Содан кейін біз өз зерттеуімізге жүгінеміз және оқушылар мен мұғалімдерге толықтырылған шынайылық арқылы оқытудың тәжірибесін баяндаймыз. Оқушыларға әсер ету және оқу тәжірибесі бойынша физика сабағының нәтижелері сарапталынады. Осындай оқу үдерісін оқушылар қалай қабылдағаны туралы оқушылардың үлгерімі де бағаланады. Оқу жоспарына толықтырылған шынайылық мүмкіндігін қолдану зерттеледі [11]. Біз мақаланы қорытындылаумен және болашақ жұмыс туралы болжаммен аяқтаймыз.

Зерттеу әдістері

Толықтырылған шынайылық қолданбасын тұтыну арқылы оқыту оқушылардың оқу үрдісіне тікелей қатысуына жағдай жасайды. Толықтырылған шынайылық қолданбасын тұтыну арқылы оқытудың барысында оқушыларға физика мәселелерін шешуді көрсетіп, оларды өзара бірлесіп шешуді талап ететін күрделі жағдайларға машықтандыруға болады. Зерттеу барысы стратегия мен жоспарланған нәтижелер туралы мәліметтерді саралауды қамтиды. Орта мектепте оқу дағдыларын дамытуға көмектесу үшін толықтырылған шынайылық қолданбасын тұтыну арқылы білім берудің негізгі нысан ретінде толықтырылған шындық қолданған зертханалық тәжірибе жұмысын жасау мен тапсырмаларды орындауды ұсынамыз [12]. Орта мектепте білім берудің басты мақсаты нақты өмір сүруге байланысты мәселелерді шешуді үйрету болып табылады. Осы мақалада ұсынылған әдістеме толықтырылған шынайылық қолдану арқылы орта мектеп оқу дағдыларын дамытады. Зерттеу іс-әрекеттің өзі теориялық және тәжірибелік бөліктерге бөлінген. Теориялық бөлім бірнеше тұжырымдамалардан тұрады. Тәжірибелік бөлімде қатысушылар тәжірибе жұмысын жасаудың негізгі идеяларын ашады және тәжірибені бастапқы идеядан бастап тәжірибелік жұмыс біткенге дейін дамытуға мүмкіндік алады (Сурет 1.).


А.В. Дворецкая функционалдық мақсатына қарай оқытуда компьютерлік құралдардың сегіз түрін қолдануға болатынын көрсеткен: презентациялар, электрондық энциклопедиялар, дидактикалық материалдар, тренажер бағдарламалары – дидактикалық материалдардың қызметін орындайды және шешімнің орындалу барысын қадағалап, қателер туралы есеп бере алады, виртуалды эксперимент жүйелері, сауалнамалар мен тесттерді қамтитын білімді бақылаудың бағдарламалық жүйелері, электрондық оқулықтар мен оқу курстары, оқу ойындары мен оқу бағдарламалары. Оқу үрдісінде көрнекі оқыту құралдарын орынды пайдалану оқушылардың байқағыштығын, зейінін, сөйлеуін, ойлауын дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл үшін ең бай мүмкіндіктер заманауи ақпараттық компьютерлік технологиялармен байланысты [5].

K.A. Aidarbekova, S.K. Abildina, S.A. Odintsova, A.O. Mukhametzhanova, N.A. Toibazarova бастауыш мектепте цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануды зерттей отырып, цифрлық ортаны болашақ мұғалімдерге қолданбалы пән ретінде ғана емес, сонымен қатар инфрақұрылымдық компонент ретінде де дамыту және оқыту керек деген қорытындыға келеді [6].

Б.К. Иксатова, Ш.Ж. Колумбаева, А.Ж. Еримова болашақ бастауыш сынып педагогтерінде цифрлық дағдыны қалыптастырудың даму эволюциясының 4 кезеңін талдап көрсетеді, олар: жалпы сандық дағдылар (пайдаланушы), кәсіби цифрлық дағдылар, проблемаға бағытталған сандық дағдылар, қосымша сандық дағдылар [7].

Бүгінгі таңда колледж білім алушыларының болашақ кәсіби мамандықтарында ақпараттық ресурстарды оқу мазмұнының дидактикалық талаптарын атқаруда тиімді іріктеуі, қолдануы өзекті мәселе. Осыған орай, S. Sadibekova, A. Amirova зерттеулері болашақ бастауыш сынып мұғалімдері ақпараттық ресурстарды дұрыс қолдана ала ма деген пікірді білуге бағытталған. Зерттеу нәтижесі бойынша студенттердің ақпараттық ресурстарды қолдануды толық білмейтіндігі және тағы басқа себептер анықталған. Сонымен қатар, оның алдын алу мақсатында жасалуы тиіс жөнінде ұсыныстар жасалған [8].

Шетелдік зерттеушілер White Miriam [9], Fiona Delaney [10], Hanna Byhar [11], Laura Outhwaite [12] оқу процесінде мультимедиялық құралдарды пайдалануды сапалы білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету және оқушылардың үлгерімін арттыру стратегиясы ретінде қарастырады. Олар оқушылардың пәндерді оқуға қызығушылығын, белсенділігін арттыру, бастауыш сынып оқушыларының ойлауын дамыту үшін интерактивті қосымшаларды қолдану бойынша мұғалімдерге ұсыныстар береді. M. Lavrenova, N.V. Lalak, T.I. Molnar зерттеуінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сипаттап, бастауыш сынып оқушыларын оқыту мен тәрбиелеуде қолдануға болатын заманауи компьютерлік құралдарға назар аударады және болашақ мұғалімдерді бастауыш мектепте АКТ-ны қолдануға дайындаудың кейбір аспектілерін көрсетеді [13].

Қазір ғаламторда әртүрлі тақырыптар бойынша дайын электрондық оқулықтарды

табуға болады, бірақ олар әрқашан сабақтың нақты тақырыбына сәйкес келе бермейді. Бұл жағдайда мұғалімге бейнероликтің дайын нұсқасына бейімделуге немесе жаңа оқу материалын (бейнеролик) жасауға тура келеді.

Білім беру – болашаққа бағытталған үрдіс, бүгінгі мектеп оқушылары, ең алдымен, бүгінгі бастауыш сынып оқушылары қолданыстағы ақпараттық жүйені басқаруы тиіс. Осыған орай, ақпараттандыру, бастауыш жастағы оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін, оның ішінде ақпараттық мәдениет пен ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру бастауыш сыныптардың білімін жетілдірудің басты бағытына айналып отыр.

Заманауи техникалық оқу құралдары мен компьютерлік технологияларды оқу үрдісінде пайдаланудың сан алуан мүмкіндіктері бар. Біріншіден, техникалық оқу құралдарының қарқынды дамып, жетілдіріліп жатқаны сонша, педагогикалық зерттеулер мен оларды оқу процесінде пайдаланудың әдістемелік әзірлемелері де тез ескіруде. Екіншіден, педагогтың кәсіби іс-әрекетінде техникалық құралдарды қолдану мүмкіндіктері бойынша техникалық құралдардың сан-салалы және жан-жақтылығы соншалық, оларды оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың жаңа тәсілдері туындайды және оқу үрдісіндегі ақпараттық компьютерлік технологиялар мұғалімдердің алдында жаңа міндеттер, қойып, компьютерлік технологияларды тиімді әрі сауатты пайдалануға байланысты мәселелер қойылады. Компьютерлік технологиялар мұғалім орындайтын графиктерді, кестелерді, формулаларды жаңғыртуға арналған техникалық операциялар сияқты қызметтерді (функцияларды): технологияға көшіру арқылы оқу материалын меңгеруге кететін уақытты қысқартуға көмектеседі.

Ғаламтор арқылы берілген тақырып бойынша ақпаратты іздеп, практикалық тапсырмаларды орындау үшін ақпараттық материалдарды пайдаланады. Компьютерлік технологияны қолдану арқылы оқушы өзінің жеке қабілеті мен қызығушылығына қарай таным процесін қалыптастырады. Мұғалім көмекші, кеңесші рөлін атқарып, оқушының жаңалық ашуына бағыт-бағдар береді.

Компьютерлік бағдарламалар әртүрлі көрнекі иллюстрацияларды және дыбыстық сүйемелдеуді жасауға көмектесіп, оқытуда көрнекілік принципін тереңірек жүзеге асыруға ықпал етеді. Сабақтың тақырыбы қаншалықты күрделі және қызықсыз болса да, егер экрандағы оқу материалы түстермен, дыбыспен және басқа әсерлермен ұсынылса, ол оқушы үшін қызықты болады.

Қазір республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасақталып, оқыту технологиясының жоғарыда қарастырғандай бірнеше түрлері дамып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған кезде білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа-көзқарас, өзгеше менталитет пайда болуда. Осы бағытта жаңа педагогикалық технологияны тиімді меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, азаматтық қабілетінің қалыптасуына ізгі әсерін тигізіп, өзін-өзі дамытып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген ықыласын ынталандыратын да инновациялық тәсілдер.

Теория мен практикада «мультимедиа», «мультимедиялық технологиялар», «мультимедиялық орта» сияқты ұғымдарды қолдану үйреншікті құбылыс болды [14]. Интербелсенді компьютерлік жүйелер мен мәтін, бейнефильмдер, сөйлеу және дыбысты

сүйемелдеуде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін интерактивті құралдар оқу ақпаратын ұсынудың, сақтаудың және өңдеудің жаңа кешенді тәсілдерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ақпаратты қабылдауды жеңілдету үшін әртүрлі медиа деректер форматтарын қолдануға болады. Мысалы, ақпаратты тек мәтін түрінде ғана емес, сонымен қатар оны аудио деректермен немесе бейнеклиппен суреттеуге болады. Ақпаратты ұсынудың әртүрлі форматтары оқушының ақпаратпен интербелсенді әрекеттесуіне мүмкіндік береді.

АКТ (аудио-видео материалдармен) көмегімен интербелсенді сабақ жүргізу барысында педагог тестік тапсырмаларды, видео материалды, Power Point арқылы сабақ жоспарын, электрондық оқу бағдарламаларын, т.б. құрастырады. Зерттеуші ғалымдар электронды оқыту білім алу процесін жылдамдатады, бұл білім беру процесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді деп санайды.

Болашақ және практик бастауыш сынып мұғалімдерінің қаншалықты интербелсенді құралдарды қолдануға дайын екендігін анықтау үшін сауалнама алынды.

Зерттеу мәселесіне байланысты еңбектерді зерттеу мен талдау және сауалнама нәтижелері зерттелетін мәселенің өзектілігін көрсетті.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану барысы және интербелсенді құралдарды қолдануға дайындығын анықтау үшін Қазақстан Республикасы Жетісу облысының білім беру мекемелерінің бастауыш сынып мұғалімдеріне және І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің педагогикалық мамандықтарының білім алушыларына анонимді сауалнама жүргізілді, сауалнаманың міндеттері:

– оқытудың интербелсенді құралдарын қолдануға дайындық деңгейін анықтау;

– оқытудың интербелсенді құралдарын қолдануда кездесетін қиындықтарды анықтау:

– интербелсенді құралдарды қолдану үшін қажетті көмек түрлерін анықтау.

Сауалнамаға 206 адам қатысты, оның ішінде 104 – Талдықорған қаласының орта мектептеріндегі бастауыш сынып мұғалімдері, 102 – І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 2-4 курс студенттері.

Кесте 1

Респонденттердің сандық құрамы

Барлығы	Мектеп мұғалімдері	2 курс студенттері	3 курс студенттері	4 курс студенттері
206	104	18	52	32

Сауалнамаға әр жас тобының респондент-педагогтары қатысты – 30 және одан төмен (20,4%) және 31-40 жас (20,4%). 37,9% – 41-50 жас, 20,4% – 51-60 жас, 60 және одан жоғары – 1%.

Сауалнамаға қатысқан білім алушылардың құрамы оқыту деңгейі бойынша бөлінген: 2 курс студенттері – 17,6%; 3 курс студенттері – 51%; 4 курс студенттері – 31,4%.

Сауалнамада келесі сұрақтар қамтылды:

Сіз қай курста оқисыз?

2. Интербелсенді оқыту құралдары дегенді қалай түсінесіз?

3. Интербелсенді оқыту құралдарының қандай түрлерін білесіз?

4. Сіз интербелсенді оқыту құралдарын қолданасыз ба (егер солай болса, қайсысы?)

5. Сіз интербелсенді оқыту құралдарын қаншалықты жиі қолданасыз?

6. Сіз интербелсенді оқыту құралдарын қандай мақсатта қолданасыз? (*бірнеше нұсқаны белгілеуге болады)*

7. Сіз өзіңізді интербелсенді оқыту құралдарын пайдалануға дайынмын деп есептейсіз бе?

8. Интербелсенді оқыту құралдарын пайдалануға өзіңіздің дайындығыңызды қалай бағалайсыз?

9. Интербелсенді оқыту құралдарын пайдалану кезінде қандай да бір қиындықтар кездесті ме?

10. Интербелсенді оқыту құралдарын пайдалану кезінде қандай қиындықтарға тап боласыз?

11. Интербелсенді оқыту құралдарын пайдалану үшін сізге қандай көмек қажет?

12. Интербелсенді оқыту құралдарын пайдалану мәселелері бойынша арнайы білім алу қажеттілігі бар ма?

13. Интербелсенді оқыту құралдарын пайдалану сабаққа дайындықты жеңілдетуге мүмкіндік береді деп ойлайсыз ба? Жауабыңызды дәлелдеңіз

14. Студенттерді оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға дайындау бойынша сіздің пікірлер мен ұсыныстарыңыз.

Зерттеу нәтижелері және талқылау


Сауалнама нәтижелерін талдау кезінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытудың интербелсенді құралдарын қолдануға дайындық дәрежесін белгілеу маңызды болды. Ол келесі критерийлер бойынша бағаланды:

– әдістемелік дайындық;

– ақпараттық-коммуникативтік дайындық.

Сауалнамада «Сіз өзіңізді интербелсенді оқыту құралдарын пайдалануға дайынмын деп есептейсіз бе?», – деген сұрақ қойылды.

Бұл сұраққа респонденттердің жартысынан көбі (65%) оң жауап берді, (65%) – «белгілі бір дәрежеде» дайын және 1% – «жоқ» деп жауап берді, бұл жалпы оқытудың интербелсенді құралдарын қолдануға оң көзқарасты көрсетеді (сурет 1).




Сурет 1. Оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға дайындық деңгейінің көрсеткіші

Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік дайындығын бағалау

Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға дайындығының айқындаушы шарттарының бірі әдістемелік дайындық болып табылады, оның ішінде интербелсенді құралдарды қолдануда қажетті білім, білік, дағдыларды, сабақта интербелсенді құралдарды қолданудың әдістемелік жолдарын меңгеру, электрондық оқулықтармен жұмыс жасау, презентация, бақылау және тест тапсырмаларын әзірлеу, практикалық, зертханалық сабақтарды ұйымдастыру, білім алушылармен кері байланысты жүзеге асыру және т.б.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің 35%-ы интербелсенді құралдарды пайдалануға «толық дайынмын» деп санайды; 53,4%-ы жалпы дайын, бірақ педагогикалық қызмет барысында кейбір нәрселерді игеруге тура келетінін, яғни, жеткіліксіз дайындықты, 11,7%-ы интербелсенді оқыту құралдарын қолдануда дайындығының нашар, әлі де көп нәрсені игеру керек екенін, яғни, нашар дайындықты көрсетеді (2-сурет). Басқаша айтқанда, сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің көпшілігі кейбір нәрселерді игеру керек дейді, яғни, оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану үшін алдын-ала арнайы әдістемелік дайындықтың қажеттілігі туындайды.




Сурет 2. Оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға әдістемелік дайындығының көрсеткіші

Білім беру үдерісінде оқытудың интербелсенді құралдарын қолдануға дайындығын бағалау

Оқытудың интербелсенді құралдарын қолдануды іске асырудың тағы бір маңызды аспектісі білім беру үдерісін материалдық-техникалық қамтамасыз ету, атап айтқанда цифрлық білім беру ресурстары болып табылады.


Сауалнама көрсеткендей, респонденттердің 84,4%-ы интербелсенді тақтаны пайдаланған, 44,1%-ы электронды оқулықтардың мүмкіндіктерін ішінара пайдаланған, 66,7%-ы электрондық презентацияларды, 22,5%-ы мультимедиялық дискілерді пайдаланған, 13,7% – мамандандырылған бағдарламаларды, 47,1% – интернет желісін пайдаланды (3-сурет).



Сурет 3. Оқытудың интербелсенді құралдарының түрлерін пайдалану көрсеткіші


Сауалнама респонденттердің жартысына жуығы білім беру процесінде интербелсенді құралдарды қаншалықты жиі қолданатынын, яғни, тәжірибесі бар екенін көрсетті.

Респонденттердің 42,2%-ы күнделікті; аптасына 1 рет – 12,7%; айына 1-2 рет – 4,9%; қажеттілік бойынша – 40,2% (4-сурет).



Сурет 4. Оқытудың интербелсенді құралдарын қаншалықты жиі қолданатынының көрсеткіші

Алынған деректерді талдау барысында сауалнамаға қатысқан педагогтардың оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануда қиындықтарға, құзыреттіліктің жеткіліксіздігіне және интербелсенді құралдармен жұмыс істеу кезінде көмек алу қажеттілігін (оның ішінде 15,7% – жиі, 61,8% – жекелеген мәселелер бойынша) көрсетті (5-сурет).



Сурет 5. Интербелсенді оқыту құралдарымен жұмыс істеу кезінде көмек алу қажеттілігін сезіну көрсеткіші

Респонденттердің интербелсенді оқыту құралдарын қолдану барысындағы кездескен негізгі проблемалар мен қиындықтар:

білім беру мекемесінің әдістемелік немесе техникалық мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігі – 34,3%;

интербелсенді оқыту құралдарын пайдалану дағдыларының немесе тәжірибесінің болмауы – 16,7%


интербелсенді оқыту құралдарын пайдалануда білім мен дағдылардың жеткіліксіздігі – 12,7%

техникалық мәселелер – 38,2%

уақыттың тапшылығы – 20,6%

интернет желісінің дұрыс болмауы – 2%

Интербелсенді оқыту құралдарымен жұмыс істеуде елеулі қиындықтар туындамайды деп сауалнамаға қатысқан педагогтардың тек 7,8%-ы атап өтті (6-сурет).



Сурет 6. Интербелсенді оқыту құралдарын пайдалану кезінде мұғалімдерге кедергі келтіретін проблемалар мен қиындықтар

Интербелсенді оқыту құралдарын пайдалану барысында мұғалімдерге қандай көмек қажет екенін анықтау үшін сауалнамада «Интербелсенді оқыту құралдарын пайдалану үшін сізге қандай көмек қажет?» деген сұрақ қойылды. Бірінші кезекте білім беру мекемесінде интербелсенді оқыту құралдарын пайдалануды жүзеге асыру үшін оларға қандай көмек қажет екенін анықтау қажет.

Респонденттердің көпшілігі келесі көмек түрлерін көрсетті (7-сурет):

теориялық білім қажет – 11,8%;

практикалық білімдер мен дағдылар қажет – 46,1%;

пайдалану кезінде техникалық көмек қажет – 19,6%;


сандық білім беру ресурстарын пайдалану үшін көмек қажет – 10,8%;

әлеуметтік желі мүмкіндіктерін пайдалану үшін көмек қажет – 13,7%;

мессенджерлердің мүмкіндіктерін пайдалану үшін көмек қажет – 4,9%;

электрондық ресурстарды (оқулықтар, оқу құралдары, білімді бақылау құралдары және т.б.) әзірлеуге көмек қажет – 15,7%;

көрнекілік құралдарын әзірлеуге көмек қажет – 7,8% (7-сурет).




Сурет 7. Интербелсенді оқыту құралдарын пайдалану үшін мұғалімдерге қажет көмек түрлері

Педагогтерді интербелсенді оқыту құралдарын пайдалануды жүзеге асыруға арнайы даярлау қажеттігінің дәрежесін және даярлау бағдарламасының мазмұнын анықтау үшін сұрақтар қойылды:


Сіз оқу процесінде интербелсенді оқыту құралдарын пайдалану бойынша біліктілікті арттыру курстарынан немесе қайта даярлаудан өттіңіз бе?

Интербелсенді оқыту құралдарын пайдалану мәселелері бойынша арнайы білім алу қажеттілігі бар ма?

Респонденттердің жауаптары төмендегі суреттерде көрсетілген (суреттер 8, 9):



Сурет 8. Интербелсенді оқыту құралдарын пайдалану бойынша біліктілікті арттыру курстарынан немесе қайта даярлаудан өткендігінің көрсеткіші



Сурет 9. Интербелсенді оқыту құралдарын пайдалану мәселелері бойынша арнайы білім алу қажеттілігі

Сауалнама нәтижесі (8, 9 – суреттер), мұғалімдер интербелсенді оқыту құралдарын пайдалану үшін практикалық білімдер мен дағдыларды қажет етеді – 46,1% және интербелсенді оқыту құралдарын пайдалану мәселелері бойынша арнайы білім алу қажеттілігі – 56,9%; ЖОО-да (колледжде) болашақ мұғалімдерге оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалану бойынша арнайы пәнді оқыту қажет – 78,6%.

Бұдан біз, оқытудың интербелсенді құралдарымен оқу процесін ұйымдастырудың әдістемелік жолдарын қарастыру, оқыту әдістемесін әзірлеу қажет деп ойлаймыз.

Әрі қарай, оқыту процесінде интербелсенді оқыту құралдарын қолдануға қандай психологиялық-педагогикалық жағдайлар ықпал ететіні зерттелді.

«Сіздің ойыңызша, оқытудың интербелсенді құралдарын қолдануға қандай психологиялық-педагогикалық жағдайлар ықпал етеді?» деген сұраққа төмендегідей жауап берді:

Оқушы мен оқушы және мұғалім мен оқушы арасындағы жақсы қарым-қатынас қалыптасады;

Оқыту әдістерін, білім мен дағдыларды барынша толық меңгеруге ықпал етеді;

Сабақты қызықты өткізу мақсатында қолданылады;

Оқушылардың қызығушылығын арттырады;

Ақпаратты жақсы деңгейде қабылдауға ықпал етеді;

Шыдамдылықты, жүйке жүйесінің мықты болуын қажет етеді;

Интербелсенді оқыту – әрекет көмегімен және әрекет арқылы үйрету, ал мұндай ұстаным қомақты нәтижелерге жеткізетін ең тиімді жүйе деп есептелінеді, өйткені адамның жадында бірнеше мезетте тек өзінің әрекеті мен қолымен жасағаны ғана қалады;

Есте сақтау қабілеті жақсы қалыптасады;

Ойлау дағдысы қалыптасады;

Сабаққа зейін аударту, қызығушылықты ояту.

Осылайша, респонденттер оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану мәселелері бойынша ЖОО-да (колледжде) болашақ мұғалімдерге оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалану бойынша арнайы пәнді оқыту қажет деп санайды. Егер біз мұғалімдерді оқытудың интербелсенді құралдарын қолдануға толық даярлау мәселесін шешпесек, онда білім беру сапасының деңгейін төмендету ықтималдығы жоғары болады.

Оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану білім беру жүйесінің болашақ мамандарының (студенттер, магистранттар, докоранттар) жұмысқа дайындығын бағалау үлкен маңызға ие.

Сауалнама нәтижелері студенттердің көпшілігінің оқытудың интербелсенді құралдарын қолдануды қабылдауға қызығушылық танытқанын көрсетті. Осылайша, эмпирикалық зерттеудің нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытудың интербелсенді құралдарын қолдануға дайындығын қалыптастыру қажет деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында «Мұғалімдерді оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға дайындау бойынша сіздің пікірлер мен ұсыныстарыңыз» деген сұрақ қызығушылық тудырды. Респонденттердің көпшілігі мұғалімдердің оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға дайындығын жетілдіру: «Теориялық білімді игерген дұрыс», «Әр оқу

кабинеттерін интербелсенді тақтамен қамтамасыз ету керек», «ЖОО-да (колледжде) болашақ мұғалімдерге оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалану бойынша арнайы пәнді оқыту қажет», «Интербелсенді оқытудың құралдарын пайдалануға арналған курстар ұйымдастыру», «Бұл білім беру сапасын көтеруге жақсы септігін тигізе алады деп ойлаймын», «Ресурстар мен білім беру платформаларын меңгеру», «Инновациялық технологияларды қолдану» және т.б. қажет деп санайды.

Сауалнамаға қатысқан 102 студенттің 29-ы (28,4%) «Интербелсенді оқыту құралдарын пайдалану кезінде қиындықтар кездескен жоқ» деген; иә, жиі кездесті – 21 (20,6%); кейде, жеке мәселелер бойынша - 51 (50%), жауап беруге қиналамын – 1 (1%). Яғни, сауалнамаға қатысқан студенттердің 72 % интербелсенді құралдарды пайдалану бойынша теориялық және практикалық білімді қажет етеді.

Бұл нәтижелер респонденттердің едәуір бөлігіндегі ақпараттық құзыреттілік жеткіліксіз деңгейде қалыптасқанын көрсетеді.

Қорытынды

Сонымен, зерттеу нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытудың интербелсенді құралдарын қолдануға дайындығын қалыптастыру қажеттілігі туындайды:

1. Оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану білімі мен дағдыларын меңгерген болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау ЖОО-да, қосымша білім беру жүйесінде (біліктілікті арттыру курстары, тәжірибеге бағдарланған оқыту семинарлары, жекелеген оқу орталықтары мен мекемелері ұсынатын электрондық курстар), сондай-ақ педагогтердің жұмыс орны бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын қолдануға даярлауды қамтамасыз ету үшін ЖОО-да оқытудың интербелсенді құралдарын пайдаланудың психологиялық-педагогикалық принциптерін ескере отырып және оқыту мақсаттарына сәйкес педагогикалық процесті ұйымдастыру қажет.

3. 6В01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының оқу жоспарына «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану» пәнін енгізу қажет деп ойлаймыз.

Сондықтан, зерттеу нәтижесі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін интербелсенді құралдарды қолдануға дайындығын тиімді қалыптастыру үшін заманауи, қолайлы педагогикалық жағдайлар жасау бойынша одан әрі зерттеу жүргізуді қажет етеді.

Авторлардың қосқан үлесі

Алпысбаева Нургуль Саркытбековна – теориялық тұжырымдаманы, зерттеу нәтижелерін түсіндіру және ұйымдастыру, орыс және ағылшын тілдеріндегі материалдарды талдау, мақала жазу.

Жолтаева Гульнар Нурболатовна – зерттеу тұжырымдамасы мен әдістемесін жобалау, зерттеу нәтижелерін түсіндіру, мақала жазу.

Тажинова Гульнар Амангельдиновна – қорытынды жазу, соңғы нұсқасын рәсімдеп, баспаға ұсынуға дайындау үлесінде болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, № 389-III. 27 шілде 2007 ж. [Электронды ресурс]. - URL: - https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ (дата обращения 06.06.2023).

2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы [Электронды ресурс]. 2022. - URL: -https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031 (дата обращения 06.06.2023).

3. Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі жалпыұлттық тұжырымдамасы туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 жетоқсандағы №1443 қаулысы [Электронды ресурс]. 2013. - URL: -https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001443 (дата обращения 06.06.2023).

4. Ыбыраимжанов Қ.Т. Бастауыштағы педагогикалық үдерісті білім берудің жаңа жүйесінде ұйымдастырудың ғылыми негіздері // «Ғылым, білім және инновациялар - «Қазақстан» - 2050» стратегиясының орындалуының маңызды факторлары». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. III бөлім. Талдықорған, 2015. - 354-359 б.

5. Дворецкая А.В. Основные типы компьютерных средств обучения [Электронный ресурс]. 2004. - URL: https://clck.ru/34d2oP (дата обращения 06.06.2023).

6. Aidarbekova, K.A., Abildina, S.K., Odintsova, S.A., Mukhametzhanova, A.O., Toibazarova, N.A. (2021). Preparing future teachers to use digital educational resources in primary school. World Journal on Educational Technology: Current Issues Volume 13, Issue 2, (2021) 188-200.

7. Иксатова Б.К., Колумбаева Ш.Ж., Еримова А.Ж., 2022. Болашақ бастауыш білім педагогтерінде цифрлық дағды қалыптастырудың басымдықтары. Абай атындағы ҚазҰПУ, Хабаршы, «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. 73, 1 (Бер 2022), 86-96. DOI:https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5496.09.

8. Sadibekova S., Amirova A., 2022. Колледж студенттерінің білім сапасын арттырудағы оқыту ресурсы - ақпараттық ресурстардың қолданылуы. Абай атындағы ҚазҰПУ, Хабаршы, «Педагогикалық ғылымдары» сериясы. 75, 3 (Лис 2022), 213-218. DOI:https://doi.org/10.51889/3530.2022.64.43.019.

9. White Miriam. Effective Use of Interactive Technology in Elementary Classrooms. (2018). Culminating Projects in Education Administration and Leadership. 47. https://repository.stcloudstate.edu/edad_etds/477.

10. Fiona Delaney The impact of interactive technology on learning in primary education. Case Study. (2017) DOI:10.13140/RG.2.2.29469.46565 Licenses BY-NC-ND 4.0 https://www.researchgate.net/publication/338480049.

11. Byhar H., Pits I., Prokop I., Shevchuk K., Shestobuz O. & Makoviichuk O. Interactive Learning in the Preparation of Students 1-4 Grades //Journal of Curriculum and Teaching Vol. 11, No. 1; Special Issue, 2022. P. 87-100. URL: https://doi.org/10.5430/jct.v11n1p87.

12. Outhwaite, L. A., Faulder, M., Gulliford, A., & Pitchford, N. J. (2019). Raising early achievement in math with interactive apps: A randomized control trial. Journal of Educational Psychology, 111(2), 284. https://doi.org/10.1037/edu0000286.

13. Lavrenova, M., Lalak, N.V., & Molnar, T. I. (2020). Preparation of Future Teachers for Use of ICT in Primary School. Revista Romaneasca Pentru Educatie Multidimensionala, 12 (1Sup1), 185-195. https://doi.org/10.18662/rrem/12.1sup1/230.

14. Бордовский Г.А., Готская И.Б., Ильина С.П., Снегурова В.И. Использование электронных образовательных ресурсов нового поколения в учебном процессе: Научно-методические материалы / Бордовский Г.А., Готская И.Б., Ильина С.П., Снегурова В.И. - СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2007. - 31с.

Н.С. Алпысбаева, Г.Н. Жолтаева, Г.А. Тажинова

Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова,
Талдыкорган, Казахстан

Предпосылки подготовки будущего учителя начальных классов к использованию интерактивных средств обучения

Аннотация. Во вводной части исследовательской работы изложены цель и задачи исследования, один из основных факторов, обеспечивающих становление системы образования в настоящее время конкурентоспособным, мощным государством Казахстана, необходимость уделять особое внимание воспитанию личности в независимом государстве, повышение эффективности обучения в системе профессиональной подготовки будущих учителей начальных классов в высшем учебном заведении.

В следующем разделе проведен анализ педагогической, психологической, учебно-методической литературы и других работ отечественных и зарубежных ученых, научных исследований по проблеме исследования, в результате чего рассмотрен уровень проблемы осуществления подготовки будущих учителей начальных классов к использованию интерактивных средств, важность и особенности использования интерактивных средств в повышении качества образования обучающихся в высших учебных заведениях. Изложены методические подходы к подготовке будущего учителя начальных классов к использованию интерактивных средств, изложен ход педагогического эксперимента, статистические результаты которого представлены диаграммами.

Заключительная часть направлена на определение конкретного случая готовности будущих учителей начальных классов к использованию интерактивных средств на основе теоретического и эмпирического исследования и выявление предпосылок формирования готовности к использованию интерактивных средств обучения.

Ключевые слова: учитель, начальный класс, подготовка, интерактивные средства, информационно-коммуникационные технологии.

N.S. Alpysbayeva, G.N. Zholtaeva, G.A. Tazhinova
Zhetysu University named after Ilyas Zhansugurov,
Taldykorgan, Kazakhstan

Prerequisites for preparing a future primary school teacher to use interactive learning tools

Abstract. In the introductory part of the research work the purpose and objectives of the study are outlined, one of the main factors ensuring the formation of the education system at the present competitive, powerful state of Kazakhstan, the need to pay special attention to the education of the individual in an independent state, improving the effectiveness of training in the system of professional training of future teachers of primary grades in higher education institutions.

In the next part, the pedagogical, psychological, teaching-methodological literature and other works of domestic and foreign scientists, scientific researches are analyzed, and as a result, the level of the problem of training future primary school teachers to use interactive tools, increasing the quality of education for students in higher educational institutions is analyzed in the next part. The importance and features of the use of interactive tools are considered. The methodical ways of preparing the future elementary school teacher to use interactive tools, the course of the pedagogical experiment are described, and its statistical results are presented in diagrams.

In the final part, on the basis of theoretical and empirical research, it is aimed to determine the actual situation of the readiness of future primary school teachers to use interactive tools and to determine the prerequisites for the formation of readiness to use interactive tools.

Keywords: teacher, elementary school, training, interactive tools, information and communication technologies.

References

1. Law of the Republic of Kazakhstan "On Education", No. 389-III. July 27, 2007

2. Order No. 348 of August 3, 2022 of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan "On the approval of state mandatory standards of preschool education and training, primary, basic secondary, technical and vocational, post-secondary education"

3. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 31, 2013 No. 1443 "On the national concept of social development of the Republic of Kazakhstan until 2030"

4. Ybraimzhanov K. Scientific foundations of the organization of the initial pedagogical process in the new education system // "Science, Education and innovation - the most important factors in the implementation of the Strategy "Kazakhstan" - 2050". International Scientific and Practical Conference. Part III. Taldykorgan: ZhSU named after I. Zhansugurov, 2015. - p. 354-359.

5. Dvoretskaya A.V. The main types of computer learning tools // School technologies. - 2004. - No. 3. S. 25-40

6. Aidarbekova, K.A., Abildina, S.K., Odintsova, S.A., Mukhametzhanova, A.O., Toibazarova, N.A. (2021). Preparing future teachers to use digital educational resources in primary school. World Journal on Educational Technology: Current Issues Volume 13, Issue 2, (2021) 188-200. https://un-pub.eu/ojs/index.php/wjet/article/view/5653.

7. Iksatova B., Columbayeva Sh., Yerimova A., 2022. Priorities for the formation of digital skills among future primary education teachers. KazNPU named after Abaya, Bulletin, series "Pedagogical sciences". 73, 1 (Ber 2022), p.86-96. DOI:https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5496.09.

8. Sadibekova S., Amirova A., 2022. An educational resource in improving the quality of college students' education is the use of information resources. KazNPU named after Abaya, Bulletin, series "Pedagogical sciences". 75, 3 (Lis 2022), p.213-218. DOI:https://doi.org/10.51889/3530.2022.64.43.019.

9. White Miriam. Effective Use of Interactive Technology in Elementary Classrooms. (2018). Culminating Projects in Education Administration and Leadership. 47. https://repository.stcloudstate.edu/edad_etds/477

10. Fiona Delaney The impact of interactive technology on learning in primary education. Case Study. (2017) DOI:10.13140/RG.2.2.29469.46565 Licenses BY-NC-ND 4.0 https://www.researchgate.net/publication/338480049.

11. Byhar H., Pits I., Prokop I., Shevchuk K., Shestobuz O. & Makoviichuk O. Interactive Learning in the Preparation of Students 1-4 Grades //Journal of Curriculum and Teaching Vol. 11, No. 1; Special Issue, 2022. P. 87-100. URL: https://doi.org/10.5430/jct.v11n1p87.

12. Outhwaite, L. A., Faulder, M., Gulliford, A., & Pitchford, N. J. (2019). Raising early achievement in math with interactive apps: A randomized control trial. Journal of Educational Psychology, 111(2), 284. https://doi.org/10.1037/edu0000286.

13. Lavrenova, M., Lalak, N.V., & Molnar, T. I. (2020). Preparation of Future Teachers for Use of ICT in Primary School. Revista Romaneasca Pentru Educatie Multidimensionala, 12 (1Sup1), 185-195. https://doi.org/10.18662/rrem/12.1sup1/230.

14. Bordovsky G.A. The use of electronic educational resources of a new generation in the educational process - Moscow: RSPU, 2013. - 484p.

Авторлар туралы мәлімет:

Алпысбаева Нургуль Саркытбековна – педагогика ғылымдарының магистрі, педагогика және психология жоғары мектебінің доктаранты, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан

Жолтаева Гульнар Нурболатовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, педагогика және психология жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан

Тажинова Гульнар Амангельдиновна – педагогика ғылымдарының магистрі, педагогика және психология жоғары мектебінің оқытушы-дәріскері, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан

Сведения об авторах:

Алпысбаева Нургуль Саркытбековна **–** магистр педагогических наук, докторант высшей школы педагогики и психологии, Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан.

Жолтаева Гульнар Нурболатовна **–** кандидат педагогических наук, доцент, ассоциированный профессор высшей школы педагогики и психологии, Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан.

Тажинова Гульнар Амангельдиновна **–** магистр педагогических наук, преподаватель-лектор высшей школы педагогики и психологии, Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан.

Information about authors:

Alpysbaeva Nurgul Sarkytbekovna – Master of Pedagogical Sciences, doctoral student of the Higher School of Pedagogy and Psychology, Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan

Zholtayeva Gulnar Nurbolatovna **–** Candidate of Pedagogical Sciences, docent, Associate Professor of the Higher School of Pedagogy and Psychology, Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan

Tazhenova Gulnara Amangeldinovna – Master of Pedagogical, lecturer-lecturer of the Higher School of Pedagogy and Psychology, Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN: 2616-6895. eISSN: 2663-2497

ПЕДАГОГИКА СЕРИЯСЫ/
PEDAGOGY SERIES / СЕРИЯ ПЕДАГОГИКА

ХҒТАР 14.25.01
Мақала түрі: ғылыми мақала

DOI: https://doi.org//10.32523/2616-6895-2024-147-2-219-229

Болашақ педагогикалық мамандарды кәсіби даярлаудың акмеологиялық тәсілдері

Л.А. Анарбек[1], Г.М. Сәрсенбаева[2], Г.Б. Исаева[3]*

[1]Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті Алматы, Қазақстан
[2]Мальта Америка университеті, Мальта, АҚШ
[3]Абай атындағы қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: l.anarbek@satbayev.university, gulnara.sarsenbayeva@aum.edu.mt), guka_issaeva@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада қазіргі таңда білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі, болашақ педагогикалық мамандарды кәсіби даярлаудағы заманауи акмеологиялық тәсілдері мен және әдіскер ғалымдардың көзқарастары қарастырылған. Оның ішінде болашақ мамандардың кәсіби дайындығы мен кәсіби даму мәселелеріне арналған ғылыми еңбектерді зерделей келе, кәсіптік-педагогикалық бағыттарға арналған акмеологиялық тәсілдерді жүзеге асыру үшін – оның мақсатын, мазмұнын және педагогикалық шарттары айқындалған. Сонымен қатар, болашақ педагогикалық мамандардың акмеологиялық бағытының қалыптасуын сипаттайтын кәсіби қызмет пен кәсіби өзін-өзі дамытудың мақсат, мазмұндарын түсіну, олардың бір-біріне сәйкес келуі, кәсіби қызығушылықтар мен білім беруді қалыптастыру және тағы сол сияқты көрсеткіштерін айқындай келе, тұлғаның акмелогиялық қалыптасуын бағалайтын когнитивті, эмоционалды-бағалау және мотивациялық мінез-құлық критерийлерінің анықталғандығы мақалада тиянақты баяндалады. Зерттеу нәтижесі бойынша анықталған кәсіптік-педагогикалық білім беруде акмеологиялық тәсілдерді жүзеге асыруға арналған нақты педагогикалық шарттары анықталып, алты түрлі жолмен мақалада көрсетілген. Мамандар даярлау мазмұнындағы кәсіптік педагогикалық білім беруге арналған акмеологиялық тәсілдерді жүзеге асыру тәсілдерінің реті анықталып берілген. Мақаланың соңында педагогикалық эксперименттің нәтижесі берілген, онда бақылау және эксперименттік топтардың арасындағы болашақ мамандардың акмеологиялық бағытын дамытудың барлық деңгейлерінде айырмашылықтар бар**лығы дәлелді айтылады.**

Түйін сөздер: акмеологиялық тәсілдер, педагогикалық шарттар, кәсіби қызығушылық, акмеологиялық қалыптасу, кәсіптік педагогика, акмеологиялық бағыт.

Түсті: 01.03.2024; Жөнделді: 03.06.2024; Мақұлданды: 14.06.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

Кіріспе

Қазіргі заманғы кәсіптік білім болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға, олардың өмірлік және жеке мәселелерін өз бетінше шешу қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс. Бұл әсіресе мұғалімдерді даярлауға қатысты, өйткені педагогикалық міндеттер әрдайым стандартты емес және көп функционалды, бүкіл қоғамның болашағы оларды шешудің тиімділігіне байланысты. Мұғалім тұлғасының білім алушыларға әсер ету мәселелерін зерттейтін педагогтер мен психологтар атап өткендей [1, 2, 3], кәсіптік бағытта творчествалық жоғарғы деңгейге көтерілгенде оқытушылар білім алушылардың маман ретінде қалыптасуына ықпал жасайды. Сондықтан, оқытушылардың кәсіби қабілеттерін арттыру белсенділіктері, олардың айтылған қасиеттерін қалыптастыруға, сонымен қатар кәсіби бағытта өзін-өзі творчествалық жоғары деңгейге жеткізуге, өзін-өзі маман ретінде жүзеге асыруға білім беру сапасына арналған негізгі мақсаттары болды. Қойылған мәселелер оқыту үрдісіндегі білім берудің шыңының пәнін көрсетеді, мұның негізгі міндеттерінің бірі болашақ мамандардың әлеуетті мүмкіндіктерін өзектендіретін және дамытатын жолдар мен әдістерді іздеу, олардың кәсіпқойлықтың шыңына жетуге деген ұмтылысы [4].

Қазіргі заманғы кәсіптік-педагогикалық білім беруде акмеологиялық тәсілді іске асыру болашақ мамандардың кәсіби уәждемесін күшейтуді, олардың шығармашылық әлеуетін ынталандыруды, тұлғаның акмеологиялық бағытын қалыптастыру арқылы кәсіби қызметте табысқа жету үшін жеке ресурстарды анықтау мен жемісті пайдалануды қамтамасыз етеді [5].

Тұлғаның кәсіби дайындығы мен кәсіби даму мәселелеріне арналған заманауи зерттеулерде өзекті білім беру міндеттерін шешу, тиісті тәсілдерді, технологиялар мен әдістерді әзірлеу контекстінде жеке тұлғаның жеке қасиеттерін қалыптастыру мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Алайда, біз кәсіптік-педагогикалық білім беруде акмеологиялық тәсілді іске асырудың мәнін, мақсаты мен шарттарын, оның ішінде педагогтардың жеке басының акмеологиялық бағытын қалыптастыру контекстінде ашатын зерттеулер таппадық. Бұл мәселені шешуге біздің зерттеуіміз арналды.

Тұлғаның бағыты – бұл мақсаттарды, құндылықтарды, мотивтерді, ұмтылыстарды және т.б. қамтитын интегративті сапа, жеке тұлғаның белсенділігін және осы әрекеттің векторын анықтайтын фактор. Акмеологиялық бағыт-бұл жеке тұлғаның жалпы бағытының сапалық сипаттамасы, ол адамды прогрессивті дамуға (оның ішінде кәсіби), кәсіби салада да, жалпы өмірде де максималды шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға бағыттайды[6].

Тұлғаның акмеологиялық бағытының нақты, болашақ мұғалімдердің негізгі жұмыстарында оқыту үрдісіндегі білім берудің шыңына жетуінің мазмұнын жүзеге асыруға, сонымен бірге акмелогиялық ғылымның теориялық негізін және әдіс-тәсілдерін меңгеруге арналған зерттеулер құрамына кіреді.

Білім алушылардың акмеологиялық бағытта зерттеу жұмыстарының мағынасы мен мәніне сәйкес, олардың құрылымын анықтауға болады: кәсіптік-құндылық, кәсіптік мақсатын айқындау, кәсіптік қызығушылық тудыру және кәсіби дамуға ұмтылу бағыттары [7, 8].

Білім алушылардың өз бетімен дамуының акмеологиялық негізге қалыптасып жетілуі болашақ мамандардың негізгі құндылықтарының мәнін анықтау және олардың негізгі қызметтері мен маман ретінде жетілдіру қызығушылығының мазмұнында, жеке тұлға болып қалыптасуы, кәсіби іс-әрекет пен кәсіби өзін-өзі дамытудың әлеуметтік және жеке мақсаттарын түсіну, олардың бір-біріне сәйкестігі, олардың кәсіби жолын болжай білу, кәсіби қызығушылықтар мен білім берудің қалыптасуы сияқты көрсеткіштер бойынша бағаланады. Қажеттіліктер, рефлексиялық қабілеттердің болуы, мамандықта өзін-өзі дамытуға және шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылуды қамтиды. Бұл көрсеткіштерді саралау тұлғаның акмеологиялық бағытының қалыптасуын бағалаудың когнитивті, эмоционалды-бағалау және мотивациялық-мінез-құлық критерийлерін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері

Кәсіптік-педагогикалық білімге акмеологиялық тәсілді енгізу тиімділігінің жалпыланған көрсеткіштері білім алушылардың оқу және оқу-өндірістік жұмыстардың творчествалық, жеке мазмұны, бұлардың кәсіптік педагогикалық іс-шаралардың акмеологиялық құраушылары екені белгілі.

Болашақ маман даярлаудың акмеологиялық әдістерін оқу үдерісіне кіргізудің педагогикалық-психологиялық алғы шарттарының қосындысы, алдымен акмеологиялық әідістің мазмұнымен (қағидалары, орындалу ережелері және т.б.), содан кейін акмеологиялық әдісті оқу үдерісіне кіргізу жөнінде білім алушының акмеологиялық мазмұндағы құрылымымен, соңында қоршаған ортамен, басқару жұмыстары жағдайлары, білім алушылардың көзқарастарымен акмеологиялық әдіс-тәсілдердің нәтижелерін қолданылуымен білім беру мекемелерінің жұмыстары айқындалады.

Сондықтан, біздің зерттеу контекстінде концептуалды психологиялық-педагогикалық жағдайлар: акмеологиялық және андрагогикалық принциптерді жүзеге асыру, тұлғаның акмеологиялық бағытын қалыптастыру мақсатында студенттің жеке басының мотивациялық-құндылық және реттеуші-белсенділік салаларына мақсатты педагогикалық әсер ету көзделді[9,10].

Осы шарттарды іске асыру оқу-тәрбие іс-әрекетінің тиісті құралдарын, әдіс- тәсілдерін және басқарушылық әдістерін анықтау мен іске асыру, коллективтегі ішкі жағдай, білім алушыларға деген оқытушылардын көзқарасы және мұғалімдердің жұмысының мәні басқандай болуы, тиісті психологиялық орта құруды қамтиды.

Кәсіптік-педагогикалық білім беруде акмеологиялық тәсілді іске асырудың нақты-педагогикалық шарттарына мыналар жатады:

– ақпараттық шарттар – білім беру мазмұнының мәнмәтіні мен құндылығы;

– арнайы мәселелер – оқытушының жұмысындағы акмеологиялық әдістерді оқу үдерісіне кіргізу үшін білім мазмұнына өзгерістер кіргізу, білім алушылардың жеке акмеологиялық жетілуін анықтау, қарым-қатынас жасау реті, ынтымақтастықта болу бір-біріне көмектесу және т.б.,

– білім алушыларға адал ниетпен адами қасиетті құндылықтарды, өз-бетімен кәсіби жетілдіру және сол сияқты дұрыс шындықты көрсететін көзқарастарды ұсыну;

– технологиялық жағдайлар – көшбасшылық-белсенділік, жеке басқа арналған бағдар, арнайы-анықталған педагогикалық әдістер қағидаларын ұсыну;

– оқыту үдерісінің жаңашылдығы, қарым-қатынастағы тұғырлылығын жүзеге асуға бағытталады.

Арнайы білім беру мекемелерінің оқытушыларының акмеологиялық – арналған тәрбие жұмысын іске-асыруға белсенді көзқарас; білім беруде ойын арқылы ұйымастыру, озық тәжірибелерді көрсету тренингтерін, мақсат қоя білу, кәсіби-қызығушылыққа арналған іс-шараларды ұйымдастыру.

Айқындалған психологиялық-педагогикалық қағидалардың мәні болашақ мамандарға білім беруде акмеологиялық әдіс-тәсілдерді қолданудың орындалу ретін көрсетеді:

– оқытушыларды акмеологиялық әдіс-тәсілдерді жүзеге асыру үшін ұйымдастыру жұмыстарына үйрету.

Оған арналған тапсырмалар:

– оқытушылардың акмеологиялық білімдерінің көкейкетілігін анықтау және оны жүзеге асыру әдістерін меңгерту;

– арнайы-кәсіби, болашақ мамандар даярлауға акмеологиялық әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруға арналған.

Мақсаты-педагогтердің оқу-тәрбие іс-әрекетінде анықталған психологиялық-педагогикалық жағдайларды мақсатты қолдануы арқылы білім алушылардің жеке басының акмеологиялық бағытын қалыптастыру:

– диагностикалық – түзету, жеке тұлғаның акмеологиялық бағытының қалыптасу деңгейін диагностикалауды, бағалауды және талдауды жүзеге асыру, осы негізде оқу-тәрбие процесіне түзетулер енгізу.

Акмеологиялық тәсілді сәтті іске асыру анықталған психологиялық-педагогикалық жағдайларды мақсатты ұйымдастырумен қатар (оның ішінде тұлғаның акмеологиялық бағытын қалыптастырудың барабар әдістері мен әдістерін қолдану) педагогикалық әсерлердің басым бағытын өзгертудің келесі дәйектілігін сақтай отырып қамтамасыз етілді: когнитивті, эмоционалды-бағалау және қызығушылық жеке тұлғаның мінез қалыптастыру бағыты [11,12].

Тәжірибелік жұмыстардың когнитивтік білім алушылардың теориялық білімді меңгеруін, кәсіптік-педагогикалық қасиеттерді жинақтауды, педагогикалық жұмыстардың мақсатын, кәсіби өзіндік жетілдіру және кәсіптік-творчествалық өзбетімен жүзеге асыру мақсаттары, кәсіби мақсат қоя білуге бағытталған Қажетті ақпараттарды қабылдау және оны өңдеп қолдануға білім алушылардың көңілдерін аулдаруға белсендіру, теориялық мазмұнға қызығушылық тудыру әдістері мен әдістері қолданылды; теориялық материалды бекіту мнемикалық қызмет әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылды.

Талқылау

Педагогикалық әсердің эмоционалды-бағалау бағыты білім алушылардың ақпаратты түсіну мен құндылықты түсінуін ұйымдастырумен, олардың кәсіби-педагогикалық мақсаттар мен құндылықтарды, сондай-ақ кәсіби өз бетімен жетілу мен творчествалық өзін-өзі жүзеге асырудың мақсаттары мен құндылықтарын жеке тұлға ретінде қабылдауымен байланысты болды. Бұл міндеттер келесі әдістер мен әдістерді қолдану арқылы шешілді: зерттелетін құндылығы бар материалдың маңыздылығын негіздеу, білім алушылардің өз сезімдері мен қатынастарының рефлексиясын өзектендіру, эмоционалды еліту, витагендік білім беру әдістері.

Жоғары мектептің акмеологиялық бағдарланған педагогтарының негізгі міндеті білім алушылардің кәсіпте өзін-өзі табысты жүзеге асыруы үшін қажетті білім мен технологияларды игеруін қамтамасыз ету, нақты зерттеу міндеттерін шешу барысында қол жеткізген нәтижелерге сүйеніп орындалатын жұмыстың қорытындысы жетілдіру болып есептеледі.

Кәсіби білім беруге акмеологиялық әдіс-тәсілдерді жүзеге асырудың мағынасы білім алушылардың творчестволық деңгейде өзгеріс енгізуге, сонымен қатар болашақ маманың кәсіби қызметін меңгеруге қызығушылығын арттыруға бағыттау, бұл білім алушыларға, білім берудің, өздігінен тәрбиленудің және өздігінен жетілудің озық, заманауи әдіс-тәсілдері мен технологияларын меңгеруді мұрат етеді. Болашақ мұғалімдерді дайындауда акмеологиялық әдіс-тәсілдері қолданудың мақсаты білім алушыларға акмеологиялық әсер етуді пайдалану, оларда жеке тұлғаның акмеологиялық бағытын негізгі қасиет және кәсібиліктің маңызды көрсеткіші ретінде қалыптастыру.

Педагогикалық жұмыстың мотивациялық-мінез-құлық аспектісі білім алушыларды кәсіби өзін-өзі дамытудың тұрақты мотивациясын, шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігін, кәсіби жетістікке жету қажеттілігін, сондай-бақ акмеологиялық-бағдарланған мінез-құлық пен қызмет негіздерін қалыптастыруға бағытталған. Бұған келесі әдістер мен әдістерді қолдану арқылы қол жеткізілді; әлеуметтік және психологиялық салыстырып сәйкестендіру, әлеуметтік пайдалану және дұрыс баға беру, мәселелік жұмыстарды таңдай білу, бәсекеге сәйкес келетін және ойын тәсілдерін анықтау және нақты нысандардың творчестволық түрде моделін жасай білу.

Эдвайзерлардің жеке тұлғаның акмеологиялық бағытының компоненттері контекстінде бағытталған дамуға бағытталған мамандандырылған тренингтер (рефлексивті тренингтер, мақсат қою тренингтері, жетістікке жетуді ынталандыру дағдыларының тренингтері) өткізуі маңызды рөл атқарды.

Тұлғаның акмеологиялық бағытының компоненттерін дамыту оқу-тәрбие іс-әрекетінің барабар әдістерін, әдістерін және ұйымдастырушылық формаларын қолдану арқылы жүзеге асырылды.

Сонымен бірге интегративті функцияны эдвайзерлар орындады, ол білім алушыларды рефлексияға, өзінің мотивтерін, кәсіби және жалпы өмірлік мақсаттарын, мүдделерін, қажеттіліктері мен қабілеттерін түсінуге және қайта қарауға мақсатты түрде шақырды. Эдвайзерлердің міндеттеріне сонымен қатар білім алушыларды саналы рефлексия мен

мақсат қою негіздеріне, кәсіби мәселелерді шығармашылықпен шешу тәсілдеріне, өзін-өзі дамытуды және кәсіби өзін-өзі жетілдіруді жоспарлауға үйрету кірді. Эдвайзерлердің жетекшілігімен білім алушылардың тренингтік тапсырмаларды орындауы, әңгімелер мен пікірталастарға қатысу, іскерлік ойындарды ұйымдастыру және өткізу жеке тұлғаның акмеологиялық бағытының тұтас дамуына ықпал етті және жүйелі кәсіби-педагогикалық білімнің қалыптасуын, пәнаралық байланыстарды түсінуді қамтамасыз етті.

Эдвайзерлер мен оқытушылардың акмеологиялық бағдарланған іс-шараларын жүзеге асырудың басты түрлері: әңгіме өткізу,пікірталас жасау, іскерлік қалыптастыру, тренинг ұйымдастыру және т.б.

Нәижелер

Тәжірибе жұмысын өткізгеннен кейін эксперименттік топтың білім алушылары кәсіби-педагогикалық білімдер мен құндылықтарды меңгерумен, кәсіптік қызығушылықтарының, пайда болуымен, кәсіби жұмысқа творчествалық көзқарастарымен анықталады.

Білім алушылар кәсіби жұмыстың негізгі мақсатын айқын түсінеді, болашақ мамандардың кәсіби жұмыстарының мотивтері арасында педагогикалық мүделері мен құндылықтар көп болады.

Кәсіптік мақсат қоя білу, кәсіби қызығушылық, кәсіби жетістікке үміталустатистикалық маңызы бар өзгерістерді айқындады.

Бақылау және эксперименттік топ арасында эксперименттің соңында тұлғаның акмеологиялық бағытын дамытудың барлық деңгейлерінде сенімді айырмашылықтар анықталды: эксперименттік топта бақылау топтарына қарағанда тұлғаның акмеологиялық бағытының орташа (53,8%) және жоғары (42,6%) деңгейлері бар. Білім алушылар статистикалық тұрғыдан көбірек болды (сәйкесінше 13,2% және 10,3%).

Экспериметтік топ және бақылау тобының білім алушылары тұлғасының акмеологиялық бағытының мазмұнын сандық-сапалық талдау бағалаудың барлық критерийлері (когнитивті, эмоционалды-бағалау, мотивациялық-мінез-құлық) бойынша да, құрылымдық компоненттер бойынша да (кәсіби-құндылық бағдарлары, кәсіби мақсат қою білу, кәсіби қызығушылық, кәсіби жетістікке ұмтылу) статистикалық маңызы бар өзгерістер анықталады.

Сонымен, тәжірибеден алынған нәтижелер ЖОО-ның білім беру үдерісіне акмеологиялық әдіс-тәсілдерді дәйекті және мақсатты түрде жүзеге асыру білім алушылардың оқу іс-әрекетінің творчестволық және дербес сипатын қамтамасыз ететіндігін, кәсі-би құндылықтардың ішкі сипатқа өтуін анықтайтындығын және жеке тұлғаның шығармашылық кәсіби өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысын жаңартатындығын көрсетеді.

Қорытынды

Зерттеу барысында айқындалғандай, жоғары оқу орындарының оқыту үдерісінде педагогикалық акмеология тәсілдерін меңгерту жолдары жүзеге асырылады. Нәтижесінде болашақ мамандардың кәсіби даму бағытындағы қажетті қызығушылық қасиеттері қалыптасады. Сонымен қатар, педагогикалық мамандықтың негізгі құраушы компоненттері сипатталып кәсіпқойлықпен байланысты креативтік-шығармашылық іс-әрекеттер көрсетілді.

Авторлардың қосқан үлесі

Акмеологиялық әдістердің теориялық негіздерін зерттеу және талдау: кафедраның аға оқытушысы, **Анарбек Л.А.,** әдебиеттерге кең шолу жасап, акмеологияның негізгі тұжырымдамалары мен принциптерін атап өтті, сондай-ақ оларды педагогикалық мамандардың кәсіби дайындығында қолданудың теориялық негізін жасады.

Эмпирикалық зерттеу: педагогика ғылымдарының кандидаты **Г.М. Сәрсенбаева** болашақ педагогтарды даярлау процесінде акмеологиялық әдістерді қолданудың тиімділігін тексеруге бағытталған эмпирикалық зерттеу ұйымдастырды және жүргізді. Ол деректерді жинады, талдады және алынған нәтижелер негізінде қорытынды жасады.

Әдістемелік қамтамасыз ету: педагогика ғылымдарының кандидаты Г.М. Сәрсенбаева және кафедраның аға оқытушысы Л.А. Анарбек оқу процесінде акмеологиялық әдістерді қолдануға арналған әдістемелік материалдар мен құралдарды әзірледі. Олар студенттерге оқу материалымен белсенді қарым-қатынас жасауға және кәсіби дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін оқу жоспарларын, оқу-әдістемелік құралдар мен кейстерді жасады.

Түзету және редакциялау: педагогика ғылымдарының кандидаты **Г.Б. Исаева** мақаланы түзетуге және оны журналдың академиялық стандарттары мен талаптарын ескере отырып редакциялауға жауапты.

Графиктер мен кестелерді дайындау: педагогика ғылымдарының кандидаты Г. Б. Исаева зерттеу нәтижелерін суреттейтін графиктер мен кестелер жасап, оларды журналдың талаптарына сәйкес рәсімдеді. Техникалық бөлімнің корреспонденті болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мудрик А.В. Социальная педагогика: учебник. - М.: Academia. – 2019. – 95 с.

2. Сластенин В.А. Педагогика: учебник. - М: Academia. – 2019. – 400 с.

3. Талызина Н.Ф. Педагогическая психология: учеб. пособие для студентов сред. пед. учеб. заведений. - Москва : Академия - 1998. - 282 с.

4. Якунин В.А. Психологические особенности развития студентов. – М., 1994. - 150 с.

5. Акмеология: учебник / Под.ред. А.А.Деркача. М.: Издательство РАГС. - 2006. - 211 с.

6. Кузьмина Н.В. Предмет акмеологии. – СПб.: Политехника, 2002.-189 с.

7. Маркова А.К. Психология профессионализма. -М. - 1996. - 190 с.

8. Рева Г.В. Формирование акмеологической направленности личности будущего учителя (на примере подготовка учителя музыки): автореферат диссертации канд. пед.наук: 13.00.08 – Майкоп. - 2002. - 22 с.

9. Анисимов О.С. Педагогическая акмеология: общая и управленческая. – Минск: Технопринт. - 2002. – 788 с.

10. Деркач А.А. В помощь исследователю-акмеологу: о логике акмеологического исследования // Акмеология. - 2013. - №4. - С. 11-24.

11. Москаленко О.В. Проблема планирования карьеры студентов в предметном поле акмеологии // Акмеология. - 2012. - №4 (44). - С.26-29.

12. Соловьёва Н.В., Богатырёв А.А. Акмеологическая среда как синергетическая система // Акмеология. - 2011. №3(39). С.84-93

Л.А.Анарбек, Г.М.Сарсенбаева, Г.Б.Исаева

[1]Казахский национальный исследовательский технический университет имени К.И. Сатбаева, Алматы, Казахстан

[2]Американский университет Мальты, Мальта, США

[3]Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

Особенности применения акмеологических методов в процессе профессиональной подготовки будущих педагогов

Аннотация. В статье рассматривается один из актуальных вопросов образования- как акмеологический подход в современной профессиональной подготовке будущих специалистов-педагогов и научные взгляды ученых-методистов. На основе анализа научных работ, посвященных проблемам профессиональной подготовки и профессионального развития будущих специалистов, определены цель, содержание и педагогические условия применения акмеологических подходов по профессионально-педагогическим направлениям. Статья раскрывает цели и содержание профессиональной деятельности и профессионального саморазвития, характеризующие формирование акмеологической направленности будущих педагогов, формирование профессиональных навыков и компетенции, включая акмеологическое становление личности. В статье подробно описана оценка критериев эмоционального и мотивационного поведения. По результатам исследования определены и представлены шесть различных вариантов акмеологических методов в конкретных педагогических условиях профессионально-педагогического образования. Определена последовательность внедрения акмеологических методов профессионально-педагогического образования и в заключении статьи кратко изложены результаты педагогического эксперимента, в которых четко обозначены различия между контрольной и экспериментальной группами на всех уровнях развития акмеологических навыков будущих специалистов.

Ключевые слова: акмеологические подходы, педагогические условия, профессиональный интерес, акмеологическое образование, профессиональная педагогика, акмеологическое направление.

L.A. Anarbek, G.M.S arsenbaeva, G.B. Issayeva
[1]Kazakh National Technical Research University named after K.I. Satpayev, Almaty, Kazakhstan
[2]American University of Malta, Malta, USA
[3]Kazakh National Pedagogical University named after by Abai, Almaty, Kazakhstan

Features of application of acmeological methods in the process of professional training of future teachers

Abstract. The article deals with one of the problems of education, such as modern acmeological approach in professional training of future educators and some views of practitioners in curriculum development. After analyzing the established research in the field of professional training and professional development of future specialists, purpose, content, and pedagogical conditions were determined for the implementation of acmeological approache in training educators. In addition, understanding of the goals and content of professional activity and professional self-development were discussed, which characterize acmeological skills of future educators, including how acmeological competence can be further developed. The definition of criteria of emotional intelligence and motivational behavior is described in detail in the article. According to the results of the research specific pedagogical conditions for the implementation of acmeological methods in professional and pedagogical education were determined and presented in the article in six different ways. The sequence of methods of implementation of acmeological methods were elaborated. In conclusion, the results of the pedagogical experiment are briefly presented in which outcomes between the regular and focus groups at all levels of development of the acmeological direction of the future students are clearly stated.

Keywords: acmeological approach, pedagogical conditions, professional interest, acmeological competence, professional pedagogy, acmeological field.

References

1. Mudrik A.V. Social'naja pedagogika: Uchebnik [Social pedagogy: Textbook]. (M.: Academia. 2019. 95p.). [in Russian]

2. Slastenin V.A. Pedagogika: Uchebnik [Pedagogy: Textbook]. (M: Academia. 2019. 400p.). [in Russian]

3. Talyzina N.F. Pedagogicheskaja psihologija : ucheb. posobie dlja studentov sred. ped. ucheb. Zavedenij [Educational psychology: a textbook for students of secondary pedagogical educational institutions]. (Moskva: Academia. 1998. 282 p.). [in Russian]

4. Jakunin V.A. Psihologicheskie osobennosti razvitija studentov [Psychological features of student development]. (M. 1994. 150 p.). [in Russian]

5. Derkacha A.A. Akmeologija: uchebnik. [Acmeology: textbook]. (M.: Izdatel'stvo RAGS. 2006. 211 p.). [in Russian]

6. Kuz'mina N.V. Predmet akmeologii [Subject of acmeology]. (SPb.: Politehnika, 2002. 189 p.). [in Russian]

7. Markova A.K. Psihologija professionalizma [Psychology of professionalism]. (M. 1996. 190 p.). [in Russian]

8. Reva G.V. Formirovanie akmeologicheskoj napravlennosti lichnosti budushhego uchitelja (na primere podgotovka uchitelja muzyki) [Formation of the acmeological orientation of the personality of

the future teacher (using the example of training a music teacher)]. avtoreferat. dissertacii kand. ped. nauk: 13.00.08. (Majkop. 2002. 22 p.). [in Russian]

9. Anisimov O.S. Pedagogicheskaja akmeologija: obshhaja i uravlencheskaja [Pedagogical acmeology: general and managerial]. (Minsk: Tehnoprint. 2002. 788 p.). [in Russian]

10. Derkach A.A. V pomoshh' issledovatelju – akmeologu: o logike akmeologicheskogo issledovanija [To help the researcher-acmeologist: about the logic of acmeological research]. (Akmeologija. 2013. №4. pp. 11-24). [in Russian]

11. Moskalenko O.V. Problema planirovanija kar'ery studentov v predmetnom pole akmeologii [The problem of career planning for students in the subject field of acmeology]. (Akmeologija. 2012. №4 (44). pp. 26-29). [in Russian]

12. Solov'jova N.V., Bogatyrjov A.A. Akmeologicheskaja sreda kak sinergeticheskaja sistema [Acmeological environment as a synergetic system]. (Akmeologija. 2011. №3(39). pp. 84-93). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Анарбек Л.А. **–** шет тілдер кафедрасының аға оқытушысы, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан. https://orcid.org/0000-0003-4061-3760

Сәрсенбаева Г.М. **–** педагогика ғылымдарының кандидаты, Мальта Американ Университетінің Сапа Департаменті Директоры, ассистент профессор оқытушы, Американский университет Мальты, American University of Malta, Triq Dom Mintoff, BML 1013 Malta. https://orcid.org/0000-0002-0077-9486

Исаева Г.Б. **–** педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КЕАҚ, Математика, физика және ниформатика инстиуты, 050010, Алматы, Қазақстан Республикасы, guka_issaeva@mail.ru, 87012554632, https://orcid.org/0000-0002-4860-3797

Сведения об авторах:

Анарбек Л.А. **–** старший преподаватель кафедры «Иностранные языки», Казахский национальный исследовательский технический университет им.К. И. Сатпаева, Алматы, Казахстан. https://orcid.org/0000-0003-4061-3760

Сарсенбаева Г.М. **–** кандидат педагогических наук, директор департамента качества, Американский университет Мальты, Triq Dom Mintoff, BML 1013 Malta. https://orcid.org/0000-0002-0077-9486

Исаева Г.Б. **–** кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, НАО «Казахский национальный педагогический университет имени Абая», Институт математики, физики и математики, Алматы, 050010, Республика Казахстан, guka_issaeva@mail.ru, 87012554632, https://orcid.org/0000-0002-4860-3797

Information about the authors:

Anarbek L.A. **–** a senior lecturer at the Department of Foreign Languages, K. I. Satpayev Kazakh National Research Technical University, Almaty, Kazakhstan. https://orcid.org/0000-0003-4061-3760

Sarsenbayeva G.M. **–** Candidate of Pedagogical Sciences, Director of the Quality Department of the American University of Malta, Associate Professor, American University of Malta, Triq Dom Mintoff, BML 1013 Malta. https://orcid.org/0000-0002-0077-9486

Issayeva G.B. **–** Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, JSC "Kazakh National Pedagogical University named after Abai", Institute of Mathematics, Physics and Mathematics, Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan, guka_issaeva@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-4860-3797

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN: 2616-6895. eISSN: 2663-2497

ПЕДАГОГИКА СЕРИЯСЫ/
PEDAGOGY SERIES / СЕРИЯ ПЕДАГОГИКА

ХҒТАР 14.35.07
Мақала типі: ғылыми мақала

DOI: https://doi.org//10.32523/2616-6895-2024-147-2-230-243

Цифрлық дәуірде болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығын дамыту мүмкіндіктері

М.П. Асылбекова, Б.Е. Батанасова, А.Б. Закирова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: marziya_asylbekova@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығын дамытудың бүгінгі цифрлық дәуірдегіжағдайына талдау жасау арқылы транссауаттылықты дамытудың мүмкіндіктеріқарастырылды. Транссауаттылық – бұл сауаттылықтан гөрі кеңірек және трансверсалды дағдының компоненті ретінде жан-жақты қарастырылатын ұғым, ақпаратты әртүрлі контексттерде, соның ішінде цифрлық ортада түсіну және пайдалану қабілетін қамтиды. Сонымен қатар, сыни ойлау, талдау, ақпаратты түсіндіру, цифрлық кеңістікте - тиімді әрекеттесу дағдыларын қарастырады. Демек, транссауаттылық жеке және кәсіби мақсаттарға жету, ақпаратқа қол жеткізу және цифрлық технологияларды пайдалану күнделікті өмірдің ажырамас бөлігі ретінде білім берудің маңызды құрамдас бөлігіне айналады. Транссауаттылық ұғымының мәнін ашу мақсатында шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттер жүйелі талданып, терминнің шығуы мен негізгі аспектілері қарастырылды.

Мақалада бүгінгі цифрлық ортада ақпаратпен тиімді әрекеттесу арқылы кәсіби білім, білік, трансверсалды дағдыларды дамыту мүмкіндіктері зерттелді. Болашақ педагог-психологтердің транссауаттылық деңгейінің ағымдағы жағдайын білу мақсатында арнайы сауалнама жүргізіліп, нәтижелері талданды. Сауалнама цифрлық құралдар мен бағдарламалардың кәсіби қызметтегі қажеттілігін анықтауға негізделген. Зерттеу нәтижелері қатысушылардың көпшілігі білім беру мен болашақ кәсіби қызметтерінде цифрлық технологияларды құнды құрал ретінде қарастыратынын көрсетті. Алынған теориялық және сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып авторлар тарапынан болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығын дамытуға арналған әдістемелік ұсыныстар мен тұжырымдар берілген.

Түйін сөздер: транссауаттылық, болашақ педагог-психолог, сыни ойлау, дағды, цифрлық технология, ақпараттық технология, цифрлық орта.

Түсті: 22.04.2024; Жөнделді: 29.05.2024; Мақұлданды: 10.06.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

Кіріспе

Бүгінгі цифрлық дәуірде болашақ мамандардың ақпараттық, цифрлық сауаттылықтарына қойылатын талаптардың артуы, еңбек нарығындағы сұраныстың күшеюімен анықталады. Ал қарқынды даму үстіндегі жасанды интеллект, виртуалды (VR) және кеңейтілген (AR) шындық, мультимедиалық және бұлттық технологиялар, робототехника сияқты жаңа цифрлық технологиялар мүмкіндіктерін игеру болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігін арттыратыны айғақ.

«Біз мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту арқылы қазіргі ашық әлемнің бір бөлшегі болуға ұмтылуымыз керек... Жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдалансақ, білім экономикасына тың серпін береміз... Білікті мамандар даярлауымыз қажет», – деп мемлекет басшысы Қ.-Ж.К.Тоқаев жолдауда атап өткен болатын [1].

Осы орайда жаһандану кезеңінде тұрған білім беру үдерісінде транссауаттылық мәселесі ерекше өзектілікке ие болуда.

Бастапқыда жазбаша сауаттылықпен негізделген транссауаттылық ұғымы, бүгінде тек жазу мен оқу ғана емес, сондай-ақ әртүрлі ақпарат көздерден алынған мәліметті іздеу, талдау, түсіндіру, жүйелеу, ақпараттандырылған шешімдер қабылдау сияқты қабілеттерді білдіреді. Сонымен қатар, ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауды, фактілерді пікірлерден ажырата білуді және әртүрлі цифрлық технологиялар мүмкіндіктерін тиімді пайдалануды қамтиды.

Болашақ педагог-психологтердің өмірлік және кәсіби қызметінде қажетті транссауаттылықты дамыту өзектілігі жан-жақты қарастыруды қажет етеді.

Білім берудің цифрлық трансформациясы оқытудың инновациялық әдістерін игерумен қатар, оқу үдерісінде цифрлық технологияларды белсенді енгізуде, оқу бағдарламалары мен әдістемелерін қазіргі ақпараттық қоғамның талаптарына бейімдеу қажеттілігі туындайды. Бұл болашақ мамандарға қажетті онлайн курстар, цифрлық білім беру ресурстарын қамти отырып, сыни ойлауы мен шығармашылық дағдыларын, өзін-өзі бақылау мен бағалау қабілетін дамытатын интерактивті әдістерді енгізуді қамтиды. Болашақ педагог-психологтер кәсіби қызметтерінде цифрлық құралдарды сауатты қолданушылар болып қана қоймай, оларды оқыту әдістерімен ұштастыра отырып, оқу үдерісін қол жетімді, қызықты және сұранысқа ие етуге дағдыланулары керек. Заманауи білім беру технологияларының мүмкіндіктерін пайдалану оқу үдерісін икемді, жекелендірілген және интерактивті ете отырып, студенттердің тәуелсіздігін, өзіндік жауапкершілігін және білімге деген мотивациясын арттырады.

Демек, білім беру салаларында болып жатқан жаһандық өзгерістер болашақ мамандардың еңбек нарығында сұраныстарын қанағаттандырып, кәсіби құзыретті болуын айқындап, болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығын дамытудың жолдары мен әдіс-тәсілерін іздеумен өзекті болып табылады.

Ғылыми-зерттеу нәтижесінде дайындалған мақала AP14870088 «Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамытудың инновациялық моделін әзірлеу және енгізу» (Финляндия, Эстония тәжірибесі негізінде) ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық жобасы аясында жарияланды.

Негізгі бөлім

Сауаттылық білім мен мәдениеттің маңызды элементі ретінде өзара әрекеттесу мен ақпарат беріп, тиімді қарым-қатынасқа ықпал етуді қамтамасыз етіп, адамның жалпы білімін арттырады. Сонымен қатар, бұл термин жазбаша және ауызша коммуникацияны, дұрыс жазуды, грамматикалық және тыныс белгілерді қолдануды, мәтін құрылымын түсінуді, логикалық және ақпаратты талдау қабілетін қамтиды.

Қазіргі уақытта білім берудің әртүрлі аспектілерін және ақпаратпен өзара әрекеттесуде сауаттылықтың бірнеше түрлері қарастырылады:

Цифрлық сауаттылық – сандық ортадағы тапсырмаларды орындауда қолданылатын танымдық дағдылар;

Компьютерлік сауаттылық – компьютер мен бағдарламалық жасақтаманы қолдана білу;

Медиасауаттылық – бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттын сыни тұрғыдан ойлау қабілеті;

Ақпараттық сауаттылық – ақпаратты бағалау, табу, анықтау және тиімді пайдалану мүмкіндігі;

Технологиялық сауаттылық – технологияны бірнеше түрлі тәсілдермен тиімді пайдалану мүмкіндігі;

Саяси сауаттылық – саяси мәселелерге белсенді қатысу үшін қажетті білім мен дағдылар;

Мәдени сауаттылық – өз мәдениетін білу;

Көпмәдениетті сауаттылық – басқа мәдениеттерді білу және бағалау;

Визуалды сауаттылық – суреттерді сыни тұрғыдан оқи білу;

Математикалық сауаттылық / санау – арифметиканың негізгі белгілері мен процестерін меңгеру;

Жаңа медиасауаттылық – синхронды және асинхронды байланыстың гипермәтіндік, мультимедиялық және электронды формаларының жаңа құралдарын қамтитын цифрлық ортадағы және интернеттегі сауаттылық;

Жаһандық сауаттылық – адамдар мен ұлттар арасындағы өзара тәуелділікті түсіну, мәдениеттер бойынша өзара әрекеттесу және табысты ынтымақтастық қабілетіне ие болу [2].

XXI ғасырда қолданыстағы сауаттылық түрлері мұнымен шектелмейді, зерттеу аймағына қарай және алынған ақпаратты қабылдау мен талдауға байланысты ауқымы ұлғая түсуде. Ал транссауаттылық термині сауаттылықтан гөрі жоғары шеберлік деңгейін білдіріп, қазіргі ақпараттық қоғамдағы қарым-қатынастың әртүрлі формаларына бейімделу қабілетін қамтиды.

Ең алғаш транссауаттылық тұжырымдамасы Калифорния университетінің пәнаралық ғалымдар тобының онлайн оқудың дәстүрлі сауаттылық тұжырымдамаларын қиындататын көптеген жолдарын зерттеуге арналған транссауаттылық жобасынан бастау алады. 2005 жылы бірінші транссауаттылық конференциядан кейін Де Монфорт университетінің профессоры S. Thomas бұл тұжырымдаманы «Транссауаттылық

саласындағы өндіріс және зерттеулер» (PART) тобының негізгі зерттеу саласы ретінде жалпыланған түрде бейімдеді. Аталған жұмыс тобы жаңа технологиялардың сауаттылықтың коммуникативті дағды ретіндегі кең ұғымына әсерін белсенді түрде зерттей келе, транссауаттылық – бұл әртүрлі платформаларда, құралдар мен бұқаралық ақпарат құралдарында ым-ишара мен ауызша сөйлеуден бастап қолжазба жазуға, баспаға, теледидарға, радио мен киноға, цифрлық әлеуметтік желілерге дейін оқу, жазу және өзара әрекеттесу мүмкіндігі ретінде анықтады [3].

S. Andretta транссауаттылық – сауаттылықтың үздіксіз таралуының ең жаңа кезеңі ретінде қарастырып, келесі сызбаны ұсынады [4]:



Сурет 1. S. Andretta ұсынған транссауаттылық-сауаттылық континуумының ең жаңа кезеңінің сызбасы

L. Wilkinson транссауаттылық – бұл оқу мен жазу сияқты сауаттылықтың канондық мағынасы ғана емес, ол барған сайын тез таралатын байланыс құралдарына тұтас көзқарасты білдіреді және байланыс жүйелері арасындағы мағынаны жеткізуге тән когнитивті қабілеттерге назар аударатындығын айтқан [5].

A. Lehmans және A. Cordier бойынша транссауаттылық үш негізгі саланың тоғысында орналасқан: ақпараттық, медиа және компьютерлік сауаттылық, сондай-ақ сауатсыздық. Ол ақпаратқа құжат, жаңалықтар және деректер ретінде үш көзқарастың жақындасуын қарастыра отырып, жеке және қоғамдық өмір, тұтыну мен жасау, білім мен коммуникация арасындағы алмасу процестерін талдайды. Сонымен қатар, білім берудегі ақпараттық транссауаттылық студенттердің жобалық жағдайлардағы іс-әрекеттері арқылы байқалып, оқыту стратегияларының өзгеруін және бейресми цифрлық қабілеттер мен формальді академиялық дағдылар арасындағы ауысуларды көрсетеді [6].

S. Singh пен S. Singh өз зерттеулерінде транссауаттылық терминін жан-жақты қарастырып, оның анықтамаларын келесідей ұсынған:

бұқаралық ақпарат құралдары арасындағы мағынаны жеткізу мүмкіндіктері;

сауаттылықтың барлық түрлерін, барлық уақытта және кез-келген мәдениетте қарым-қатынастың барлық түрлерін қамтитын жалпылаушы термин;

бірлескен онлайн қауымдастықтарда білім алуға, өндіруге және бөлісуге кедергі келтіретін барлық кедергілерді жеңу;

байланыс пен ақпараттың көптеген көздерінде бағдарлану тәсілі;

барлық сауаттылықтың жалпы термині болып, сәтті навигацияға бағытталған;

интернет, мобильді және әлеуметтік медиа мәдениеті дәуіріндегі маңызды дағды [7].

ЮНЕСКО-ның цифрлық кітапханасында ұсынылған кітапта, транссауаттылық – ән айту мен ауызша жанрдан, жазбаша сөйлеуден, баспа материалдарынан, теледидардан, радиодан, фильмдерден бастап цифрлық әлеуметтік желілерге дейінгі платформалардың, аспаптардың және медианың тұтас ауқымын пайдалана отырып, оқу, жазу және өзара әрекеттесу қабілеті. Сонымен қатар, транссауаттылық негізінен әртүрлі БАҚ-қа байланысты сауаттылықтың белгілі бір түрлерін дамытудан гөрі, әртүрлі БАҚ-та мағынаны көрсету мәселелеріне қатысты екені айтылған [8, 189 б.].

С. Runchina және авторлық ұжым трансмедиалық сауаттылық немесе транссауаттылық жаңа цифрлық экологияда оқытудың жаңа тәсілдері ретінде ұсынып, студенттерге медиа платформаларда сәтті жұмыс істеуде, арнайы құзыреттіліктер (немесе арнайы дағдылар) қажет болуы мүмкін екенін ескерген. Сонымен қатар авторлар, транссауаттылық егде жастағы адамдарға қарағанда, жастардың белгілі бір жас шегін қамтамасыз етіп, келіссөздер жүргізу, желі құру, трансмедиа навигациясы, пайымдау, ойын, ұжымдық ақыл, өнімділік сияқты цифрлық мәдени контексттерде өмір сүру үшін әртүрлі дағдыларды қарастырады [9].

И.А. Колесникова зерттеу жұмысында транссауаттылықты ақпарат көздерін біріктіру қабілетінен басқа, сыни тұрғыдан жіктеу, ақпарат сапасын бағалау, қажетті білімді таңдау (қалыптастыру) және оны белгілі бір міндетке біріктіру қабілетін талап ететіндігін атап өттіп, сауаттылықтың жаңа түрлеріне талдау жасаған [10].

Ал Н.А. Четверикова«сауаттылықтан кейінгі» және «транссауаттылық» ұғымдары қиылысатынын, сондай-ақ қазіргі адамдар бір белгі жүйесінен екіншісіне ауысуға дайын болуы керектігін жазады [11].

Л.С.Ахметова және авторлық ұжымтранссауаттылықты медиалық және ақпараттық сауаттылық шеңберінде қалыптастырылатын құзыреттердің синтетикалық сипатын белгілеу үшін медиабілімнің замануи зерттеулерінде қалыптасатын ұғым ретінде анықтайды [12, 235].

Осылайша, транссауаттылық ұғымының отандық және шетелдік ғылыми еңбектерде көрініс табуын зерделей келе, бұл жеке тұлғаның ақпаратпен тиімді әрекеттесуі мен ақпараттық ортаға бейімделуі, цифрлық дәуірдегі тиімді байланыс пен әртүрлі медиа контенттермен байланысуға ықпал ететін дағдылар мен қабілеттердің жиынтығы деп түйіндейміз.

Цифрлық, ақпараттық технологиялар мен медиа кеңістіктің қарқынды дамуы жағдайында транссауаттылық ұғымын зерттеу, қазіргі қоғамның цифрлық ақпаратпен тиімді өзара әрекеттесу дағдылары мен білімді зерттеуге бағытталғанын көрсетеді. Демек, зерттеу тақырыбы аясындағы ғылыми еңбектерді талдау, келесідей аспектілерді қарастыртыруға мүмкіндік береді:

Білім беру үдерісінде транссауаттылыққа бағытталған дағдыларды дамытуда дәстүрлі сауаттылық шеңберінен шығып, студенттерден сыни тұрғыдан ойлау, ақпаратты талдау және цифрлық ортада тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту;

Заманауи цифрлық құралдар мен технологиялардың мүмкіндіктерін ақпаратты өңдеу мен таратуда, өңдеуде және қайта жаңғыртуда тиімді пайдалану;

Қазіргі қоғамда ақпараттың маңызды ресурсқа айналғанын ескеріп, транссауаттылықты дамытуда ақпараттық қауіпсіздікке мән беру;

Транссауаттылықты дамыту арқылы жаһандану мен мәдениетаралық өзара әрекеттесуде, тиімді қарым-қатынасқа ықпал етіп, мәдени ерекшеліктерді түсіну мен тілдік кедергілерді жоюға ықпал ету;

Зерттеу әдістері

Ұсынылған жұмыста теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері қолданылады. Тақырып аясындағы ғылыми әдебиеттер зерделеніп, талдау жасалды. Транссауаттылықты дамытуда цифрлық ақпаратпен тиімді өзара әрекеттесудегі білімдер мен дағдылар қарастырылады. Болашақ педагог-психологтердің транссауаттылық деңгейінің ағымдағы жағдайды анықтау мақсатында арнайы құрылған сауалнама жүргізіліп, нәтижелері талданды. Педагогика және психология саласындағы болашақ мамандардың транссауаттылығын тиімді дамыту әдістемесі ұсынылады.

Зерттеу нәтижелері

Болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығының ағымдағы жағдайын анықтау мақсатында 10 сұрақтан тұратын арнайы құрылған сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға әлеуметтік ғылымдар факультетінің Педагогика және психология ББББ бойынша білім алып жатқан 2-3 курстан жалпы саны 35 студент қатысты. Сұрақтар Google Forms онлайн тестілеу мен мәліметтер жинауға арналған құралға салынып, анонимді және онлайн форматта жүргізілді. Сауалнаманы құру барысында студенттердің транссауаттылық туралы ақпараты, ақпараттық және цифрлық технологияларды игеру мен интернет кеңістіктегі бағдарлану деңгейін анықтауға арналған сұрақтарды қамтыды.

Кесте 1

Транссауаттылық деңгейін зерттеу бойынша сауалнама нәтижелері

№	*Сұрақтар*	*Жауаптар*	*% көрсеткіш*	*Студент саны*
1	Білім беруде цифрлық және ақпараттық технологиялар қажет пе?	Ия Жоқ Жауап беру қиын	91,4% 0% 8,6%	32 0 3
2	Болашақ педагог-психолог кәсіби қызметінде цифрлық және ақпараттық технологияларды пайдалануы қажет пе?	Ия Жоқ Жауап беру қиын	88,6% 0% 11,4%	31 0 4
3	«Цифрлық сауаттылық» ұғымымен таныссыз ба?	Ия Жоқ Жауап беру қиын	91,4% 2,9% 5,7%	32 1 2

4	«Медиасауаттылық» ұғымымен таныс-сыз ба?	Ия Жоқ Жауап беру қиын	88,5% 2,9% 8,6%	31 1 3
5	«Транссауаттылық» ұғымымен таныссыз ба?	Ия Жоқ Жауап беру қиын	28,6% 25,7% 45,7%	10 9 16
6	Болашақ педагог-психологқа цифрлық білім, білік және дағдыларын тұрақты дамыту қажет пе?	Ия Жоқ Жауап беру қиын	82,9% 0% 17,1%	29 0 6
7	Оқу бағдарламаңыз цифрлық және ақпараттық сауаттылықты дамытуға арналған пәндермен қамтылған ба?	Ия Жоқ Жауап беру қиын	45,7% 17,1% 37,2%	16 6 17
8	Ақпарат көздерінен оқу пәндеріне қажет-ті ақпаратты жылдам таба аласыз ба?	Ия Жоқ Жауап беру қиын	68,6% 11,4% 20%	24 4 7
9	Мультимедиалық технологияны пайда-лана аласыз ба?	Ия Жоқ Жауап беру қиын	45,7% 14,3% 40%	16 5 14
10	Цифрлық құрылғыларды қолдануда қиындық туындай ма?	Ия Жоқ Жауап беру қиын	77,1% 8,6% 14,3%	27 3 5

Келесі 2-суретте транссауаттылық деңгейін зерттеу бойынша сауалнама нәтижелерінің диаграммасы берілген.



Сурет 2. Сауалнама нәтижелерінің диаграммасы

Болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығының ағымдағы жағдайын анықтауға арналған сауалнама нәтижелерін талдап өтетін болсақ, «Білім беруде цифрлық және ақпараттық технологиялар қажеттілі» мен «Болашақ педагог-психолог кәсіби қызметінде цифрлық және ақпараттық технологияларды пайдалануы қажеттілігі» білім алушылар үшін өзекті екенін жоғары көрсеткіштен анғарамыз.

«Цифрлық сауаттылық» және «Медиасауаттылық» ұғымдары студенттердің көпшілігіне таныс болса, ал «Транссауаттылық» терминінің пайыздық көрсеткішінің көбі таныс емес немесе жауап беруге қиналатындықтарын көрсеткен.

Сауалнамаға қатысушылардың 82,9% «Болашақ педагог-психологқа цифрлық білім, білік және дағдыларын тұрақты дамыту» қажеттілігін белгілеген. Бүгінгі өмір бойы үздіксіз білім алудың қажеттілігі туындап тұрған қоғамда, болашақ мамандардың білім, білік және дағдыларын дамыту кәсіби құзыреттіктің көрсеткішіне айналатынын білдіреді.

Білім алушылар оқу бағдарламасының цифрлық және ақпараттық сауаттылықты дамытуға арналған пәндермен 45,7% қамтылғанын белгілесе, 17,1% қамтылған жоқ деп, қалған 37,2% жауап беруге қиналатындықтарын белгілеген. Бүгінгі қоғамдағы транссауаттылықты дамытудың маңыздылығын ескере отырып, ақпараттық және цифрлық сауаттылыққа, медиасауаттылыққа негізделген пәндерге мән беру қажеттілігі артады.

Ал, ақпарат көздерінен оқу пәндеріне қажетті материалдарды іздеуде 68,6% жылдам табатындықтарын, 11,4% табу қиынға түсетінін, ал 20% әр түрлі себеп екендігін көрсеткен. Бұл тұста болашақ педагог-психологтердің электронды кітапханалар, цифрлық білім беру ресурстары, сондай-ақ дереқсөздермен жұмыс жасау дағдыларын дамыту қажеттілігі туындайды.

Білім алушылар мультимедиалық технологияларды пайдалану бойынша орташа көрсеткіш көрсетсе, ал цифрлық құрылғыларды қолдану мүмкіндіктері жоғары 77,1% екендігін белгілеген. Болашақ педагог-психологтердің кәсіби қызметінде мультимедиалық технологиялардың, яғни сурет, фото, видео жасау және өзгерте алу қабілеті, онлайн презентациялар және т.б. жоғары екенін ескеріп, бұл қабілеттерін дамытуды алға қою қажеттілігі туындайды.

Осылайша, сауалнама нәтижелері бойынша болашақ педагог-психологтердің жеке өмірі мен кәсіби қызметінде цифрлық және ақпараттық сауаттылықтың маңыздылығын ескеріп, білім, білік және дағдыларын дамыту қажеттіліктерін анықтадық. Алайда оқу пәндеріне қажетті ақпаратты іздеуде, цифрлық құрылғылар мен мультимедиялық технологияларды пайдалануда қиындықтар бар екенін байқауға болады.

Демек, уақытша сипатқа ие қиындықтарды анықтай келе, білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру арқылы болашақ педагог-психологтердің медиасауаттылық, ақпараттық және цифрлық сауаттылығына негізделген транссауаттылықтатын дамытуға болады.

Талқылау

Зерттеу тақырыбының бүгінгі күнгі өзектілігін ескеріп, әдебиеттерді зерделеу мен білім алушылардан алынған сауалнама нәтижелерін талдай келе, болашақ педагог-психологтердің келесі зерттеулер бойынша транссауаттылығын дамыту әдістемесін төрт кезеңде қарастырамыз:

1. Диагностикалық кезеңі. Бұл кезеңде болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығының ағымдағы жағдайын анықтауға арналған арнайы сауалнама, анкета және білім алушылармен интервью өткізу беріледі.

2. Теориялық кезеңі. «Транссауаттылық негіздері» болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығын дамытуға негізделген арнайы курсты әзірлеу. Бұл кезең теориялық білім мен дағдыларды дамытуға бағытталып, транссауаттылықтың негізгі аспектілері туралы ақпарат беріледі.

«Транссауаттылық негіздері» атты арнайы курсы келесі модульдерді қамтиды:

Транссауаттылық терминінің тарихы; зерттеу мәселесінің өзектілігі; «медиасауаттылық», «ақпараттық сауаттылық», «цифрлық сауаттылық» ұғымдарының мәні;

Шетелдік және отандық ғылыми зерттеулердегі транссауаттылық мәселесінің зерттелуі мен ұсынылған негізгі идеялар;

Транссауаттылықты дамытуға ықпал етуші мемлекеттік заңдық құжаттардың мазмұны;

Цифрлық дәуірдегі транссауаттылықты дамытудағы сын-қатерлер мен перспективалар.

3. Тәжірибелік кезеңі. Бұл кезеңде болашақ мамандардың тұлғалық дамуына, мотивациясын арттыруға, топтық жұмысқа, сыни ойлауды дамытуға арналған тренинг ұйымдастыру жүзеге асырылады. Ал интерактивті семинарларда компьютер, планшет, мобильді құрылғы, проектор, интерактивті тақта және т.б. техникалық ресурстарды пайдалану арқылы оқу үдерісін өткізуге басымдық беріледі. Теориялық білімді практикамен ұштастыру мақсатында, интернет платформалар, цифрлық білім беру ресурстарымен жұмыс жасау, презентация жасау, онлайн тест құрау, кейс стади және т.б. инновациялық әдістер қолданылады. Студенттердің өзіндік жұмыстарына онлайн курстар, геймификация бойынша тапсырмалар қарастырылады.

4. Қолданыс кезеңі. «Транссауаттылық негіздері» атты арнайы курстың негізінде теориялық және практикалық білімі ұштасқан болашақ педагог-психолог мамандары медиа және ақпараттық кеңістікте еркін бағдарланып, цифрлық құрылғыларды жетік меңгеріп, кәсіби білім, білік және дағдыларын дамытуға мүмкіндік туады.

Әдістеме кезеңдерінің тиімді жүзеге асқанын дәлелдеу мақсатында авторлық сауалнама жүргізу ұсынылады. Мақсатты құрастырылған сауалнама «Транссауаттылық негіздері» атты арнайы курс нәтижесінде болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығының даму деңгейін анықтауға негізделеді.

Демек, болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығын дамыту үдерісі бірізділік, жүйелілік, теорияның практикамен байланысы және көрнекілік принциптерін ұстана жүзеге асады.

Қорытынды

Зерттеу барысында транссауаттылық мәселесінің шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерде зерттелуі қаралып, жүйеленіп, талдау жасалынды. Қазіргі қоғамда транссауаттылықты дамыту – цифрлық технологияны пайдалана отырып, ақпаратпен тиімді өзара әрекеттесудегі дағдылар мен білімге бағытталғандығы сипатталды. Болашақ педагог-психологтердің транссауаттылық деңгейінің ағымдағы жағдайы анықталды. Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Педагогика және психология ББББ бойынша оқитын болашақ мамандардың транссауаттылығын тиімді дамыту әдістемесі ұсынылды.

Қорытындылай келе, болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығын дамыту қазіргі цифрлық білім беру жағдайында өзекті зерттеу болып табылады. Сонымен қатар, транссауаттылықты дамыту қоғамның талаптарына сай болып қана қоймай, өз кәсібінің оң имиджін қалыптастыруға да ықпал етеді. Ақпараттық технологиялар маңызды рөл атқаратын қазірге кезеңде болашақ педагог-психологтердің транссауаттылығын дамыту, табысты әлеуметтік және кәсіби бейімделу, қажетті құзыреттерді қалыптастыру үшін бірегей құралдар мен тәсілдерді ұсына отырып, білім беру саласында жаңа көкжиектер ашады.

Мақала AP14870088 «Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамытудың инновациялық моделін әзірлеу және енгізу» (Финляндия, Эстония тәжірибесі негізінде) тақырыбындағы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық жобасы аясында жарияланды.

Авторлардың қосқан үлесі

Авторлар өздерінің авторлығының ICMJE критерийлеріне сәйкес келетінін растайды.

Асылбекова М.П. – аннотация жазу, кіріспе және негізгі тұжырымдаманы әзірлеуге материалдарды жинақтау, жүйелеу, әдебиеттерге шолу жасау, жүргізілген әдістемелерді талқылау, нәтижелерін өңдеуге үлес қосты.

Батанасова Б.Е. – теориялық шолуға материалдар жүйелеу, әдістемелер бойынша сауалнамалар жүргізу және оның нәтижелерін талқылауға қатысты.

Закирова А.Б. – қорытынды жазу, соңғы нұсқасын рәсімдеп, баспаға ұсынуға дайындау үлесінде болды.

Әдебиеттер тізімі

1. «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 01.09.2023. [Электрон. ресурс] –2023.–URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses (қаралған күні:12.02.2024).

2. Singh S., Singh S. Transliteracy: A Unified Construct for Collaborative Online Communities // Library Waves. – 2015. – Vol. 1(2). – P. 83–86.

3. Thomas S., Joseph C., Laccetti J., Mason B., Mills S., Perril S., Pullinger K. Transliteracy: Crossing divides // First Monday. – 2007. – Vol. 12 (12). DOI: https://doi.org/10.5210/fm.v12i12.2060

4. Andretta S. Transliteracy the latest stage of the literacy continuum. Workshop presented at the conference Creating Knowledge VI. [Электронды ресурс] – 2010. – URL:https://www.slideshare.net/susieandretta/transliteracy-the-latest-stage-of-the-literacy-continuum?from_search=5(қаралған күні:12.02.2024).

5. Wilkinson L., Godwin P., Parker J. Transliteracy and teaching what they know // Information Literacy Beyond Library 2.0. Facet. – 2012. – P. 163-170. DOI: https://doi.org/10.29085/9781856048804

6. Lehmans A., Cordier A. Transliteracy and Knowledge Formats // Information Literacy. Lifelong Learning and Digital Citizenship in the 21st Century. ECIL2014. – 2014. – Vol. 492. – P. 118–127. DOI: https://doi.org/10.1007/978-3-319-14136-7_13

7. Singh S., Singh S. Transliteracy: A Unified Construct for Collaborative Online Communities //Library Waves. – 2015. – Vol. 1(2). – P. 83–86.

8. Grizzle A., Moore P., Dezuanni M., Asthana S., Wilson C., Banda F., Onumah C. Медийная и информационная грамотность: Руководство по политике и стратегии. ЮНЕСКО. [Электронды ресурс] –2020. –URL:https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000375023 posInSet=15&queryId=37bba1be-1960-4004-a571-ae0ceda12d94(қаралған күні:13.02.2024).

9. Runchina C., Sánchez-Caballé A., González-Martínez J. New media literacies for transmedia learning. How students are regarding their transliteracy in Italian licei classici // Cogent Education. –2022. –Vol. 9(1).DOI:10.1080/2331186X.2022.2038344

10. Колесникова И.А. Новая грамотность и новая неграмотность двадцать первого столетия // Непрерывное образование: XXI век. – 2013. –2(2). – С. 109-122.

11. Четверикова Н.А. Постграмотность цифровой эпохи //Феномен знания в цифровую эпоху. Сборник научных статей. [Электронды ресурс] – 2022. – URL:https://elibrary.ru/item.asp?id=49459329(қаралған күні:14.02.2024).

12. Ахметова Л.С., Веревкин А.В., Кудабай А.А., Лифанова Т.Ю., Шорохов Д.П. Медиа и информационная грамотность: русско-казахский словарь-справочник. – Алматы: Қазақ университеті. – 2019. – 280 с.

М.П.Асылбекова, Б.Е. Батанасова, А.Б. Закирова

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Казахстан

Возможности развития трансграмотности будущих педагогов-психологов в эпоху цифровых технологий

Аннотация. В статье рассматриваются возможности развития трансграмотности будущих педагогов-психологов в сегодняшнюю цифровую эпоху. Трансграмотность – это более широкое и всеобъемлющее понятие, чем грамотность, охватывающее способность понимать и использовать информацию в различных контекстах, включая цифровую среду. Кроме того, она рассматривает навыки критического мышления, анализа, интерпретации информации, эффективного общения и взаимодействия в цифровом пространстве. Следовательно, трансграмотность становится важным компонентом образования в период, когда достижение личных и профессиональных целей, доступ к информации и использование виртуальных технологий в работе. В целях раскрытия сущности понятия трансграмотности систематически анализировалась зарубежная и отечественная научная литература, рассматривались основные аспекты и происхождение термина.

Изучены возможности развития профессиональных знаний, умений, навыков посредством эффективного взаимодействия с информацией в современной цифровой среде. С целью изучения текущего состояния уровня трансграмотности будущих педагогов-психологов был проведен специальный опрос и проанализированы результаты. Опросник основан на определении уровня владения и понимания потребности цифровых средств и программ в профессиональной деятельности. Результаты исследования показали, что большинство участников рассматривают цифровые технологии как ценный инструмент в своей образовательной и будущей профессиональной деятельности. Однако было обнаружено, что существуют трудности в работе

с источниками информации и использовании цифровых технологий, что требует дальнейших исследований эффективности трансграмотности.

На основании полученных теоретических и опросных результатов авторами предложена методика развития трансграмотности будущих педагогов-психологов.

Ключевые слова: трансграмотность, будущий педагог-психолог, критическое мышление, навыки, цифровые технологии, информационные технологии, цифровая среда.

M.P.Asylbekova, B.E.Batanasova, A.B. Zakirova
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Almaty, Kazakhstan

Opportunities for developing trans-literacy of future pedogogues-psychologists in the digital age

Abstract. The article investigates the concept of trans-literacy and its significance in the digital era for pedagogues-psychologists. Trans-literacy is a broader and more comprehensive concept than literacy, understanding and using trans-literacy is crucial in today's digital age, as it enables individuals to navigate and thrive in a world where technology and information are constantly evolving.It also considers the skills of critical thinking, analyzing, interpreting information, communicating and interacting effectively in the digital space. Consequently, transliteracy is becoming an important component of education at a time when achieving personal and professional goals, accessing information and using digital technologies are becoming an integral part of everyday life. The concept of trans-literacy was thoroughly examined by analyzing both foreign and domestic scholarly works, where the term's key aspects and origins were explored.

The potential for enhancing professional expertise, capabilities, and skills through productive engagement with information in today's digital landscape has been investigated. To assess the present trans-literacy level of prospective educational psychologists, a specific survey was carried out and its findings were examined. The questionnaire is based on determining the level of possession and understanding the need for digital tools and programs in professional activities. The final result of the work explores that most of the participants consider digital technologies as a valuable tool in their educational and future professional activities. However, it was found that there are difficulties in working with information sources and using digital technologies, which requires further investigation on the quality of trans-literacy.

Based on the obtained theoretical and survey results, the authors proposed a methodology for the improvement of trans-literacy of future educationalpsychologists.

Keywords: trans-literacy, future educational psychologist, critical thinking, skills, digital technology, information technology, digital environment.

References

1. Memleket basshysy Kasym-ZHomart Tokaevtyn «Adiletti Kazakstannyn ekonomikalyk bagdary» 01.09.2023. [Address of the head of state Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan" economic orientation of just Kazakhstan" 01.09.2023.]. [Electronic resource] –Available at: https://www.akorda.kz/kz/addresses (accessed: 12.02.2024). [inKazakh].

2. Singh S., Singh S. Transliteracy: A Unified Construct for Collaborative Online Communities, Library Waves, 1(2), 83–86 (2015)

3. Thomas S., Joseph C., Laccetti J., Mason B., Mills S., Perril S., Pullinger K. Transliteracy: Crossing divides, First Monday, 12 (12) (2007) DOI: https://doi.org/10.5210/fm.v12i12.2060

4. Andretta S. Transliteracy the latest stage of the literacy continuum. Workshop presented at the conference Creating Knowledge VI. [Electronic resource] –Available at: https://www.slideshare.net/susieandretta/transliteracy-the-latest-stage-of-the-literacy-continuum?from_search=5(Accessed:12.02.2024).

5. Wilkinson L., Godwin P., Parker J. Transliteracy and teaching what they know, Information Literacy Beyond Library 2.0. Facet, 163-170 (2012) DOI: https://doi.org/10.29085/9781856048804

6. Lehmans A., Cordier A. Transliteracy and Knowledge Formats, Information Literacy. Lifelong Learning and Digital Citizenship in the 21st Century. ECIL2014, 492, 118–127 (2014) DOI: https://doi.org/10.1007/978-3-319-14136-7_13

7. Singh S., Singh S. Transliteracy: A Unified Construct for Collaborative Online Communities, Library Waves, 1(2), 83–86 (2015)

8. Grizzle A., Moore P., Dezuanni M., Asthana S.,Wilson C.,Banda F.,Onumah C. Medijnaya i informacionnaya gramotnost': Rukovodstvo po politike i strategii. YUNESKO. [Media and Information Literacy: A Guide to Policies and Strategies. UNESCO] [Electronic resource] – Available at: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000375023posInSet=15&queryId=37bba1be-1960-4004-a571-ae0ceda12d94(accessed 13.02.2024). [in Russian]

9. Runchina C., Sánchez-Caballé A., González-Martínez J. New media literacies for transmedia learning. How students are regarding their transliteracy in Italian licei classici, Cogent Education, 9(1) (2022) DOI: 10.1080/2331186X.2022.2038344

10. Kolesnikova I.A. Novaya gramotnost' i novaya negramotnost' dvadcat' pervogo stoletiya, Nepreryvnoe obrazovanie: XXI vek. [The new literacy and new illiteracy of the twenty-first century, Continuing education: the XXI century.], -2(2), 109-122 (2013). [in Russian]

11. Chetverikova N.A. Postgramotnost' cifrovoj epohi. Fenomen znaniya v cifrovuyu epohu, Sbornik nauchnyh statej [Post-literacy of the digital era. The Phenomenon of Knowledge in the Digital Age, Collection of Scientific Articles]. [Electronic resource] –Available at: https://elibrary.ru/item.asp?id=49459329 (Accessed: 14.02.2024). [in Russian]

12. Ahmetova L.S., Verevkin A.V., Kudabaj A.A., Lifanova T.YU., SHorohov D.P. Media i informacionnaya gramotnost': russko-kazahskij slovar'-spravochnik [Media and Information Literacy: A Russian-Kazakh Dictionary-Reference Book] (Almaty: KAZAK University, 2019, 280p.). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Асылбекова Марзия Пазыловна – хат-хабар үшін автор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, marziya_asylbekova@mail.ru.

Батанасова Бахитгуль Ергалиевна **–** 3 курс PhD докторанты, «педагогика» кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, e-mail:b.ergalievna@mail.ru.

Закирова Алма Болатовна **–** Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, alma_zakirova@mail.ru

Сведения об авторах:

Асылбекова Марзия Пазыловна **–** автор для корреспонденции, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, marziya_asylbekova@mail.ru.

Батанасова Бахитгуль Ергалиевна **–** докторант 3-курса образовательной программы 8D01103 – «Педагогика и психология», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, b.ergalievna@mail.ru.

Закирова Алма Болатовна **–** кандидат педагогических наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, alma_zakirova@mail.ru

Information about authors:

Asylbekova Marzia Pazylovna **–** Corresponding author, Candidate of Pedagogical Sciences, associate professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, marziya_asylbekova@mail.ru.

Batanasova Bakhitgul Yergalievna **–** 3 st year PhD student, department of Pedagogy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev Str., 2, Astana, Kazakhstan; e-mail: b.ergalievna@mail.ru.

Zakirova Alma Bulatovna **–** Candidate of Pedagogical Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, alma_zakirova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN: 2616-6895. eISSN: 2663-2497

ПЕДАГОГИКА СЕРИЯСЫ/
PEDAGOGY SERIES / СЕРИЯ ПЕДАГОГИКА

ХҒТАР 14.35.09, 14.25.09, 31.01.45
Мақала типі: ғылыми мақала

DOI: https://doi.org//10.32523/2616-6895-2024-147-2-244-258

Орта мектепте химия пәнін CLIL технологиясымен оқыту тиімділігі

А.Б. Әмірбек*, Р.Н. Нұрділлаева

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

(E-mail: [1]arailym.amirbek@ayu.edu.kz, [2]raushan.nurdillayeva@ayu.edu.kz)

Аңдатпа. Мақалада жалпы орта мектепте химия пәнін оқытуда CLIL технологиясын қолданудың ерекшеліктері көрсетілген. CLIL технологиясы білім алушыларға пән мен тілді кіріктіре оқыту арқылы тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін және көпмәдениетті жеке тұлға қалыптастыруда елеулі ықпал етеді. Білім беру жүйесінде пән мен тілді кіріктіре оқытуда CLIL (Content and Language Integrated Learning) технологиясы кеңінен танылған. Елімізде кіріктіріле оқытылатын шет тілі – ағылшын тілі. Ағылшын тілі мен химия пәнін кіріктіре оқыту 4C қағидасы бойынша жоспарланып, іске асырылған. Қағидаға сүйенсек, оқушының пәндік мазмұнды және шет тілін меңгеру арасындағы тепе-теңдік көрсетіледі.

Химия пәні мен ағылшын тілін кіріктіре оқыту бойынша педагогикалық эксперимент жүргізілді. Оқушыларға пәндік және тілдік дағдыны дамытуға көмектесетін әдістер қолданылды. Білім көрсеткіштерін салыстыру арқылы типологиялық іріктеу әдісімен екі сыныптан эксперименттік және бақылау тобы ретінде 26 оқушы іріктелді. Эксперименттік топта химия пәнін оқытуда CLIL технологиясының элементтері қолданылды. Бақылау тобында сабақтар дәстүрлі әдіспен жүргізілді. Эксперименттік және бақылау тобында химияны оқыту барысында бірдей педагогикалық жағдай жасалды. Пән мен тілді кіріктіре оқытуда терминологияның маңызы көрсетілді, оқушыларға жаңа сөздермен танысып, сөздік қорының артуына мүмкіндік берілді. Сонымен қатар, CLIL технологиясы негізіндегі мультимедиялық ресурстар (аудиожазбалар) оқушының ағылшын тіліндегі ақпаратты естіп, көріп, қабылдауына, ағылшын тілінде мәтінмен жұмыс жасау – мәтінді түсініп, білімді меңгеруге көмектескендігі көрсетілді. Пәндік білімімен қатар оқушының коммуникативтік қабілеттерінің артуына, оқушылармен дұрыс қарым-қатынас орнатып, өз ойын ашық білдіруіне ықпал жасады.

Түйін сөздер: CLIL технологиясы, пән мен тілді кіріктіре оқыту, педагогикалық эксперимент, сауалнама, терминология, тілдік дағдылар, типологиялық іріктеу.

Түсті:15.12.2024; Жөнделді: 22.05.2024; Мақұлданды: 14.06.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

Кіріспе

Пән мен тілді кіріктіре оқыту – мектепте пәннің мазмұнын екінші шет тілі есебінен іске асырылатын педагогикалық технология. Ағылшын тіліндегі атауы – CLIL – Content and Language Integrated Learning (Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту). Бүгінгі таңда дүние жүзінде жеті мыңнан аса түрлі тілдер бар. Халықаралық ортада, бизнес, ғылым және қызметтің басқа да салаларында қарым-қатынас тілі ретінде ағылшын тілі басымдыққа ие [1]. Қазақстан Республикасының тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыра отырып, 2025 жылға қарай үш тілді қатар меңгерген халықтың үлесі отыз бір пайызды (31%) құрау қажеттігі көрсетілген [2]. Осыған орай, көптілді оқыту жүйесінде тиімді – CLIL технологиясы болып табылады [3].

CLIL-дің негізгі мақсаты – оқыту стратегиясын, оқушылардың сыни ойлауын, шығармашылығын және негізгі құзыреттіліктерді дамыту. Бүгінгі таңда CLIL балабақшаның аға тобынан бастап жоғары оқу орнына дейін, әртүрлі білім салаларында қолданылады [1, 4].

CLIL технологиясын қолданатын мұғалім тек өзінің емес, сонымен қатар, оқушылардың лингвистикалық құзыреттілігін де ескеруі қажет. Екінші жағынан, белгілі бір тілді қолдану қабілеті мектеп пәнін толықтай сол тілде оқыту мүмкіндігін білдірмейтінін есте сақтау өте маңызды. CLIL бойынша оқытуда белгілі бір тілде сөйлеу мен тыңдау қабілетінен қарағанда пәнді оқытуға назар аударған жөн [5].

Жүргізілген зерттеулерге сәйкес, CLIL технологиясын сабақтарда қолдану сыныптың білім беру ортасын жақсартады, оқу уақытын қысқартады, сонымен қатар, оқу тұжырымдамасын кеңірек және тереңірек етеді. Алайда, барлық артықшылықтарына қарамастан, кей жағдайда қиыншылықтар тууы мүмкін [3]. Бұл технологияны сәтті қолдану педагогикалық мамандықтардың білім беру бағдарламалары аясында заманауи әдістемелік құралдар мен арнайы курстар құруды және мұғалімдерді ағылшын тілінде оқытуды қамтиды.

Химияны ағылшын тілінде оқытудың дәстүрлі жүйеден қарағанда бірқатар ерекшеліктері бар. CLIL технологиясы пәннің мазмұны мен шет тілін бір уақытта үйренуге мүмкіндік береді [6, 7].

Осы күнге дейін жүргізілген зерттеулерге сәйкес, химияны ағылшын тілінде оқытуда глоссарий және терминологиямен жұмыстың нәтижелілігі анықталған [6]. Сонымен қоса, авторлар терминологияның маңыздылығын қарастыру мақсатында, оны дәстүрлі әдістермен, «Миға шабуыл» және «Five Ws» әдістерімен байланыстыра қолданған [8]. Ағылшын тіліндегі мәтінмен жұмыстың тиімділігі студенттерден алынған сауалнама нәтижесінде негізделген [9]. Шет тілде берілген мәтінмен жұмыс жасаудың тиімді әдістері [10] еңбекте талданған.

Химияны шет тілмен кіріктіре оқытуда кейс-стади [11], ақпараттық және коммуникативтік технологиялар [12], аудио-, видео-сабақтар, мәтінмен жұмыс [13], сонымен бірге шет елде чат-бот арқылы оқыту [14] өз нәтижелігін көрсеткен. Сондай-ақ, технологияның тиімділігін анықтау мақсатында оқушылардан алынған сауалнама оң нәтиже көрсеткен. Нәтижесінде оқушылар өздерінің тілдік дағдысының жетіле түскендігін және мәдениетаралық қатынастардың даму көрсеткіші келтірілген [15].

CLIL – көптеген зерттеулермен негізделген, білім беру үдерісіне инновация ретінде ұсынылған технология. Жаңаша зерттеулерге сүйенсек, қазіргі күнге дейін өзектілігін, маңызын жоғалтпағанын көреміз.

Бұл зерттеудің мақсаты мектепте химия пәнін оқытуда CLIL технологиясының элементтерін қолданып, оның ерекшелігін, тиімділігін анықтау; пәнді шет тілмен кіріктіру арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру; химия пәніне байланысты сөздік қорын кеңейтіп, тілдік құзыреттіліктерін дамыту.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

– Химия пәнін оқыту барысында пәндік біліммен қатар коммуникативтік, тілдік дағдыларды арттыру;

– Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында пәнді оқытуда тиімді әдістерді қолдану;

– Скаффолдинг стратегиясын қолдана отырып оқушылармен ынтымақтастық орнату;

– Химия пәнінен оқушылардың сөздік қорын кеңейту.

Зерттеудің әдіснамасы

CLIL (Content and language Integrated Learning) – пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту, мектепте пәннің мазмұнын екінші шет тілі есебінен іске асыратын педагогикалық технология. CLIL технологиясына негізделген сабақтың ерекшелігі пәндік және тілдік мақсаттың болуы. Мұғалім оқушының лингвистикалық құзыреттілігіне назар аударады. Әдістеме бойынша, ағылшын тілін толықтай немесе ана тілі, яғни қазақ тілімен кезектесе қолдануға болатынын ескеру өте маңызды. Сонымен қатар, лингвистикалық құзыреттілікке қарағанда пәнді оқытуға назар аударған жөн.

CLIL технологиясына сүйене сабақ ұйымдастыру барысында профессор Д. Койл ұсынған 4C қағидасы ұсынылады.

Content – білім мен дағдыны қалыптастыру мазмұны. Білім алушы нені меңгеруі тиіс екендігіне назар аударуы қажет.

Cognition – жоғары деңгейлі ойлау және білімді терең меңгеру арқылы когнитивтік дағдыларды қалыптастыру.

Culture – мәдениетаралық коммуникациялық дағдыларды қалыптастыруды көздейді.

Communication – тілдік құзырет, коммуникативтік дағдыларды дамытуға жағдай жасау, идеяларды жеткізу үшін сөйлеу қызметінің түрлерін дамытуды қамтиды.

Зерттеу профессор Д. Койл ұсынған 4C қағидасын назарға ала отырып жоспарланды. Тәжірибе барысында сөздік, бақылау, сауалнама әдістері қолданылды.

Зерттеуге Түркістан қаласы, Ататүрік атындағы №17 мектеп-гимназиясының 9-шы сыныптың 26 оқушысы іріктеліп алынды. Іріктеу белгілі сипаттамаға негізделе (типологиялық іріктеу) отырып жүргізілді.

Бес сыныптың ішінен типологиялық іріктеу әдісімен білім деңгейі бірдей және ағылшын тілі бойынша деңгейі жоғары оқушылар жиналған екі сынып тест тапсыру арқылы іріктеліп алынды.

Тәжірибе нәтижесінің дәйектілігі үшін сынып оқушыларына бірдей жағдай жасалды. Атап айтқанда, бірдей оқу құралдарымен жабдықталуы, оқу бағдарламаларының бірдей болуы қамтамасыз етілді, тек оқыту әдісімен ерекшеленді.

Эксперимент тобына CLIL технологиясының элементтері бойынша оқыту жүзеге асырылды. Ал бақылау тобында оқушылар дәстүрлі әдіс бойынша оқытылды.

Мәселені анықтау мақсатында эксперименттік топтағы 13 оқушыдан сауалнама алынды. Сауалнама 8 сұрақтан тұрды:

Ағылшын тілінен деңгейіңізді қалай бағалай аласыз?

Сіздің мектепте ағылшын тілін оқыту деңгейі сізді қанағаттандырады ма?

Химия пәнін ағылшын тілінде оқып көрдіңіз бе?

Сізге ағылшын тілін жетілдіру үшін тілдік курстарға бару қажеттілігі бар ма?

Қазақша аудармасын білетін сөздерді белгілеңіз, (негізгі химиялық ұғымдардың атауы ағылшын тілінде берілді).


Химия пәнін ағылшын тілінде оқу барысында тілдік деңгейдің дамуына әсер етеді деп ойлайсыз ба?

Химияны ағылшын тілінде меңгеру үшін қандай ресурстарды қолдануды жөн көресіз?

Химия пәні мен ағылшын тілін кіріктіре оқу сізді қызықтырады ма?

Сауалнама нәтижесі бойынша 83,5% оқушыны химия пәнін ағылшын тілінде өтуге қызығушылық танытқан (1-сурет).

Химия пәні мен ағылшын тілін кіріктіре оқу сізді қызықтырады ма?



Сурет 1. Сауалнама нәтижесі

«17(VIIA), 16(VIA), 15(VA), 14(IVA) топ элементтері және олардың қосылыстары» тарауын CLIL әдістемесін оқыту бойынша педагогикалық эксперимент жүргізілді. Педагогикалық эксперименттің нәтижелілігін көрсету мақсатында экспериментке дейін оқушылардың бөлім бойынша білім көрсеткіші белгіленді.

Эксперимент барысында топтық оқыту, скаффолдинг (мәтіндік тапсырманың бейімделу әдістері), translanguaging стратегиясы, бақылау, сауалнама әдістері қолданылды. Тыңдалымға негізделген мультимедиялық ресурстармен жұмыс жүргізілді.

«Галогендер» тақырыбын қарастырғанда, тақырыпқа сәйкес 1-кестеде көрсетілгендей терминология ұсынылды. Оның мақсаты оқушының тақырыпқа байланысты негізгі терминдермен танысуы және терминнің ағылшын тіліндегі аудармасын білу.

Кесте 1

Терминология

Halogens	Галогендер
Electronegativity	Электртерістілік
Sensitive	Сезгіш
Refrigerator	Тоңазытқыш
Insecticide	Инсектицид
Solid	Қатты
Litmus paper	Литмус қағазы
Dyes	Бояғыштар
Explosives	Жарылғыш заттар
Aqueous solution	Сулы ерітінді

Оқушылар аудиожазба арқылы галогендермен танысады және мазмұн жазылған қағаздар таратылады.

Halogen elements are fluorine, chlorine, bromine, iodine, astatine and tennessine. They all produce sodium salts of similar properties, of which sodium shloride – table salt, or halite – is best known. The free halogen elements are not found in nature. Fluorine is the most abundant of the halogens in Earth's crust.

All halogens have a strong, unpleasant odor, inhalation of halogens, even in small quantities, causes irritation of the respiratory tract and irritation of the mucous membranes. They are toxic, fluorine is especially dangerous. Also they are relatively poorly soluble in water. Fluorine and chlorine are gaseous. Bromine is liquid and evaporates easily. Bromine, chlorine, fluorine and iodine serve as chemical intermediates, bleaches and disinfectants.

Аудиожазба мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, өзара дискуссия жасайды.

1. Галогендердің физикалық қасиеттерін сипаттаңыз.

2. Хлорды күнделікті өмірде қайда қолданамыз?

3. Фтордың басқа галогендерден айырмашылығын дәлелдеңіз.

4. Ағылшын тілінде түсініксіз болған терминдерді талдаңыз.

Мақсаттың бірі оқушының тілдік дағдысын қалыптастыру. Сол себептен оқушылардың ойын еркін жеткізе алуы және оны келесі оқушы түсіне алуы маңызды үдеріс.

Дескриптор: 3 балл

Оқушы ізденіс жасайды.


Ағылшын тілінде аудиожазбаның мазмұнын түсінеді.

Сұрақтарға толықтай, нақты, дәлелдермен жауап береді.

Оқушылар 2-кестеде көрсетілген галогендердің қасиеттерін сәйкестендіріп, кітаптан дәлелдемелер келтіреді.

Кесте 2

Сәйкестендіру

	I_2	Solid, it has a metallic luster
	F_2	Gas, it has a pungent, irritating odor
	Cl_2	Gas, it is highly toxic
	Br^2	Volatile liquid

Дескриптор: 2 балл

Ағылшын тілінде негізгі терминдерді қолдана алады.

Галогендердің химиялық және физикалық қасиетін салыстыра алады.

Translanguaging стратегиясы бойынша мәтінмен жұмыс жүргізілді. Оқушылар ақпаратпен ағылшын тілінде танысып, сынып оқушыларымен ақпаратты талдайды. Қазақ тілінде ұсынылған ақпаратпен салыстырады.

Мәтінмен жұмыс

In industry, the most important polymer of fluorine is the teflon (polytetrafluoroethylene, CF_2-CF_2)n). Teflon is an electric current insulator, heat-resistant material; used for the manufacture of kitchen equipment. Fluorine is a component of freon (CCl_2F_2), widely used in refrigerators. To date, due to the low melting point, carbon compounds such as aerosol solvent chlorofluorols have been used. The effect of harmful carbon compounds in industry for use with "chlorofluorine" reduced action on the ozone layer [16] .

Дескриптор: 2 балл

Шет тіліндегі мәтіннің мазмұнын түсінеді.

Өз ойын еркін жеткізе алады, коммуникация құра алады.

Өзіндік жұмыс. Оқушылардың есеп шығару қабілетін тексеру.

1. After the reaction of 7.2g of H_2 with Cl_2 HCl is produced. How many grams of Br_2 are needed? [16]

2. Zinc reacts with hydroiodic acid to produce zinc iodide and hydrogen gas. Find mass of zinc metal that is needed to produce 6.72 L of hydrogen gas at STP? [16]

Дескриптор: 3 балл

Оқушы өздігінен тапсырма орындайды.

Тақырыпты меңгерді, есептер шығара алады.

Нәтижелер мен талқылау

Педагогикалық эксперимент соңында эксперименттік топтағы 13 оқушыдан пән мен тілді кіріктіре оқыту әдісі бойынша ұйымдастырылған тапсырмалардың тиімділігін анықтау мақсатында сауалнама алынды.

Химияны ағылшын тілінде оқуға сіздің көзқарасыңыз қандай?

Шет тілінде мәтінмен жұмыс жасау барысында қиындықтар туды ма?

Химия пәнін ағылшын тілінде оқуда қандай қиындықтар кездесті?

Кездескен тілдік қиындықтарды қалай жеңу керек деп ойлайсыз?

Сіз үшін химияны ағылшын тілінде оқу тиімді болатын жолды көрсетіңіз.

Оқушылардан алынған сауалнама нәтижесі бойынша оқушылар химия пәнін оқытуда CLIL технологиясын қолдану тиімділігін көрсетті.

«Галогендер» тақырыбы бойынша оқушыларды бағалау дескрипторлар арқылы жүзеге асты. Жалпы дескриптор бойынша 10 балл ең жоғарғы көрсеткіш. Бағалауда оқушының ізденісі мен белсенділігі, білімінің дескрипторларға сай келуі ескерілді (3-кесте).

Кесте 3

Галогендер тақырыбы бойынша оқушылардың жалпы балы

Оқушы №	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Балл	9	8	10	8	7	8	10	6	8	9	8	7	5

«17(VIIA), 16(VIA), 15(VA), 14(IVA) топ элементтері және олардың қосылыстары» тарауы бойынша бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) алынды. Барлығы 10 тапсырма, тапсырманың деңгейіне байланысты дұрыс жауап үшін 3 және 2 балл, қате жауап үшін 0 балл берілді, максималды 18 балл. Эксперимент басында (Э1) және эксперимент соңындағы (Э2) БЖБ нәтижелерін салыстыра отырып, сыныпта CLIL әдісін қолданғаннан кейін оқушылардың білім көрсеткішінде оң өзгерістер байқалды (4-кесте, 3-сурет).

Кесте 4

Тарау бойынша жиынтық бағалаудың жалпы балл көрсеткіші

№	Эксперименттік топ		Бақылау тобы	
	$Э_1$	$Э_2$	$Э_1$	$Э_2$
1	15	15	15	14
2	15	17	7	7

3	17	18	16	15
4	13	17	15	15
5	9	12	13	15
6	10	12	14	15
7	11	13	15	15
8	15	16	12	11
9	10	13	13	11
10	15	15	14	14
11	14	15	12	9
12	12	14	9	8
13	12	16	11	13
Жалпы / орташа балл	168/12,9	193/14,8	166/12,8	172/13,9



	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Э1	12,9	12,8
Э2	14,8	13,9

Сурет 3. Эксперименттік және бақылау тобының салыстырмалы түрдегі орташа балл көрсеткіші

Эксперимент нәтижесі бойыша экспериментке дейін және экспериментттен кейін эксперименттік топтың орташа көрсеткіші 1,9 баллмен ілгері жылжыды, ал бақылау тобында 1,1 балл өзгеріс байқалды.

Эксперимент және бақылау тобының нәтижесінің айырмашылығын дәлелдеу үшін Розенбаумның Q-критерийі қолданылды. Бұл критерий нәтиженің арасындағы айырмашылықты бағалауға және статистикалық талдау жүргізуге мүмкіндік берді.

Гипотезаның тұжырымдамасы:

H_0: «Бірінші берілген мәліметтердің деңгейі оның екінші мәліметтегі нәтиженің деңгейінен жоғары емес»;

H_1: «Бірінші берілген мәліметтердің деңгейі оның екінші мәліметтегі нәтиженің деңгейінен жоғары».

Эксперимент тобы мен бақылау тобынан алынған жиынтық бақылаудың бағалары:

Эксперимент тобы

{ 15, 17, 18, 17, 12, 12, 13, 16, 13, 15, 15, 14, 16 }

Бақылау тобы

{ 14, 7, 15, 15, 15, 15, 15, 11, 11, 14, 9, 8, 13}

1. Гипотезаға сай келуі тұжырымдалды:

H_0: «Бірінші берілген мәліметтердің деңгейі оның екінші мәліметтегі нәтиженің деңгейінен жоғары емес»;

H_1: «Бірінші берілген мәліметтердің деңгейі оның екінші мәліметтегі нәтиженің деңгейінен жоғары».

2. Нәтижелер кему ретімен жазылды:

Эксперимент тобы

{ 18, 17, 17, 16, 16, 15, 15, 15, 14, 13, 13, 12, 12 }

Бақылау тобы

{ 15, 15, 15, 15, 15, 14, 14, 13, 11, 11, 9, 8, 7 }

1. Ең үлкен вариантасы жоғары топ:

{ 18, 17, 17, 16, 16, 15, 15, 15, 14, 13, 13, 12, 12 }

Ол №1 таңдама деп алынды.

2. Ең үлкен вариантасы төмен топ:

{ 15, 15, 15, 15, 15, 14, 14, 13, 11, 11, 9, 8, 7 }

Ол №2 таңдама деп алынды. Нәтижелер 5- кестеге сәйкес келтірілді:

Кесте 5

Эксперимент тобы		Бақылау тобы	
Оқушының реттік нөмірі	№1 таңдама	Оқушының реттік нөмірі	№2 таңдама
3	18		
2	17		
4	17		
8	16		
13	16		
1	15	3	15
10	15	4	15
11	15	5	15
		7	15
		6	15
12	14	10	14
		1	14

7	13	13	13
9	13		
5	12		
6	12		
		9	11
		8	11
		11	9
		12	8
		2	7


3. №2 таңдаманың ең үлкен вариантасы – 15;
4. №1 таңдаманың 15-тен үлкен варианталарының саны: $S_1 = 5$;
5. №1 таңдаманың ең кіші вариантасы – 12;
6. №2 таңдаманың 12-ден төмен варианталарының саны: $S_2 = 5$;
7. Критерийдің эмпирикалық мәні:

$$Q_{эмп} = S_1 + S_2 = 5+5= 10.$$

8. n_1 =13 және n_2 = 13 үшін кризистік мәндер кестесінен p = 0,05 және p = 0,01 мәнділік деңгейлеріне сәйкес, $Q_{1кр}$ және $Q_{2кр}$ кризистік мәндер анықталды:

$$Q_{кр} = \begin{cases} Q = 6 \\ Q = 9 \end{cases}$$

9. $Q_{эмп}$ = 10 және $Q_{1кр}$ = 6, $Q_{1кр}$ = 9 мәндерін мәндік осіне салынды:



10. $Q_{эмп}$ мәнділік аймағында жатыр, сондықтан H1 гипотезасын қабылдаймыз.

Статистикалық шешім: эксперимент тобының деңгейі бақылау тобының деңгейінен жоғары.

Қорытынды

Орта мектепте жүргізілген зерттеудің нәтижесі CLIL технологиясының оқушыларға бірқатар артықшылықтар беретінін дәлелдеді. Пән мен тілді кіріктіре оқытудың тиімділігі оқушылар екінші тілді меңгеріп қана қоймай, химия пәніне қызығушылығы

артып, мәдени және тілдік құзыреттілігінің қалыптасуына септігін тигізеді. Пәндік-тілдік интеграцияланған оқу әдістемесі оқушыларға химиялық терминология, ағылшын тілінде мәтінмен жұмыс, аудиожазбалармен жеңіл түрде жұмыс жасауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында скаффолдинг (мәтіндік тапсырманың бейімделу әдістері), translanguaging стратегиялары, сауалнама, бақылау әдістері арқылы оқушылардың химия пәніне қызығушылығы артып, шет тілін қоса игеруге талпынысы бар екені дәлелденді. Педагогикалық эксперимент тиімділігі оқушылардың білім деңгейінің артуымен дәлелденді.

Зерттеу нәтижесіне талдау жасалып, математикалық статистикалық анализ жұмыстары жүргізілді. Розенбаумның Q – критерийінің гипотезасына сәйкес, эмпирикалық пән мәндік аймаққа сай келіп, эксперимент тобының деңгейі жоғары екені дәлелденді.

Авторлардың қосқан үлесі

Әмірбек Арайлым Бауыржанқызы – теориялық тұжырымдама, зерттеу нәтижелерін түсіндіру және ұйымдастыру, орыс және ағылшын тілдеріндегі материалдарды талдау, мақала жазу

Нұрділлаева Раушан Нұрділлақызы – зерттеу тұжырымдамасы мен әдістемесін жобалау, зерттеу нәтижелерін түсіндіру, мақала жазу

Әдебиеттер тізімі

1. Тютенова А.А., Гумарова Л.Ж., МТютенов К.С. Применение технологии CLIL в обучении естественнонаучным предметам общеобразовательных школ Казахстана: опрос учителей // Вестник КазНУ. Серия педагогическая, – 2020. – № 2 (63). – С.147-154. ISSN 2520-2634, eISSN 2520-2650. DOI: https://doi.org/10.26577/JES.2020.v63.i2.16

2. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. [Электрон. ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045#z8 (қаралған күні: 02.11.2023).

3. Coyle D., Hood P., Marsh D. CLIL: Content and language integrated learning. // Cambridge, UK: Cambridge University Press. – 2010. – P. 123-125.

4. Жетписбаева Б.А., Кубеева А.Е. К вопросу о методическом обеспечении трёхъязычного образования // Вестник Карагандинского университета. Серия: «Педагогика», – 2017. – №2 (86). – С.138-145. – URL: http://rep.ksu.kz/handle/data/2134

5. Mehisto P., Marsh D., Frigols M.J. Uncovering CLIL, Content and Language Integrated learning in bilingual and multilingual education. // Macmillan. – 2008. – P.110.

6. Нурдиллаева Р.Н., Мейрбек А.Н. Особенности применения технологии CLIL на занятиях физической химии в подготовке будущих учителей химии // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: «Педагогические науки», – 2022. – №2(74), – С.186-196. DOI: https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-5496.21

7. Касымбекова Д.А., Арынова А.Б. Методы применения технологии CLIL на лабораторных занятиях курса неорганической химии // Вестник Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. Серия: Педагогика. Психология. Социология. – 2021. – № 3(136). – С.106-112.

8. Nurdillayeva R.N., Baisalova A.Zh., Zhuman G.O. Features of teaching Chemistry in English: Continuity of traditional and new technologies // Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy series, – 2020. – №2(98) – P.113-121. DOI 10.31489/2020Ch2/113-121

9. Nurdillayeva R.N., Zhuman G.O. Application of the CLIL method in the lessons of Inorganic Chemistry // Bulletin of the Karaganda University. Chemistry series, – 2021. – №2(102). – P.96-104. DOI: https://doi.org/10.31489/2021Ch2/96-104

10. Айтпаева А.С., Якубаева К.С. Особенности работы с текстом в инстранной аудитории // Вестник КазНУ. Серия педагогическая, – 2017. – №1(50). – С.126-135. ISSN 2520-2650.

11. Konyssova A., Atemova K., Chakanova S., Gulmira A., Konyssova S., Konkabayeva G. Experience of CLIL in the natural science disciplines in Kazakhstan's schools // Cypriot Journal of Educational Science, – 2022. – №5 (17). – P.1588-1602. DOI: https://doi.org/10.18844/cjes.v17i5.7334

12. Жетпісбаева Б.А., Дьяков Д.В., Чижевская Ю.Т., Мұқанова С.Д. Мектеп оқушыларына CLIL білім беру үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың тиімділігі // Торайғыров университетінің хабаршысы. Педагогикалық серия, – 2022. – №3. – Б.186-196. DOI: https://doi.org/10.48081/MXWV5261

13. Kagazbayev Zh., Eskazinova Zh.A., Zhansultanova A.A., Aldabayeva G.Zh. Teaching a foreign language to primary school students and CLIL technology // Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy series, – 2022. – №2(106). – P.168-176.

14. Mageira K., Pittou D., Papasalouros A., Kotis K., Zangogianni P., Daradoumis A. Educational AI Chatbots for content and language integrated learning. // Applied sciences (Switzerland), – 2022. – №7(12). – P.3239. DOI: https://doi.org/10.3390/app12073239

15. Бакирова К.Ш., Туктасинова А.А. Биологиялық білім беру бағдарламаларында CLIL технологиясын іске асыру. // ҚазҰУ хабаршысы. Педагогикалық серия, – 2020. – №4(65). – Б.21-34. https://doi.org/10.26577/JES.2020.v65.i4.03

16. Байкенов К., Хасен Т., Жұмағұлов Н., Калиев Д., Юсупов О., Саматов А., Сел А., Тор А. Chemistry, Grade 9: Қостілді оқулық // Алматы: Астана-кітап, – 2018. – Б.465. ISBN 978-601-7415-76-1.

А.Б.Амирбек, Р.Н.Нурдиллаева

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан

Эффективность преподавания химии в школе по технологии CLIL

Аннотация. В статье показаны особенности применения технологии CLIL при обучении химии в средней школе. Технология CLIL оказывает значительное влияние на формирование языковых коммуникативных компетенций и мультикультурной личности путем интегрированного обучения учеников предмету и языку. В системе образования широко признана технология CLIL (Content and Language Integrated Learning) в интегрированном обучении предмету и языку. Иностранный язык с интегрированным обучением в стране – английский. Интегрированное обучение английскому языку и химии запланировано и реализовано по принципу 4С. Как правило, указывается равновесие между предметным содержанием учащегося и владением иностранным языком.

Проведен педагогический эксперимент по интегрированному обучению химии и английскому языку. Применены методы, помогающие учащимся развивать предметные и языковые навыки. Методом типологического отбора путем сравнения показателей знаний из двух классов в качестве экспериментальной и контрольной групп были отобраны 26 учащихся. В экспериментальной группе при изучении химии использовались элементы технологии CLIL. В контрольной группе занятия проводились традиционным методом. В ходе преподавания химии в экспериментальной и контрольной группах были созданы одинаковые педагогические условия. Продемонстрировано значение терминологии в интегрированном обучении предмету и языку, учащимся предстоит познакомиться с новыми словами и поработать над увеличением словарного запаса. Кроме того, было показано, что мультимедийные ресурсы на основе технологии CLIL (аудиозаписи) помогают учащимся слышать, видеть и воспринимать информацию на английском языке, работать с текстом на английском языке – понимать текст и усваивать знания. Наряду с предметными знаниями способствовали повышению коммуникативных способностей учащегося, правильному общению с учащимся, открытому самовыражению.

Ключевые слова: технология CLIL, интегрированное изучение предмета и языка, педагогический эксперимент, опрос, терминология, языковые навыки, типологический отбор.

A.B. Amirbek, R.N. Nurdillayeva
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
Turkistan, Kazakhstan

Effectiveness of teaching chemistry at school using CLIL technology

Abstract. The article shows the features of the CLIL technology application in teaching chemistry in secondary school. CLIL technology has a considerable impact on the formation of linguistic communicative competencies and a multicultural personality through integrated teaching of the subject and language to students. The CLIL (Content and Language Integrated Learning) technology in integrated subject and language learning is widely recognized in the education system. The foreign language with integrated education in the country is English. Integrated teaching of English and Chemistry is planned and implemented according to the 4C principle. As a rule, the balance between the students's subject content and foreign language proficiency is indicated.

A pedagogical experiment on integrated teaching of Chemistry and English was conducted. Methods have been applied to help students develop subject and language skills. Be the typological selection method, 26 students were selected from two classes as experimental and control groups by comparing knowledge indicators. The CLIL technology elements were used to study chemistry in the experimental group. While in the control group, classes were conducted using the traditional method. The identical pedagogical conditions were created within the teaching of chemistry in the experimental and control groups. The importance of terminology in integrated teaching of the subject and language is demonstrated, students will have to get acquainted with new words and work on increasing their vocabulary. In addition, it was shown that multimedia resources based on CLIL technology (audio recordings) help students to hear, see and perceive information in English, work with text in English – to understand the

text and assimilate knowledge. Along with subject knowledge, it contributed to increasing the student's communicative abilities, establishing proper communication with students and open self-expression.

Keywords: CLIL technology, integrated subject and language learning, pedagogical experiment, survey, terminology, language skills, typological selection.

References

1. Tyutenova A.A., Gumarova L.Zh., Tyutenov, K.S. Prımenenıe tehnologıı CLIL v obýchenıı estestvennonaýchnym predmetam obeobrazovatelnyh shkol Kazahstana: opros ýchıtelei (Application of CLIL technology in teaching science subjects in general education schools of Kazakhstan: a survey of teachers) Vestnik KazNU, Seria Pedagogicheskaya. 2020. No.63,2. P.147-154. ISSN 2520-2634, eISSN 2520-2650. DOI: https://doi.org/10.26577/JES.2020.v63.i2.16 [in Russian]

2. Qazaqstan Respýblıkasyndaǵy til saıasatyn iske asyrýdyń 2020-2025 jyldarǵa arnalǵan memlekettik baǵdarlamasy. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045#z8 (accessed 02.11.2023)

3. Coyle D., Hood P., Marsh D. CLIL: Content and language integrated learning. // Cambridge, UK: Cambride University Press. 2010. P.123-125.

4. Zhetpisbayeva B.A., Kubeeva A.E. K voprosý o metodıcheskom obespechenıı trekh'ıazychnogo obrazovanıia (The question of methodical support for trilingual education). Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seria «Pedagogika». 2010. No86,2. P.138-145. – URL: http://rep.ksu.kz/handle/data/2134 [in Russian]

5. Mehisto P., Marsh D., Frigols M.J. Uncovering CLIL, Content and Language Integrated Learning in Bilingual and Multilingual Education // Macmillan. 2008. P.110.

6. Nurdillayeva R.N., Meyrbek A.N. Osobennostı prımenenıia tehnologıı CLIL na zanıatıiah fızıcheskoı hımıı v podgotovke býdýih ýchıtelei hımıı (Features of application of CLIL technology in physical chemistry classes in the preparation of future chemistry teachers). Vestnik KazNPU imeni Abaja, seria «Pedagogicheskie nauki». 2022. No.74,2. P.186-196. DOI: https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-5496.21 [in Russian]

7. Kasymbekova D.A., Arynova A.B. Metody prımenenıia tehnologıı CLIL na laboratornyh zanıatıiah kýrsa neorganıcheskoı hımıı (Methods of application of CLIL technology in laboratory classes of the course of inorganic chemistry). Vestnik. Evraziskogo nasionalnogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Seria «Pedagogika. Psihologia. Sosiologia». 2021. No.136,2. [in Russian]

8. Nurdillayeva R.N., Baisalova A.Zh., Zhuman G.O. Features of teaching Chemistry in English: Continuity of traditional and new technologies. Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy series. 2020. No.98,2. P.113-121. DOI: 10.31489/2020Ch2/113-121

9. Nurdillayeva R.N., Zhuman G.O. Application of the CLIL method in the lessons of Inorganic Chemistry. Bulletin of the Karaganda University. Chemistry series. 2021. No.102,2. P.96-104. DOI: https://doi.org/10.31489/2021Ch2/96-104

10. Aitbayeva A.S., Yakubayeva K.S. Osobennostı s tekstom v ınostrannoı aýdıtorıı (Specicity of work with text in a foreign audience). Vestnik KazNU. Seria Pedagogicheskaia. 2017. No.50,1. P.126-135. [in Russian]

11. Konyssova A., Atemova K., Chakanova S., Gulmira A., Konyssova S., Konkabayeva G. Experience of CLIL in the natural science disciplines in Kazakhstan's schools. Cypriot Journal of Educational Science. 2022. No.17,5. P.1588-1602. DOI: https://doi.org/10.18844/cjes.v17i5.7334

12. Zhetpisbaeva B.A., Dyakov D.V., Chizhevskaya Yu.T., Mukanova S.D. Mektep oqýshylaryna CLIL bilim berý úrdisinde aqparattyq-kommýnıkatsıialyq tehnologıialardy qoldanýdyń tıimdiligi (Effectiveness of information and communication technologies in the CLIL learning process of school children). Toraiğyrov universitetının habarshysy. Pedagogikalyq seria. 2022. No.3. P.186-196. DOI: https://doi.org/10.48081/MXWV5261 [in Kazakh]

13. Kagazbayev Zh., Eskazinova Zh. A., Zhansultanova A.A., Aldabayeva G.Zh. Teaching a foreign language to primary school students and CLIL technology. Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy series. 2022. No.106,2. P.168-176.

14. Mageira K., Pittou D., Papasalouros A., Kotis K., Zangogianni P., Daradoumis A. Educational AI Chatbots for content and language integrated learning. Applied sciences (Switzerland). 2022. No.7,12.. P.3239. DOI: https://doi.org/10.3390/app12073239

15. Bakirova K.Sh, Tuktassinova A.A. Bıologıialyq bilim berý baǵdarlamalarynda CLIL tehnologıiasyn iske asyrý (Implementation of CLIL technology in biological education programs). KazUU habarshysy, Pedagogikalyq seria. 2020. No.65,4. P.21-34. https://doi.org/10.26577/JES.2020.v65.i4.03 [in Kazakh]

16. Baikenov, K., Khassen, T., Zhumagulov, N., Kaliyev, D., Yussupov, O., Samatov, A., Ser, A., Tor, A. Chemistry, Grade 9: bilingual book. Almaty, Astana-kitap. 2018. P.465. ISBN 978-601-7415-76-1.

Авторлар туралы мәлімет

Әмірбек Арайлым Бауыржанқызы **–** 7М01535-Химия білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан.

Нұрділлаева Раушан Нұрділлақызы **–** Химия ғылымдарының кандидаты, профессор, «экология және химия» кафедрасының меңгерушісі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Амирбек Арайлым Бауыржановна **–** магистрант 2 курса образовательной программы 7М01535- «Химия», Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан.

Нурдиллаева Раушан Нурдиллаевна **–** кандидат химических наук, профессор, заведующий кафедрой «Экология и химия», Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан.

Information about authors:

Amirbek Arailym Bauyrzhankyzy **–** 2nd year master's student of the Educational Program 7M01535-Chemistry, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan.

Nurdillayeva Raushan Nurdillakyzy **–** Candidate of Chemistry Sciences, Professor, Head of «Ecology and Chemistry» Department, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN: 2616-6895. eISSN: 2663-2497

ПЕДАГОГИКА СЕРИЯСЫ/
PEDAGOGY SERIES / СЕРИЯ ПЕДАГОГИКА

ҒТАМР 14.09.35
Мақала типі: ғылыми мақала

DOI: https://doi.org//10.32523/2616-6895-2024-147-2-259-281

Қазақстандағы жоғары білім жүйесі тұрақты дамуға бағытталған ба? Ұлттық және институционалды саясатты талдау

Г.Ғ. Ғафу, Н.Р. Терлікбаева, А.К. Жансеитова*

Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан

*(E-mail: [3]*anara.zhanseitova@nu.edu.kz)*

Аңдатпа. Бұл ғылыми мақала мазмұнды талдау әдісін қолдану арқылы Қазақстандағы білім беру саясатындағы ұлттық және институционалдық деңгейдегі бағдарламалық құжаттардағы тұрақты даму мүддесінде білім беру (ТДМББ) тұжырымдамасын зерттейді. Мемлекеттік және жеке университеттер арасында тұрақты дамуға деген ұмтылыста айқын қарама-қайшылықтар анықталды. Еркіндігі жоғары жеке университеттер өздерінің тұрақты даму бағдарламаларын белсенді түрде жүзеге асыруға бейім екенін көрсетті. Жалпы зерттеу нәтижесінде ұлттық және институционалдық саясатта ТДМББ принциптері ішінара ғана қамтитыны анықталды, яғни белсенді азаматты дайындау, өмір бойы білім алу, салауатты өмір салты және студенттік өзін-өзі басқару сияқты элементтерді ішінара ғана қамтыған. Осылайша, Қазақстанның БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) ұлттық деңгейде түрлі сала тарапынан қаралғанымен, ел білім беру арқылы, әсіресе университет деңгейінде тұрақты даму тұжырымдамасын интеграциялаудың ұтымды тәсіліне баса назар аудармайтыны анықталды. Бұл халықаралық дискурста айтылып жатқандай тұрақтылық тұжырымдамалары мен ТДМББ әлі де толық дамымаған үдеріс үстіндегі құбылыс екенін білдіреді. Қазақстан контекстіндегі бұл көрініс ТДМББ-ді енгізуде неғұрлым жан-жақты және жүйелі әдістің қажеттілігін айқындайды. ТДМББ ел тәжірибесінде іске асуы туралы түсінік алу үшін қосымша зерттеулер жүргізу қажет.

Түйін сөздер. Тұрақты даму мүддесінде білім беру (ТДМББ), білім беру саясаты, Қазақстан, сапалы мазмұндық талдау, ұлттық саясат, институционалдық саясат.

Түсті: 22.05.2024; Жөнделді: 29.05.2024; Мақұлданды: 14.06.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

Кіріспе

Білім берудің рөлі тұрақты дамуға қол жеткізуде маңызды. 2015 жылы *2030 Жылға дейінгі Күн Тәртібі* қабылданғаннан бері білім беру "жеке адамның және жалпы қоғамның ойлауы мен іс-әрекетінің ауқымды өзгеруіне" ықпал ететін терең әлеуметтік және жеке өзгерістердің катализаторы ретінде танылды [1]. Демократиялық қоғамға студенттердің белсенді қатысуына және демократиялық қоғамның тұрақты түрде қалыптасуына үлес қосуына мүмкіндік беру мақсатында [2], ТДМББ студенттерді климаттың өзгеруі, тұрақтылықтың, биоәртүрліліктің жоғалуы және әлеуметтік теңсіздік сияқты күрделі мәселелерін түсіну және шешу үшін қажетті біліммен, дағдылармен және көзқарастармен қамтамасыз етеді [3]. ЮНЕСКО-ның *2030 Жылға дейінгі Күн Тәртібінде* елдердің ТДМББ-ді "өз білім беру саясатында және білім беруді трансформациялау шеңберінде білім алушылардың тұрақты дамуға үлес қосып, тұрақты даму мақсатына (ТДМ) қол жеткізу үшін қажетті білім, дағдылар, құндылықтар мен көзқарастарды қалыптастыруға, сондай-ақ ТДМББ институционалды тәсілінің негізінде іс-әрекет арқылы тұрақты дамуға қол жеткізуге мүмкіндік берудегі" рөлі ерекше атап көрсетілген [4].

БҰҰ-ның ТДМББ Онжылдығы аясында бүкіл әлем ТДМББ саласында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді [5]. Атап айтқанда, көптеген елдер студенттер мен оқытушылар арасында тұрақты даму мәселелері туралы ақпараттылық пен түсінікті арттыру үшін ТДМББ-ді ұлттық оқу бағдарламалары мен білім беру саясатына енгізуге күш салуда [6]. Дегенмен, ТДМББ-нің әртүрлі аспектілері бойынша пікірталастар әлі де жалғасуда. Бұл пікірталастар тұрақты даму мақсаттарына жетудегі тұрақты даму үшін білім берудің тиімді екенін баса атап, [7], білім беру жүйелерін тұрақты дамуға бағыттаудағы қиындықтар мен кедергілері басым талқылауда [8]. Сонымен қатар, әртүрлі контекстте, әсіресе Батыстан тыс елдерде тұрақты даму үшін білім беруді түсіндіру және қолдану туралы пікірталастар жетерлік [9].

Дегенмен, жаһандық және жергілікті бастамаларға қарамастан, ТДМББ-ді енгізу күрделі міндет деген ортақ пікір бар, себебі ТДМББ түсінігі салыстырмалы және контекстке байланысты [10]. ТДМББ түсінігінің әмбебап моделі жоқ [11]. ТДМББ-нің келіскен ортақ моделінің болмауының себебін әр қоғамның және контекстің әр түрлі болуымен және білім беру қажеттіліктері мен талаптары әр түрлі болуымен түсіндіруге болады. Мысалы, сейсмикалық белсенді ел Жапония апаттар қаупін азайту бойынша білім беруге басымдық береді, ал әскери қақтығыс аймақтарында ТДМББ-дің негізгі мақсаттары- бейбітшілікті құру және кедейлікті жою [12]. Бразилияда ең өзекті мәселе ормандарды кесу және байырғы мәдениеттерді сақтау сияқты экологиялық мәселелермен байланысты, сондықтан ТДМББ контекстке байланысты осы аспектілерді қамтиды [13].

ТДМББ-ге бағытталған бағдарламаларды бағалау бойынша зерттеулер жүргізілгенімен, Копнина мен Мейжерс [14] контекстке байланысты ТДМББ зерттеулерінің әлі де тапшылығы бар екенін растайды. Бұл пікірталастар ТДМББ-ді енгізу мәселелері бойынша үнемі сыни рефлексия мен диалог жүргізу қажеттілігін, сондай-ақ тұрақты дамуға жанжақты, контекстке негізделген тәсілдің маңыздылығын көрсетеді.

Талқыланған әлемдік және жергілікті білім берудегі тұрақты даму мәселелері аясындағы дискурстарды ескере отырып, бұл зерттеудің мақсаты - Қазақстандағы білім беру саясатындағы ТДМББ тұжырымдамасын зерттеу. Мақалада екі зерттеу сұрағы қарастырылған :

1. Тұрақты даму мүддесінде білім беру тұжырымдамасы Қазақстанның ұлттық жоғары білім беру және институционалдық саясат құжаттарында қаншалықты көрініс табады?

2. Қазақстандағы ұлттық білім беру дискурсы тұрақты даму мәселелері бойынша жаһандық саясат күн тәртібімен үндесе ме?

ТДМББ және оның білім беру саясатына интеграциясы

2030 Жылға Арналған *Тұрақты Даму Мүддесінде Білім беру бес* негізгі басым іс-қимыл бағытына бағытталған: саясат, оқу ортасы, әлеуетті арттыру, қоғамдық серіктестіктер және жастар белсенділігі [15]. Онда ТД-дың 17 мақсатының рөлі және жеке тұлғалар мен қоғамның трансформациясы ерекше атап өтілген [15]. Осылайша, ТДМББ - бұл ТДМ-ның қағидаттарына негізделген оқыту мен оқытудың трансформациялық тәсілі [16].

Сипос [17] мемлекет, жоғары білім беру жағдайында трансформациялық оқытуды жүзеге асыру үшін рефлексиялыққа және пәнаралыққа негізделген, сонымен қатар тәжірибелік оқытуды дамыту үшін, университет құрылымдарында айтарлықтай өзгерістер қажет екенін атап айтады. Демек, ТДМББ педагогикаға бағытталған, өйткені ол тұлға уақыт пен кеңістіктің белгісіздігі мен күрделілігіне тап болған кезде оны шешім қабылдауға дайындауды көздейді [18]. Ол сондай-ақ білім алушыларды тұрақты дамуға үлес қосуға болуға тәрбиелеуге бағытталған педагогиканың қатысымдық әдісін қолдануды білдіреді. Бұл педагогиканың бір-бірімен өзара байланысты екі деңгейіндегі өзгерістерді болжайды: жаңа аудиториялық тәжірибелерді құру және оқу жоспарларын қайта қарау мен жобалауды және жоғары білім беру жүйесінің барлық деңгейіндегі негізгі құндылықтарды қайта анықтайтын білім берудің басымдықтарын өзгертуді білдіреді [19].

Алайда, ТДМББ білім беру жүйесіне тиімді интеграциялау жан-жақты ұлттық саясаттан басталуы керек, содан кейін ол институционалдық деңгейге, әсіресе орталықтандырылған басқаруға жүйелеріне таралады. ТДМББ- ді ЖОО-ға енгізу және интеграциялау туралы дискурс бағдарламалық және прагматикалық ұстанымнан туындайды, кейбіреулер саясатты жүзеге асыруды білім берудің тұрақтылыққа жалпы қайта бағдарлануына ықпал ететін оқу бағдарламасын да, институционалдық өзгерістерді де қамтитын шын мәнінде біртұтас тәсілді қолдайды [20]. Мысалы, Стерлингтің [21] жоғары оқу орындарындағы ТДМББ-дің рөлін философиялық тұрғыдан қарастырады. Бұл ғалым, әсіресе тұрақтылық саласындағы жүйелік ойлауды жақтайды, бұл мәселелерді шешуде бөлшекті ойлау арқылы түсіну мүмкін еместігін, тек тұтас қарастыруды қажет ететіндігін баса айтады. Ұйымдық құрылымдарды, оқу бағдарламаларын және педагогиканы қайта қарастыру үшін, тұрақтылық трансформациялық қағидатты алға тарта отырып, білім беру мәдениеті мен тәжірибесіне терең енуі керек. Демек, адаптивті, яғни фрагментті бейімдеу тәсіл жеткіліксіз, және тұрақтылыққа бағытталған ауқымды мәдени өзгеріс үшін білім беру парадигмасын неғұрлым жан-жақты өзгерту қажет [21].

Стерлингтің [21] философиялық идеяларына сәйкес, Киупи мен Вулвулис [22] жүйелік ойлау тұрғысынан қоғамның тұрақтылыққа бет бұруына түрткі болатын

ТДМББ моделін ұсынды. Бұл модель мүдделі тараптарды тұрақты даму құндылықтарын жан-жақты енгізуді қамтамасыз ету үшін, оны барлық білім беру салаларына, соның ішінде басқаруға, оқу бағдарламаларына және оқытуға біріктіру арқылы тұрақты даму тұжырымдамасын бірлесіп әзірлеуге ынталандыру арқылы біртұтас белсенді жұмыла үлес қосу тәсілін дамытуға әкеледі. Жоғары білім ТДМ-ның әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілерін қамтитын үш аспектісін қамтитын біртұтас тәсілге назар аударса, ТДМББ тәсілдерін жоғары білімге интеграциялауда айтарлықтай кедергілер бар [23]. Академиялық дискурстағы негізгі кедергілердің бірі пәнаралық мәселеге байланысты университеттерде ТДМББ -ды оқытуға интеграциялау мүмкіндігі әлі де кенже қалуда [19] және басқалар, яғни университеттерде оқыту әлі күнге дейін дәстүрлі моно пәндер ретінде құрылған [24]. Пәнаралық байланысты интеграциялау - күрделі міндет. Бұған қол жеткізу тек пәндердің тұрақтылықпен байланысы болған жағдайда ғана мүмкін болады. Бұл өз кезегінде ТДМББ мазмұнын қолданыстағы оқу жоспарының шеңберіне интеграциялауға ықпал етеді [25].

Жоғары оқу орындарындағы ТДМББ-де пәнаралық қарым-қатынас әдістері екі санатқа бөлінеді: тұрақтылық бойынша дербес курстар және тұрақтылық мазмұнын қолданыстағы оқу бағдарламаларына интеграциялау [23]. Қолданбалы ғылымдар экологиялық мәселелерге қатысты сыни тұрғыдан ойлауға ықпал ететін дербес курстарды жақтайды [26]. Алайда, тек екі тәсілге сүйену редукционистік, яғни шектеу және осылайша олар жоғары оқу орындарындағы әртүрлі пәндер бойынша ТДМББ -ді тиімді интеграциялаудың үш жақты тәсілін ұсынады. Моксидің [23] айтуы бойынша университеттер дербес ТДМББ бағдарламаларын әзірлеуі, тұрақтылықты қолданыстағы курстарға біріктіруі және бірлескен зерттеулер мен студенттерді тарту арқылы пәнаралық дағдыларды дамытуы керек.

Әдебиеттерден ТДМББ-ді жоғары оқу орындарына енгізу туралы жаһандық дискурстың әртүрлі екендігін айтады және білім беру саясаты дербес бағдарламаларды қолданыстағы оқу бағдарламаларындағы тұрақтылық құндылықтарымен үйлестіретін прагматикалық пәнаралық байланысты көбірек қолдайтынын да баса айтады. Алайда, бұл әдіс ТДМББ-ді кемелді түрде интеграциялау және университеттердің кең көлемді өзгерістерді жүзеге асырудағы ағымдағы мүмкіндіктері арасындағы алшақтықты көрсетеді.

ТДМ Қазақстан контекстінде

2000 жылдан бастап Қазақстан тұрақты Дамуды "Жасыл Көпір" және "Жасыл Экономика Жоспарлары" сияқты бастамалар арқылы жүзеге асырып келеді. Оның мақсаты – 2050 жылға қарай энергияның 50%-на дейін жаңартылатын көздерден өндіру. Бұл Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігінің Статистика Комитетінің мәлімдемесі бойынша әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру атты стратегиялық мақсаттарына сәйкес келеді.

Қазақстандық *Жасыл Қазақстан* жобасы экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерінің негізгі аспектілері ретінде ауа сапасын жақсартуға, қалдықтарды тиімді басқаруға, суды пайдалануға және экожүйелерді сақтауға баса назар аударады. Елдің тұрақты энергетикаға деген ұмтылысы ЭКСПО-2017 Көрмесінің *Болашақ Энергиясы* бастамасы аясында басымдық танытқан.

Білім беру және денсаулық сақтау секторлары ТДМ аясында алға жылжымағанымен, Қазақстан осы салалардағы қаражатты ұлғайту арқылы сапаны жақсартуда прогреске қол жеткізді [4]. Сондай-ақ, қағаз жүзінде ел әлеуметтік жағынан, әсіресе *БҰ Әйелдер* ұйымы қолдайтын гендерлік теңдік саласында алға жылжыды. Қазақстанның күш-жігері ТДМ-ның 5-ші мақсатына сәйкес келеді, оның гендерлік теңдікке деген кең міндеттемесі шеңберінде көшбасшылық, отбасылық құқықтар және тең экономикалық мүмкіндіктер саласындағы әділ гендерлік өкілдікті ілгерілетуге ықпал етеді [27]. Соңғы бірнеше онжылдықта Қазақстан басқарудың ауқымды реформаларын, өз экономикасын қайта құрылымдауды және қолданыстағы реформаларды күшейтуді жүзеге асыра отырып, барлық салаларда айтарлықтай прогреске қол жеткізді ТДМ-ның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілері бойынша өз бастамаларын алға тартуды бастап кетті.

Дегенмен бұл іс әрекеттер мен құжаттар қабылдау ресми көріністі көрсетеді, ал шын мәнінде орындалуы мен нәтижелері белгісіз.

Қазақстандағы ТДМББ -ге қатысты академиялық дискурс

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, ТДМББ жаһандық жылыну мен климаттың өзгеруінің бүкіл әлемге әсері баса айтылғандықтан, осы тұсқа баса назар аударылуда, сондықтан экологиялық білім беру жиі талқыланады [28]. Қазақстанда ТДМ-мен байланысты мәселелерге жиі назар аудара отырып, экологиялық білім беру дәстүрлі ТДМББ-ге қарағанда басымырақ. Төлеген [29] жоғары оқу орындарындағы өзекті экологиялық мәселелерді шешу және экологиялық сауатсыздықпен күресу үшін ТДМББ бағытталған жаңа тәсілді жақтайды.

Қазақстандық университеттер ТДМ-ні тұжырымдамасының экологиялық аспектілерімен тығыз байланысты. Бұл тұрақты дамудың кең аспектілерін ескермей Академиялық оқу бағдарламалары шеңберінде ТДМ біріктіруде алшақтықты тудырады [30]. Кукеева [31] жоғары білім беру тұрғысынан тұрақты дамуды өзекті мәселе деп қарап, тұрақты даму қағидаттарына сәйкес білім беру реформаларынсыз мемлекеттің бастамасын тұрақты дамуға көшіру мүмкін емес деп тұжырымдайды. Мұндай мәлімдememен ғалымдар ТДМ құндылықтарын ілгерілетуге бағытталған оқыту мен мазмұнға бағытталған ТДМББ пәнін керектігін меңзейді. Жоғары білім беру саясаты "жасыл" университеттер мен ТДМ зерттеулерін ілгерілету үшін институционалдық деңгейде ТДМ-ның жалпы құндылықтарын интергациялап жатқандай көрінгенімен, университеттер ТДМББ тұрақты болашақ үшін оқыту мен оқытудың кешенді негізі ретіндегі рөлін жете түсінбейтін сыңайлы.

Зерттеу әдісі

Қазақстандағы білім беру саясатының ТДМББ- дің тұжырымдамасын зерттеу үшін осы мақалада бірнеше деңгейге бағытталған Қазақстандағы білім беру саясатының мазмұндық талдау әдісі қолданылады. Елдің дамуының жалпы стратегиясын белгілейтін ең жоғары деңгейі - заңнама. Оның аясында әр түрлі секторлар өз стратегияларын анықтайды. Мысалы "Қазақстан-2050" Стратегиясы [32] "Білім туралы" Заң [33] және

2023-2029 Жылдарға арналған Жоғары Білім мен Ғылыми Зерттеулерді Дамыту Тұжырымдамасы сияқты ұлттық саясат. Бұл Қазақстанда Білім беруді Қамтамасыз етуді, Сондай-ақ Жоғары Оқу Орындарының нақты стандарттарын белгілейтін Мемлекеттік Міндетті Стандарттарды басшылыққа алады. Бұл саясаттар белсенді түрде енгізіліп және жаңартылуда және Кардно [34] атап өткендей, бұл саясаттардың мақсаты мен функцияларын түсіну саясатты тиімді әзірлеу және іске асыруды талдау үшін өте маңызды.

Осы зерттеу аясында Қазақстанның алты жеке, орталық және аймақтық жоғары оқу орнының құжаттары талданды. Іріктеуге орталық және аймақтық орындардан әрқайсысы екі мемлекеттік университет және оңтүстік, Солтүстік, Батыс және Орталық Қазақстанды қамтитын екі орталық жеке университет таңдалды.

Бұл зерттеуде сапалы мазмұнды талдау тәсілі қолданды. Бұл әдіс сапалы деректердің мағынасын түсіндіру үшін жүйелі және икемді тәсіл ретінде тиімді [35]. Бұл әдіс бірнеше кезеңдерді қамтиды, соның ішінде сегменттеу, кодтау, бағалау және негізгі талдау арқылы жүзеге асырылатын кодтау жүйесін немесе құрылымын әзірлеу [35]. Кодтау құрылымы, біздің жағдайда, тұжырымдамаға негізделген және категориялардан және сол категориядан туындаған кіші категориялардан тұратын деректерге негізделген.

Құжаттарды талдау үшін ТДМББ категорияларын әзірлеу үшін біз ТДМББ ЮНЕСКО анықтамасына сәйкес негізгі құндылық және философия негізінде құрылғандығын бағаладық және тұрақтылықтың нақты құзыреттерін анықтадық. Институционалдық деңгейде біз оқу жоспарлары мен педагогикадағы ТДМББ-ға бағытталған мәліметтерді тексердік. Бұл тәсіл тұжырымдамаға негізделген және деректерге негізделген категорияларды бөліп көрсетті, бұл біздің талдауымызда қолданылатын кодтау жүйесін құруға негіз болды (1-Кесте). Бұл талдау құжаттардың үш деңгейін қарастырады: макро (ТДМББ -ге қатысты ұлттық саясат), орта (ТДМББ күн тәртібін қамтитын жүйелік саясат) және микро (ішкі институционалдық саясат). Әрбір деңгей ТДМББ-ің тиісті саясат шеңберінде қалай интеграциялағанына назар аударады.

Кесте 1

Негізгі категориялар жүйесі

	Тұжырымға негізделген	Дерекке негізделген
Негізгі категориялар	Тұтас көзқарас Трансформациялық Қатысу	Студенттерге бағытталған Құзыреттілікке негізделген
Негізгі категориялардан туындаған ішкі категориялар	Жүйелік ойлау Өмір бойы оқыту Жергілікті және жаһандық көзқарас Серіктестік Пәнаралық	Белсенді азамат Салауатты өмір салты Жаһандық сын-қатерлерге бейімделу Өмір бойы оқыту

Ұлттық жоғары білім беру саясатының мазмұнын талдау

Макро деңгей

Қазақстан-2050 стратегиясында экономикалық прагматизмге баса назар аудара отырып, экономикалық дамуға, әлеуметтік әл-ауқатқа, ұлттық бірлікке басымдық беретін кешенді тәсіл көрсетілген. Ол білім беруді экономикалық стратегияның негізгі құралы ретінде қарап, ұзақ мерзімді экономикалық өсуді қолдау үшін жақсы дайындалған жұмыс күшінің қажеттілігіне баса назар аударады [32]. Атап айтқанда, онда "Кәсіптік-техникалық және жоғары білім, ең алдымен, ұлттық экономиканың мамандарға деген ағымдағы және перспективалық қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруға бағытталуы керек " делінген [32]. Сондай-ақ университеттерді кәсіпкерлік дағдыларды дамытуға шақырады. Стратегия сондай-ақ патриотизмнің, тарихи сананың және күшті ұлттық бірегейліктің маңыздылығын атап өтеді: "біз бірлік пен келісім құндылықтарына, қоғамымыздың іргетасына, бірегей қазақстандық толеранттылығымыздың іргетасына баса назар аударды қ" [32].

Қазақстанда *«Білім туралы» Заңы* (2007 ж.) білім берудің барлық салаларын реттейді, ұлттық саясаттың басымдықтарын белгілейді және оларды елдің кең жоспарлары мен ұмтылыстарына сәйкестендіреді. Жоғары білімнің кең мақсаттары ұлттық саясатта нақты егжей-тегжейлі көрсетілмегенімен, жоғары оқу орындарына "кәсіби құзыреттілікті де, жеке тұлғаның өсуін де дамытуға арналған білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін қазіргі ғылыми білім мен практиканы біріктіру арқылы қолайлы ортаны қамтамасыз етіп, жоғары академиялық біліктілігі бар тұлғаларды тәрбиелеу" міндеті жүктелген. Бұл заң сонымен қатар белсенді азаматтықты, патриотизмді, студенттердің өзін-өзі басқаруын, адамгершілікті және салауатты өмір салтын насихаттай отырып, білім берудегі сабақтастыққа баса назар аударады. 11-бапта білім беру жүйесінің мақсаты "белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, мемлекеттің мәдени, экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне қатысу қажеттілігін және жеке тұлғаның өз міндеттері мен құқықтарына саналы қатынасын қалыптастыру" деп нақты көрсетілген. Дегенмен «Білім туралы» Заң (2007 ж.) бұл мақсаттарға жетудің әдістерін нақтыламайды.

Сонымен қатар, 2023 Жылғы *Ерікті Ұлттық Шолу* сияқты тұрақты даму саласындағы ұлттық саясат құжаттары өмір бойы білім алудың және жаңа жаһандық сын-қатерлерге бейімделудің маңыздылығын көрсетеді. *Жасыл Экономика* саясаты ұлттық білім беру мен коммуникацияның кешенді бағдарламасына ықпал етеді. Бұл құжаттар ТДМББ -ді жетекші қағидат ретінде нақты көрсетпесе де, тұрақты білім беру және даму саясатының элементтерін қамтиды, сондықтан бұл ұлттық деңгейде астарлы болса да, ТДМББ -дің кеңірек танылуын көрсетеді.

Мезо деңгей

Жоғары оқу жүйесінің деңгейі *«Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған Тұжырымдамасын»* [36] басшылыққа ала отырып, Қазақстанның жоғары оқу орындарына арнайы бағытталған бағдарламалық құжаттарын қамтиды. "Бұл стратегиялық құжатта қол жетімділікті, интернационалдандыруды және модернизацияны қоса алғанда, 13 бағыт бойынша 17

мақсатты индикаторлары көрсетілген және университеттердің әлеуметтік маңызы бар жобаларды ұйымдастыру және аймақтық зерттеулер мен технологияларды дамыту жөніндегі үшінші миссиясы енгізілген. Бұл құжатта әлеуметтік жауапкершілік пен өзін-өзі басқару арқылы студенттердің жан-жақты дамуына баса назар аударылған және студенттерді үздіксіз даму дағдыларымен қамтамасыз етуге бағытталған осы жаңартылған стратегияның негізгі құрамдас бөлігі ретінде алдыңғы өмір бойы оқыту бастамасын қамтыған ("Жоғары білімді және ғылымды дамыту Тұжырымдамасы, 2023-2029").

Стратегияда білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының сұраныстарына сәйкестендірудің маңыздылығы атап көрсетіп, "Инновациялық білім беру бағдарламалары еңбек нарығын көрегендікпен зерттеу және жаңа мамандықтарға деген сұранысты болжау негізінде әзірленетін болады" деп баса атап көрсеткен ("Жоғары білімді және ғылымды дамыту Тұжырымдамасы, 2023-2029 жж."). Бұл құжат сондай-ақ болашақ экономикалық өркендеу мен технологиялық жетістіктерге жету үшін білім берудегі модернизация мен инновацияларына баса назар аударады.

Қосымша растайтын құжаттарда оқу жүктемесіне және оқу ұзақтығына назар аудара отырып, білім беру мазмұнына қойылатын талаптарды белгілейтін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі Білім Берудің Мемлекеттік Стандарттары кіреді. Бұл стандарттар салауатты өмір салты, азаматтық белсенділік және сыни тұрғыдан ойлау сияқты құзыреттіліктерді дамытуға, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникация және кәсіпкерлік сияқты ТДМББ мен байланысты дағдыларға баса назар аударады.

Сонымен қатар, жоғары білім беру қызметінің нұсқаулықтары білім беру қызметінің ажырамас бөлігі ретінде университеттер үшін маңызды принциптерді, соның ішінде белсенді азаматтық пен қоғамдық сананы айқындап белгілейді. Бірінші курс студенттеріне арналған Үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстанның қазіргі тарихындағы тұрақты дамудың энергетикалық-экологиялық стратегиясын ұсыну және ақпараттық және байланыс технологиялары ТДМ біріктіру сияқты әртүрлі пәндерге тұрақты дамуды енгізудің мысалдарын ұсынады, дегенмен олар нақты ТДМББ -ді жан-жақты интеграциялауды емес, керісінше оқу бағдарламасының мазмұнының бір бөлігі ретінде қарастырады.

Ұлттық саясаттың қысқаша мазмұны

Ұлттық саясатқа шолу Қазақстандағы білім беру, ең алдымен, еңбек нарығының қажеттілігін қанағаттандыруға және қалыптасқан неолибералдық құндылықтарға баса назар аудара отырып, экономикалық өсудің құралы ретінде қарастырылатынын айқындалды. ТДМББ басты назарда болмаса да, оның элементтері ұлттық саясатқа енгізілген. Нәтижесінде бұл талдау ТДМББ-ің бес негізгі тақырыбын анықтайды: өмір бойы білім алу, белсенді азаматтық, студенттердің өзін-өзі басқаруы, салауатты өмір салты және жаһандық сын-қатерлерге бейімделу. Талдау нәтижесінде сыни тұрғыдан ойлау және проблемаларды шешу сияқты дағдылар ынталандырылғанымен, бұл саясаттың негізгі мақсаты экономикалық және еңбек нарығына бағытталғаны анықталды.

Кесте 2

ТДМББ-ға қатысты ұлттық саясаттағы негізгі 5 концепт

ТДМББ-ің бес негізгі тақырыбы	Құжат	Құжаттағы мәлімет
САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ	KZ-2050	Дене шынықтыру және спорт - мемлекеттің ерекше назарында
	«Білім туралы» заң	Білім беру жүйесінің міндеттері: денсаулықты нығайту негіздерін қалыптастыру
	Жоғары білім беру және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметіне арналған нұсқаулықтар	Жоғары оқу орындарындағы білім беру жұмыстары келесі негізде жүргізіледі: денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру
	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге арналған мемлекеттік міндетті стандарттар	ЖОО-ның міндетті бөлігі: денсаулықты сақтау бағытына бағдарлауға бағытталған
ТЕЗ БЕЙІМДЕЛУ	KZ-2050	Ең заманауи дағдылар мен білімдер өмірде пайдаланылуы тиіс Функционалдық сауаттылықты дамыту ұрпағымыздың заманауи өмірге бейімделуі үшін маңызды
	Білім туралы заң	Жалпы білім беру бағдарламалары: тұлғаның қоғамдағы өмірге бейімделуі
	2023-2029 жылдарға арналған ҚР-дағы ЖОО және ғылым дамуының концепциясы	Өмір бойы оқыту адамдардың бәсекеге қабілеттілігін бейімделу арқылы жетілдіреді
	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге арналған мемлекеттік міндетті стандарттар	ЖОО-ның міндетті бөлігі: заманауи әлемде қозғалысқа қабілетті тұлғаны қалыптастыруы тиіс ЖОО түлегі: өзгермелі әлеуметтік-мәдени жағдайларда тиімді әлеуметтену және бейімделу үшін алынған білімді қолдануы тиіс
ӨМІР БОЙЫ БІЛІМ АЛУ	KZ-2050	Жастар дағдыларды тұрақты меңгеріп, күнделікті өмірде пайдаланады
	«Білім туралы» заң	Білім беру = үздіксіз процесс, мемлекет жағдай жасауы тиіс
	2023-2029 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы Жоғары Білім мен Ғылымды Дамыту Концепциясы	Білім беру процесінің үздіксіздігі = жоғары білімнің негізгі қағидаларының бірі

	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге арналған мемлекеттік міндетті стандарттар	ЖОО-ның міндетті компоненті: өмір бойы білім алу дағдыларын қалыптастыруы тиіс ЖОО түлегі: өмір бойы жеке білім беру траекториясын құруы тиіс
БЕЛСЕНДІ АЗАМАТ	«Білім туралы» заң	Білім беру жүйесінің міндеті: белсенді азаматтығы бар тұлғаны тәрбиелеу, республиканың әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттіліктерін қалыптастыру
	2023-2029 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы жоғары білімді және ғылымды дамыту Тұжырымдамасы	Студенттердің белсенді азаматтығын қалыптастыру
	Жоғары білім беру және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметіне арналған нұсқаулықтар	ЖОО-ның міндетті компоненті: болашақ маманның белсенді азаматтығын қалыптастыруы тиіс ЖОО түлегі: Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, үлгілерін және ерекшеліктерін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде белсенді азаматтық көрсетуі тиіс Білім беру жүйесінің білімдік мақсаты ол азаматтыққа баулу
СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУЫ	«Білім туралы» заң	Білім беру ұйымдарының қабілеттілігі: студенттік өзін-өзі басқару органдарының қызметіне көмек
	2023-2029 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы жоғары білімді және ғылымды дамыту Тұжырымдамасы	Студенттік өзін-өзі басқаруды нығайту қажет (студенттерде көшбастылық дағдыларды дамыту)
	Жоғары білім беру және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметіне арналған нұсқаулықтар	Университеттер студенттік басқару жұмысын қамтамасыз етуі тиіс

Институционалдық саясаттың мазмұнын талдау

ЖОО құжаттарында тұрақтылыққа деген ұмтылыс ұлттық саясаттан алынған негізгі тұжырымдамаларды көрсететін оқу бағдарламаларын, оқудан тыс бағдарламаларды, серіктестіктерді және зерттеулерді біріктіру арқылы көрінеді. Қазақстандағы жоғары оқу орындары өз саясатында ТДМББ -ді нақты анықтамаса да, олар миссиялар мен

білім беру мақсаттары туралы мәлімдемелер арқылы тұрақты дамуға бағытталғанын көрсетеді. Көбіне студенттерді қоғамға үлес қосуға дайындау үшін ТДМ-ны енгізген. Дегенмен, ТДМББ - ді енгізу университеттер арасында олардың жеке профильдері мен стратегиялық мақсаттарына байланысты өзгеріп отырады, көптеген мекемелерде ТДМББ-дің элементтері нақтыланбай іске қосылған. Осылайша, бизнес-білімге баса назар аударатын жеке университет "студенттердің бизнес пен жалпы қоғам үшін тұрақты құндылықтың болашақ генераторы болу және инклюзивті және тұрақты жаһандық экономика үшін жұмыс істеу мүмкіндіктерін дамытуға баса назар аударады" (Орталық Жеке Университет 1). Сонымен қатар, аймақтық мемлекеттік университеттердің миссиялары білім беру және ғылыми қызметті дамыту арқылы өз аймақтарының тұрақты дамуына бағытталған.

Кейбір университеттер тұрақты дамуды элементтерін өз бағдарламаларына белсенді түрде енгізуде. Мысалы, бір жеке университет өз іс-әрекетін әрбір ТДМ және ТДМББ қағидаттарына сәйкестендірген, ал екіншісі бір университет энергияны үнемдеу және денсаулық сақтау бастамаларына бағыттаған Жасыл Стил бағдарламасы арқылы тұрақтылықты дамытуда. Мемлекеттік университет өзінің даму стратегиясының бір бөлігі ретінде өзінің үшінші миссиясына сәйкес «білімді қоғамға тарату және әлеуметтік прогреске үлес қосуға» баса назар аударады (Орталық Мемлекеттік Университет 2). Сонымен қатар, бір жеке университет кампустың тұрақтылық мәдениетін құруға бағыттаған.

Жоғары оқу орындарының ТДМББ -ге жақындау тәсілдерінің бірі - тұрақтылықты оқу бағдарламасына енгізу. Кейбір университеттер мұны барлық студенттерге міндетті курстарды оқыту арқылы іске асырады. Оларға "халыққа қызмет көрсету саласындағы оқытуды ілгерілетуге және студенттерді кәсіби және әлеуметтік жауапты азамат болуға дайындауға" бағытталған сервистік оқыту курсы (Орталық Жеке Университет 1), сонымен қатар кәсіпкерлік сияқты курстар кіреді. Мұнда барлық студенттерге теория мен практика арқылы кәсіпкерліктің практикалық дағдылары үйретіледі (Аймақтық Мемлекеттік Университет 1). Университеттер Үнемді және Тұрақты Өндіріс, сондай-ақ экология сияқты тұрақты дамуды қамтитын элективті курстар мен бакалавриат бағдарламаларын ұсынады.

Институционалдық саясатта өмір бойы білім алуға қатысты әртүрлі міндеттемелер көрсетілген. Бұл бастамаға университеттер әр түрлі басымдық танытады. Мысалы, бір жеке университет барлық жастағы адамдар үшін үздіксіз академиялық емес оқытуды қамтамасыз ететін кешенді модельді ұсынады, ал екіншісі қызметкерлердің қолжетімділігі мен дамуына баса назар аудара отырып, өмір бойы оқытуды үстірт қарастырады. Сол сияқты мемлекеттік университеттер де өмір бойы білім алуға баса назар аударады. Олардың бірі оны ғылыми-зерттеу мекемесіне айналдыруда маңызды рөл атқарады десе, ал екіншісі өмір бойы білім алудың экзистенциалды дағдыларын түлектердің бойынан табылатын маңызды дағды деп санайды. Бұл көрініс білім беру кезеңдері мен институционалдық стратегияларға өмір бойы оқытуды енгізудің әртүрлілігін көрсетеді. Олар мақсат қою және оған жету қабілеті, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамыту қабілеті сияқты дағдыларды "өмір бойы әмбебап қолдануға болатын және

студент таңдаған білім беру бағдарламасына қарамастан қолдануға болатын" дағдыларға баса назар аударады (Аймақтық Мемлекеттік Университет 2). Тағы бір мемлекеттік университет өмір бойы оқуға егжей-тегжейлі түсініктеме бермесе де, академиялық саясатының негізгі принциптерінің бірі ретінде көрсетеді. Осылайша, өмір бойы оқыту мемлекеттік және жеке университеттердегі институционалдық саясатта азды-көпті көрініс табады деген қорытынды жасауға болады. Дегенмен, университетте өмір бойы оқытуды қамтитын бірауызды философия жоқ.

Көптеген университеттер салауатты өмір салтын спортпен шұғылдану және сыныптан тыс жұмыстар арқылы насихаттайды. Мысалы, бір мемлекеттік университет оны өзінің білім беру жүйесінің негізгі атрибуты ретінде енгізген. Бұл мекеме бұған "салауатты өмір салты туралы ғылыми идеяларды қалыптастыру және рухани және физикалық өзін-өзі жетілдіру дағдыларды қалыптастыру" арқылы қол жеткізуге бағытталған (Облыстық Мемлекеттік Университет 2). Сонымен қатар бір басқа жеке университетте денсаулықты нығайтуға баса назар аударған, яғни ғылыми-зерттеу бастамаларының қолдауымен, денсаулықты нығайтуға деген берік міндеттемені басшылыққа алған. Көптеген университеттер салауатты өмір салтын ұстануға баса назар аударғанымен, кейбіреулері оны студенттердің денсаулығына басымдық берудегі айырмашылықтарды көрсете отырып, негізгі бағыттан гөрі көмекші бағыт ретінде қарастырады.

Сонымен қатар, белсенді азаматтық бастамасы үш университеттің стратегиясының негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Дегенмен оны жүзеге асыру әр түрлі. Мысалы, екі мемлекеттік университет ұлттық саясаттық ұстанымға бағытталған, бірақ олардың егжей-тегжейлі орындалуы жайында толық мәлімет жоқ. Бұл осы оқу орындарының студенттер арасында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті арттыруға қаншалықты терең араласатындығындағы айырмашылықтарды көрсетеді.

Бір университеттің миссиясы мемлекет пен қоғамға қызмет ету үшін бәсекеге қабілетті тұлғаны дамытуға баса назар аударса (Орталық Мемлекеттік Университет 2), ал екіншісінің миссиясы түлектерге арналған атрибуттар моделі белсенді азаматтықты қалыптастыруға бағытталған. Екі университет те белсенді азаматтықты нақты анықтама бермей-ақ, белсенді азаматтық ұстанымы бар адами капиталды дамытуды стратегияларына көрсетіп, бағдарламаларына енгізген. Сонымен қатар студенттердің өзін-өзі басқаруы - студенттердің демократиясы үшін маңызды болып саналатын ұлттық және институционалдық саясаттың маңызды бағыты. Бұл студенттерге қоғамдастық мәселелерін өз бетінше шешуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл университеттердің студенттер арасындағы азаматтық жауапкершілік пен үлес қосуға қатысуды басқаруды дамытудағы рөлін көрсетеді. Мысалы, бір жеке университет студенттік өзін-өзі басқаруды "студенттерге қоғамдастық үшін маңызды тақырыптарды өз бетінше анықтауға және тапсырмаларды орындау жолдарын таңдауға мүмкіндік беретін студенттік демократияның нақты нысаны" ретінде қарастырады (Орталық Жеке Университет 1). Сол сияқты, тағы бір жеке университет студенттік өзін-өзі басқару университет әкімшілігінің алдында студенттердің мүдделерін қорғайтын өкілді орган ретінде қызмет етеді деп мәлімдейді.

Осы университеттердегі студенттік өзін-өзі басқару органдарының міндеттері әлеуметтік және инновациялық жобаларды ұйымдастыруды, академиялық және оқудан тыс мәселелерді шешуді, студенттік өмір мен белсенділікті дамытуды, студенттердің құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтиды. Студенттердің өзін-өзі басқаруын ілгерілетудің басты негіздемесі - жағымды қасиеттерді тәрбиелеу, басымдықты неге қою керектігін анықтау, қабілетін арттыру және студенттердің жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына ықпал етуі. Бұл студенттердің мүмкіндіктерін арттыруға және студенттерді университет қауымдастығының академиялық және әлеуметтік құрылымына белсенді үлес қосушылар ретінде тануға деген ұмтылысты көрсетеді.

Серіктестік және Ынтымақтастық

Тұрақты дамуға қосатын үлесінің ажырамас бөліктерінің бірі – ТДМ-на қол жеткізу мақсатында барлық мүдделі тараптармен серіктестік пен ынтымақтастық орнату. Мысалы, бір жеке университеттің саясаты БҰҰ-ның Академиялық Ықпалына, БҰҰ-ның ЖББББП (Жауапты Басқарушылық Білім Беру Принциптері) бастамаларына және Орталық және Шығыс Еуропа Басқару Дамыту Қауымдастығы (ОШЕБДҚ) манифестіне сүйене отырып, жаһандық тұрақтылық бастамаларына сәйкес келеді. Осы серіктестіктердің барлығы халықаралық ұйымдармен бірлесе отырып, тұрақты және жауапты білім беруді дамытуға деген ұмтылысты көрсетеді.

Инновация және Зерттеу

Университеттер зерттеулер мен инновациялар арқылы тұрақты дамуға деген жақтаушылығын көрсетеді. Мысалы, үш мемлекеттік университеттерде "жасыл" технологиялар мен экожүйелер сияқты тұрақтылықтың әртүрлі мәселелеріне бағытталған ғылыми-зерттеу орталықтары жұмыс істейді. Басқа бір мемлекеттік университетте қосымша зерттеулер инклюзивті білім беру мен табиғи ресурстарды басқаруға басымдық берген. Зерттеу жұмыстарын жүргізумен қатар, бұл мекемелер студенттердің жобаларын қолдай отырып, ТДМ ілгерілету мақсатында оқу процесіне енгізген.

Институционалдық саясатты талдаудың қысқаша мазмұны

Институционалдық саясаттың мазмұндық талдауы оқу бағдарламаларын интеграциялау, институционалдық міндеттемелер, серіктестіктер және зерттеулер сияқты әртүрлі өлшемдердегі тұрақты дамуға баса назар аударылғанын көрсетті. Бағдарламалық құжаттардың бұл деңгейі жоғары оқу орындарына бағытталғанына қарамастан, тенденция ұлттық деңгейге ұқсас. Жоғары оқу орындарының саясатында ТДМББ үшін нақты анықтамалар мен негіздер айқындалып көрсетілмесе де, тұрақты дамуға және тұрақты дамуды білім беруге интеграциялауға деген ұмтылыс университеттердің миссиялары, іс-шаралары мен бағдарламалық құжаттарында айқын көрінеді.

Талқылау

Бұл зерттеу арқылы біз Қазақстанның энергетика және білім беру сияқты салалардағы әртүрлі бастамалар арқылы тұрақты дамуға ұмтылғанымен, жоғары білім беру саясатында тұрақты даму философиясының біртұтас интеграциясы жоқ екенін анықтадық. Ұлттық дискурс, ең алдымен, ТДМББ-дың кешенді тәсіліне емес, неолибералдық жаһанданудың

әсерін көрсететін құзыреттілікке негізделген және еңбек нарығына бағытталған мақсаттарға баса назар аударады. Неолибералдық саясаттың негіздемелері бүкіл әлемдегі ұлттық күн тәртібіне енген [37] және Қазақстанда бұл көрініс қалыпты жағдай. Кеңестік дәуірде жоспарлы экономикасы және орташа табысы бар дамушы ел ретінде Қазақстан 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін халықаралық деңгейде артта қалмауға тырысты, осылайша үкімет Дүниежүзілік Банк сияқты халықаралық ұйымдардың саясатын насихаттауға сүйенді. Бұл өз кезегінде Қазақстанның қазіргі саясатының көпшілігіне әсер етті [38].

Қазақстан халықаралық эталондарда белгіленген тұрақты даму тұжырымдамасына бейілділігін көрсетеді, дегенмен оның жоғары білім беру саясатында ТДМББ интеграциялау үшін кешенді жүйелі құрылым жоқ. Саяси дискурс тұрақты дамудың күн тәртібіне бағытталмай, құзыреттілікке негізделген, еңбек нарығына бағытталған мақсаттарға баса назар аударып, ТДМББ үшін өте маңызды жүйелік ойлау және пәнаралық қатынастар шетте қалып қойған. Өмір бойы білім алу және белсенді азаматтыққа баулу сияқты өзекті аспектілер туралы айтылады, бірақ ол тұрақты даму мақсаты аясында қарастырылмаған. Сонымен қатар, "жасыл" дағдыларды дамытуға назар аз аударылып, біртұтас шеңберде қарастырылмайды. Көбіне бұл жалпы университет аясында емес, белгілі бір факультет пәндерінде жүзеге асырылады.

Жоғары білім беру саясаты білім берудің трансформациялық әлеуетін экологиялық, әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан толық пайдалана алмайтындығы айқындалды. «Белсенді азаматтық» ұғымы нақты анықталмаған және студенттік өзін-өзі басқару демократиялық қасиеттерді дамытуға ынталандырылғанымен, оның тұрақты дамуға ықпал етудегі рөлі нақты көрсетілмеген. Егер жүйелі ойлау арқылы себеп-салдар нәтижесіне басымдық берілгенде студенттердің климаттың өзгеруіне қарсы іс-әрекеттегі рөлін және тұрақты даму саласындағы тың бастамаларды күшейтуі мүмкін болар еді.

Мемлекеттік және жеке университеттер арасында тұрақты дамуға деген ұмтылыста айқын қарама-қайшылықтар анықталды. Мемлекеттік мекемелер ұлттық саясатпен тығыз байланысты, бұл университеттердің жеке дербес белсенділігін шектеуде. Керісінше, еркіндігі жоғары жеке университеттер өздерінің тұрақты даму бағдарламаларын белсенді түрде жүзеге асыруға бейім екенін көрсетті. Мемлекеттік университеттер ұлттық директиваларды орындаудан тыс тұрақты дамуға автономды тәсілді қажет етеді. Жеке мекемелер ТДМББ -ге бірыңғай көзқарасты ілгерілету үшін олардың қызметінің ұлттық тұрақты даму мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі керек. Бұл ТДМББ-ді қосымша емес, бүкіл сектор бойынша дәйекті және біртұтас интеграцияға ықпал ететін Қазақстандағы университеттік білім берудің ажырамас, трансформациялық элементі ретінде қарастыруды өзгертуді талап етеді.

Бұл зерттеу Қазақстанның ғана контекстінде шоғырланғанымен, басқа ұқсас контекстерге немесе бүкіл әлемге кеңінен қолданылуы мүмкін кейбір салдарларға да қатысы бар. Біріншіден, зерттеу ұлттық және институционалдық интеграциядағы тұрақтылық мәселелері бойынша пікірталастармен үндеседі. Біз бұл зерттеу арқылы басқа да контекстегі елдердің тұрақты даму туралы білім беру немесе тұрақты даму үшін

білім беру мақсатына ұмтылуын айқындау керек екенін меңзейміз. Екіншіден, біздің пайымдауымызша, тұрақты даму дағдарысымен күресу үшін ұлттық үкіметтер ТДМББ саясатының ұлттық деңгейде біртұтас интеграциялануына баса назар аударуы керек. Сонымен қатар, қазіргі әлемдік аласапыран кезде үкімет пен университеттер күрделі мәселелерді бірлесіп шешу үшін бірлескен күш-жігерді біріктіруі керек [39]. Көптеген халықаралық ғалымдардың пікірінше, біз әртүрлі деңгейдегі интеграцияны жақсарту үшін жүйелі, пәнаралық университеттік білім беруді керектігін аса басымдық көрсету керек деп пайымдаймыз.

ТДМББ жоғары оқу орындарын болашақ мамандар мен азаматтарды қоғамдағы тұрақты өзгерістерге қажетті біліммен, дағдылармен, құндылықтармен және көзқарастармен белсенді түрде қамтамасыз етуге шақыра отырып, тұрақты даму үшін білім беруді көздейді [40].

Қорытынды және Ұсыныстар

Бұл зерттеу Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде ТДМББ-ге неғұрлым жан-жақты және трансформациялық көзқарастың ТДМББ қажеттілігін айқындайды. Ұлттық және институционалдық саясатты шолу арқылы ұлттық деңгейде ТДМББ -ны біртұтас қабылдаудың жоқтығын айқындалып, институционалдық деңгейде ТДМББ принциптерінің бөлшектенген интеграциясын дәлелденді. ЮНЕСКО-ның 2030 жылға дейінгі Күн тәртібіне қол жеткізуге және елдегі тұрақты дамуға жәрдемдесуге елеулі үлес қоса отырып, жоғары білім берудегі ТДМББ-ге неғұрлым дәйекті және тиімді көзқарас қалыптастыру үшін Қазақстан институционалдық мүдделі тараптар мен саясаткерлердің бірлескен күш-жігеріне негізделген ұлттық деңгейде жан-жақты саясат жүйесін әзірлеуі қажет. ТДМББ ел үшін нені білдіретіні және институттар оны оқыту мен оқытуға қалай біріктіре алатыны туралы ортақ жол картасын қалыптастыру қажет. Бұл жол карта құрылымы тек экологиялық аспектіге назар аудармай, тұрақтылықтың барлық аспектілерін қамтуы керек. Бұл құрылым тек саяси мәтін ғана емес, сонымен қатар бүкіл ел бойынша университеттік білім берудің барлық аспектілері бойынша іс жүзінде біріктірілуі керек.

Зерттеу кемшілігі

Бұл зерттеу тек саяси мәтіндерге сүйенгендіктен, контекстік мәнін немесе шешімдердің қыр-сырын толық жеткізе алмайды және бұл талдаудың жан-жақты тереңдігіне әсер етті. Біз тек университет веб-сайттарының деректеріне сүйеніп, сипаттамалық тәсіл қолдандық, онда баршаға жарияланбаған деректер мен оқу бағдарламаларының егжей-тегжейлі мазмұны көрсетілмеген. Сондықтан, институционалды деңгейде ТДМББ-ің интеграциясы туралы түсінікті жақсарту үшін басқа да түрлі әдістерді пайдалана отырып, қосымша зерттеулер жүргізу керек.

Алғыстар

Ғылыми жоба Орталық Азия білім беру инновациялары мен трансформацияларды зерттеу орталығымен (CARCEIT) қаржыландырған.

Авторлардың қосқан үлесі

Бұл мақала Назарбаев Университетінің Жоғары білім беру мектебінің CARCEIT жобасы шеңберінде жүзеге асырылған "Тұрақты даму және жоғары оқу орындары: Қазақстан студенттерінің көзқарасы" CARCEIT GSE2023007 жобасы аясында жазылды. Осы мақалаға жобаның жетекші зерттеушісі **Гүлжанат Ғафу** жалпы мақаланың негізгі идесясын қалап, барысын қадағалап, бағыт-бағдар беріп, кіріспе бөлімінің негізіне және талқылау бөлімі мен қорытынды бөліміне зор интеллектуалдық үлесін қосты. Анара Жансеитова ұлттық және институционалды саяси деректерге ауқымды талдау жасап, негізгі ұлттық саясаттағы негізгі бес концептін айқындап жалпы зерттеу нәтижесіне үлес қосты. Нұргүл Терлікбаева осы мақалаға тұрақты даму және білім беру жөніндегі халықаралық және жергілікті дискурсты кешенді талдау арқылы концептуалдық аспектілерін синтездеп, талдау бөліміне шолу жасады. Үш автордың бірлескен зерттеулері мен талдаулары мақаланың эпистемологиялық негізін қалады.

Әдебиеттер тізімі

1. Barth M., Rieckmann M. State of the Art in Research on Higher Education for Sustainable Development // In: Barth M., Michelsen G., Rieckmann M., Thomas I. (Eds.). Routledge Handbook of Higher Education for Sustainable Development. – 2016. – P. 100-113.

2. de Haan G. The BLK '21' programme in Germany: A 'gestaltungskompetenz'- based model for Education for Sustainable Development // Environmental Education Research. – 2006. – Vol. 12, no. 1. – P. 19–32. https://doi.org/10.1080/13504620500526362

3. UNESCO. UNESCO Roadmap for Implementing the Global Action Programme on Education for Sustainable Development. United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization. – 2014.

4. UNESCO. Education for Sustainable Development: A roadmap. United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization. – 2020.

5. Glavič P. Identifying key issues of education for Sustainable Development // Sustainability. – 2020. – Vol. 12, no. 16. – P. 65. https://doi.org/10.3390/su12166500

6. Pauw J., Gericke N., Olsson D., Berglund T. The effectiveness of education for Sustainable Development // Sustainability. – 2015. – Vol. 7, no. 11. – P. 15693–15717. https://doi.org/10.3390/su71115693. - журнальная статья на англ.яз.

7. Mochizuki Y. Educating for transforming our world: Revisiting international debates surrounding education for Sustainable Development // Current Issues in Comparative Education. – 2016. – Vol. 19, no. 1.

8. UNESCO. What you need to know about education for sustainable development // UNESCO.org. – 2023. – November 17. https://www.unesco.org/en/education-sustainable-development/need-know

9. Balls E. Analysing key debates in education and sustainable development in relation to ESD practice in Viet Nam // International Journal of Development Education and Global Learning. – 2016. – Vol. 8, no. 1. https://doi.org/10.18546/ijdegl.8.1.03

10. Jickling B. Environmental Education Research: To what ends? // Environmental Education Research. – 2009. – Vol. 15, no. 2. – P. 209–216.https://doi.org/10.1080/13504620902770345

11. Nguyen T. P. Education for Sustainable Development in Vietnam: Exploring the Geography Teachers' perspectives // International Research in Geographical and Environmental Education. – 2018. – Vol. 27, no. 4. – P. 341–356.https://doi.org/10.1080/10382046.2017.1366204

12. Milton S. Higher education and sustainable development goal 16 in fragile and conflict-affected contexts // Higher Education. – 2021. – Vol. 81, no. 1. – P. 89-108. https://doi.org/10.1007/s10734-020-00617-z

13. Setti A. F., Azeiteiro U. M. Education for Sustainable Development in Brazil: Challenges for inclusive, differentiated and multicultural education // Biodiversity and Education for Sustainable Development. – 2016. – P. 237–248. https://doi.org/10.1007/978-3-319-32318-3_15

14. Kopnina H., Meijers F. Education for Sustainable Development (ESD) // International Journal of Sustainability in Higher Education. – 2014. – Vol. 15, no. 2. – P. 188–207. https://doi.org/10.1108/ijshe-07-2012-0059

15. Agbedahin A. V. Sustainable development, education for sustainable development, and the 2030 agenda for sustainable development: Emergence, efficacy, Eminence, and future // Sustainable Development. – 2019. – Vol. 27, no. 4. – P. 669–680. – https://doi.org/10.1002/sd.1931

16. UNESCO. Education for All: The Quality Imperative, EFA Global Monitoring Report // UNESCO Paris. – 2004. – https://www.unesco.org/gem-report/en/efa-quality

17. Sipos Y., Battisti B., Grimm K. Achieving transformative sustainability learning: Engaging head, hands and heart // International Journal of Sustainability in Higher Education. – 2008. – Vol. 9, no. 1. – P. 68–86. – https://doi.org/10.1108/14676370810842193

18. Ryan A., Tilbury D. Flexible pedagogies: New pedagogical ideas // Higher Education Academy. – 2013

19. Mulà I., Tilbury D., Ryan A., Mader M., Dlouhá J., Mader C., ... Alba D. Catalysing change in higher education for sustainable development: A review of professional development initiatives for university educators // International Journal of Sustainability in Higher Education. – 2017. – Vol. 18, no. 5. – P. 798-820. – https://doi.org/10.1108/IJSHE-01-2016-0002

20. Hopkins C., McKeown R. Guidelines and recommendations for reorienting teacher education to address sustainability (Technical Paper N° 2) // UNESCO. – 2005.

21. Sterling S. R., Maxey L., Luna H. The sustainable university: Progress and prospects. – 2013

22. Kioupi V., Voulvoulis N. Education for Sustainable Development: A systemic framework for connecting the SDGs to educational outcomes // Sustainability. – 2019. – Vol. 11, no. 21. – P. 6104. – https://doi.org/10.3390/su11216104

23. Mokski E., Leal Filho W., Sehnem S., Andrade Guerra J. B. S. O. D. Education for sustainable development in higher education institutions: An approach for effective interdisciplinarity // International Journal of Sustainability in Higher Education. – 2023. – Vol. 24, no. 1. – P. 96-117. – https://doi.org/10.1108/IJSHE-02-2022-0067

24. Howlett C., Ferreira J. A., Blomfield J. Teaching sustainable development in higher education: Building critical, reflective thinkers through an interdisciplinary approach // International Journal of Sustainability in Higher Education. – 2016. – Vol. 17, no. 3. – P. 305-321. – https://doi.org/10.1108/IJSHE-07-2014-0102

25. Chau K. W. Incorporation of sustainability concepts into a civil engineering curriculum // Journal of Professional Issues in Engineering Education and Practice. – 2007. – Vol. 133, no. 3. – P. 188-191. – https://doi.org/10.1061/(ASCE)1052-3928(2007)133:3(188)

26. Braßler M., Sprenger S. Fostering Sustainability Knowledge, attitudes, and behaviours through a tutor-supported interdisciplinary course in education for Sustainable Development // Sustainability. – 2021. – Vol. 13, no. 6. – P. 3494. – https://doi.org/10.3390/su13063494

27. United Nations. Transforming our World: The 2030 Agenda for Sustainable Development. – 2015.

28. Khaydarov S., Kosimov A., Holmatov A. The integration of ESD in the higher education curriculum through citizenship education: A case from Westminster International University in Tashkent // United Nations. – 2022. – https://www.un-ilibrary.org/content/books/9789210019873c008/read

29. Төлеген А. Б. Болашақ биология пәні мұғалімдерінің экологиялық құзыреттілігін қалыптастыру // «Qazaq Journal of Young Scientist» халықаралық ғылыми журналы. – 2023. – Vol. 1, no. 4. – P. 7-14.

30. Korotkova T. S., Zakirova D. I. Environmental education and education for sustainable development: general and special // Вестник университета Туран. – 2021. – No. 1. – P. 110-115

31. Kukeyeva F., Delovarova L., Ormysheva T., Davar A. Higher education and sustainable development in Kazakhstan // Procedia-Social and Behavioral Sciences. – 2014. – Vol. 122. – P. 152-156.

32. Назарбаев Н. Стратегия "Казахстан-2050": Новый политический курс состоявшегося государства // Adilet Zan. – 2012. – https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050

33. Назарбаев Н. Закон об образовании (с изменениями и дополнениями на 01.01.2024) // № 319-III. – 2007, 27 июля. – Retrieved from https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747

34. Cardno C. Policy Document Analysis: A practical educational leadership tool and a qualitative research method // Educational Administration: Theory and Practice. – 2019. – Vol. 24, no. 4. – https://doi.org/10.14527/kuey.2018.016

35. Schreier, M. Qualitative Content Analysis //The SAGE Handbook of qualitative data analysis. – 2012. – P. 170–183.

36. Правительство Республики Казахстан. Об утверждении Концепции развития высшего образования и науки в Республике Казахстан на 2023–2029 годы. // Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан – 2023, 28 марта. [Электронды ресурс] – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000248

37. McKenzie, M., Bieler, A., McNeil, R. Education policy mobility: Reimagining sustainability in neoliberal times //In Environmental and Sustainability Education Policy – 2018. – P. 80-98.

38. Steiner-Khamsi, G., Silova, I., & Johnson, E. M. Neoliberalism liberally applied: Educational policy borrowing in Central Asia //World Yearbook of Education 2006 – 2013. – P. 217-245.

39. Lozano, R., Lozano, F. J., Mulder, K., Huisingh, D., Waas, T. Advancing higher education for sustainable development: international insights and critical reflections //Journal of Cleaner Production. – 2013a – Vol. 48 – P. 3-9

40. Lozano, R., Lukman, R., Lozano, F. J., Huisingh, D., Lambrechts, W. Declarations for sustainability in higher education: becoming better leaders, through addressing the university system //Journal of cleaner production. – 2013b – Vol. 48. – P. 10-19

References

1. Barth, M., Rieckmann, M. State of the Art in Research on Higher Education for Sustainable Development. In M. Barth, G. Michelsen, M. Rieckmann, & I. Thomas (Eds.), Routledge Handbook of Higher Education for Sustainable Development, 100-113 (2016).

2. de Haan, G. The BLK '21' programme in Germany: A 'gestaltungskompetenz'-based model for Education for Sustainable Development, Environmental Education Research, 12(1), 19–32 (2006). [Electronic resource] – Available at https://doi.org/10.1080/13504620500526362

3. UNESCO. UNESCO Roadmap for Implementing the Global Action Programme on Education for Sustainable Development, United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization (2014).

4. UNESCO. Education for Sustainable Development: A roadmap, United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization (2020).

5. Glavič, P. Identifying key issues of education for Sustainable Development. Sustainability, 12(16), 6500 (2020). [Electronic resource] – Available at https://doi.org/10.3390/su12166500

6. Pauw, J., Gericke, N., Olsson, D., Berglund, T. The effectiveness of education for Sustainable Development. Sustainability, 7(11), 15693–15717 (2015). [Electronic resource] – Available at https://doi.org/10.3390/su71115693

7. Mochizuki, Y. Educating for transforming our world: Revisiting international debates surrounding education for Sustainable Development. Current Issues in Comparative Education, 19(1) (2016). [Electronic resource] – Available at https://doi.org/10.52214/cice.v19i1.11538

8. UNESCO. What you need to know about education for sustainable development. UNESCO.org. (2023, November 17). [Electronic resource] – Available at https://www.unesco.org/en/education-sustainable-development/need-know

9. Balls, E. Analysing key debates in education and sustainable development in relation to ESD practice in Viet Nam. International Journal of Development Education and Global Learning, 8(1) (2016). [Electronic resource] – Available at https://doi.org/10.18546/ijdegl.8.1.03

10. Jickling, B. Environmental Education Research: To what ends? Environmental Education Research, 15(2), 209–216 (2009). [Electronic resource] – Available at https://doi.org/10.1080/13504620902770345

11. Nguyen, T. P. Education for Sustainable Development in Vietnam: Exploring the Geography Teachers' perspectives. International Research in Geographical and Environmental Education, 27(4), 341–356 (2018). [Electronic resource] – Available at https://doi.org/10.1080/10382046.2017.1366204

12. Milton, S. Higher education and sustainable development goal 16 in fragile and conflict-affected contexts. Higher Education, 81(1), 89-108 (2021). [Electronic resource] – Available at https://doi.org/10.1007/s10734-020-00617-z

13. Setti, A. F., Azeiteiro, U. M. Education for Sustainable Development in Brazil: Challenges for inclusive, differentiated and multicultural education. Biodiversity and Education for Sustainable Development, 237–248 (2016). [Electronic resource] – Available at https://doi.org/10.1007/978-3-319-32318-3_15

14. Kopnina, H., Meijers, F. Education for Sustainable Development (ESD). International Journal of Sustainability in Higher Education, 15(2), 188–207 (2014). [Electronic resource] – Available at https://doi.org/10.1108/ijshe-07-2012-0059

15. Agbedahin, A. V. Sustainable development, education for sustainable development, and the 2030 agenda for sustainable development: Emergence, efficacy, Eminence, and future. Sustainable

Development, 27(4), 669–680 (2019). [Electronic resource] – Available at https://doi.org/10.1002/sd.1931

16. UNESCO. Education for All: The Quality Imperative, EFA Global Monitoring Report. UNESCO Paris. (2004). [Electronic resource] – Available at https://www.unesco.org/gem-report/en/efa-quality

17. Sipos, Y., Battisti, B., & Grimm, K. Achieving transformative sustainability learning: Engaging head, hands and heart. International Journal of Sustainability in Higher Education, 9(1), 68–86 (2008). [Electronic resource] – Available at https://doi.org/10.1108/14676370810842193

18. Ryan, A., & Tilbury, D. Flexible pedagogies: New pedagogical ideas. Higher Education Academy (2013).

19. Mulà, I., Tilbury, D., Ryan, A., Mader, M., Dlouhá, J., Mader, C., ... Alba, D. Catalysing change in higher education for sustainable development: A review of professional development initiatives for university educators. International Journal of Sustainability in Higher Education, 18(5), 798-820 (2017). [Electronic resource] – Available at https://doi.org/10.1108/IJSHE-01-2016-0002

20. Hopkins, C., McKeown, R. Guidelines and recommendations for reorienting teacher education to address sustainability (Technical Paper N° 2). UNESCO (2005).

21. Sterling, S. R., Maxey, L., Luna, H. The sustainable university: Progress and prospects. Routledge (2013).

22. Kioupi, V., Voulvoulis, N. Education for Sustainable Development: A systemic framework for connecting the SDGs to educational outcomes. Sustainability, 11(21), 6104 (2019). [Electronic resource] – Available at https://doi.org/10.3390/su11216104

23. Mokski, E., Leal Filho, W., Sehnem, S., Andrade Guerra, J. B. S. O. D. Education for sustainable development in higher education institutions: An approach for effective interdisciplinarity. International Journal of Sustainability in Higher Education, 24(1), 96-117 (2023). [Electronic resource] – Available at https://doi.org/10.1108/IJSHE-02-2022-0067

24. Howlett, C., Ferreira, J. A., Blomfield, J. Teaching sustainable development in higher education: Building critical, reflective thinkers through an interdisciplinary approach. International Journal of Sustainability in Higher Education, 17(3), 305-321 (2016). https://doi.org/10.1108/IJSHE-07-2014-0102

25. Chau, K. W. Incorporation of sustainability concepts into a civil engineering curriculum. Journal of Professional Issues in Engineering Education and Practice, 133(3), 188-191 (2007). [Electronic resource] – Available at https://doi.org/10.1061/(ASCE)1052-3928(2007)133:3(188)

26. Braßler, M., Sprenger, S. Fostering Sustainability Knowledge, attitudes, and behaviours through a tutor-supported interdisciplinary course in education for Sustainable Development. Sustainability, 13(6), 3494 (2021). [Electronic resource] – Available at https://doi.org/10.3390/su13063494

27. United Nations. Transforming our World: The 2030 Agenda for Sustainable Development (2015).

28. Khaydarov, S., Kosimov, A., Holmatov, A. The integration of ESD in the higher education curriculum through citizenship education: A case from Westminster International University in Tashkent. United Nations (2022). [Electronic resource] – Available at https://www.un-ilibrary.org/content/books/9789210019873c008/read

29. Tölegen, A. B. Bolashaқ biologiya pänı mugalimderinin ekologiıalık quzyrettiligin qalıptastıru. Qazaq Journal of Young Scientist halyqaralyq gylymi jurnalı, 1(4), 7-14 (2023). [in Kazakh]

30. Korotkova, T. S., Zakirova, D. I. Environmental education and education for sustainable development: general and special. (1), 110-115 (2021).

31. Kukeyeva, F., Delovarova, L., Ormysheva, T., Davar, A. Higher education and sustainable development in Kazakhstan. Procedia-Social and Behavioral Sciences, 122, 152-156 (2014).

32. Nazarbayev, N. Strategiya "Kazakhstan-2050": Novyy politicheskiy kurs sostoyavshegosya gosudarstva. ["Kazakhstan-2050" Strategy: A new political course of an established state]. Adilet Zan. (2012). [Electronic resource] – Available at https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050 [in Russian]

33. Nazarbayev, N. Zakon ob obrazovanii (s izmeneniyami i dopolneniyami na 01.01.2024. [Law on Education (with changes and amendments as of 1 January 2024] No. 319-III (2007, July 27). [Electronic resource] – Available at https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747 [in Russian]

34. Cardno, C. Policy Document Analysis: A practical educational leadership tool and a qualitative research method. Educational Administration: Theory and Practice, 24(4) (2019). [Electronic resource] – Available at https://doi.org/10.14527/kuey.2018.016

35. Schreier, M. Qualitative Content Analysis. In The SAGE Handbook of qualitative data analysis, 170–183 (2012).

36. Government of the Republic of Kazakhstan. Ob utverzhdenii Kontseptsii razvitiya vysshego obrazovaniya i nauki v Respublike Kazakhstan na 2023 – 2029 gody [Approval of the Concept of Development of Higher Education and Science in the Republic of Kazakhstan for 2023–2029]. Postanovlenie (Resolution) No. 248. (2023, March 28). [Electronic resource] – Available at https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000248 [in Russian]

37. McKenzie, M., Bieler, A., McNeil, R. Education policy mobility: Reimagining sustainability in neoliberal times. In Environmental and Sustainability Education Policy, 80-98 (2018).

38. Steiner-Khamsi, G., Silova, I., Johnson, E. M. Neoliberalism liberally applied: Educational policy borrowing in Central Asia. In World Yearbook of Education 2006, 217-245 (2013).

39. Lozano, R., Lozano, F. J., Mulder, K., Huisingh, D., Waas, T. Advancing higher education for sustainable development: international insights and critical reflections. Journal of Cleaner Production, 48, 3-9 (2013a).

40. Lozano, R., Lukman, R., Lozano, F. J., Huisingh, D., Lambrechts, W. Declarations for sustainability in higher education: becoming better leaders, through addressing the university system. Journal of cleaner production, 48, 10-19 (2013b).

Г.Г. Гафу, Н.Р. Терлікбаева, А.К. Жансеитова
Назарбаев Университет, Астана, Казахстан

Направлена ли система высшего образования в Казахстане на устойчивое развитие? Анализ национальной и институциональной политики

Аннотация: В данной статье исследуется концепция образования в интересах устойчивого развития (ОУР) в образовательной политике Казахстана на основе качественного контент-анализа политических документов национального и институционального уровней. Обзор национальной и институциональной политики показывает фрагментарную интеграцию принципов ОУР, при этом лишь частично учитываются такие элементы, как активная гражданская позиция, обучение на протяжении всей жизни, здоровый образ жизни и студенческое самоуправление. Таким

образом, несмотря на активное продвижение Казахстаном ЦУР ООН на национальном уровне с различных точек зрения, страна, похоже, упускает из виду полезный подход к интеграции концепции устойчивого развития через образование, особенно на университетском уровне. Этот вывод перекликается с международной дискуссией, подчеркивающей, что концепции устойчивого развития и ОУР все еще развиваются. Пример Казахстана отражает необходимость более комплексного и систематического подхода к внедрению ОУР. Необходимы дальнейшие исследования, чтобы понять, как ОУР отражается на практике.

Ключевые слова: образование для устойчивого развития (ОУР), образовательная политика, Казахстан, качественный контент-анализ, национальная политика, институциональная политика.

G. Gafu, N. Terlikbayeva, A. Zhanseitova
Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan

Is the higher education system in Kazakhstan oriented towards sustainable development? An analysis of national and institutional policies

Abstract: This paper explores the concept of education for sustainable development (ESD) in educational policy in Kazakhstan by employing a qualitative content analysis of the national and institutional level policy documents. The review of national and institutional policies reveals a fragmented integration of ESD principles, with only partial inclusion of elements such as active citizenship, lifelong learning, healthy lifestyles, and student government. As such, despite Kazakhstan's active promotion of UN SDGs at the national level from different perspectives, the country seems to be overlooking a wholesome approach of integrating the concept of sustainability through education, particularly at the university level. This finding resonates with international discourse highlighting that sustainability and ESD concepts are still evolving. Kazakhstan's case reflects the need for a more comprehensive and systematic approach to ESD implementation. Further exploration is needed to understand how ESD is reflected in practice.

Keywords: Education for sustainable development (ESD), educational policy, Kazakhstan, qualitative content analysis, national policies, institutional policies

Авторлар туралы мәлімет:

Гүлжанат Ғафу **–** білім беру саласындағы PhD, постдокторант, Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебі, 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 53

Нұргүл Терлікбаева **–** Назарбаев Университетінің Жоғары білім беру мектебінде докторант-зерттеуші және Орталық Азия білім беру инновациялары мен трансформацияларды зерттеу орталығында (CARCEIT) ғылыми көмекші қызметін атқарады, Назарбаев Университет жоғары білім беру мектебі, Қабанбай батыр 53, блок C3, Block C3, 010000, Астана, Қазақстан.

Анара Жансеитова **–** байланыс үшін автор, Назарбаев Университетінде экономика мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін (2021 ж.) және NUGSE-де көптілді білім беру саласында магистр дәрежесін алды (2023 ж.). Орталық Азия білім беру инновациялары мен трансформацияларды зерттеу орталығында (CARCEIT) ғылыми көмекші, Назарбаев Университет жоғары білім беру мектебі, Қабанбай батыр 53, блок С3, 010000, Астана, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Гульжанат Гафу **–** PhD в образовании, постдокторант, Высшая школа образования, Назарбаев Университет, пр. Кабанбай Батыра, 53, г. Астана, 010000, Республика Казахстан.

Нургуль Терликбаева **–** докторант-исследователь, Школа высшего образования, Назарбаев Университет, научный ассистент, Центрально-Азиатский исследовательский центр инноваций и трансформаций в образовании (CARCEIT), Кабанбай батыра, 53, Блок С3, 010000, г. Астана, Казахстан.

Анара Жансеитова **–** автор-корреспондент, бакалавр экономики, магистр полиязычного образования, научный ассистент, Центрально-Азиатский исследовательский центр инноваций и трансформаций в образовании (CARCEIT), Школа высшего образования Назарбаев Университета, Кабанбай батыра, 53, Блок С3, 010000, Астана, Казахстан.

Information about authors:

Gulzhanat Gafu **–** PhD, Education, postdoctoral scholar, Graduate School of Education, Nazarbayev University, 53 Kabanbay Batyr Ave. Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

Nurgul Terlikbayeva **–** a doctoral researcher, Nazarbayev University School of Higher Education and works as a research fellow at the Central Asian Research Center for Educational Innovation and Transformation (CARCEIT), Nazarbayev University Graduate School of Education, Kabanbay Batyr 53, Block C3, 010000, Astana, Kazakhstan.

Anara Zhanseitova **–** a corresponding author, a master's degree in multilingual education, Nazarbayev University Graduate School of Education (2023). Research Assistant at the Central Asian Research Center for Educational Innovation and Transformation (CARCEIT), Graduate School of Education, Nazarbayev University, Kabanbay Batyr 53, Block C3, 010000, Astana, Kazakhstan.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN: 2616-6895. eISSN: 2663-2497

ПЕДАГОГИКА СЕРИЯСЫ/
PEDAGOGY SERIES / СЕРИЯ ПЕДАГОГИКА

ХҒТАР 14.35.07
Мақала типі: ғылыми мақала

DOI: https://doi.org//10.32523/2616-6895-2024-147-2-282-303

Аралас оқытудың дидактикалық мәселелері

С.М. Бахишева[1*], Ш.Т.Таубаева[2], З.Ғ. Мұхтар[3], Ж.С. Кажиакпарова[4]

[1,3,4]Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: [1]sbakhish@mail.ru, [2]shtaubayeva@yandex.ru, [3]kairatsaginov@mail.ru, [4]zinuribngafur@gmail.com, [5]ghadira@rambler.ru)

Аңдатпа. Бұл мақалада цифрлық қоғамдағы дидактика мәселелері қарастырылды, аралас оқытудың дидактикасын анықтау бойынша теориялық және практикалық зерттеулер талданды, дәстүрлі және цифрлық білім беру ресурстарын біріктірудегі педагогикалық дизайнның рөлі анықталады. Зерттеудің мақсатына аралас оқытудың дидактикалық құралы ретінде педагогикалық дизайнды әдіснамалық негіздеу, аралас оқытуды жүзеге асыруға қажетті оқытушылардың педагогикалық дизайнды жобалау құзыреттіліктерін дамыту жолдарын анықтау қойылды. Зерттеу үш кезеңді қамтыды. Бірінші кезеңде аралас оқытуды жүзеге асыру үшін оқытушылардың қандай құзыреттіліктері қажет екені анықталды. Екінші кезеңде оқытушылардың аралас оқыту үдерісін ұйымдастыруда педагогикалық дизайнды жобалау құзыреттіліктерін бағалау құралдары айқындалды. Үшінші кезеңде аралас оқытуда оқытушылардың педагогикалық дизайнды жобалау құзыреттіліктерін диагностикалық бағалау, оқыту үдерісінде оқытушыларды үйретуге арналған әрекеттер арқылы тұрақты қолдау тәжірибесін жүргізу және эксперименттің қорытынды бағалау іске асырылды.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығын классикалық дидактикамен салыстыра отырып, аралас оқытудың дидактикалық ерекшеліктерін анықтау, оны ендірудің маңызды құралы ретінде педагогикалық дизайнның әдіснамалық негіздемесін жасау құрайды. Практикалық маңыздылығын «білім алу», «білімді игеру», «білім құру» дағдыларын игерудің үш деңгейі бойынша ЮНЕСКО ұсынған «Мұғалімдердің АКТ-құзыреттілік құрылымына» сай оқытушылардың педагогикалық дизайнды жобалау құзыреттіліктерін диагностикалау және қалыптастыру бойынша жүргізілген эксперимент нәтижелері құрайды.

Қорытындыда зерттеу сұрақтары бойынша жасалған тұжырымдар және зерттеудің болашағын анықтайтын өзекті бағыттар көрсетілген.

Түйін сөздер: цифрлық қоғам дидактикасы, классикалық дидактика, аралас оқытудың дидактикасы, педагогикалық дизайн, оқытудан – оқыту дизайнына көшу, педагогикалық дизайнды жобалау құзыреттіліктері.

Түсті: 13.11.2023; Жөнделді: 14.04.2024; Мақұлданды: 19.05.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

Кіріспе

Қоғамның барлық салаларын цифрландыру оқу орындарындағы дәстүрлі білім беру жүйесіне елеулі өзгерістерге алып келді. Әлемдік сарапшылар бүгінгі студенттердің қажетті білімді өз бетімен және аудиториядан тыс алуды, өздеріне ыңғайлы уақытта, икемділік жағдайда оқуды қолдайтынын айтуда [1, 2]. Халықаралық талдауларда жоғары білім беруде алдағы уақытта басым болатын бағыттардың бірі ретінде аралас, гибридтік оқыту форматы қарастырылады және ол студенттің оқудағы рөлін арттыру, өзіндік жұмысқа тарту, жеке оқыту траекториясын қалыптастыру, оқытушылардың цифрлық әлеуетін арттыру сияқты заманауи қажеттіліктерді тудыратыны белгілі [3]. Цифрлық білім беру ресурстарының дамуы Қазақстанның жоғары оқу орындарында елеулі өзгерістер болуына әсер етуде. Нормативтік құжаттарда біліктілік пен дағдыларды алу мүмкіндіктерін беретін кеңейтілетін дәрежелер (stackable degree), «формальды және формальды емес білім», «микроквалификация» сияқты жаңа терминдер пайда бола бастады [4].

Бүгін онлайн коммуникацияның әртүрлі формалары дамыған заманда оқытушы студенттер назарын аудару үшін интернет кеңістігіндегі цифрлық ресурстармен бәсекелесуге мәжбүр, соған орай өзара әрекеттесе оқытуды дамыту [5,6], студенттердің жетістікке жету үшін оларды қолдау қажеттігі [7], оқытушылардың дағдыларын дамыту мен ынталандыру, технологияны меңгеру, оқу ортасын құру дағдыларын дамыту туралы айтылуда [8]. Зерттеушілер цифрлық білім берудің дамуы жаңа дидактикалық шешімдерді қажет ететініне назар аударады. Интернетті пайдаланудың студенттердің когнитивтік-танымдық қалыптасуына ықпал етуі, оқытушылар үшін білім беру мазмұнын, цифрлық контенттерді тиімді құру, цифрлық ортада білім берудің дидактикалық мәселелері [9], виртуалды білім беру ортасының дидактикалық әлеуеті мен мәні [10] қарастырылуда. Сонымен қатар, онлайн және аралас оқытудағы негізгі проблема технологиялық емес, дидактикалық әдістеменің жеткіліксіздігі, оқытушылардың оқытуды сапалы ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін білу деңгейін көтеру қажеттігіне назар аударылады [11]. Зерттеушілер дәстүрлі және цифрлық білім беру ресурстарын біріктірудегі педагогикалық жобалаудың рөліне тоқталады, R. Boelens, т.б. аралас оқыту – бұл оқу контекстінде болатын және онлайн оқытудың дәстүрлі сабақтарды үйлесімді жобалаумен сипатталатын оқыту деп, оқыту мазмұны мен ресурстарын жобалаудың маңызын алға тартады [12]. Зерттеушілердің бірқатары педагогикалық жобалаудың тиімді әдістерін тәжірибеде қолдану цифрлық дәуірде оқытудың тиімділігін қамтамасыз ететіні, педагогикалық дизайн пәнін оқытудың тиімді әдістері мен ресурстарын қолдануды жобалаудың пәні деп түсіндіреді [13, 14].

Осыған орай, **зерттеудің мақсаты** аралас оқытудың дидактикалық құралы ретінде педагогикалық дизайнды әдіснамалық негіздеу, аралас оқытуды жүзеге асыруға қажетті оқытушылардың педагогикалық дизайнды жобалау құзіреттіліктерін дамыту жолдарын анықтау деп алынды.

Зерттеу мақсатына сай төмендегі зерттеу сұрақтары (ЗС) белгіленді:

ЗС1. Классикалық дидактиканың компоненттері мен қызметін талдай отырып, аралас оқытудың дидактикалық ерекшеліктерін және ондағы педагогикалық дизайнның рөлін негіздеу.

ЗС2. Аралас оқытуды жүзеге асыруға қажетті оқытушылардың құзыреттіліктерін және оларды бағалау құралдарын анықтау.

Теориялық шолу

1. Оқытудың классикалық дидактикасы және цифрлық дәуірдегі білім беру

Тақырыпқа қатысты әдебиеттерге шолу цифрлық қоғамдағы білім берудің трансформациясы кезеңінде оқытудың классикалық дидактикасын қайта қарауға қызығушылықтың артуын көрсетеді. Соңғы кездері білім берудің жаңа дидактикасы және оның мәні туралы әртүрлі пікірлер айтылуда. Бүгінгі білім беруде ғылымның жаңа парадигмалық өзгерістері ескерілуі тиіс, соған орай педагогикалық ғылымның негізгі проблемасы цифрлық қоғамдағы өзгерістер жағдайында адамның өзін-өзі анықтауына ықпал ету қажеттігін қолдайды [15]. Жоғары оқу орындарында цифрлық құралдар оқытудың ажырамас бөлігіне айналғанына қарамастан, оларды құрастыру арқылы дидактиканың өзгерістерін ұғыну және жүзеге асыру әлі де жеткіліксіз, алдағы уақытта жоғары білімнің дидактикалық тұжырымдамалары аудиториялық және онлайн оқытудың артықшылықтарын біріктіріп, жаңа тәжірибені қалыптастыруы қажет [16].

М. Чошанов оқыту компоненттерінің арасындағы өзара әрекеттесуді қамтитын классикалық «мұғалім – оқушы – оқыту мазмұны» үшбұрышы «дидактикалық үшбұрыш» деп аталады және «дидактика» сөзінің мағынасы (грек тілінен аударғандам-*didaskein*) «оқыту» немесе «қалай оқыту керектігін білу» дегенді білдіреді деп жазады [17]. Дидактика оқытудың мақсаттары мен басшылыққа алынатын принциптеріне, оқу жоспарына, мазмұнына және әдістеріне қатысты мәселелерді қарастырады. Бұл үшбұрышты құрылым XX ғасырдың әдіскер-ғалымдарының еңбектерінде кездеседі. Мәселен, Шеваллар мұғалім, студент, оқытылатын білім және олардың өзара әрекеттесуін қамтитын дидактикалық жүйенің құрылымын ұсынады [18]. Дәл осындай құрылымды Бруссо ұсынды [19], оған мұғалім, оқушы және оқу материалдары мен оқыту стратегиясы бар оқу ортасы кіреді. И.Я.Лернер бойынша «оқытудың» негізгі дидактикалық ұғымы «мұғалім мен оқушының біреуінің әлеуметтік тәжірибені беру және екіншісінің оны меңгеру мақсатындағы өзара әрекеттесуі» ретінде анықталады [20].

Осылайша, дидактиканы зерттеушілер бұл туралы ортақ пікірді ұстанады. Оқыту үдерісі мен оның құрылымы туралы теориялық түсінікті көрсететін классикалық дидактиканың мәні – мұғалім білім мазмұнын оқушыларға жеткізеді, ал оқушылар оны игереді. Бұл жағдайда оқу үдерісінің негізгі құрылымдық компоненттері мұғалімнің іс-әрекеті, білім алушылардың іс-әрекеті және меңгеру объектісі болады. Егер әр элементтің функциялары мен әрекеттерін қарастыратын болсақ, онда оқытушы оқытуды жүзеге асырады, білім алушыларға оқу тапсырмасын орындауды ұсынады, студент тапсырманы қабылдап, орындайды, оқытушының бағасын алады. Тек осы жағдайда бағдарламаға енгізілген білім беру мазмұны меңгеріледі [21]. В.В. Краевскийдің дидактиканың пәні – оқыту мен оқудың өзара байланысы, олардың бірлігі [22] тұжырымын басшылыққа ала отырып, дидактиканың классикалық моделі бойынша оқытушының құралдары

мен әдістері – оқулық, оқу жоспарлары, көрнекі құралдарында, мазмұны - оқулықтарда, қосымша әдебиеттерде, білім дереккөздерінде, карталар, схемалар, зертханалық жұмыс, т.б. және студенттің білім алушылық ролі сипатталды. Оқыту нәтижесі ретінде білім алушылардың білім мазмұнын білім, білік және дағдылар түрінде игеруі қарастырылса, кейінірек тұлғаға бағытталған және құзыреттілік нәтижелер де қарастырыла бастады.

Бүгінде классикалық дидактика теориясындағы оқытушының жетекшілік рөлі өзгермейді, ол цифрлық оқыту технологиялары негізінде оқытудың аясын кеңейтіп, студенттің өзін-өзі оқытуына бағытталған жаңа кеңістіктерді ашады [23]. Постмодернистік дидактиканың маңызды белгісі - белсенді іс-әрекетке бағытталған конструктивтік білім берудің өзектілігі анықталып, онда басты назар «пәнге» емес, жеке тұлғаға аударылады [24].

2. Аралас оқытудың дидактикалық ерекшеліктері

Ғалымдар аралас оқытуды инновatикалық тәжірибелердің бірі ретінде ала отырып, оның дидактикалық сипаттамаларын күндізгі және қашықтан оқытудың біріктірілуі, білім алушының өзінің танымдық әрекетін құра білуіне негізделген дербестенген оқыту, білім алушылардың сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда өзіндік танымдық әрекеттерінің басымдығы, оқытушылардың, білім алушылардың және интерактивтік білім беру ресурстарының өзара әрекеттесуі білім алушының танымдық белсенділігін, оқытудың белсенділік сипатын артыру мүмкіндігі деп көрсетеді [25]. Аралас оқытудың педагогикалық аспектілерін талқылауда A.Galvis оның трансформациялық сипатын және оны ендіруде ұйымдастырушылық, педагогикалық және операциялық тараптарды біріктірудің маңыздылығын атап көрсетеді [26]. И.Осмоловская аралас оқытуды ендіру жаңа бағыт болса да оның нышаны классикалық дидактикада кездесетінін айтады. Бұл оқыту түрінде оқу үдерісі басқаша құрастырылатынын, білім мазмұны басқаша әзірленетінін және олар жаңа дидактикалық білімді қажет ететініне назар аударады [27]. В.И.Блинов және басқалар аралас оқыту модельдерінің ұйымдастырушылық-дидактикалық типологиясын жасақтап, оның он екі моделіне қысқаша сипаттама береді [28]. D. Garrison қазіргі жағдайда цифрлық технологияны тек оқу құралы ретінде пайдалануды қарастыру жеткіліксіздігін айта келіп, онлайн оқытудың қосымша құрал емес, дәстүрлі оқытумен қатар тұратын маңызды компонент дей келіп, аралас оқытуда осы екі компонентті тиімді біріктірудің маңыздылығына назар аударады [29].

Цифрлық қоғамда оқытуды қарастырған зерттеушілер құрастырушылық- технологиялық тұрғыдан алғанда жаңа дидактика цифрлық ортада оқыту, дидактикалық дизайн, жобалық оқыту сияқты инновациялық тәсілдердің тұжырымдамалық құралдары жасалуы қажеттігін атайды [30, 31]. XXI ғасырда дидактиканың пәнін, мақсаттары мен міндеттерін қайта қарау басталғанын айта келіп, M.Tchoshanov дидактиканың эволюциялық даму кезеңдерін «дидактика», «дидактика-диалектика», «классикалық дидактика», «цифрлық дәуірдің дидактикасы» жүйесі ретінде ұсынаса, D'Angelo классикалық және электронды дидактика арасындағы айырмашылық парадигманың дидактикалық мәнінің «оқытудан - оқытуды жобалауға» болып өзгеруінде дейді [17, 32].

Осылайша, аралас оқытудың аспектілері туралы әдебиеттерде негізінен дәстүрлі және онлайн форматтарды біріктіру, оқу процесін ұйымдастыру тәсілдері мен

технологиялары кеңінен қарастырылып, оның дидактикалық, әдіснамалық, әдістемелік құралдары салыстырмалы түрде аз ұсынылғаны анықталды.

3. Аралас оқытудағы педагогикалық дизайнның алатын орны

Цифрлық қоғамдағы дидактика мәселелері бойынша жұмыстарды зерттеу классикалық дидактиканың негізгі элементтері: оқыту, білім алу және мазмұны өзгермейтінін көрсетті. Осыған орай, аралас оқыту цифрлық жағдайдағы білім беру форматы болғандықтан классикалық дидактиканың негізгі элементтері «оқытушы – мазмұн – білім алушы» сақталатыны белгілі. Дәстүрлі «дидактикалық үшбұрыш» заманауи цифрлық ресурстарға, оқу контентіне негізделген және студенттердің тәжірибесін, қызығушылықтары мен қабілеттерін ескере отырып оқытуды қамтамасыз ету үшін жаңа мүмкіндіктерге ие болады. D.Boud және M.Prosser виртуалды оқыту кеңістігіндегі оқу материалдары аралас оқытудың онлайн компоненті ретінде жақсы жобалануына назар аударады, өйткені оқытуда студенттің басым рөліне бағдарлануын, оның белсенділігін көтеру, оқу процесінде практикалық жұмысын қамтамасыз етеді десе, P.Goodyear оқыту моделі цифрлық және цифрлық емес объектілердің өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін біртұтас платформада тиімді болатынына көңіл аударады [33, 34]. В.П.Беспалько XX ғасырдың аяғында педагогикалық процесті компьютерлендіру күнделікті іске айналған кезде педагогикалық жобалау оны тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді деген [35].

Педагогикалық дизайн туралы Е.Чернобай мен Ю. Корешникова оның дидактика сияқты түрлі оқыту теорияларына негізделетіні, ал негізгі айырмашылығы педагогикалық дизайн – сабақ пен оқу материалдарын жобалаудың нақты модельдердің құруға және қолдануға бағытталатынын айтады [36]. Зерттеушілер педагогикалық дизайнды электронды ресурстармен және қашықтықтан оқытумен байланыстыруға бейім және оны келесідей қарастырады: а) сапалы жаңа оқу ортасын жобалау бойынша педагогикалық білім саласы; б) оқу процесінің дидактикалық принциптері мен логикасына сәйкес келетін ортаны құру процесі; в) жоғары тиімді оқу материалдарын әзірлеу процесі; г) оқу пәні [37]. Берілген тұжырымдар педагогикалық дизайн цифрлық кеңістікте студенттердің өз беттерімен білім алуын қамтамасыз ете алады деген түсінікке алып келді. Бұл оқытушы қызметін түбегейлі өзгертіп, оны курстар мен модульдерді, сабақты цифрлық ресурстармен ұштастырушы, оқыту мазмұнын күтілетін нәтижеге сай жобалаушы, оқу әрекетін басқарушы міндеттерін орындауға әкеледі. Осылайша, аралас оқытуды жүзеге асыру оқытушылардың қызметін өзгеретіп, олардың дәстүрлі және онлайн форматтарды біріктірудің педагогикалық дизайнын құрастыруға қажетті жаңа құзіреттіліктерді талап ететіні анықталды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің негізгі міндеті аралас оқыту жағдайында жоғары білім беру саласы оқытушыларының классикалық дидактикадағы білім беру қызметі қалай өзгеретінін және олардың өзгерістерге дайындығын бағалау әдістерін анықтау болып табылады. Мәселені зерттеу үшін Scopus және Web of Science, GoogleScholar, «Elsevier», «Springer»,

РИНЦ, e-library және т. б. деректер базалары бойынша ғылыми әдебиеттерге талдау жүргізілді. Іздеу ауқымы соңғы жиырма жыл шамасын қамтып, «цифрлық қоғам дидактикасы», «классикалық дидактика», «аралас оқыту дидактикасы», «педагогикалық дизайн», «оқытудан – оқыту дизайнына» кілт сөздері бойынша жүргізілді.

Зерттеу аралас оқытуды ендіру жобасы шеңберінде Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің "Педагогика және психология" кафедрасы базасында жүргізілді. Технологиялық тұрғыдан оқытушылар мен студенттердің қызметін үйлестіруді қамтамасыз ететін «blearning.kz» пилоттық платформасы жасалды; академиялықтұрғыдаоқупроцесінжоспарлаудаөгерістерқарастырылып,студенттермен белсенді өзара әрекеттесу сервистері енгізілді; әдістемелік тұрғыдан аралас оқыту орталығын құрылып, студенттер мен оқытушыларды тұрақты дидактикалық қолдау жүзеге асырылды [38].

Зерттеу үш кезеңде жүргізілді. *Бірінші кезеңде* аралас оқытуды ендіруде оқытушылардың оқыту әрекеттерінде не өзгеретіні және жаңа өзгерістер олардан қандай құзыреттіліктерді талап ететіні анықталды. *Екінші кезеңде* оқытушылардың аралас оқыту үдерісін ұйымдастыруда педагогикалық дизайнды жобалау құзыреттіліктерін бағалау құралдары айқындалды. *Үшінші кезеңде* аралас оқытуда оқытушылардың педагогикалық дизайнды жобалау құзыреттіліктерін диагностикалық бағалау, оқыту үдерісінде оқытушыларды үйретуге арналған интервенциялық әрекеттер арқылы тұрақты қолдау тәжірибесін жүргізу және экспериментті қорытынды бағалау іске асырылды.

Зерттеуге Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің студенттері мен оқытушылары қатысты. Сауалнама Google Forms онлайн-сервистерінің көмегімен жүргізіліп, барлығы 142 студент пен 72 оқытушы қамтылды.

Бірінші кезеңде теориялық және тәжірибелік талдаулар негізінде аралас оқытудың сипаты офлайн және онлайн форматтардың біріктірілген түрі болғандықтан онда тек дәстүрлі ортада немесе тек цифрлық ортада қашықтан оқытудың әдіс-тәсілдерін басшылыққа алу жеткіліксіз екені анықталды [26, 29]. Аралас оқыту – оқытушыларға студенттің білім беру платформалары арқылы оқуы мен дәстүрлі сабағын тиімді ұштастыруға және олардың қажеттіліктерін анықтауға, білім берудің белсенді субъектілері болуға мүмкіндік беретін оқыту форматы. Осыған сай, зерттеушілердің цифрлық технологиялар мен дәстүрлі оқытуды үйлестіретін оқу процесін белгілі бір алгоритм бойынша нақты жобалауды ұсынғаны қарастырылып [33, 34], осы мақсатта педагогикалық дизайнның мүмкіндігі қарастырылды. Сарапшылардың педагогикалық дизайнның ұтымды әдістер мен ресурстарды оқытуда қолдану үшін жобалау қызметін атқаратыны, оқу процесінің дидактикалық логикасына сәйкес келетін ортаны құруды жүзеге асыратыны [12, 13, 14] туралы дәлелдемелері аралас оқытудың мазмұнын, әдістері мен ресурстарын жобалаудағы орнын анықтауға негіз болды.

Осыған сай, дәстүрлі оқыту мен цифрлық қоғамдағы оқытудың айырмашылығы дидактикаға жаңа парадигмалық мазмұн беріп, оның тұжырымдамалық мәнін «оқытудан – оқытуды жобалауға» деп анықтауға, ал педагогикалық дизайнды оқыту теорияларына

негізделген оқу материалдарын модельдеудің, құрастырудың дидактикалық құралы деп белгілеуге негіз болды [33, 38].

Екінші кезеңде оқытушылардың жалпы цифрлық әлеуетін айқындау және дидактикалық қажеттіліктерге көзқарасын алдын ала зерттеу мақсатында 72 оқытушының қатысуымен онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері оқытушылардың оқытудың негізгі нысаны ретінде дәстүрлі дәрістерге (сауалнамаға қатысқандардың 55,8%), презентацияларды көрсетуге (27,5%) сүйенетінін, бейне дәрістер, бейнероликтер, подкасттар (9,4%) сирек ұсынылатынын, онлайн-пікірталас түрінде (7,3%) интерактивті сабақтар аз өткізілетінін көрсетті. Дидактикалық және әдістемелік қажеттілігіне қатысты оқытушылардың 79,6%-ы жаңа әдістерді қолдануды қолдайды 17,2%-ы дәстүрлі тәжірибені ұстану жеткілікті деп санайды, білмеймін дегендер 3,2%-ы. Сауалнамамен 142 студент қамтылып, олар негізгі проблемалар ретінде сабақты ұйымдастыруда оқытушылардың оқу материалдары мен тапсырмаларды біртекті беретіні (37,2%), медиа контент пен бейне ресурстарды өте аз пайдаланатыны (33,7%), тапсырмалардың көбі теорияны білуге бағдарлануын (29,1%) көрсетті. Жалпы сауалнама нәтижелері оқытушылардың әдістемелік әлеуеті мен практикалық дағдылары цифрлық білім беру кеңістігінде оқу қызметін ұйымдастыру үшін жеткіліксіз екенін, олардың аралас оқытудағы педагогикалық дизайнның рөлін түсінуі төмен деңгейде екенін анықтады.

Алдын ала зерттеу мәліметтері негізінде оқытушылардың педагогикалық дизайнды құрылымдау мен жобалауға дайындық деңгейін бағалау әдістерін анықтау мақсаты қойылды. Ол үшін ЮНЕСКО-ның «Мұғалімдердің АКТ құзыреттілігінің құрылымы туралы Ұсыныстарының 2019 жылғы 3- нұсқасында мұғалімдердің АКТ-ны педагогикалық мақсатта қолдану дағдыларын игеруінің үш деңгейі қарастырылды. Біріншісі – «білім алу, қабылдау» деңгейі, онда мұғалімдердің технологияны қолдану туралы білім алуы және негізгі АКТ құзыреттіліктеріне ие болу деңгейі. Екіншісі – «білімді игеру» деңгейі, онда мұғалімдердің қолайлы білім беру ортасын құру және бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін АКТ құзыреттіліктерін меңгеруі. Үшіншісі – «білімді құру деңгейі», онда мұғалімдер тұлғаға бағытталған және бірлескен оқыту кезінде студенттердің өзін-өзі реттеуін қолдау үшін цифрлық құралдарды пайдалану құзыреттіліктеріне ие болады [39].

Педагогикалық қызметті жобалау үшін оқытушылардың құзыреттіліктерін анықтау мақсатында «Мұғалімдердің АКТ құзыреттілігінің құрылымы аспектілерінен (ЮНЕСКО-2019) және педагогикалық дизайның алгоритміне [40] бейімделген бағалау өлшемдер әзірленді (Кесте 1). Аталған құрылымдарды бейімдеу арқылы аралас оқытудың педагогикалық дизайнын жобалауға қажетті төмендегі өлшемдер таңдалды: деректерді талдау және ақпаратты басқару, оларды өңдеу; нәтижеге бағытталған оқыту әрекеттерін жобалау-педагогикалық дизайн; оқыту коммуникациясы үшін контентті, цифрлық ресурстарды құру және басқару; студенттердің белсенді оқуын, олардың өзін-өзі реттейтін қызметін басқару; онлайн және офлайн құралдарды қолдануды реттеу және бағалау.


Кесте 1.

Мұғалімдердің АКТ құзыреттілігінің құрылымы (ЮНЕСКО-2019) мен педагогикалық дизайнның «ADDIE» құрылымы негізінде оқытушылардың оқытушылардың цифрлық мүмкіндіктерін бағалау өлшемдерін анықтау

«Мұғалімдердің АКТ құзыреттілігінің құрылымы аспектілерінен (ЮНЕСКО-2019)	Педагогикалық дизайнның «ADDIE» құрылымы	Педагогикалық дизайнды жобалауға оқытушылардың цифрлық мүмкіндіктерін бағалау өлшемдері
Білім беру бағдарламасындағы білімді студенттердің игеруі үшін тұлғалық бағдарлы және ынтымақтастыққа негізделген оқытудың тиімді жолдарын білуі	A – оқу пәнін, курсты жобалауда қажеттіліктерді талдау	Деректерді талдау және ақпаратты басқару, оларды өңдеу
Студенттерді бірлескен оқу проблемаларын шешуге арналған онлайн-онлайн тапсырмаларды әзірлей білуі	D - оқыту нәтижелерін, кезеңдері мен түрлерін анықтау	Нәтижеге бағытталған оқыту әрекеттерін жобалау-педагогикалық дизайн
Студенттердің өз бетімен және басқалармен бірге білім алуына қажетті цифрлық медиаресурстарды құра білу	D – оқытудың мазмұнын, ресурстар мен әдістерін әзірлеу	Оқыту коммуникациясы үшін контентті, цифрлық ресурстарды құру және басқару
Студенттердің өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын дамытуға ықпал ететін оқу параметрлерін анықтай алуы	I – өзін-өзі оқыту моделін енгізу және тиімділігін тексеру	Студенттердің белсенді оқуын, олардың өзін-өзі реттейтін қызметін басқару
Оқытудың тиімділігі, студент жетістіктерін бақылау мен бағалауда цифрлық құралдарды пайдалану	E – бағалау және кері байланыс арқылы реттеу, жаңарту	Онлайн және офлайн құралдар, цифрлық ресурстар мен аралас оқытуды реттеу және бағалау

Ескерту: мәліметтер 39, 40 дереккөздер негізінде жасалды

Үшінші кезеңде аралас оқытуды ендіру эксперименті арқылы оқытушылардың жаңа құзыреттіліктерін диагностикалық бағалау, оқыту үдерісіндегі интервенциялар мен тұрақты қолдау және қорытынды бағалау іске асырылды. Эксперимент барысында бұл көрсеткіштер оқытушылар қатысумен 2 кезеңде зерттелді, 1– диагностикалық кезең – 2023 жылғы қаңтар, 2 – кезең 2023 жылғы мамырда *үш өлшем бойынша өткізілді: білім алу қабылдау, білімді игеру және білімді құру.* Бұл оқытушылардың аралас оқытуды ұйымдастыруға қажетті педагогиклық дизайнды құрастыру білім ала білуімен, оны игере алуымен байланысты, сонымен бірге білімді құра алуы тәжірибеде қолдану дағдыларын көрсетеді. Бағалау әр деңгей бойынша 10 балдық шкала бойынша жүргізілді (Сурет 1).



Сурет 1. Аралас оқыту үдерісінде оқытушылардың педагогикалық дизайнды жобалау құзыреттіліктерінің өзгерістерін бағалау

Қалыптастыру кезеңі. Оқытушыларды білім алу, білімді игеру және құру үшін жаңа мүмкіндіктермен қамтамасыз ету үшін әдістемелік қолдау жүргізілді. Ол үшін бағдарлама бойынша сегіз оқыту сессиясынан тұратын оқу-практикалық жұмыстар университеттегі сабақпен ұштастыра жүргізілді. Жаңа мазмұнды «білім алу, қабылдау», «білімді игеруге» ғана емес, «білім алу жолдарын құру» әрекеттерінен тұратын оқыту сессиялары, цифрлық ресурстар мен құралдар, әдістер мен технологиялардың жаңа түрлерін игеруге ықпал етіп, оқытушылар аралас оқытуда офлайн және онлайн ресурстарды кеңінен пайдалану, студенттермен бірге синхронды және асинхронды оқу коммуникацияларын құруды үйренді. Аралас оқыту үшін станциялар құру және ауыстыру, икемді сынып, төңкерілген сынып ретінде оқу жағдаяттары жасалады, бейне дәрістер, ЖАОК, электрондық оқулықтар, геймификациялар, подкасттар және т.б. түріндегі цифрлық контенттерді әзірлеуге бейімделді. Тәжірибе арқылы оқу барысында аралас оқытудың кең таралған модельдері оқытушылардың өз тәжірибесінде жүзеге асырылды: *«Бетпе-бет» моделі (Face to Face – «F2F»).* Аудитория уақыты пікірталастар мен топтық жобалар сияқты жоғары дәрежелі оқу әрекеттері үшін қолданылады. Оларға қосымша оқу, бақылау жұмыстары және т.б. үйде онлайн режимінде орындалады. *«Төңкерілген сынып»* моделі. Бұл модель дәстүрлі сабақ құрылымын өзгертеді: студенттер онлайн режимінде бейне дәрістерді көреді және командада жобаларды, зертханалық және тәжірибеге бағытталған жұмыстарды орындау үшін аудиторияға келеді. *Ротация моделі.* Әр түрлі ішкі модельдер бар: станциялар ротациясы, зертханалар ротациясы, жеке ротация. Станциялар ротациясы студенттерден синхронды және асинхронды жұмыс үшін алмасуды талап етеді. *ЖАОК (Жаппай ашық онлайн курстар).* Төңкерілген сынып түрінде

сабақтан тыс уақытта студенттер мүмкін басқа университеттен немесе оқытушы арқылы қол жеткізе алады, содан кейін тапсырманы талқылау немесе тапсырмаларды орындау үшін сыныпқа келеді. *Икемделген модель (HyFlex).* Студенттерге оффайн және онлайн курстарда оқуды таңдау ұсынылады және олар сабаққа қатысу, емтихан тапсырудың өздеріне ыңғайлы түрлерін таңдай алады. *Автономды топтар.* Қатысушылар екі топқа бөлінеді: біреуі оқытуда дәстүрлі оқу құралдарын, екіншісі онлайн ресурстарды пайдаланады. Топтардың ауысу мүмкіндігі бар, топ құрамы өзгеруі де мүмкін.

«Білім алу» деңгейінің көрсеткіштері бойынша 1-кезең нәтижелері «студенттердің белсенді оқуын, өзін-өзі реттейтін қызметін басқару» аспектісінен басқалары жеткілікті болып шықты. Қалған аспектілер бойынша жеткілікті нәтижелер олардың цифрлық білім беру ресурстарымен жұмыс істеуге қатысты білімдері бар екенін көрсетеді. «Білімді игеру» деңгейі бойынша көрсеткіштер бірдей, мүмкін, бұл нақты жағдайдағы мұғалімдердің оқу іс-әрекетінде цифрлық технологияларды қолданудың белгілі бір дағдыларына ие екендігін көрсетеді.

«Білім құру» деңгейінің салыстырмалы түрде төмен нәтижелері цифрлық технологияларды қолдана отырып, аралас оқу процесін құруда, жобалауда және жобалауда, инновацияларды енгізуде және өз қызметін бағалауда проблеманың бар екендігін көрсетеді. Оқыту семинары аяқталғаннан кейін өткізілген «шығу» нәтижелері аралас оқытуды, онлайн курстарды және медиаконтентті жобалауда шағын оң динамиканы көрсетті.

Оқытушылар біртұтас педагогикалық дизайн ретінде жеке жобаларын көрсетті, сонымен қатар кейстер, бейне сабақтар, ойындар, роликтер, модульдер мен курстар жобалары және т.б. зерттеудің аралық нәтижелері оқытушыларды аралас оқыту режимінде жұмыс істеуге дайындаудың одан әрі бағыттары мен өсу нүктелерін анықтады, бұл жобаны сынақтан өткізу кезінде үнемі әдістемелік қолдауды қажет етеді.

Нәтижелер мен талқылау

Дәстүрлі және цифрлық оқыту ресурстарының аралас форматы «оқытушы-мазмұн-студент» классикалық дидактикасының негізгі элементтерінің қызметіне айтарлықтай әсер етеді. Аралас оқытуды жүзеге асыру оқытушылардан сабақтардың, модульдер мен бағдарламалардың дидактикалық ұтымды дизайнын құруды, цифрлық контенттің қолжетімділігін, икемділік пен жекелікті қамтамасыз етуді талап етеді. Оқытушы қызметіндегі жаңа функциялар оның позициясын білімді трансляциялаудан – курстарды, модульдерді, ресурстарды жобалаушы және оқу процесінде студенттің менеджеріне ауысу қажеттілігін көрсетеді. Білім беру мазмұны әр студенттің жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері бойынша оқу ресурстары мен контенттерді таңдауға мүмкіндік беретін тәсілдерді қамтиды. Нәтижесінде студент өз оқуының белсенді субъектісі позициясына ауысып, өзін-өзі оқыту дағдыларын қалыптастыру жобаланады (Сурет 2).

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИЗАЙН: ОҚЫТУДАН-ОҚЫТУДЫ ЖОБАЛАУҒА КӨШУ		
ОҚЫТУШЫ РӨЛІНІҢ ӨЗГЕРУІ: білім берушіден – оқытуды жобалаушы, білім менеджері	БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ӨЗГЕРУІ: барлық студенттерге ортақ мазмұннан – жеке қабілет пен қажеттікке қарай таңдау мүмкіндігі	БІЛІМ АЛУШЫ РӨЛІНІҢ ӨЗГЕРУІ: пассивті білім алушыдан – өзін-өзі оқытудың белсенді субъектісі

Сурет 2. Аралас оқытудағы дидактика элементтерінің мәні мен қызметі

Ескерту: Әдебиеттерді талдау деректері негізінде жасалған [22]

Осыған орай, аралас оқытуда оқытушы күтілетін нәтижелерді анықтайды, студенттердің мүмкіндіктері мен қабілеттерін ескере отырып, онлайн және офлайн, синхронды және асинхронды жағдайларда студенттің өз бетімен оқуын жобалайды, яғни педагогикалық (оқыту) дизайнын әзірлейді.


«Оқытудан оқытуды жобалауға көшу» парадигмасына сай аралас оқытудың дидактикалыққұралдарыныңбіріретіндепедагогикалықдизайнның қызметіанықталды (Сурет 2.1). Оқытуда кең тараған «ADDIE» моделінің құрылымдық кезеңдері: Analiyses - оқу пәні, курстың мақсаттары мен міндеттері және т. б. шеңберінде студенттердің қажеттіліктерін талдау; Design - оқыту нәтижелерін жобалау, оқыту кезеңдерін анықтау; Development - білім мазмұнын, ресурстарын әзірлеу; Implementation - оқытудың жаңа моделін енгізу және сынақтан өткізу; Evaluation - бағалау және кері байланыс [40].

АРАЛАС ОҚЫТУ: ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИЗАЙН ҚҰРЫЛЫМЫ (ADDIE әдісі)		
ОҚЫТУШЫ (білім беруді жобалаушы, менеджер)	A. Пән, курс, модульдер мақсатын қою үшін олардың мәнін, студенттердің қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін анықтау; D: оқу нәтижелерін жобалау, оқыту кезеңдерін, модульдері мен түрлерін белгілеу; D: оқыту нәтижелерін қамтамасыз ете алатын мазмұнды, цифрлық білім ресурстары мен әдістерді әзірлеу; I: оқытудың жаңа моделін енгізу және байқау; E: бағалау және кері байланыс, өзгерістер мен толықтырулар	БІЛІМ АЛУШЫ (өзін-өзі оқытудың субъектісі)

Сурет 2.1. Педагогикалық дизайнның құрылымында оқытуды жобалау

Ескерту: Педагогикалық дизайнның «ADDIE» моделі негізге алынды [40].

Осы құрылымдық кезеңдерге сай пән бойынша аралас оқытуды жобалау кезеңдері ұсынылды (Сурет 2.2). Оқу үдерісін ұйымдастыруда сыни ойлау технологиясының құрылымы негізінде білім мазмұны үш кезеңге бөлініп, әрбір кезең бойынша жетістікке қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін мақсатқа сәйкес күтілетін нәтижелер анықталады [41]. Оқытудың педагогикалық дизайнын жобалауда оқытушы студенттермен дидактикалық қарым-қатынасты онлайн және офлайн, синхронды және асинхронды форматтарды араластыру негізінде оқу үдерісін ұйымдастыру кезеңдерімен жүйелейді.



Сурет 2.2. Пән бойынша аралас оқытуды жобалау кезеңдері

Ескерту: Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы моделі негізге алынды [41].

Аралас оқытудағы әрекеттер студентке бағытталған, субъективті оқытуды қамтиды, соған орай, бірінші кезеңде (I-II апта) студенттердің қызығушылығын ояту үшін өздерінде бар білім мен тәжірибені өзектендіру әдістерін жобалайды. Бірінші кезеңді пәннің немесе курс модулінің кіріспе бөлігі ретінде аудиторияда, оффлайн режимінде дәстүрлі түрде өткізілгені тиімді. Екінші кезеңде (III-VI апталар) студенттер оқу проблемаларына өзбетімен жауап іздейді, оқу және қосымша материалдарды зерделейді, ашық білім беру кеңістігіне шығады. Бұл кезеңде кейстер, жобалар, зерттеулер, эсселер және т.б. түрлі өзіндік жұмыстар орындалады. Үшінші кезеңдегі (VII-VIII апталар) іс-әрекетті ұйымдастыру дәстүрлі қарым-қатынас түрінде жүзеге асырылады, бұл кезеңнің нәтижесі ретінде студенттің субъективті тәжірибесі, жаңа оқу жетістіктері алынады.

Түрлі зерттеулердегі педагогикалық дизайнды білім мен құзыреттіліктерді білім беру мазмұнында біріктіруге мүмкіндік беретін категория, практикада жүзеге асырылатын технология, білім беру өнімінің дизайны, сипаттамасы, жобасы [42, 43] деген пікірлерді қарастыра отырып, бұл зерттеудің педагогикалық дизайн теориялық тұрғыдан қолайлы оқу ортасын тудыратын, оқу материалдары мен құралдарының тиімділігін

зерттейтін ғылым саласы болса, практикалық тұрғыдан педагогикалық дизайн оқу ортасын құрастыру, қолдану және бағалау пәні [44] деген тұжырымға сәйкес келетінін атап өтеміз.

Қорытынды

Зерттеу мақсатына сай қойылған зерттеу сұрақтары (ЗС) төмендегідей тұжырымдалды:

ЗС1. Классикалық дидактиканың компоненттері мен қызметін талдау барысында аралас оқытудың дидактикалық ерекшеліктері мен ондағы педагогикалық дизайнның рөлі негізделді. Отандық және әлемдік білім беру тенденциялары мен тәжірибені зерттеу нәтижелері цифрлық дәуірде оқытудың мақсаттары, мазмұны, формалары, оқытудың әдістері мен құралдары өзгеретінін көрсетеді. Цифрлық қоғамдағы оқытуды жүзеге асыруда классикалық дидактиканың негізгі элементтері «оқытушы- білім мазмұны-студент» сақталады. Осыған орай, аралас оқытудың дидактикалық мәселелерінің бірі - білім беру субъектілерінің цифрлық ортада өзара әрекеттесуінің жаңа түрлерін жобалау. Аралас оқытуда дәстүрлі және цифрлық оқыту ресурстарын біріктіру оқытушының әрекетін оқытуды жобалаушы, менеджер ретінде өзгертеді, цифрлық контенттерді құру қажеттігі білім мазмұнын әзірлеу тәсілдерін өзгертеді, студенттің әрекетін өзіндік оқытудың белсенді субъектісіне ауыстырады. Бұлар аралас оқытуда дәстүрлі және цифрлық білім беру ресурстарын біріктірудің дидактикалық құралы ретінде педагогикалық дизайнның рөлін айқындайды.

ЗС2. Педагогикалық қызметті жобалауда оқытушылар құзіреттіліктерін анықтау мақсатында мұғалімдердің АКТ құзыреттілігінің құрылымы мен педагогикалық дизайнды құрастырудың алгоритміне негізделген аралас оқытудың педагогикалық дизайнын жобалау құзіреттіліктері төмендегідей белгіленді: деректерді талдау және ақпаратты басқару, оларды өңдеу; нәтижеге бағытталған оқыту әрекеттерін жобалау-педагогикалық дизайн; оқыту коммуникациясы үшін контентті, цифрлық ресурстарды құру және басқару; студенттердің белсенді оқуын, олардың өзін-өзі реттейтін қызметін басқару; онлайн және офлайн құралдарды қолдануды реттеу және бағалау. Құзыреттіліктерді бағалауды ЮНЕСКО-ның мұғалімдердің АКТ-ны педагогикалық мақсатта қолдану дағдыларын игеруінің үш деңгейі «білім алу, қабылдау» «білімді игеру» «білімді құру деңгейі» негізінде жүзеге асырудың тиімділігі анықталды. Осылайша зерттеу міндеттері орындалып, аралас оқытудың дидактикалық құралы ретінде педагогикалық дизайнды әдіснамалық негіздеу, аралас оқытуды жүзеге асыруға қажетті оқытушылардың педагогикалық дизайнды жобалау құзыреттіліктерін дамыту жолдары анықталды.

Педагогикалық дизайнның мүмкіндігін курстар мен бағдарламаларды жобалаудан да кеңірек мазмұнда қолдануға болатыны, оның жоғары білім беру процесін трансформациялау құралына айнала алатыны зерттеу барысында анықталды. Бұл бағыттар цифрлық қоғамдағы педагогикалық дизайнның орны туралы жаңа зерттеулердің перспективасын анықтайды.

Алғыс

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті (Грант AP14872099) қаржыландырды

Авторлардың қосқан үлесі

Бахишева С.М. – теориялық тұжырымдама, зерттеу нәтижелерін түсіндіру және ұйымдастыру, орыс және ағылшын тілдеріндегі материалдарды талдау, мақала жазу

Таубаева Ш.Т. – зерттеу тұжырымдамасы мен әдістемесін жобалау, зерттеу нәтижелерін түсіндіру, мақала жазу

Мұхтар З.Ғ. – студенттер арасында эксперимент жүргізу және оның нәтижесін талдау, зерттеу нәтижелерін түсіндіру, эмпирикалық мәліметтерді дайындау, фигуралар мен кестелерді құрастыру,

Кажиакпарова Ж.С. – студенттер арасында эксперимент жүргізу және оның нәтижелерін талдау.

Әдебиеттер тізімі

1. Owston R. Empowering Learners through Blended Learning // International Journal on E-Learning. Waynesville, NC USA: Association for the Advancement of Computing in Education (AACE). – 2018. Vol. 17, № 1. – P. 65–83. Available at: https://www.learntechlib.org/p/177966 (accessed 2.02.2023)

2. Quacquarelli Symonds (QS). Vaccines and virtual lectures: How international students are adapting to higher education in 2021. 2021. Available at: https://www.qs.com/reports-whitepapers/vaccines-and-virtual-lectures-how-international-students-are-adapting-to-higher-education-in-2021/ (accessed: 14.02.2023)

3. Kathe Pelletier, Mark McCormack, Jamie Reeves, Jenay Robert, and Nichole Arbino, with Maha Al-Freih, Camille Dickson-Deane, Carlos Guevara, Lisa Koster, Melchor Sánchez-Mendiola, Lee Skallerup Bessette, and Jake Stine2022 EDUCAUSE Horizon Report, Teaching and Learning Edi-tion. Boulder, CO: EDUCAUSE. – 2022. – 58 p. Available at: https://library.educause.edu/resources/2022/4/2022-educause-horizon-report-teaching-and-learning-edition (accessed 14.02.2023).

4. Об утверждении государственных общеобязательных стандартов высшего и послевузовского образования. Приказ Министра науки и высшего образования Республики Казахстан от 20 июля 2022 года № 2. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 27 июля 2022 года № 28916. Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан, 20 июля 2022, https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200028916.

5. Битэм Х., Шарп Р. Переосмысление педагогики для цифровой эпохи. Дизайн обучения XXI века. – Алматы, 2019. – С. 21-22.

6. Cannady, R. E. Under the microscope: looking at libraries and online orientations // J. Libr. Inf. Serv. DistanceLearn. – 2015. – №9. – P. 289–303.

7. Pullan, M. Online support services for undergraduate millennial students. // J. HigherEduc. TheoryPract. – 2011. – №11 – P. 66–84.

8. Roddy C, Amiet DL, Chung J, Holt C, Shaw L, McKenzie S, Garivaldis F, Lodge JM and Mundy M.E Applying Best Practice Online Learning, Teaching, and Support to Intensive Online Environments: An Integrative Review // Front. Educ. – 2017. – № 2. – P. 59-72.

9. Петрунева Р.М., Васильева В.Д., Петрунева Ю.В. Проблемы дидактики высшей школы: неразрезанные страницы // Высшее образование в России. – 2021. – Т. 3. № 8-9. – С. 56-68.

10. Бордовская Е.В., Домбровская А.Ю., Петрова Т.Э., Пырма Р.В., Азаров А.А. Цифровая среда ведущих университетов мира и РФ: результаты сравнительного анализа данных сайтов // Высшее образование в России. – 2019. – Т. 28. № 12. – С. 9–22.

11. Другова Е.А., Журавлёва И.И., Аюшеева М.Г. Трудности проектирования смешанного обучения в высшем образовании: опыт «Школ педагогического дизайна» // Высшее образование в России. – 2023. – Т. 32. № 6. – С. 93–115. DOI: 10.31992/0869-3617-2023-32-6-93-115

12. Boelens, R., Van Laer, S., De Wever, B., & Elen, J. Blended learning in adult education: towards a definition of blended learning / R. Boelens, S. Van Laer, B. De Wever, J. Elen // Ghent University Academic Bibliography. Belgium. 2015. Available at: https://biblio.ugent.be/publication/6905076 (accessed 15.08.2019).

13. Bodily R., Leary H., West R. E. Research trends in instructional design and technology journals // British Journal of Educational Technology. – 2019. – Vol. 50, No. 1. – P. 64–79.

14. Merrill M. D., Drake L., Lacy M. J., Pratt J. Reclaiming instructional design // Educational Technology. – 1996. – Vol. 36. № 5. –P. 5-7.

15. Писарева С.А., Тряпицына А.П. Методологические аспекты перехода к новой организации образовательного процесса // Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия: Акмеология образования. Психология развития. – 2020. – Т.9, вып.3 – С. 281-288. URL:https://akmepsy.sgu.ru/ru/articles/metodologicheskie-aspekty-perehoda-k-novoy-organizacii-obrazovatelnogo-processa

16. Schärtl Christoph. Notwendigkeit einer digitalen Transformation des Rechtsunterrichts – Virtual Enhanced Inverted Classroom (VEIC) und Constructive Alignment 4.0 als Lehren aus der COVID-19 Pandemie // Zeitschrift für Didaktik der Rechtswissenschaft. – 2020. – Vol. 7(4) – P. 280-311. DOI:10.5771/2196-7261-2020-4-280

17. Tchoshanov M. A. Digital age didactics: From teaching to engineering of learning (Part 1). Informatika i obrazovanie — Informatics and Education, 2018, no. 9, p. 53–62 // Информатика и образование. – 2018. – № 9. – P. 53–62.

18. Chevallard Y. Sur l'ingénierie didactique, 1982. Preprint. Marseille: IREM d'Aix Marseille – [Электрон. ресурс] – URL: http://yves.chevallard.free.fr/spip/spip/article.php3?id_article=195

19. Brousseau G. Theory of didactical situations in mathematics. - Dordrecht, The Netherlands: Kluwer, 1997. – 357 p.

20. Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. - М.: Педагогика, 1981. - 186 с.

21. Уман А.И. Дидактические модели в современном отечественном образовании // Научный журнал ФГАОУ ВО КФУ им. В.И. Вернадского «Гуманитарные науки». – 2022. – №4 (60) – С.24-30.

22. Краевский В. В., Лернер И. Я. Процесс обучения и его закономерности. – М.: Педагогика, 1980. – 217 с.

23. Laurillard, D. Rethinking University Teaching: A framework for the effective use of learning technologies (2nd edn), - London: Routledge, 2002. – 348 p.

24. Таубаева Ш.Т., Мақсұтова И.О. Дидактикадағы инновация: оқу құралы. - Алматы: Қарасай, 2020. – 350 б.

25. Осмоловская И.М., Иванова Е.О., Кларин М.В., Сериков В.В., Алиев Ю.Б. Дидактическое моделирование инновационных образовательных практик. - М.: ООО «Белый ветер», 2019. – 226 с.

26. Galvis A.H. Supporting decision-making processes on blended learning in higher education: literature and good practices review // Int JEduc Technol High Educ. – 2018. – Vol.15:25. DOI 10.1186/s41239-018-0106-1

27. Осмоловская И.М. Дидактика: от классики к современности: монография. — М:СПб.: Нестор-История, 2020. – 248 с.

28. Блинов В.И., Есенина Е.Ю., Сергеев И.С. Модели смешанного обучения: организационно-дидактическая типология // Высшее образование в России – 2021. – Т. 30. № 5. – С. 44-64.

29. Garrison D. R. Blended learning: uncovering its transformative potential in higher education // The Internet and Higher Education. – 2004. № 7(2). – P. 95–105.

30. Blended Mode of Teaching and Learning: Concept Note, UGC-2021. Retrieved from. URL: https://www.ugc.ac.in/pdfnews/6100340_Concept-Note-Blended-Mode-of-Teaching-and-Learning.pdf

31. Кларин М. В., Осмоловская И. М. Перспективные направления дидактических исследований: постановка проблемы // Образование и наука. 2020. – Т. 22, № 10. – С. 61–89. DOI: 10.17853/1994-5639-2020-10-61-89

32. From didactics to e-didactics: e-Learning paradigms, models and techniques. / D'Angelo G. Napoli: Liguori. 2007

33. Boud D., Prosser M. Key principles for high quality student learning in higher education: A framework for evaluation. // Educftional Media International. 2001. – № 39 (3). – P. 237-45

34. Goodyear, P. Seeing learning as work: implications for understanding and improving analisis and desing. // Journal of Courseware Engineering. – 1999. – №2

35. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика. 1989. С.191.

36. Чернобай Е.В., Корешникова Ю.Н. Дидактика и педагогический дизайн: что общего и что особенного? // Отечественная и зарубежная педагогика. 2021. – Т. 1, №5 (78). – С. 177–190. DOI: 10.24412/2224–0772–2021–78–177–190

37. Демидова И.А., Педагогический дизайн и его средства: теоретический анализ и опыт применения в педагогической практике // Педагогика. Вопросы теории и практики. Тамбов: Изд. «Грамота» – 2019. – Том 4. Выпуск 4. – С. 25-32. https://doi.org/10.30853/pedagogy.2019.4.3

38. Бахишева С.М., Тихонюк Е.В., Мухтар З.Г., Кинжекова Р.С., Кемешова А.М. Единая среда смешанного обучения: казахстанский контекст // Образование и наука. – 2024 https://doi.org/10.17853/1994-5639-2024-3371

39. Структура ИКТ-компетентности учителей. Рекомендации ЮНЕСКО. Версия 3. UNESCO ICT Competency Framework for Teachers Опубликовано в 2018 г. Организацией Объединенных Наций по вопросам образования, науки и культуры, 7, place de Fontenoy, 75352 Paris 07 SP, France

40. Луканина М.В., Меркулова С.Г. Модель ADDIE в педагогическом дизайне: практический опыт НИТУ МИСИС // Высшее образование в России. – 2023. – Т. 32. № 10. – С. 151–166. DOI: 10.31992/0869-3617-2023-32-10-151-166

41. Захарова Т.И. Цифровое поколение: методы и технологии обучения в пандемию// Вестник Российского экономического университета имени Г. В. Плеханова. – 2022. – №4 – С. 177-182. https://doi.org/10.21686/2413-2829-2022-4-177-182

42. Вайндорф-Сысоева М. Е., Воробчикова Е. О. «Педагогический дизайн» как системообразующая категория: подходы и определения // Вестник Мининского университета. – 2023. – Т. 11, № 1. – С. 3. DOI: 10.26795/2307-1281-2023-11-1-3

43. Жебровская О.О. Педагогический дизайн в высшем образовании // ЭКСТЕРНАТ.РФ, Журнал Центра дополнительного профессионального образования "АНЭКС" (Санкт - Петербург), – 2021. – № 3 (14) – С.40-45.

44. Абызова Е. В. Педагогический дизайн: понятие, предмет, основные категории // Вестник Вятского государственного университета. – 2010. –Т. 3, № 3. – С. 12.

С.М. Бахишева[1]*, Ш.Т.Таубаева[2], З.Г. Мухтар[3], Ж.С. Кажиакпарова[4]

[1,3,4]Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Казахстан

[2]Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Дидактические вопросы смешанного обучения

Аннотация. В данной статье рассмотрены вопросы дидактики в цифровом обществе, проанализированы теоретические и практические исследования по определению дидактики смешанного обучения, определена роль педагогического дизайна в интеграции традиционных и цифровых образовательных ресурсов.

Целью исследования является методологическое обоснование педагогического дизайна как дидактического средства смешанного обучения, определение путей развития компетенций преподавателей по проектированию педагогического дизайна, необходимых для реализации смешанного обучения.

Исследование состояло из трех этапов. На первом этапе определены необходимые компетенции преподавателей для реализации смешанного обучения. На втором этапе определены инструменты оценки компетенций преподавателей по проектированию педагогического дизайна в организации процесса смешанного обучения. На третьем этапе реализованы диагностическая оценка компетенций преподавателей в проектировании педагогического дизайна в условиях смешанного обучения, проведение практики постоянной поддержки преподавателей в процессе обучения и итоговая оценка эксперимента.

Научную значимость составляют определение дидактических особенностей смешанного обучения в сопоставлении с классической дидактикой, составление методологического обоснования педагогического дизайна как важнейшего средства его внедрения. Практическую значимость составляют результаты проведенного эксперимента по диагностике и формированию компетенций преподавателей по проектированию педагогического дизайна в соответствии с «ИКТ-компетентностной структурой учителей», рекомендованной ЮНЕСКО по трем уровням освоения навыков «получение знаний», «освоение знаний», «создание знаний».

В заключении даны ответы на исследовательские вопросы и актуальные направления, определяющие перспективы исследования.

Ключевые слова: дидактика цифрового общества, классическая дидактика, дидактика смешанного обучения, педагогический дизайн, переход от обучения к дизайну обучения, компетенции проектирования педагогического дизайна.

S.M. Bakhisheva[1]*, S.T.Taubaeva[2], Z.G. Mukhtar[3], J.S. Kazhiakparova[4]

[1,3,4] West Kazakhstan University of Innovation and Technology, Uralsk, Kazakhstan [2]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Didactic issues of blended learning

Abstract. This article discusses didactics in a digital society, analyses theoretical and practical research on the definition of blended learning didactics, and identifies the role of instructional design in the integration of traditional and digital educational resources.

The aim of the study is to provide methodological justification of instructional design as a didactic tool for blended learning, to identify ways to develop teachers' competences in instructional design necessary for the implementation of blended learning.

The study consisted of three stages. At the first stage the necessary competences of teachers for the implementation of blended learning were determined. At the second stage, the tools for assessing teachers' competences in designing instructional design in the organization of blended learning process were determined. The third stage included the diagnostic assessment of teachers' competences in instructional design in blended learning, the practice of continuous support of teachers in the learning process and the final evaluation of the experiment.

Scientific significance is the definition of didactic features of blended learning in comparison with classical didactics, compilation of methodological substantiation of instructional design as the most important means of its implementation. The results of the conducted experiment on diagnostics and formation of teachers' competences in instructional design in accordance with the "ICT-competence structure of teachers" recommended by UNESCO on three levels of mastering skills "knowledge acquisition", "knowledge mastering", "knowledge creation" are of practical significance.

The conclusion provides answers to the research questions and topical areas that define the future of the study.

Key words: didactics of digital society, classical didactics, didactics of blended learning, instructional design, transition from learning to learning design, competences of instructional design.

References

1. Owston R. Empowering Learners through Blended Learning // International Journal on E-Learning. Waynesville, NC USA: Association for the Advancement of Computing in Education (AACE). – 2018. Vol. 17, № 1. – P. 65–83. Available at: https://www.learntechlib.org/p/177966 (accessed 2.02.2023)

2. Quacquarelli Symonds (QS). Vaccines and virtual lectures: How international students are adapting to higher education in 2021. 2021. Available at: https://www.qs.com/reports-whitepapers/vaccines-and-virtual-lectures-how-international-students-are-adapting-to-higher-education-in-2021/ (accessed: 14.02.2023)

3. Kathe Pelletier, Mark McCormack, Jamie Reeves, Jenay Robert, and Nichole Arbino, with Maha Al-Freih, Camille Dickson-Deane, Carlos Guevara, Lisa Koster, Melchor Sánchez-Mendiola, Lee Skallerup

Bessette, and Jake Stine2022 EDUCAUSE Horizon Report, Teaching and Learning Edi-tion. Boulder, CO: EDUCAUSE. – 2022. – 58 p. Available at: https://library.educause.edu/resources/2022/4/2022-educause-horizon-report-teaching-and-learning-edition (accessed 14.02.2023).

4. Ob utverzhdenii gosudarstvennyh obshheobjazatel'nyh standartov vysshego i poslevuzovskogo obrazovanija. Prikaz Ministra nauki i vysshego obrazovanija Respubliki Kazahstan [The order of the Minister of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan On the approval of the state mandatory standards of higher and postgraduate education.] 20 ijulja 2022 goda № 2. Zaregistrirovan v Ministerstve justicii Respubliki Kazahstan 27 ijulja 2022 goda № 28916. Informacionno-pravovaja sistema normativnyh pravovyh aktov Respubliki Kazahstan, 20 ijulja 2022,

5. Bitjem H., Sharp R. Pereosmyslenie pedagogiki dlja cifrovoj jepohi. Dizajn obuchenija XXI veka [Rethinking pedagogy for the digital age. The design of learning in the XXI century]. (Almaty, 2019, – 21-22 pp.) [in Russian].

6. Cannady, R. E. Under the microscope: looking at libraries and online orientations // J. Libr. Inf. Serv. DistanceLearn. – 2015. – №9. – P. 289–303.

7. Pullan, M. Online support services for undergraduate millennial students. // J. HigherEduc. TheoryPract. – 2011. – №11 – P. 66–84.

8. Roddy C, Amiet DL, Chung J, Holt C, Shaw L, McKenzie S, Garivaldis F, Lodge JM and Mundy M.E Applying Best Practice Online Learning, Teaching, and Support to Intensive Online Environments: An Integrative Review // Front. Educ. – 2017. – № 2. – P. 59-72.

9. Petruneva R.M., Vasil'eva V.D., Petruneva Ju.V. Problemy didaktiki vysshej shkoly: nerazrezannye stranicy [Problems of Higher School Didactics: uncut pages]. Vysshee obrazovanie v Rossii [Higher education in Russia]. T. 3. № 8-9. 56-68 (2021) [in Russian] .

10. Bordovskaja E.V., Dombrovskaja A.Ju., Petrova T.Je., Pyrma R.V., Azarov A.A. Cifrovaja sreda vedushhih universitetov mira i RF: rezul'taty sravnitel'nogo analiza dannyh sajtov [The digital environment of the leading universities of the world and the Russian Federation: the results of a comparative analysis of these sites]. Vysshee obrazovanie v Rossii. [Higher education in Russia]. T. 28. № 12. 9–22.(2019) [in Russian].

11. Drugova E.A., Zhuravljova I.I., Ajusheeva M.G. Trudnosti proektirovanija smeshannogo obuchenija v vysshem obrazovanii: opyt «Shkol pedagogicheskogo dizajna» [Difficulties in designing blended learning in higher education: the experience of "Schools of Pedagogical Design"] // Vysshee obrazovanie v Rossii [Higher education in Russia]. T. 32. № 6. 93–115. (2023) DOI: 10.31992/0869-3617-2023-32-6-93-115 [in Russian].

Мектеп жасына дейінгі балалардың нарративтік қабілетін дамытудың түрлі бағыттарын, тәсілдерін әлемдік деңгейдегі зерттеулерде кеңінен қарастырып талдаған. Солардың бірнешеуіне тоқталайық. Ерте жастағы балалардан әңгімелеудегі қиындықтарын жеңу үшін (Bloome, D., Champion, T., Katz, L., Morton, M. B., & Muldrow), нарратив зерттеушілері кенеттен шыққан қойылымдарды жазып алудан бастап, оқиғаның суреттері арқылы (Jalongo, M. R.) қолдануды көрсеткен. Кейбір зерттеулер оқиғаны құру үшін ықпал ететін контекст ретінде шығармашылық ойынға сүйенді. Бұл зерттеулерде әрекет балалардың нарративіне драмалық компонент ретінде кешенді қарастырып, оларға әңгімелерді ойнауды ұсынған (Jalongo, M. R) немесе әңгімелеуді жеңілдету үшін ойыншықтарды қолданған (Boston, MA: Allyn and Bacon. McCabe, A.) [12,13,14]. Ресей ғалымдары (Н.Е.Веракса[15], И.Б.Шиян[16], О.А.Шьян[8], Н.М.Юрьева[17], Е.С. Ощепкова[18] және т.б.) балалар нарративі, оның құрылымы, әдістерін, көпшілігінде балалардың сурет салуымен, картина арқылы наративтік қабілетін байланыстырып сөйлеуін дамытудың әдістемесін әзірлеген. Елімізде мектепке дейінгі балалардың тілін дамытуда Б.Баймұратова [19], А. Бақраденова [20], К.Метербаеваның [21] еңбектерінде байланыстырып сөйлеуге үйрету әдістемесі қарастырылғанмен, нарратив туралы

мәселе көтерілмеген. Бастауыш сынып оқушыларының нарративтік дағдысын дамыту бойынша А.Амановтың зерттеуін атауға болады [22]. Сондықтан балалардың өз ойынан оқиғаларды құрастырып шығару, тілін дамытудағы маңызды құрал ретінде нарративтік қабілетін, дағдысын зерттеу елімізде қарастырылмағандықтан мектепке дейінгі кезеңнен бастау өзекті мәселе болып саналады. Біздің зерттеуіміздің негізгі мақсаты- мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеуін нарратив арқылы дамытудың теориялық негізіне талдау жасау, оның әдістемесінің негізгі артықшылықтарын анықтау.

Зерттеу әдістері

Аталған мәселені зерттеу үшін теориялық материалды жинау және контекстік талдау әдістері, салыстырмалы, жалпылау және сипаттау әдістері, әңгімелесу, балалардың әрекетін, сөйлеу әрекетін бақылау қолданылды. Мектеп жасына дейінгі балалардың нарративтік қабілетінің олардың тілін дамытудағы орны, түрлі әдістері құрылымдары туралы шетелдік және отандық әдебиеттерге шолу жасалды. Талдау материалы шетелдік авторлардың жоғары рейтингтік журналдардағы, ресейлік, сондай-ақ отандық авторлардың мақалалары болды. Материалды таңдау кезінде ең көп түсініктеме, әдістемесі берілген мақалаларға ерекше назар аударылды. Сондай- ақ қазақстандық мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуіне, оқиға бойынша әңгіме құрастыруына бақылау, эксперимент жүргізілді.

Талқылау

Зерттеу жұмысымызда мектеп жасына дейінгі балалардың нарративтік қабілетін дамытуда және құрастырған оқиғасының құрылымы, олардың балаларда қалыптастыру деңгейі туралы зерттеулерге талдау жасауды жөн көрдік. Нарратив – мәдениеттің негізгі формаларының бірі. Дж. Брунердің көзқарасы бойынша «бізде әңгіме тәжірибені ұйымдастырудың ең табиғи және ең ерте түрі деп болжауға негіз бар» (Брунер). Шын мәнінде, мектеп жасына дейінгі балалардың нарративтік қабілеттерін дамыту мен болашақта сауатты меңгеру табысының арасында өзара байланыс бар екені анықталды. Зерттеулерде балалардың баяндау құзыреттілігін, әңгімелерін анықтау үшін жиі қолданылатын аналитикалық негіз – бұл әңгімелер эпизодтардан тұрады деп болжайтын грамматикалық тәсіл екенін көрсетеді (Stein, N. L., & Glenn, C.)[11]. Оқиға грамматикасына көзқарас баяндаудағы сөйлемдер мен олар орындайтын функциялар арасындағы семантикалық қатынастарға бағытталған. Толық эпизод кем дегенде келесі үш компонентті қамтуы керек: басты кейіпкердің мақсаттары, осы мақсаттарға жету әрекеттері және осы күш-жігердің нәтижелері (Peterson McCabe) [23] әңгімелерді өңдеу және түсіну кезінде адам бірқатар себептік байланыстарға кіретін ақпаратты тізбектерді құрайды деп болжайды.

Мектеп жасына дейін балалар эпизодтық құрылымды әңгімелер құруда толық құзыреттілікке ие емес (Маккабе және Питерсон; Нельсон)[10, 23]. Бес жасар балалар

эпизодтық қасиеттері бар кейбір әңгімелерді жасай алатын болса да, олардың мінез-құлқы жанрға және ақпаратты алу әдісіне байланысты тұрақсыз, олардың әңгімелерінің сапасы эпизодқа дейінгі және эпизодтық құрылым арасында өзгереді. Шамамен 7 жасында балалар негізінен эпизодтық сипаттағы әңгімелерді құрастыра алады. Атап айтқанда, МакКейб зерттеуі балалардың оқиғалар туралы әңгімелерінің құрылымы бойынша болашақ оқудағы қиындықтарды болжауға болатынын көрсетті [23]. Оның үстіне Кейт Кейннің «Мәтінді түсіну және оның балалар ертегілерінің байланысы мен бірізділігіне көзқарасы» атты жұмысында оқудағы қиындықтардың себебі мынау екенін көрсетеді: балада оқиға құрылымы туралы түсінік қалыптаспаған (Cain). [24] Басқаша айтқанда, автор әдеттегі ұғымдарға қарама-қайшы идеяны ұсынады: егер әдетте бала әңгімені көп тыңдап, айтатын болса, оның мәтіндер құрылымы туралы түсінігі соғұрлым жылдам болса, мәтіндердің құрылымы туралы түсінігі оқуды жеңілдетеді. Бірақ бұл болашақ табысты оқудың бастауы баланың оқығанында ғана емес (өзі немесе ересектердің көмегімен), сондай-ақ оның оқиғаны өз бетінше шығаруында жатыр дегенді білдіреді. Осы және басқа да көптеген зерттеулердің арқасында балалар оқиғаны сауаттылыққа қатысты мінез-құлық формаларының бірі ретінде қарастырылады (literacy-related behaviors). Бұл деректер Даниэла О'Нейлдің зерттеуінде де расталады, онда 3-4 жастағы балалар өздігінен әңгімелейтін оқиғалар бойынша олардың математиканы игерудегі табыстылығын екі жылдан кейін болжауға болады (O'Neill, Pearce) [25].

С.Энджел бастапқыда 2-3 жас аралығындағы балалардың ойынымен бірге жүретін әңгіме үш жастан кейін пайда болатын ауызша әңгімелерді алдын-ала ойдан шығаратыны туралы жазды. Бұл әңгімелер көбінесе ойынды ауыстырады және ойынмен бірдей функцияны орындайды. С.Энжелдің шығармаларында баланың дамуының қызықты генетикалық желісі қалыптасады: алдымен бейнелі ойын пайда болады, содан кейін нарративті ойыны («нарративті алдын-ала ойнау») пайда болады, ол өз кезегінде сюжеттік-рөлдік ойынды да бастайды және үйлесімді әңгімелер құру, қиялдау болады[26].

Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы бойынша заманауи зерттеулерде балалар әңгімелерін талдаудың ең кең тараған тәсілі В. Лобов пен Валетскийдің құрылымдық тәсіліне негізделген, жоғарғы сатысы «классикалық оқиға» (галстук, шарықтау шегі және айырбас) деп есептеді. Осы тәсілге сүйене отырып, А. Мак Кабе балалар нарративінің классификациясын жасады, оқиға қаншалықты сәйкес келмейді немесе керісінше, құрылымы бойынша классикалық әңгімеге жақындайды (McCabe, Bliss Lynn, 2002; McCabe, Peterson, 1984; McCabe, Rollins,1994) [27]]. Біз бұл зерттеулерді еске салдық, өйткені оларда бүгінгі таңда әлемдік тәжірибеде кеңінен таралған балалық шақтағы нарративтің құрылымын талдау өлшемдері ұсынылған. Ресей ғалымдарының зерттеулерінде балалар нарративін бағалау критерийлері ерекшеленген. Атап айтсақ, Е.В. Трифонова[28], О.М.Дьяченко[28], Векслер тесті, матрица сияқты стандартталған әдістемелерді орындау нәтижелерімен режиссерлік ойын деңгейінің өзара байланысын анықтай алады. О.С. Ушакова мен Е. Струнинаның зерттеуінде балаларға ертегі ойлап тауып, оған ат беру ұсынылды [29]. Тапсырманың орындалуы мынадай көрсеткіштер бойынша бағаланды:1) ертегі мазмұнының айқындылығы; 2) атаудың мазмұнына


сәйкестігі; 3) құрылудың қисындылығы, аяқталуы; 4) сөйлеудің грамматикалық дұрыстығы; 5) тілдік мәнерді пайдалану қаражат. Баяндаудың құрылымдық жағы оның қисындылығы бойынша бағаланады, мұнда зерттеу авторлары мынадай параметрлерді бөліп көрсетті: оқиғаның берілу жүйелілігі – басы, ортасы, соңы, сондай-ақ бүкіл әңгіменің және оның соңының атауымен арақатынасы.

Зерттеу нәтижелері

Н.Е.Вераксаның және О.М.Дьяченконың «Мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлқын реттеу тәсілдері» [15] мақаласында сипатталған зерттеулері біздің ерекше қызығушылығымызды тудырды. Авторлар баланың құрылымы жағынан күрделі ертегіні шығарған кезде қандай когнитивтік құрылымдар іске қосылатынына мән береді. Ынталандыру материалы ретінде балаларға симметриялық-асимметриялық сипаты бар ертегі ұсынылды: екі кейіпкер (біреуі жағымды, екіншісі жағымсыз) ертегідегі кейіпкерлерді кездестірдік, бірақ өздерінің бейнесін қарама-қарсы ұстады: бір кейіпкер өзін мейірімді, екіншісі – өзімшіл болып көрсетті. (Ы.Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесі). Балаларға әңгімені қазіргі өмірге бейімдеп «Баяғыда еңбекқор бала мен жалқау бала болыпты» деп бастап жартысын ғана айтып бердік, олар кейіпкерлердің қарама-қайшы екенін біліп, олардың біріншісінің жолдағы оқиғасын тыңдадық. Одан кейін балаларға антиципацияға тапсырма берілді: олар ертегінің жалғасы қандай болатынын болжауға тиіс болды. Зерттеу барысында қарсы тұру кезінде тек қана балалар көбінесе нормативтік құралдарға жүгінген (ол кезде оқиғаның реттілігін болжай алатын), басқалары – жағдайды өзгерту құралдарына (сол кезде олар қаһармандар әрекеттерінің қарама-қарсы сипатын болжап отырды: біреуі қарама-қарсы адамға көмектеседі, екіншісі – жоқ және т.б., үшіншісі – символикалық құралдарға (олар тұтастай алғанда мынаны түсінді: бір кейіпкер жақсы әрекет етеді, екіншісі нашар, бірақ нақты болжай алмады). Біздің бұл зерттеуден түйіндегеніміз, ересектердің жетекші сұрақтарының көмегімен ғана оқиғаны құрастыра алатындығына көзіміз жетті. Сонымен қатар А.А.Запунидидің зерттеуінде сөйлеуді дамыту үшін сызба бойынша әңгімелеуді жоспарлаудың рөлі қарастырылған [30]. Шынымен, кітаптың иллюстрациясын, мнемокесте, В.Я. Пропп әдісін[31] қолданған кезде, балалар бастапқыда оның мазмұнына түсініктеме бере отырып (Асан мен Үсеннің басынан өткен оқиғалары), сосын болашақ әңгімесінің сызбасын құрады (Асан мен Үсен ойнап кетсе, ауылы көшіп кетіпті. Асан мен Үсеннің көңіл күйлері. Үсеннің тапқырлығы. Асан мен Үсеннің тамақ табуы. Үсеннің от жағуы. Ауылдарын табуы). Осындай ұйымдастырылған әрекеттің нәтижесінде балаларда сызба бойынша сөйлеудің сүйемелдеу деңгейі жоғарылады. Сурет оқиғаны құру құралы ретінде әрекет етеді, бірақ сөйлеуді жоспарлау мұны одан сайын жақсартады. Осыдан кейін *«Оқиға құрастыру» әдістемесін (А. МакКейб)* пайдаландық. Балаларға болған оқиғалар туралы өз өмірлерінен әңгімелер айтуды ұсындық, бұл әңгіменің бұл түрі (басқа біреудің әңгімесін немесе суреттегі әңгімені қайталаудан айырмашылығы) балалардың әңгімелеу қабілеттерін көрсетеді. Дегенмен, біз ертегі оқиғалары неғұрлым өкілді және құрылымды болуы мүмкін деп болжадық,

оларды да балалар құрастырады. Өмірдегі және ертегі оқиғалары желісімен күрделілік деңгейін тексеру үшін балаларға екі түрлі әңгімелер құрастыруды ұсындық.

Мектепалды дайындық топ балаларына өзінің ерекше оқиғалары мен иллюстрациясы бар сиқырлы кітап жасауды ұсындық. Келіскеннен кейін балаға А4 парағы және көптеген маркерлер келесі нұсқаулықпен берілді: «маған бір әңгімеңнің суретін сал, аяқтағаннан кейін маған айтып бересің, мен оны қағазға жазамын». Содан кейін, бала сурет салуды аяқтағаннан кейін «сен дайын болдың ба, енді жазамыз ба?» деп, екінші парақты алып, баланың әңгімесін баспа әріптерімен жазады. Баланың әңгімесі тоқтаған кезде «Бұл сенің әңгімеңнің соңы ма, әлде тағы жалғастырасың ба?» дегенде «соңы» деп жауап берді. Бұдан кейін балаға әңгімесінің тақырыбын қоюды ұсынды. Мысалы: Алсейт Ж. «Қоянның туған күні» деп атау қойды. Кітаптың беттерін белгіледі, содан кейін кітапқа «естелік үшін» суретке түсті. Бұл кітап балаға оны ата-анасына көрсету немесе туыстарына оқып беру үшін берілді. Осы сияқты әңгімелер жасау үшін Сенің өміріңде ерекше оқиға болды ма? Сен маған айтсаң, мен жазып отырамын» деген нұсқаулық естіген сайын шынайы өмірінен әңгіме құрастырушылардың саны көбейді. Әсіресе туған күндері, шетелде демалғандары, хайуанаттар әлеміне барғандарын әңгімелеу қызықты болды. Барлық балалар дайын кітаптарды қуана ата-аналарына көрсетті.



Сурет 1. Балалар нарративінің қалыптасу деңгейі (экспериментке дейінгі)

Оқиғаны айтпас бұрын оны алдын-ала суретін салу тапсырмасы, оқиғаны құрастыру және баланың зейінін тұрақтандыру, қызықтыру үшін енгізілді. Кітап жасау және оны үйге алып бару туралы ұсыныс баланың іс әрекетке деген ішкі мотивациясын қалыптастыру мақсатында енгізілді, оның өнімі оған үлкен мән бергендіктен, оны ересектерге, құрдастарына көрсету мүмкіндігі де маңызды болды. Барлығы балалар алынған кітаптарды қуана алып, содан кейін оларды ата-аналарына көрсетті. Оқиғаны құрастыру барысында біз келесі ережелерді ескердік: жалпы сюжетке бағыттайтын сұрақтар, «иә, енді не болады?», немен аяқталады? деп балаға «асықпа, ентікпе жәйлап аяқтаймыз» деп қолдау көрсетіліп, зерттеу әр баламен жеке жүргізілді.

Диаграммадан көріп тұрғандай балалардың оқиғаларды құрастыру деңгейіннің төмен екендігін байқадық. Оның басты себептері балаларды байланыстырып сөйлеуге үйретуде нарративтік қабілеттерінің мүмкіндіктерін ескерілмеуі және оны дамытудың тиімді әдістемесінің жоқтығы. Сондықтан біз жұмысымызда А. Мак Кабтің балалардың әңгімелерінің даму деңгейлері, олардың әрқайсысы белгілі бір құрылымды қамтиды жеті деңгейін басшылыққа алдық [10]. Олардың әрқайсысына сипаттама беретін болсақ, өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен, әр жас кезеңдеріне байланысты сатылап жүргізілуі қажет.

1. One-event Narrative «Бір оқиғадан тұратын әңгіме» –тек бір әрекетті қамтитын әңгіме. (Үш жаста)

2. Two-event Narrative «Екі оқиғадан тұратын әңгіме» – екі әрекеттен тұратын әңгіме (3-3,5 жас)

3. Miscellaneous Narrative «Аралас әңгіме» – бұл әңгіме, онда аталған оқиғалар жалпы тақырыппен байланысты емес. Бұл 3 жастан 6 жасқа дейінгі барлық балаларда кездеседі.

4. Leap-Frog Narrative «Секіру.» – оқиғалар ортақ тақырыппен байланысты әңгіме, бірақ дәйектілік пен себеп-салдарлық байланыстар бұзылған Мысалы: Бақа туралы әңгіме (4 жас).

5. Chronological Narrative «Хронологиялық әңгіме» – оқиғалар тізбегінен тұрады эмоционалды шыңы, шарықтау шегі жоқ әңгіме. Ол барлық жастағы балаларда кездеседі.

6. End at High Point Narrative «Оқиға шарықтау шегінде аяқталады» - шарықтау шегінде оқиғаның шыңымен аяқталатын әңгіме (5 жастағы) .

7. Classic Narrative «Классикалық тарих» – шарықтау шегінен кейінгі оқиғалар бар әңгіме-оның шешімі және оқиғаның аяқталуы (6 жастан бастап)[10]. Осы бағыттағы жұмыстар мектепке дейінгі ұйымдарда жүргізілді. Сонымен қатар, балалар туғаннан бастап тілдік дағдыларды дамытады, өйткені олар басқалармен қарым-қатынасқа қатысуы жетілген, тіл қолданушылары. Бұл өзара әрекеттесу балаларға тілдің мағынасын, құрылымын және қолданылуын үйретеді, бұл әдетте ауызекі тілде көрінеді. Шамамен 3-4 жастан бастап балалар басқа тілдік форматты — стореллингті қолдана бастайды. Бұл баяндау дағдылары уақыт пен баға бойынша үш себепке байланысты дамиды. Біріншіден, әңгімелеу ауызша сөйлеуді дамытудың пайдалы құралы (Morrow, L. M.) [32]. Екіншіден, нарративтер сауаттылыққа көпір құрайды деп саналады (Hedberg & Westby,) [33] және академиялық табысты болжау ((Bishop & Edmundson) [34]. Үшіншіден, әңгімелер тұжырымды ойлауының дамуымен байланысты (Applebee [35]; Л.С.Выготский) [36].

Біз зерттеу жұмысымызда шетел зерттеушілері Stadler and Ward, Applebee, Stein and Glenndің[11] деңгейлеріне де талдау жасадық. Applebee орталықтандырудың (тақырыпқа назар аударудың) және тізбектегі (оқиғалар тізбегі) маңызды элементтеріне негізделген алты дамушы баяндау деңгейін ұсынды [35]. Бұл деңгейлер 2-ден 6-ға дейінгі жастағы балалардың әңгімелерінің қалай дамитынын түсіну үшін Стан мен Гленннің әңгімесін дамыту моделі ең қолайлы деп саналады [11]. Екі модельде әңгіме грамматикасының элементтеріне және еуропалық әңгімелеу дәстүріне негізделген. Аталған авторлардың әдістемесін негізге алып еліміздегі мектепке дейінгі ұйымдағы 4-6 жас аралығындағы 44

баланың әртүрлі әңгімелерін жинау және зерттеу үшін пилоттық зерттеулер жүргіздік. Он бір баланың әдетте дамуы жеткілікті, ал үшеуіне сөйлеу немесе тілдік бұзылулары бар, қалғандары бір қалыпты деген диагнозы қойылды. Әр бала бір түпнұсқаны айтып берді және оны құрдастарының шағын тобына қайтадан айтып беруі қажет. Содан кейін әрқайсысы басқа түпнұсқаны айтып беруі қажет болды. Бұл әдістемелер бойынша бес деңгейлі бойынша жұмыстар жүргізілді. Ең алғашқысы — таңбалау (Labeling) . Осы кезеңдегі әңгімелер белгілермен және қайталанатын синтаксиспен сипатталады әр түрлі сәтті сипаттайды және әңгімеде байланысты емес ойлары да кездеседі.

Кесте 1

Баланың таңбаны қолдау стратегиясы [11, 35]

Үлгі	Техника
Моделирование модельдеу, сұрақтар, жауаптар	Бала атайды: (суретті көрсету) "мысық".
Ересектер қолдайтын іс-шаралар	Ересек: "иә, ала мысықты бояй ғой "
Дауыстап оқу немесе бірге кітап оқу	баланың заттарды қолымен ұстап сезінуі және таңбалауы үшін ғажайып дорбаны пайдалану. Баладан суреттегі бейнелерді түсіндіруді сұрау
Ересек адамның символикалық ойынға жетекшілігі	ересек адам баланың қызығушылығына жауап ретінде суреттерді атайды және сипаттап береді
Жеке баяндауды құру және ұсыну аудиториясы	мысалы: "бұл кім?"бұл не? Олар не істеп жатыр? деп сұрақ қойып, -өзінің әңгімесін құруды ұсыну
	"Me Bag" жобасын қолдану (Догерти) – балалар ата-аналардың көмегімен таңдалған заттарды әкеледі. Бұл жеке үшін оқиға құруда мнемотехниканы қолдану

Эксперимент нәтижесінде 5 жастағы Таңшолпанның әңгімесінен үзінді. Мысық пен қыздың гүлдерді суаруы бейнеленген суреттегі оқиға Таңшолпанды шабыттандырды. Мысық, арасында «ара» және «қыз» деген сөздерді қосты. Демонстрациялық есімдіктерді қайта-қайта қолданды (бұл, мұнда) «Жоқ, бұл менің мысығым емес. Бұл менің мысығым. Бұл оның мысығы. Бұл ара. Қыз гүлді сурады».

Листинг (Listing) ***екінші деңгей-тізім*** құру. Осы кезеңдегі әңгімелер қабылдау атрибуттарының тақырыпты ашатын кейіпкерлердің әрекеттері немесе сөздері. Бұл оқиға заттардың, кейіпкерлердің әрекеттерінің тізімі алдын-ала берілгенімен, олардың арасындағы уақытша немесе себеп-салдарлық байланыстарсыз тізім түрінде айтылады. Бұл деңгейде Әлим бұл оқиғаны фотосуреттен айтты. Өйткені ол таңбаларды белгілеп қана қоймай, кейіпкерлердің әрекеттерін тізімдеу үшін етістіктерді және заттарды логикалық байланыстыру үшін жалғауларды қолданды.

Кесте 2

Тізімін құру, өзараәрекеттесуді қолдау стратегиясы (Listing) [11, 35]

Үлгі	Техника
Моделирование, сұрақтар, жауаптар	Жабық сұрақтар қойыңыз 'хайуанаттар бағында не көрдің?'және ашық сұрақтар'хайуанаттар бағына сапарың туралы айтшы'. Жеке әңгімелердегі әрекеттердің үлгі тізімі.
Ересектер қодайтын іс-шаралар	Күннің соңында ақпараттық бюллетень жасау үшін балалар сөздерін пайдаланып оқиғаларды шолу.
Дауыстап оқу немесе бірге кітап оқу	Әр түрлі жанрдағы тақырыптық кітаптарды оқу. Кейіпкерлердің сипаттамаларын балалардың тәжірибесімен байланыстыру үшін сұрақтар қою, мысалы: "кемпірқосақ балығын" не ерекше етті? Сен қандай нәрселермен бөлісес?' (The Rainbow Fish, Pfister, 1992).
Ересек адамның символикалық ойынға жетекшілігі	Мейрамханасының сөздігі", «аш», "мәзір", "салат" және "гамбургер" сияқты байланысты нысандар мен ұғымдарды топтастыруға шақыру. Педагог сөздікті қолдануды модельдейді
Жеке баяндауды құру және ұсыну аудиториясы	«Бақа" жобасын жүзеге асыру-демалыс күндері үйге ата-аналарына арналған жазбасы бар. Жұмсақ бақа жіберіледі, онда олар бақаның шытырман оқиғаларының сипаттамасын жазуды сұрайды. Содан кейін бала «Бақаның басынан кешкендері орталық кейіпкер болатын оқиғаны айтады

Мысалы, Ибрагимнің (5 жасар). «Шахмат» деген тақырыпта әңгімесінен үзінді келтірейік. «Шахматқа келетін балалар. Оларға шахмат ойнауды үйретететін тренер бар. Содан кейін оны үйретеді. Олар тыңдамайды, өйткені ол кісі сызғанды көрсетеді. Оған телефон соқты. Кетіп қалды. Ол кісі су ішеді. Олар өздерінің шахмат ойынын ойнайды. Мен жеңдім және сонымен бітті» деп аяқтады. Кейбір жерлерінде байланыс болмайды. Сондықтан келесі кезеңге көшеміз. Байланыс – бұл біздің үшінші кезеңіміз. Осы деңгейдегі әңгімелер байланысты кейіпкерлерді немесе оқиғаларды байланыстыратын кейіпкерлердің әрекеттерімен ортақ тақырыпты ұсыну.

Кесте 3

Байланыстыруды қолдау стратегиялары (Connecting) [11, 35]

Үлгі	Техника
Модельдеу, сұрақтар және диалог	балаларға үй жануарлары немесе қиялдағы үй жануарлары туралы әңгімелер айтуды ұсыну. Балаларды үй жануарларына ынталандыру үшін сұрақтар қойылады. Мысалы: "үй жануарының қандай пайдасы бар?"
Ересектерге арналған іс-шаралар	балалардың әңгімелерін жазбаша түрде жазатын" әңгіме жазатын адамды тағайындау. Ермексаздан кейіпкерлер мен реквизиттер жасау.

Дауыстап оқу немесе бірге кітап оқу	кейіпкерлерді оқиғалармен байланыстыру үшін сұрақтар қою керек, мысалы: "Неге ұя жасайды сонша жағымсыз нәрселер? "(Шулы шұңқыр , Уэллс)
Символдық ойынға жетешілік	миниатюралық заттарды сындарлы ойын аймағына қосу
Жеке баяндау және аудиторияға ұсыну	"сөйлесу уақыты" кестесін беру (Селман): педагог балалармен бірге тамақ ішіп отырғанда тақырыпты ұсынады және әр балаға өз үлесін қосуды ұсынады. Ересек адам балалардың әрекетін кеңейтеді және байланыстырады.

Диллияның әңгімесінен «Менің үйімнің жанында бақшам бар. Ал, менің итім бар. Ал менің әкем оны бақшаға шығарады. Бізде кішкентай қызғылт гүлдер бар. Ал, менің ата-әжелерім бізге келді. Бір күні олар гүлді қарайтын болды. Содан кейін біз қызыл гүлдерді көрдік, олар гүлдеді. Ал, эм.., эм.., менің анам әрқашан бақшаға барады. Ол суару ыдысын алып, оларды өсіру үшін суарады. Олар тек көктемде өседі, бірақ жиі емес деп аяқтады. Кейбір жерлерінде байланыс, әрекеттерінде бірізділік болмайды. Сондықтан келесі кезеңге көшеміз.

Кесте 4

Әрекеттердің бірізділігін қолдау стратегиялары (Sequencing) [11, 35]

Үлгі	Техника
Модельдеу, сұрақтар және диалог	Себептері мен салдары туралы сұрақтар қойыңыз: 'неліктен шынжыр табан соншалықты аш болды?'("The Very Hungry Caterpillar", Карл, 1969) әрекеттер тізбегі туралы сұрақтар қойыңыз 'әрі қарай не болғанын айтыңыз'. Құрдастарыңыздың кейіпкерлердің әрекеттерін талқылауын ынталандырыңыз.
Ересектерге арналған іс-шаралар	Сурет салу немесе штамптау сияқты кинестетикалық әрекеттерді ынталандырыңыз.
Дауыстап оқу немесе бірге кітап оқу	Кейіпкерлері бар жинақталған кітаптармен бөлісіңіз ("қайықты кім суға батырды?", Аллен, 1996) және айналмалы әңгімелер ("егер сіз тышқанға печенье берсеңіз", Нумерофф, 1985).
Символдық ойынға жетешілік	"Келесі не болады?" сияқты миниатюралық заттарды қолданыңыз.'
Жеке баяндау және аудиторияға ұсыну	Қолмен жасалған, жиналған немесе зерттелген заттарды көрсетуге және айтуға шақырыңыз. "Қашан, неге, қалай" деген сұрақтар қойыңыз.

Даниял,6 жаста, әрекеттер тізбегі бала уақыт тізбегін, себебі мен салдарын дәйекті түрде дұрыс пайдалануды үйренгеннен кейін, ол бірізділікке көшті Әңгімесінде "қашан" және "неге" деген сұрақтарға жауап береді. Өйткені оларда әдетте "бірақ" немесе


"себебі"сияқты сөздерді де қолданды. Ол қарындасының туған күнінен фотосуреттерді көрсетеді. Ветеринардың және мысықтың әрекеттерін байланыстырып қана қоймайды, сонымен қатар олардың эпизодтарын уақытқа байланысты айтады. Мысықтың алдыңғы тырнақтары неге жоқ екенін айтады. Туған күнімде мен мысығымды қолымда ұстадым. Содан кейін анам оны ұстап тұрған ағаммен суретке түсті. Мен оның басын ұстадым. Бұл менің үлкен әпкемнің мысығы еді. Оның есімі Қарабас. Бірақ оның алдыңғы тырнақтары жоқ. Ол өте кішкентай, өйткені Айдана оны дәрігерге апарды. Содан кейін дәрігер оның барлық тырнақтарын кесіп тастады. Бірақ бұл бізге зиян тигізген жоқ. Аталған төрт деңгей келесі кезеңге негіз болдаы.

Кесте 5

Наративтілігін қолдау стратегиясы [11, 35]

Үлгі	Техника
Моделирование, сұрақтар, жауаптар	Педагог қуыршақтар, заттар немесе сюжеттік ойыншықтар арқылы әңгімелер айтып, оқиға элементтерін көрсетеді.
Ересектерге арналған іс-шаралар	Тыңдау кезінде балалар әңгімелерге суреттер салады. Болжам жасау үшін сұрақтарды пайдалану. Подноска оқиға элементтерін бейнелейтін кішкентай көлемді заттарды орналастыру. Графикалық карталар-әңгімелер жасау. Сөзі жоқ суретті кітаптарды пайдалану. Оқиғаның басталуын қамтамасыз ету. Ұйымдастырылған әрекет туралы әңгімелер жазу.
Дауыстап оқу немесе бірге кітап оқу	Ертегілерді болжамдылықпен, уақыт тізбегімен және себеп/салдармен оқып беру.
Ересек адамның символикалық ойынға жетекшілігі	топта дауыстап оқылған оқиғаларды ойнау үшін драмалық ойын аймағында реквизиттер беру
Жеке баяндауды құру және ұсыну аудиториясы	демалыс, маусымдық іс-шаралар немесе топтық сапар сияқты жеке тәжірибелерден әңгімелер айтуға шақыру, оларды жұпта, шағын топтарда немесе шеңберге бөлуге болады

Бұл деңгей алдыңғы деңгейдің барлық компоненттерін қамтиды, сондай-ақ сюжеттер мақсатқа жетуді жоспарлау болады. Тыңдаушы енді оқиғаның басынан бастап аяқталуын болжай алады. Біз бұл деңгейдің оқиғаны айтуда, құрастыруда қажет етеді деп тұжырымдадық. Себебі бұл балалар өздерінің әңгімелерін дамыту процесінде шығармашылық дағдылары қалыптасқандығын көрсетті. Бұл балалардың ертегіні өздері құрастыруы жатады. Мысалы: «Золушка» ертегігісін қазіргі заманға лайықты етіп құрастырып, бірнеше сериялы әңгіме құрастыра алады. Мысалы: «Золушкаға кіндік шешесі тігін ательесіне көйлек тапсырыс береді. Оны сағат 12 ден кешіктірмеу үшін тасымалдаушы арқылы алдырады» деген әңгімесінен үзінді келтіріп отырмыз. Аталған тәжірибелер мектепке дейінгі балалардың нарративтік қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлеуге төселдіруде болжам жасауға мүмкіндік береді. Атап айтсақ, әңгімелерді қайталауға және оларды өз оқиғаларына үлгі ретінде пайдалануға жақсы бейімделген.



Сурет 2. Балалардың нарративтік қабілетін дамыту арқылы байланыстырып сөйлеу деңгейі (эксперименттен кейін % есебімен)

Диаграммадағы сандық көрсеткіштер мектеп жасына дейінгі балалардың әңгімелері тілді дамыту үшін әңгіме айтудың маңыздылығы туралы сенімімізді растады. Бұл тәжірибе сонымен қатар стратегияларының тиімділігін мектепке дейінгі түпнұсқа және қайталанған әңгімелер ретінде бағалауға көмектесті. Біз әртүрлі стратегияларды қолдануға болады деп санаймыз.

Қорытынды

Педагогтер балалардың даму қажеттіліктерін тану және әртүрлі стратегиялар жиынтығы арқылы қызығушылықтарын қанағаттандыру арқылы ауызша әңгімелеу дағдыларын дамыта алады. Біз зерттеу нәтижесімізден мектеп жасына дейінгі кезеңде балалардың нарративтік қабілетін дамытуда, байланыстырып сөйлеуге үйретуде бес кезеңді [23] қолдануды ұсынамыз: Таңбалау, тізбектеу, байланыстыру, бірізділік және баяндау (нарратив). Бала екі немесе тіпті үш деңгейді көрсететін әңгімелер айтылуы мүмкін Мысалы, А есімді бала әңгімелерінің көпшілігі 4 жасында таңбаланған немесе тізімделген. 5 жасқа қарай олар негізінен байланыс деңгейінде әңгіме құра алды. Бірақ баланың нарративтін дамытуда педагогикалық басшылық ету маңызды. Ол үшін әңгімелерді, ертегілерді жиі қайталау, дауыстап оқу, ол туралы сурет салу, жұптық кейіпкерлер мен сюжеттер туралы пікірталас құру, оны педагогтың жазып отыруы, кітап етіп шығаруы, диалог және талқылау арқылы баяндауды ынталандырады. Қимыл-қозғалыстар, театрландыру, символдық ойынға жетекшілік ету және аудиторияға жеке баяндауын ұйымдастыру, тіпті микрофонға жазып алып, басқаларға, өзіне тыңдату қажет.

Сонымен, балалардың байланыстырып сөйлеуін, оқиғаларды баяндауын дамыту барлық мектепке дейінгі кезең үшін маңызды, ал педагогтер әңгімелердің қалай дамитынын, балалар әңгімелейтін оқиғаның қай деңгейінде және оқиға желісін қалай құру керектігін білгенде жоғары деңгейде сөйлеу, жеке тәжірибеге сүйену ауызша әңгімелеу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Қарым-қатынас, ойын тұжырымдауға, мектептегі оқуға тез бейімделуге ықпал ететі деп түйіндейміз. Бүгінгі күні "Сөйлеуді дамыту" аясында, бір жағынан режиссерлік және рөлдік ойында және сурет салумен бірге пайда болатын балалар әңгімелері еленбейді, ал екінші жағынан, әңгіме құрылымына баса назар аударылады, бірақ оның шығармашылық аспектілеріне көңіл бөлінбейді. Мұндай елемеу, болашақтағы мектепке барғанда жазбаша сөйлеуді игеру кезінде туындайтын қиындықтардың себептерінің бірі болуы мүмкін.

Алғыс. Бұл мақала Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті 2023-2025 жылдары жүргізілетін AP19677736 ««Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру шеңберінде дайындалды.

Авторлардың қосқан үлесі

Жиенбаева Сайра Нагашибаевна – жоба жетекшісі ретінде зерттеудің теориялық негізін құруда тұжырымдауға, логикасын құруда елеулі үлес қосып, жұмыстың теориялық және эксперименттік бағытын анықтады. Соңғы нұсқасын бекітті.

Оңланбекова Гульшат Оңланбекқызы – ақпарат жинаумен айналысып, мектепке дейінгі ұйымдарда эксперимент жұмыстарын жүргізіп, нәтижелерін талдады.

Сагалиева Жанар Каукербековна – әрбір деңгей бойынша ақпарат жинауға үлес қосты, алынған өнімдерді өңдеу жұмыстарын жүргізді.

Стыбаева Айгул Шилдебаевна – мақаланың мазмұнын қайта қарап, әрбір бөлімді рәсімдеуде, техникалық жағынан талапқа сәйкестендіру жұмыстарын орындады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы. [Электрондық ресурс] – URL: P_137_150321_kaz.docx (live.com) (жүгінген күні: 07.05.2024).

2. Juan, Stephen. The Odd Brain: Mysteries of Our Weird and Wonderful Brain Explained. – Riverside, NJ: Andrews McMeel Publishing. – 2011. – 313 p.

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. [Электрондық ресурс] – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031 (жүгінген күні: 07.05.2024).

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы

12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы. [Электрондық ресурс] – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030183 (жүгінген күні: 07.05.2024).

5. Collins, J. Some problems and purposes of narrative analysis in educational research // Journal of Education. – 1985. – Vol.167(1). – P. 57–70.

6. Labov W., Waletzky J. Narrative analysis: Oral versions of personal experience. Essays on the Verbal and Visual Arts. – Seattle, London: University of Washington Press. – 1967. – 44 p.

7. Baldwin C. The Narrative Dispossession of People Living with Dementia. –Huddersfield, England: University of Huddersfield. – 2006. – 109 p.

8. Шиян О.А. Детские нарративы как возможный ресурс развития диалектического мышления старших дошкольников // Современное дошкольное образование. – 2018. – №6(88). – С. 11–27.

9. Pramling N, Pramling I.S. Educational encounters: Nordic studies in early childhood didactics. – ed. Springer. – 2011. – 257 p.

10. Nelson K., Fivush R. The emergence of autobiographical memory: A social cultural developmental theory // Psychological Review. – 2004. – № 111. – P. 486–511.

11. Stein, N. L., & Glenn, C. An analysis of story comprehen sion in elementary school children. – Norwood: Ablex. – 1979. – 120 p.

12. Jalongo, M. R. Early childhood language arts. – NY: Allyn & Bacon. – 2003. – 354 p.

13. McCabe A. Cultural background and storytelling: A review and implications for schooling // The Elementary School Journal. – 1997. – Vol. 97(5). – P. 453–473.

14. Morrow, L. M. Retelling stories: A strategy for improving young children's comprehension, concept of story structure, and oral language complexity // The Elementary School Journal. –1985. – Vol. 85(5). – P. 647–661.

15. Веракса Н.Е., Дьяченко О.М. Способы регуляции поведения у детей дошкольного воз раста // Вопросы психологии. – 1996. – №3. – С. 14–27.

16. Шиян И.Б. Учимся рассказывать истории // Современное дошкольное образование. Теория и практика. – 2008. – №2. – С. 25–32.

17. Юрьева Н.М. Проблемы речевого онтогенеза: Производное слово. Диалог. – Москва: Акад. гуманитарных исслед. – 2006. – 488 с.

18. Ощепкова Е.С. Особенности построения нарративов у детей в билингвальной среде // Полилингвиальность и транскультурные практики. – 2022. – № 19 (1). – С. 6–18.

19. Баймұратова Б.Б Мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу қабілетін дамыту. – Алматы : Рауан. – 1990. – 144 б.

20. Бакраденова А.Б. Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Эверо. – 2017. – 153 б.

21. Метербаева К.М. Мектеп жасына дейінгі балаларды байланыстырып сөйлеуге қалыптастыру әдістемесі. – Алматы: Қыздар университеті басп. – 2013. – 95 б.

22. Аманов А. Ш. Түркітілдес билингв-оқушылардың орыс тіліндегі ауызекі сөйлеу нарративті дағдыларының дамуы: Аннотация дисс. ...фил.док. – Алматы, 2023. – 5 б. [Электрондық ресурс] – URL: Аннотация Аманов А.Ш..pdf (kaznu.kz) (жүгінген күні: 07.05.2024).

23. McCabe A., Peterson C. What Makes a Good Story // Journal of Psycholinguistic Research. – 1984. – Vol 13. – P. 457 -480.

24. Cain K. Text comprehension and its relation to coherence and cohesion in children's fic tional narratives // British Journal of Developmental Psychology. –2003. –Vol. 21. –P. 335–351.

25. O'Neill D.K., Pearce M.J., Jeniffer P.L. Preschool children's narratives and performance on the Peabody Individualized Achievement Test – Revised: Evidence of a relation between early narrative and later mathematical ability // First Language. –2004. – Vol. 24(2). – P. 149–183.

26. Allen, P. Who sank the boat. – New York: Putnam Publishing Group. – 1996. – 36 p.

27. McCabe A., Rollins P. Assessment of preschool narrative skills // American Journal of Speech-Language Pathology. – 1994. – Vol. 3(1). – P. 45-56

28. Трифонова Е.В. Режиссерские игры до школьников. – Москва: Ирис-пресс. – 2011. – 514 с.

29. Ушакова О.С. Развитие речи дошкольников. – Москва: Институт психотерапии. – 2001. – 256 с

30. Запуниди А.А. Роль изобразительной деятельности в развитии функции речи у де тей дошкольного возраста: автореф. дис. ... канд. психол. наук. – Москва, 2014. – 35 с.

31. Пропп В.Я. Морфология волшебной сказки. – Москва: Лабиринт. – 2001. – 144 с.

32. Morrow, L. M. Retelling stories: A strategy for improving young children's comprehension, concept of story structure, and oral language complexity // The Elementary School Journal. – 1985. – Vol. 85(5). – P. 647–661.

33. Hedberg, N. L., & Westby, C. E. Analyzing storytelling skills: Theory to practice. – Tucson, AZ: Communication Skill Builders. – 1993. – 340 p.

34. Bishop, D. V. M., & Edmundson, A. Language impaired 4-year-olds: Distinguishing transient from persistent impair ment // Journal of Speech and Hearing Disorders. – 1987. – Vol.52. – P. 156–173.

35. Applebee, A. The child's concept of story. – Chicago: University of Chicago Press. –1987. – 209 p.

36. Выготский, Л. С. История развития высших психических функций. –Москва : Издательство Юрайт. – 2024. – 336 с.

С.Н.Жиенбаева*[1], Г.О.Онланбекова[2], Ж.К. Сагалиева[2], А.Ш. Стыбаева[1]

[1]Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

[2]Институт развития раннего детства, Астана, Казахстан

Возможности развития связной речи дошкольников через нарративные способности

Аннотация. Данная статья посвящена изучению сущности, теоретических основ и методов развития нарративной способности в связной речи у дошкольников. Оно направлено на определение особенностей нарративов у дошкольников, его этапов развития, уровней и эффективности в развитии детской речи. Основная цель нашего исследования – проанализировать теоретические основы развития связной речи дошкольников посредством нарратива и определить основные преимущества ее методики. Для этого текущее состояние данного вопроса было изучено на теоретической основе, а также были проанализированы нормативно-правовые акты и научные труды, направленные на развитие детской речи в стране. В рамках данной статьи был проведен анализ работ зарубежных ученых о детском нарративе, и их основные выводы послужили основой для выявления актуальных проблем и определения направлений

развития нашего исследования. В нашем исследовании, используя методику Н. Е. Веракса и О.М. Дьяченко «Методы регуляции поведения дошкольников», а также метод Маккейба «Создание рассказа», мы наблюдали уровень способности у детей создавать детские рассказы и определяли у них доэкспериментальный этап. Мы провели эксперимент по формированию детских рассказов, руководствуясь семью уровнями развития детских рассказов , каждый из которых содержит определенную структуру. В целях усиления данной методики мы в своих экспериментах применили уровни Stadler and Ward, Applebee, Stein and Glennes, эффективность которых доказана в зарубежной практике. В результате была доказана эффективность уровней символизирования, цепочки, связывания и нарратива в построении детских рассказов.

Ключевые слова: нарратив, связная речь, дошкольники, причинно-следственные связи, уровни, построение рассказа, символы.

S.N. Zhienbayeva*[1], G.O.Onlanbekova[2], J.K. Sagalieva[2], A.Sh. Stybayeva[1]

[1] L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

[2]Institute of Development of the Russian Academy of Sciences, Astana, Kazakhstan

Possibilities for the development of coherent speech in preschoolers through narrative

Abstract. This article is devoted to the study of the essence, theoretical foundations and methods of developing narrative ability in coherent speech in preschool children. It is aimed at determining the characteristics of narratives in preschool children, the stages of their development, the level and effectiveness in the development of children's speech. The main goal of our study is to analyze the theoretical foundations of the development of coherent speech in preschoolers through storytelling and determine the main advantages of this method. The current state of this issue was studied on a theoretical basis, and regulations and scientific works aimed at the development of children's speech in the country were analyzed. Within the framework of this article, an analysis of the works of foreign scientists on children's narrative was carried out, and their main conclusions served as the basis for identifying current problems and determining directions for the development of our research. In our study, using the methodology of N. E. Veraks and O. M. Dyachenko “Methods for regulating the behavior of preschool children,” as well as McCabe’s method “Creating a story,” we observed the level of children’s ability to create children’s stories and determined their pre-experimental stage. We conducted an experiment on the formation of children's stories, guided by seven levels of children's story development, each of which contains a specific structure. In order to strengthen this technique, in our experiments we used Stadler and Ward, Applebee, Stein and Glennes levels, the effectiveness of which has been proven in foreign practice. As a result, the effectiveness of the levels of symbolization, chaining, linking and narrative in the construction of children's stories was proven.

Keywords: narrative, coherent speech, preschoolers, eiisates, cause-and-effect relationships, levels, storytelling.

References

1. Mektepke dejingi tarbieleu men okytudy damytu modelin bekity turaly . Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2021 zhulgy 15 nauryzdagy № 137 kaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 15, 2021 No. 137 on approval of the model for the development of preschool education and training]. [Electronic resource] – Available at: P_137_150321_kaz.docx (live.com) (accessed: 07.05.2024). [in Kazakh]

2. Juan, Stephen. The Odd Brain: Mysteries of Our Weird and Wonderful Brain Explained (Andrews McMeel Publ., Riverside, NJ, 2011, 313 p.).

3. Mektepke dejingi tarbie men oқytudyn, bastauysh, negizgi orta, zhalpy orta, tehnikalyk zhane kəsiptik, orta bilimnen kejingi bilim berudin memlekettik zhalpyga mindetti standarttaryn bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Oku-agartu ministrinin 2022 zhylgy 3 tamyzdagy № 348 bujrygy [Order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated August 3, 2022 No. 348 on approval of State mandatory standards of preschool education and training, primary, basic secondary, general secondary, technical and professional, post-secondary education]. [Electronic resource] – Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031(accessed: 07.05.2024). [in Kazakh]

4. Mektepke dejingi tarbie men oқytudyn ulgilik oku bagdarlamalaryn bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Bilim zhane gylym ministrinin mindetin atkarushynyn 2016 zhylgy 12 tamyzdagy № 499 bujrygyna ozgerister engizu turaly Kazakstan Respublikasy Oku-agartu ministrinin 2022 zhylgy 14 kazandagy № 422 bujrygy [Order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated October 14, 2022 No. 422 on amendments to the order of the Acting Minister of Education and science of the Republic of Kazakhstan dated August 12, 2016 No. 499" on approval of standard curricula of preschool education and training"]. [Electronic resource] – Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030183 (accessed: 07.05.2024). [in Kazakh]

5. Collins, J. Some problems and purposes of narrative analysis in educational research, Journal of Education, 167(1), 57–70 (1985).

6. Labov W., Waletzky J. Narrative analysis: Oral versions of personal experience. Essays on the Verbal and Visual Arts (University of Washington Press., Seattle, London, 1967, 44 p).

7. Baldwin C. The Narrative Dispossession of People Living with Dementia (University of Huddersfield, Huddersfield, England, 2006, 109 p.).

8. Shiyan O.A. Detskie narrativy kak vozmozhnyj resurs razvitiya dialekticheskogo myshleniya starshih doshkolnikov [Children's narratives as a possible resource for the development of dialectical thinking of older preschoolers], Sovremennoe doshkolnoe obrazovanie [Modern preschool education], 6(88), 11–27 (2018). [in Russian]

9. Pramling N, Pramling I.S. Educational encounters: Nordic studies in early childhood didactics (Springer, 2011, 257 p.).

10. Nelson K., Fivush R. The emergence of autobiographical memory: A social cultural developmental theory, Psychological Review. 111, 486–511 (2004).

11. Stein, N. L., & Glenn, C. An analysis of story comprehen sion in elementary school children. (Ablex, Norwood, 1979, 120 p.).

12. Jalongo, M. R. Early childhood language arts (Allyn & Bacon, NY, 2003, 354 p.).

13. McCabe A. Cultural background and storytelling: A review and implications for schooling, The Elementary School Journal, 97(5), 453–473 (1997).

14. Morrow, L. M. Retelling stories: A strategy for improving young children's comprehension, concept of story structure, and oral language complexity, The Elementary School Journal, 85(5), 647–661 (1985).

15. Veraksa N.E., Dyachenko O.M. Sposoby regulyacii povedeniya u detej doshkolnogo voz rasta [Methods of regulating behavior in preschool children], Voprosy psihologii [Questions of psychology], 3, 14–27(1996). [in Russian]

16. Shiyan I.B. Uchimsya rasskazyvat istorii [Learning to tell stories], Sovremennoe doshkolnoe obrazovanie. Teoriya i praktika [Modern preschool education. Theory and practice], 2, 25-32 (2008). [in Russian]

17. Yureva N.M. Problemy rechevogo ontogeneza: Proizvodnoe slovo. Dialog [Problems of speech ontogenesis: A derivative word. Dialogue] (Akad. humanitarian studies, Moscow, 2006, 488p.]. [in Russian]

18. Oshchepkova E.S. Osobennosti postroeniya narrativov u detej v bilingval'noj srede [Features of constructing narratives in children in a bilingual environment], Polilingvial'nost' i transkul'turnye praktiki [Polylinguality and Transcultural Practices],19 (1), 6–18 (2022). [in Russian]

19. Bajmuratova B.B Mektepke dejingi zhastagy balalardyn sojleu kabiletin damytu [Development of speech in preschool children] (Rauan, Almaty, 1990, 144 p.). [in Kazakh]

20. Bakradenova A.B. Mektep zhasyna dejingi balalar tilin damytu teoriyasy men adistemesi [Theory and methods of language development of preschool children] (Evero, Almaty, 2019, 153 p.). [in Kazakh]

21. Meterbaeva K.M. Mektep zhasyna dejingi balalardy bajlanystyryp sojleuge kalyptastyru adistemesi [The methodology for the formation of preschool children into connected speech] (Women's University, Almaty, 2013, 95 p.). [in Kazakh]

22. Amanov A. Sh. Turkitildes bilingv-okushylardyn orys tilindegi auyzeki sojleu narrativti dagdylarynyn damuy [Turkic-speaking bilingv is the development of students ' narrative skills of colloquial speech in Russian] (Almaty, 2023, 5 p.). [Electronic resource] – Available at: Аннотация Аманов А.Ш..pdf (kaznu.kz) (accessed: 07.05.2024). [in Kazakh]

23. McCabe A., Peterson C. What Makes a Good Story, Journal of Psycholinguistic Research, 13, 457–480 (1984).

24. Cain K. Text comprehension and its relation to coherence and cohesion in children's fic tional narratives, British Journal of Developmental Psychology, 21, 335–351 (2003).

25. O'Neill D.K., Pearce M.J., Jeniffer P.L. Preschool children's narratives and performance on the Peabody Individualized Achievement Test – Revised: Evidence of a relation between early narrative and later mathematical ability, First Language, 24(2), 149–183(2004).

26. Allen, P. Who sank the boat (Putnam Publishing Group, NY, 1996, 36 p.).

27. McCabe A., Rollins P. Assessment of preschool narrative skills, American Journal of Speech-Language Pathology, 3(1), 45-56 (1994).

28. Trifonova E.V. Rezhisserskie igry doshkolnikov [Director's games for preschoolers] (Iris-press, M., 2011, 514 p.) [in Russian]

29. Ushakova O.S. Razvitie rechi doshkolnikov [Speech development of preschoolers] (House of the Institute of Psychotherapy,M., 2001, 256 p.]. [in Russian]

30. Zapunidi A.A. Rol izobrazitelnoj deyatelnosti v razvitii funkcii rechi u detej doshkolnogo vozrasta [The role of visual activity in the development of speech function in preschool children] (Moscow, 2014, 35p.). [in Russian]

31. Propp V.Ya. Morfologiya volsheb noj skazki [The morphology of a fairy tale] (Labirint, M., 2001, 144 p.]. [in Russian]

32. Morrow, L. M. Retelling stories: A strategy for improving young children's comprehension, concept of story structure, and oral language complexity, The Elementary School Journal, 85(5), 647–661(1985).

33. Hedberg, N. L., & Westby, C. E. Analyzing storytelling skills: Theory to practice (Communication Skill Builders, Tucson, AZ., 1993, 340 p.)

34. Bishop, D. V. M., & Edmundson, A. Language impaired 4-year-olds: Distinguishing transient from persistent impair ment, Journal of Speech and Hearing Disorders, 52, 156–173(1987).

35. Applebee, A. The child's concept of story (University of Chicago Press., Chicago, 1978, 209 p.).

36. Vygotskij, L. S. Istoriya razvitiya vysshih psihicheskih funkcij [The history of the development of higher mental functions] (Yurayt Publishing House, M., 2024, 336 p.). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Жиенбаева С.Н. **–** Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «педагогика» кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Г.О.Онланбекова **–** Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Балаларды ерте дамыту институтының директоры, Астана, Қазақстан.

Ж.К. Сагалиева **–** Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Балаларды ерте дамыту институтының ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, Астана, Қазақстан.

А.Ш. Стыбаева **–** Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, «педагогика» кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Сведения об авторах:

С. Н. Жиенбаева **–** доктор педагогических наук, профессор кафедры «Педагогика», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Г.О.Онланбекова **–** кандидат педагогических наук, доцент, директор Института раннего развития детей Министерства просвещения Республики Казахстан, Астана, Казахстан.

Ж.К. Сагалиева **–** кандидат педагогических наук, доцент, руководитель научно-исследовательского центра Института раннего развития ребенка Министерства просвещения Республики Казахстан, Астана, Казахстан.

А.Ш. Стыбаева **–** кандидат педагогических наук, доцент кафедры «Педагогика», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Information about authors:

Zhienbayeva S.N. **–** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Department of «Pedagogy», L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Onlanbekova G.O. **–** Candidate's degree in Pedagogical sciences, of associate Professor, Director of the Institute of Early Childhood Development of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Astana.

Sagalieva J.K. **–** Candidate of Pedagogical Sciences, docent, head of the Scientific and Pedagogical Research Center, "Institute of Early Childhood Development" of the Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.

Stybayeva A.Sh. **–** Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of pedagogics, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN: 2616-6895. eISSN: 2663-2497

ПЕДАГОГИКА СЕРИЯСЫ/
PEDAGOGY SERIES / СЕРИЯ ПЕДАГОГИКА

МРНТИ 14.35.09
Тип статьи: научная статья

DOI: https://doi.org//10.32523/2616-6895-2024-147-2-337-354

Индуктивный метод при развитии грамматических навыков: эффективен или нуждается в комбинировании?

Т.Ю. Кабуш, О.Н. Сорокина

НАО «Медицинский университет Караганды», Караганда, Казахстан

(E-mail: tanya.kabush@mail.ru, olga_sorokina0101@mail.ru)

Целью данной работы является определение уровня знаний деканов, заведующих кафедрами и директоров департаментов в Кыргызстане и Казахстане, что такое педагогическая толерантность, какими качествами необходимо овладеть руководителю образовательной организации для создания комфортной атмосферы для образовательной деятельности.

Ключевые слова: толерантность, педагогическая толерантность, руководители образовательных организаций, деканы, заведующие кафедрами, директора департаментов, формирование и развитие толерантности, Декларация принципов толерантности, Международный документ ООН, феномен толерантности.

Поступила: 16.02.2024; Доработана: 23.05.2024; Одобрена: 10.06.2024; Доступна онлайн: 29.06.2024

Введение

В современном обществе в условиях процессов глобализации и интеграции происходят процессы дифференциации и самоидентификации, что иногда приводит к конфликтам и столкновениям. Образование как социальный институт реагирует на актуальные жизненные процессы нынешнего общества. Оно содействует интеграции и ассимиляции культур, а также ставит перед собой задачи самосохранения и разрешения важных вопросов в условиях глобализации. Образование является той основой, на которой базируется развитие всей современной мировой культуры. Поэтому построение образования на традиционных познавательных установках, не допускающих компромиссов, является первоочередной задачей образования.

Существующая ситуация в Казахстане отчетливо демонстрирует необходимость для развивающегося общества наличия образованных, нравственных и мобильных личностей, способных принимать самостоятельные решения в различных обстоятельствах. Они должны быть готовы к сотрудничеству, обладать предприимчивостью и динамизмом, проявлять конструктивный подход, быть открытыми к межкультурному взаимодействию, а также чувствовать ответственность за будущее страны. Система образования Республики Казахстан должна формировать личности, способные не только жить в гражданском обществе и в соответствии с принципами законности, но и создавать и улучшать его. Глобализация и интеграция образования являются решающими условиями формирования системы современных социально значимых ценностей и социальных установок. Укрепление принципов толерантности в университете, создание убеждения в его значимости, воспитание у студентов уважительного отношения к друг другу и акцентирование внимания на феномене толерантности как основной ценности общества.

За время независимости в Казахстане была установлена целостная система межнациональных отношений, объединяющая элементы общегражданского сознания, традиционных ценностей казахской элиты и национальной идентичности других этнических групп. В рамках многонационального общества создание модели межнациональной интеграции представляет собой сложную задачу. Целью является обеспечение новых возможностей для всех этнических групп в осуществлении своих прав без чувства отчуждения от общественной жизни. Многонациональный состав государств может стать проверкой их преданности демократическим ценностям. Крупные государства с развитой демократией обладают ресурсами для удовлетворения потребностей различных этнических групп, в то время как в странах на стадии транзита возможности адаптации ограничены, что может не располагают ресурсами для удовлетворения потребностей разнообразных этнических сообществ.

Как показывает мировая история, межкультурные взаимодействия между народами происходили еще в древние времена. Страны Центральной Азии, такие, как Кыргызстан и Казахстан, имеют общие точки соприкосновения в истории. Шелковый путь являлся связующим звеном в сфере экономики и политики. Исследования показывают, что еще в III веке до нашей эры на Шелковом пути уже происходил обмен такими товарами, как шелк, фарфор, чай. Сегодня часто поднимается вопрос о возрождении Шелкового пути,

который должен укрепить межкультурные контакты, взаимное влияние образа жизни и языков народов Центральной Азии и Китая. Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев: «поздравив собеседника с успешным проведением форума «Один пояс, один путь», отметил, что идея о возрождении Великого Шелкового пути получила поддержку международного сообщества и доказала свою состоятельность» [1].

В области педагогики толерантность рассматривается как важное качество личности, проявляющееся в уважительном отношении к другим. Это своего рода внутренняя опора, укрепляющая личность, и одновременно фактор, необходимый для гармоничного сосуществования в обществе. Различные педагогические системы отражают принципы толерантности [2]. Например, это ключевое понятие в социальной педагогике, педагогике сотрудничества и инклюзивной педагогике. Многие ученые, такие, как В.Ф. Шаталов, Е.И. Ильин, С.И. Лысенкова, Ш. Амонашвили, подчеркивают важность обращения к внутреннему миру воспитанника, его чувствам и переживаниям. В европейской педагогике Ж.Ж. Руссо, Я. Корчак, К. Роджерс, Э. Бернс уделяли особое внимание взаимодействию и сотрудничеству. Также в Кыргызской Республике проблемы толерантности исследовались в контексте межнационального общения и нашли отражение в работах Н.А. Асиповой [3], А. Ачыловой [4], Н.А. Адыбек кызы Гулназ, Т.Н. Умарова [5].

Анализ исследования толерантности показал, что формирование педагогической толерантности среди руководителей образовательных организаций не рассматривалось как предмет отдельного научного исследования. Результаты многочисленных исследований показывают, что, несмотря на то, что важность педагогики не отрицается, руководители не предпринимают целенаправленных действий по формированию толерантности. И педагогическая толерантность не является целью университета. В связи с этим возникают следующие противоречия между потребностью общества в педагогическом толерантном руководителе и недостаточной развитостью научного, методологического и содержательного обеспечения педагогической теории и практики в формировании собственного понимания мира, индивидуальных моделей и нормы поведения и ценности для формирования педагогической толерантности руководителя образовательного учреждения.

Данное исследование отвечает на следующий исследовательский вопрос: поиск путей формирования педагогической толерантности руководителя образовательного учреждения.

«Декларация принципов терпимости» — это Международный документ ООН, в котором четко и ясно дали определение концепции толерантность как «уважение, принятие и правильное понимание всего многообразия культур, форм самовыражения и проявления человеческой индивидуальности» [6]. В документе отмечается, что толерантность – это не уступка, снисхождение или потворство, а, прежде всего, активное отношение к действительности, формируемое на основе признания универсальных прав и свобод человека» [7]. Для того, чтобы понять суть толерантности, необходимо определить ее неоднозначные определения. Академик Василий Андреевич Тишков, который в качестве первого поставил проблему толерантности в контексте проблемы межнациональных отношений, сформулировал ее следующим образом: «личностная

или общественная характеристика, которая предполагает осознание того, что мир и социальная среда являются многомерными, а значит, и взгляды на этот мир различны и не могут и не должны сводиться к единообразию или в чью-то пользу» [3]. С точки зрения учёного, толерантность может проявляться в двух разных аспектах: на уровне личности и общества — это внутренняя установка и отношение к коллективу; и как политика - это действие или норма, которая была реализована. Во втором случае толерантность должна быть предоставлена человеку на основе его личного выбора, а не навязываться. Она приобретается через изучение, опыт и воспитание. В первом случае мы говорим о том, что человек придерживается активной позиции самоограничения и намеренного невмешательства, а также соглашается на взаимную терпимость разных сторон, которые не согласны друг с другом.

Методология исследования

Всесторонний анализ работ в рассматриваемой области исследований показал, что на сегодняшний день в науке имеется незначительное количество работ, расширяющее наше представление о сущности педагогической толерантности. В казахстанском образовательном пространстве накоплен малый объем фактического и статистического материала, позволяющий делать определенные выводы и разрабатывать конкретные рекомендации для руководителей образовательных учреждений по вопросам педагогической толерантности.

В 2023-2024 годы мы провели исследование в сотрудничестве с университетами Кыргызстана и Казахстана. Цель данного исследования – улучшить понимание нынешней ситуации и исследовать роль педагогической толерантности среди руководителей образовательных учреждений. Почему важно знать именно руководителям образовательных учреждений о педагогической толерантности? Они могут предоставить информацию для принятия управленческих решений в высших учебных заведениях, следовательно, мы будем владеть ситуацией и иметь знания с точки зрения регулирования и дальнейшего развития педагогической толерантности в Казахстане. Результаты исследования в рамках выявления педагогической толерантности среди руководителей вузов (деканы, заведующие кафедрами и директора департаментов) показали, что представители образовательных учреждений имеют четкое и ясное представление о важности данного качества. На первом этапе исследования был выбран качественный метод – интервью среди руководителей вузов университета Казахстана и Кыргызстана. В рамках исследования были разработаны вопросы интервью на английском языке для деканов, заведующих кафедрами и директоров департаментов. Результаты были обработаны в программе SPSS.

Было выбрано несколько университетов, включая университет в Кыргызстане (Бишкек) и университет в Казахстане (Астана). Количество респондентов составило 19 человек.

Сложно оказалось связаться с руководителями образовательных организаций из-за плотного графика, что делает эту категорию немного недосягаемой. И стратегия работы с руководителями образовательных организаций была выбрана именно по этой причине. В ходе интервью были получены информативные и развернутые ответы для проведения углубленного анализа по теме исследования.

Обсуждение

На вопрос «Какие качества важны для руководителей образовательных учреждений?» значительное количество респондентов, 84,3% ответили, что способность к диалогу для них является важным качеством, а остальные 15,8% отметили эмпатию. Также стоит подчеркнуть, что ни один из респондентов не выбрал ответ альтруизм как важное качество для руководителя (см.рис. 1). В целом, судя по всему, респонденты имеют представления, какими качествами должен обладать руководитель организации.




Рисунок 1. «Качества, которые важны для руководителей образовательных учреждений».

Интересно, что 52.6% выбрали вариант определить свои ценности и видение, чтобы повысить ожидания, задать направление и укрепить доверие – это те ключевые аспекты, которые необходимы успешному лидеру, руководителю образовательных организаций. В целом, судя по всему, руководители образовательных организаций четко понимают, какие ключевые аспекты необходимы для успешного лидера (см. рис. 2).



Рисунок 2. «Ключевые аспекты успешного лидерства (педагогическая толерантность)».

На вопрос «Факторы, которые важны в педагогической толерантности» 89,5% респондентов ответили, что эмоциональная стабильность является самым важным фактором, а остальные 10,5% в интервью отметили устойчивость (см. рис. 3).



Рисунок 3. «Факторы, которые важны в педагогической толерантности».

На вопрос «Как вы понимаете термин «педагогическая толерантность»?» руководители образовательных организаций ответили, что *«Педагогическая толерантность означает принятие и открытость преподавателей к различным стилям обучения, способностям и потребностям учащихся. Это включает в себя создание благоприятной и инклюзивной среды, в которой учащиеся чувствуют, что их ценят и уважают такими, какие они есть. Педагогическая толерантность предполагает признание и учет индивидуальных различий, адаптацию методов и материалов обучения для удовлетворения разнообразных потребностей в обучении и предоставление равных возможностей всем учащимся для достижения успеха. Это предполагает терпение, понимание и чуткость к сильным и слабым сторонам учащихся, а также уникальным проблемам, чтобы способствовать их общему развитию и облегчить их учебный путь».*

Следующий вопрос «Можно ли развить толерантность как личностное качество?» и в ходе интервью респонденты упомянули: *«Да, толерантность можно развить как личностное качество. Толерантность – это образ мышления и навыки, которые можно развивать с течением времени посредством самоанализа, образования и практики. Вот несколько способов развития толерантности: повышение самосознания, образование и знакомство с другой культурой, эмпатия и взгляд на ситуацию с точки зрения перспективы, борьба со стереотипами и предрассудками и будьте готовы учиться и расти, преодолевая разногласия и конфликты». Таким образом, можно подметить, что руководители имеют четкое и ясное понятие о термине «педагогическая толерантность».*

Результаты

В целях обеспечения готовности педагогической толерантности среди руководителей вузов, преподавателей были разработаны и реализованы вебинары и тренинги. Однако для нашего исследования, целью которого является развитие, ни одна из

методик полностью не соответствует требованиям педагогической толерантности у руководителей образовательных учреждений, поскольку ни одна из них не учитывает связь между толерантностью и профессиональной деятельностью в области управления в разнообразной образовательной среде.

Педагогическая толерантность может эволюционировать лишь через практическую деятельность, взаимодействие в различных ситуациях между людьми и профессиональное общение, поэтому важно использование соответствующих методических средств использовались активные и интерактивные методы коллаборации в процессе обучения, содержание которых имело педагогическую направленность. В процессе организации вебинаров, при наполнении их содержанием мы учитывали первичные компоненты – познание, мотивацию, активность и рефлексию. Основные показатели эффективности включали способность деканов, заведующих кафедрами и директоров департаментов иметь способность понимать и уважать разнообразие людей, культур, религий и социальных сред. Необходимыми качествами являются доброта, эмпатия, вежливость и терпимость, а также отсутствие стереотипов и предвзятости по отношению к другим. Ответственность за формирование положительной этнической идентичности также лежит на них. Важно проявлять социальные и моральные принципы во время взаимодействия с коллегами и поддерживать конструктивное общение.

Толерантный руководитель ясно определяет цели, осознает свою роль в их достижении, умело использует внутренние мотивы подчиненных для стимулирования их самостоятельных действий, предвидит возможные трудности, умеет предотвращать неудачи и находить оптимальные решения в каждой конкретной ситуации. При этом первый вид позиционирования более характерен для социально ориентированного индивида, в то время как второй - для личности. На уровне социально ориентированного индивида толерантность проявляется как внутреннее стремление следовать нормам толерантного педагогического поведения в отношении самого себя, коллег, подчиненных и общественности, особенно когда мы говорим о руководителе образовательного учреждения. Достижение этого уровня толерантности становится возможным лишь при наличии соответствующих условий и специально организованного обучения. На уровне личности педагогическая толерантность, пронизанная моральным содержанием, превращается в толерантное отношение. Это представляет собой уникальную систему взглядов, ценностей, мотивов и установок, выработанных в результате внутреннего осмысления и усвоения концепции ненасильственного взаимодействия как ключевой ценности. Оно проявляется в стремлении человека устанавливать отношения с самим собой, другими людьми, природой и миром без давления, с построением конструктивных решений проблем и противоречий через диалог и свободный выбор. В образовательных учреждениях можно разработать и осуществить множество обучающих программ по толерантности, результативность которых будет зависеть от активного участия обучающихся.

Выводы

Толерантность – это моральная ценность, которую следует прививать не только студентам, но и руководителям образовательных организаций. Поскольку в современном мире актуальна проблема с нетерпимостью и агрессией, повышенное внимание необходимо обратить на формирование толерантности у населения, и этот фактор должен помочь снизить негативные последствия в обществе. Развитие толерантности одновременно важно для развития таких компетенций, как эмоциональный интеллект. эмпатия и устойчивость.

На наш взгляд, важным профессиональным и личностным качеством руководителя образовательной организации являются элементы педагогической толерантности. Эти элементы могут быть использованы в междисциплинарном подходе для улучшения эффективности толерантности. Реализация этого качества проявляется в способности лидера устанавливать продуктивное взаимодействие с преподавателями, студентами, социальными партнерами и другими членами территориального сообщества на основе принципов сотрудничества, конструктивного диалога, взаимного уважения и доверия. Такой подход признаёт многообразие как ресурс для развития образовательной организации и профессионального роста её участников.

Подводя итог, следует отметить, что образовательная среда вуза является основополагающим фактором формирования толерантности, формирования мировоззрения, открытого диалога культур, целостного видения окружающей действительности, признающего уникальность и эквивалентность культур.

В ходе нашего исследования мы хотели бы рекомендовать следующие варианты решения проблемы педагогической толерантности руководителя вуза.

На основе нашего исследования можно сделать следующее предложение: организовать семестровые тренинги с административно-управленческим персоналом университета по формированию и развитию педагогической толерантности.

Список литературы

1. Официальный сайт Президента Республики Казахстан [Электрон. ресурс] -2019. -URL: https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/meetings_and_receptions/prezident-kazahstana-kasym-zhomart-tokaev-prinyal-zamestitelya-premera-gossoveta-knr-han-chzhena (дата обращения 14.01.2024).

2. Кашхынбай Б.Б. Исторический контекст развития содержания понятия «толерантность»// Вестник Баткенского государственного университета. Серия: Педагогические науки (РИНЦ). № 1, 2023. С. 44-48.

3. Асипова Н. Модернизация педагогического образования в классическом университете// Вестник КРСУ им. Б.Н. Ельцина. - 2022. Том 22. - №10. - С. 126-131.

4. Ачылова А., Ачылова А Межнациональные браки и семьи в СССР. - М., 1968.

5. Умаров Т.Н., Сатиев Т. Изучение проблемы толерантности студентов кыргызстанских вузов // Международный журнал гуманитарных и естественных наук. 2022. №4-1. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/izuchenie-problemy-tolerantnosti-studentov-kyrgyzstanskih-vuzov (дата обращения: 14.05.2024).

6. Декларация принципов толерантности. Утверждена резолюцией 5.61 Генеральной конференции ЮНЕСКО от 16 ноября 1995 г.

7. Петрова Т.Н., Мухтарова Ш.М. Толерантность как парадигма воспитания // Karaganda Buketov University. – 2019. - С. 522-525.

Б.Б. Қашхынбай
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Педагогикалық толеранттылық білім беру ұйымдары басшыларының негізгі қасиеттері ретінде

Аңдатпа. Қазіргі қоғамдағы дифференциация және өзін-өзі анықтау процестері жаһандану және интеграция процестері аясында түсінбеушілікке әкеледі. Ақпараттық әлем адамдар, жеке адамдар және елдер арасындағы тұлғааралық қатынастардың саналы үлгісіне айналған толеранттылықты тудырды. Сондықтан толеранттылық ұғымы ғылыми әдебиеттерде және білім беруде жиі қолданылады. Білім әлеуметтік институт ретінде қазіргі әлемде болып жатқан процестерге жауап бере алмайды; олар интеграцияға, мәдениеттердің ассимиляциясына және жаһандану жағдайында маңызды мәселелерді шешуге ықпал етеді. Білім – қазіргі барлық әлемдік мәдениеттің дамуының негізі. болатын негіз. Сондықтан, ымыраға жол бермейтін дәстүрлі танымдық көзқарастар негізінде білім беруді құру тәрбиенің басты міндеті болып табылады.

Бұл жұмыстың мақсаты Қырғызстан мен Қазақстандағы декандардың, кафедра меңгерушілерінің және департамент директорларының білім деңгейін анықтау, педагогикалық толеранттылық қандай екенін, жайлы атмосфераны құру үшін білім беру ұйымының басшысы қандай қасиеттерді меңгеруі қажет екенін анықтау. оқу іс-әрекетіне арналған.

Түйін сөздер: толеранттылық, педагогикалық толеранттылық, білім беру ұйымдарының басшылары, декандар, кафедра меңгерушілері, департамент директорлары, толеранттылықты қалыптастыру және дамыту, толеранттылық қағидаттарының декларациясы, БҰҰ-ның халықаралық құжаты, толеранттылық феномені.

B.B. Kashkhynbay
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Landscape vocabulary in the discursive space of modern Kazakh prose: the lingual-stylistic aspect

Abstract. The processes of differentiation and self-determination in modern society, against the background of the processes of globalization and integration, often lead to clashes and conflicts. The information world has given rise to tolerance, which has become a conscious model for interpersonal relationships between people, individuals and countries. Therefore, the concept of tolerance is often used in scientific literature and in education. Education as a social institution cannot fail to respond to the processes occurring in the modern world; they promote integration, assimilation of cultures, and solutions to critical problems in the context of globalization. Education is the basis on which the development of all modern world culture is based. Therefore, building education on traditional cognitive attitudes that do not allow compromises is the primary task of education.

The purpose of this work is to determine the level of knowledge of deans, heads of departments and directors of departments in Kyrgyzstan and Kazakhstan, regarding pedagogical tolerance, and to

identify the qualities that should be possessed by the head of an educational organization in order to create a comfortable atmosphere for educational activities.

Keywords: tolerance, pedagogical tolerance, heads of educational organizations, deans, heads of departments, directors of departments, formation and development of tolerance, Declaration of Principles of Tolerance, UN International Document, phenomenon of tolerance.

References

1. Oficialny sait Prezidents Respublici Kazakhstan [Elektonyii resurse] -2019. -URL: https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/meetings_and_receptions/prezident-kazahstana-kasym-zhomart-tokaev-prinyal-zamestitelya-premera-gossoveta-knr-han-chzhena (data obrasheniya 14.01.2024). - [in Russian]

2. Kashkhynbay B.B. «Istoricheskiy kontekst razvitiya soderzhaniya ponyatiya «tolerantnost»». Nauchnyy zhurnal «Vestnik» Batkenskogo Gosudarstvennogo Universiteta. Seriya Pedagogicheskie nauki (RINTs). № 1, 2023 god c. 44-48.

3. Asipova N. Modernizatsiya pedagogicheskogo obrazovaniya v klassicheskom universitete Vestnik KRSU im. B.N. Eltsina. -2022. Tom 22. - №10. - S. 126-131.

4. A. Achylovoy, Achylova A. Mezhnatsionalnye braki i semi v SSSR. - M., 1968.

5. Umarov T.N., Satiev T. Izuchenie problemy tolerantnosti studentov kyrgyzstanskikh vuzov // Mezhdunarodnyy zhurnal gumanitarnykh i estestvennykh nauk. 2022. №4-1. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/izuchenie-problemy-tolerantnosti-studentov-kyrgyzstanskih-vuzov (data obrashcheniya: 14.05.2024).

6. Deklaraciya principov tolerantnosti. Utverzhdena rezolucieii 5.61 Generalnoi konferencii UNESCO ot 16 noyabra 1995 goda – [in Russian]

7. Petrova T.N., Muhtarova Sh.M. Tolerantnost kak paradigma vospitaniya // Karaganda Buketov University. – 2019. - S. 522-525. – [in Russian]

Автор туралы мәлімет:

Қашхынбай Байжұман Балтабайұлы **–** педагогика кафедрасының доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университететі, Астана, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Кашхынбай Байжуман Балтабайулы **–** и.о. доцента кафедры педагогики, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Information about authors:

Kashkhynbay Baizhuman **–** Docent of Department of Pedagogy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN: 2616-6895. eISSN: 2663-2497

ПЕДАГОГИКА СЕРИЯСЫ/
PEDAGOGY SERIES / СЕРИЯ ПЕДАГОГИКА

ХҒТАР 14.07.09
Мақала типі: ғылыми мақала

DOI: https://doi.org//10.32523/2616-6895-2024-147-2-365-377

Жаратылыстану-математика және дене шынықтыру пәндері арасындағы байланыстарды жүзеге асыру (теориялық аспектілері)

С.Б.Мукушев[1], Е.К.Сатбаев[1], Г.К.Муратова[1], Г. Р. Кощанова[2], Э.У.Сагиндыкова[2], Р.С.Шуакбаева[2], Д. К. Семирханова[2], А.Б.Мукушев[3], Ж.К.Сыдыкова[4]

[1]С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан
[2]Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау Қазақстан
[3]Қазақ технология және бизнес университеті, Қазақстан
[4]Абай атындағы ұлттық педагогикалық университет, Алматы, Қазақстан

(E-mail: [1]mba-55@mail.ru, [2]ye.satbayev@kazatu.edu.kz, [3]mugk1234@gmail.com, [4]koshanova.k@mail.ru, [5]elvira.sagindykova@yu.edu.kz, [6]zit-afkazatk@mail.ru. [7]semirkhanova98@mail.ru, [7]abzal-kz@mail.ru, [7]zhainagtl_sydykova@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада жаратылыстану-математика және дене шынықтыру пәндерінің байланыстары қарастырылған. Дене шынықтыру пәні мұғалімінің дидактиканың негізгі принциптерінің бірі – пәнаралық байланысты жүзеге асыру бағыттары айқындалды. Орта мектепте оқушылардың денесін дамытуға қажетті жаттығулардың тиімділігін арттыруға бағытталған оқу материалдарын басқа пәндер тарапынан қамтамасыз ету мүмкіндіктері ашылды. Пәнаралық байланыстың дидактикалық фунцияларын дене шынықтыру пәнін оқытуда қолдану жолдары зерттелді. Пәнаралық байланыстардың оқушыларда білімнің жүйелілігін, оның тереңдігін және қолданбалылығын қалыптастырудағы орны айқындалды.

Орта мектепте оқытылатын физика, математика және информатика және дене шынықтыру пәндері арасындағы байланыстарды жүзеге асыру үдерісі жеке зерттелді. Оқушылардың дене шынықтыру пәні бойынша алған практикалық білімдерін физика бойынша зертханалық эксперимент жүргізу кезінде де қолдануға болатыны дәлелденді. Білім алушылар дене шынықтыру пәнін оқып-үйрену барысында танысатын математикалық ұғымдардың мәндері ашылды және география сабақтарының материалымен байланысты – топографиялық белгілерді, олардың карталарда қолданылу мүмкіндіктері ашылды. Биология пәнінен адам ағзасы және денсаулықты қорғауға байланысты тақырыптарды оқып-үйрену кезінде дене шынықтыру пәнімен байланыс принципін қолдану жолдары айқындалды. Физика, математика, информатика және дене шынықтыру пәндерін интеграциялап оқыту мәселесі қарастырылды.

Түйін сөздер: жаратылыстану-математика пәндері, дене шынықтыру, пәнаралық байланыс, дене жаттығулары, MathCAD 15 пакеті.

Түсті: 16.10.2023; Жөнделді: 07.03.2024; Мақұлданды: 16.05.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

Кіріспе

Білім беру жүйесін жаңарту үрдісі оның ұйымдастырылуы мен мазмұнына жаңа көзқарасты талап етеді. Жаңарту үрдісінің негізгі бағыттарының бірі оқу материалдарын интеграциялау, пәнаралық байланыстарды іске асыру болып табылады. Әртүрлі білім беру салаларының интеграциясы пәндерді өзара байланыстырады, қоршаған әлемнің бірлігі мен тұтастығын қарастыруға мүмкіндік береді. Мектеп пәндері арасындағы интеграцияның көріністерінің бірі біз ұсынған жаратылыстану-математика және дене шынықтыру пәндері арасындағы байланысты іске асыру және дамыту болып табылады.

Орта мектептегі дене шынықтыру пәні жалпы білім беретін пәндер қатарына жатады және басқа мектеп пәндері сияқты оның мазмұны білім, білік және дағдылардан тұрады. Дене шынықтыру пәні мұғалімінің негізгі міндеттері - адамның үйлесімді дамуы, салауатты өмір салтын ұйымдастыру, денсаулықты нығайту, еңбек қызметіне дайындық құралы ретінде оқушыларға пәннің мағынасын ашу. Пәнаралық байланыстарды осындай форматта іске асыру оқушылардың қоршаған орта және табиғат құбылыстары туралы түсініктерінің тұтастығын қамтамасыз етеді. Бұл жағдай оқушылардың білімдерінің терең және жан-жақты болуын қамтамасыз етеді. Мұндай сабақтардың негізі білім беру мазмұнының негізгі элементтерін бөліп алуға, жүйе құраушы идеяларды, ұғымдарды, оқу іс-әрекетінің әдістерін дамытуға мүмкіндік беретін пәнаралық байланыстарға негізделуі керек. Демек, оқушыларға денені дамытуға қажетті жаттығулардың тиімділігін арттыруға бағытталған басқа пәндер тарапынан теориялық білімдер қажет.

Пәнаралық байланыстар қазіргі мектепте білім берудің маңызды дидактикалық принципі болып табылады, сондықтан дене шынықтыру сабақтарының оқу материалын басқа пәндердің мазмұнымен байланыстыра отырып оқыту қажет. Қазіргі мұғалім сабақтарда және сыныптан тыс жұмыстарда пәнаралық байланыстарды шығармашылықпен жүзеге асыра білуі керек, ол үшін теориялық мәселелерді терең білуі қажет және оқытуда пәнаралық байланыстарды пайдаланудың жаңа жолдарын таба отырып, әдістемелік ұсыныстарды саналы түрде қолдануы керек. Педагог жаратылыстану және қоғамдық-гуманитарлық цикл пәндерінің мұғалімдерімен бірлесе отырып, оқу-тәрбие міндеттерінің кешенін мақсатты шешуді жүзеге асырады.

Мақаланың мақсаты – орта мектептегі оқылатын физика, биология, математика, информатика пәндері және дене шынықтыру пәні арасындағы байланысты аша отырып, аталған пәнаралық байланыстың оқушы білімінің сапасына әсерін зерттеу.

Аталған мақсатты іске асыру үшін төмендегі міндеттерді шешу жоспарланды:

Дене шынықтыру пәні бойынша оқушылар жасайтын әр түрлі жаттығулар мен дене қимылдарына қатысты құбылыстарды физика, математика және информатика ғылымы тұрғысынан зерделеу;

Оқушыларға денені дамытуға қажетті жаттығулардың тиімділігін арттыруға бағытталған оқу материалдарын басқа пәндер тарапынан қамтамасыз ету мүмкіндіктерін қарастыру;

Орта мектептегі пәнаралық байланыстың педагогикалық фунцияларын дене шынықтыру пәнін оқытуда қолдану жолдарын айқындау;

Орта мектептегі физика, биология, математика және информатика пәндері мен дене шынықтыру пәні арасындағы пәнаралық байланыстарды жүзеге асыра отырып осы пәндерді кіріктіре (интеграциялап) оқыту жұмысын іске асыру.

Зерттеу әдістері

Пәнаралық байланысты мақсатты түрде іске асыруда ғылымаралық өзара әрекеттесудің түрлерінен ең көп таралған үш бағытқа сүйену қажет:

1. Бір нысанды әртүрлі ғылымдар тұрғысынан жан-жақты зерттеу.
2. Басқа ғылымдардағы әртүрлі нысандарды зерттеу үшін жеке ғылымның әдістерін қолдану.
3. Әртүрлі нысандарды зерттеу үшін әр түрлі ғылымдарға тиесілі теорияларды, заңдарды және әдіснаманы қолдану [1-3].

Қазіргі уақытта пәнаралық байланыстың дидактикалық фунциялары айқындалып жатыр [4]. Оларға білім беру, дамыту, тәрбиелік, әдіснамалық және конструктивті функциялары жатады.

Пәнаралық байланыстардың білім беру функциясы көмегімен мұғалім оқушыларда білімнің жүйелілігі, оның тереңдігі және қолданбалылығы сияқты білім қасиеттерін қалыптастырады. Пәнаралық байланыстарды орта мектепте мақстатты түрде іске асыру жалпы ғылымдық ұғымдар арасындағы байланыстарды игеруге ықпал жасайды.

Пәнаралық байланыстардың мектепте білім беру үрдісіндегі дамыту функциясын мынанадай факторлар анықтайды: пәндер арасындағы байланыс оқушылардың жүйелі жұмыс жасауына және шығармашылық ойлауына ықпал жасайды; олардың танымдық белсенділігін арттыруға және пәнге деген қызығушылығын қалыптастыруға себепші болады. Пәндер арасындағы байланыстар оқушының танымдық іс-әрекетінің бір пән шеңберінде тұйықталып қалмауына және оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге жағдай жасайды.

Пәнаралық байланыстардың мектепте жүзеге асуы оқушылардың білім алу үрдісінде оқытудың тәрбиелік функциясының жүйелі түрде іске асуына жағдай жасайды. Мұғалім белгілі бір пәнді оқыта отырып, басқа пәндермен байланыс жасау арқылы тәрбиеге кешенді көзқарасты жүзеге асырады.

Әдіснамалық функция пәнаралық байланыстардың негізінде оқушыларда табиғатқа біртұтас көзқарастарды және оның дамуы туралы заманауи идеяларды қалыптастыруға болатындығымен көрінеді. Пәнаралық байланыстар жеке пәндерге тиесілі әдістерді интеграциялау шеңберінде пәндерге оқытудың жалпы әдіснамасын құрауға ықпал етеді.

Пәнаралық байланыстардың конструктивтілік функциясы жүзеге асқанда педагог өзі оқытатын пәннің оқу материалының мазмұнын байытады, білім беруді ұйымдастырудың әдістері мен оқыту технологияларын жетілдіреді. Пәнаралық байланыстарды іске асыру мұғалімдердің оқулықтар мен сабақтас бағдарламаларға негізделген оқу және сыныптан тыс жұмыстардың кешенді нысандарын бірлесіп жоспарлауын талап етеді.

Пәнаралық байланыс – бұл бірқатар пәндердің оқу материалын саралауға және олардың мазмұнының құрылымына ықпал жасайтын, оқушылардың алған білімдерінің

жүйелілігін арттыратын, білім беру әдістері мен технологияларын жетілдіретін, оқу-тәрбие процесінің бірлігін қамтамасыз ететін оқытудың заманауи принципі [5,6].

Талқылау және зерттеу нәтижелері

Дене шынықтыру сабағында оқушыларды жүгіріп келе жатып ұзындыққа секіруге және қашықтыққа ядро лақтыруға үйрете отырып, оларға пән бойынша негізгі білімдерден басқа (адам өміріндегі секірулердің мәні, әртүрлі кедергілерді жеңудің негізгі жолдары, жылдамдық - күш қасиеттерін дамыту жолдары және басқалар) физика пәні бойынша кейбір білім элементтерін бере аламыз. Физиканың механика бөлімінен оқушылар денені горизонтқа бұрыш жасай лақтыру, материалдық нүктенің бірқалыпты және үдей қозғалу құбылыстарын және тағы басқа механика заңдарын біледі. Бұл білім жүйесі дене шынықтыру теориясын толықтырумен қатар, оқушылардың білім көкжиегін кеңейтуге де ықпал етеді.

Оқушылар дене шынықтыру пәнін оқып-үйрену барысында көптеген математикалық ұғымдармен де танысады: бір қатарға тұру және колонна болып сап түзеу (түзу ұғымымен танысу); екі-үш колонна жасап сап түзеу (параллель түзулер туралы ұғымдармен байланысты); дөңгелек формада жиналып тұру (шеңбер элементтерін қолдану); сапта тұрғанда ретімен есептеу үрдісі (натурал сандарды қолдану) және т. б.

География сабақтарымен байланысты мынандай жағдайлар күшейтеді: физикалық жаттығулардың бір түрі болып саналатын экскурсиялар, серуендер мен туристік жорықтар; география сабақтарының материалымен байланысты – топографиялық белгілерді, олардың карталарда қолданылуын оқып үйрену.

Биология пәнінен адам ағзасы және оның денсаулығын қорғауға байланысты тақырыптарды оқып-үйрену кезінде дене шынықтыру пәнімен байланыс принципін қолдану қажет. Дене шынықтыру пәнін оқытуда гигиена мәселелеріне ерекше назар аудару керек. Оқушылардың адам ағзасын біртұтас құрылым ретінде қабылдауы үшін сабақта адам денесінің мүшелері және олардың жағдайы туралы түсінік беріп отыру қажет.

Оқушыларға дене шынықтырудың анатомиялық және физиологиялық негіздерін аша отырып биология пәнімен байланысын күшейтуге болады. Яғни дененің өмір сүру процестерімен таныстыру үшін дененің бұлшық ет белсенділігіне (физикалық жаттығулар, физикалық жұмыс) қатысты әр түрлі физиологиялық мәліметтерді пайдаланып отырған жөн. Аталған пәндерді оқып үйрену кезінде оқушылар жануарлардың және адамның қаңқаларымен танысады. Биологияның адам анатомиясына қатысты оқу материалдарынан адам үшін дұрыс қалыптың (осанка) маңыздылығын біледі, бұлшық еттер туралы ақпарат алады, олардың физикалық жаттығулар арқылы нығаятынын түсінеді, қан айналымын, жүректі және оның жұмыс істеу механизмін, тыныс алу мүшесін, сезім мүшесін зерттейді. Еңбек және демалыс режимінің адам ағзасының дұрыс дамуындағы рөлін түсінеді. Мұндай мәліметтерді олар дене шынықтырумен байланыстыра зерделейді. Дене шынықтыру туралы теориялық ақпараттарды оқып-үйрену кезінде оның практикалық қолданысын да үнемі есте ұстап отыру қажет. Атап

айтқанда, таңертеңгі гигиеналық гимнастиканың адам организміне пайдасы, оның мәні, су процедураларын қолдану арқылы ағзаның шынығуы, дене жаттығулары кезіндегі киім гигиенасы, жаттығу кезіндегі тыныс алу үрдісі, тамақтану мәселелерін оқушының қозғалыс режимімен байланысы және т.б. оқыту жұмыстары дене шынықтырудың теориясымен байланысы қарастырылады [7,8].

Орта мектептегі физика, математика және информатика пәндері мен дене шынықтыру пәні арасындағы пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мәселесін тереңірек қарастырайық.

Дене-шынықтыру пәнінің физика, математика және информатикамен байланысы. Физика пәні бойынша горизонтқа бұрыш жасай лақтырылған дене қозғалысын қарастырғанда және математика пәні бойынша квадраттық функциялар мен олардың графиктерін оқып-үйренгенде информатика пәнінің дидактикалық мүмкіндіктерін пайдалана отырып дене шынықтыру пәнімен байланыстар орнатуға болады. 1 суретте MathCAD 15 ортасында жасалған бағдарлама берілген. Осы бағдарлама көмегімен горизонтқа 30°, 45°, 60° және 75° бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалысының траекториясын табуға болады (Сурет 2) [9,10].

$$v_0 := 20 \quad g := 9.8 \quad \alpha_0 := 15 \cdot \text{deg}$$


$$\begin{pmatrix} t_0 \\ x_0 \\ y_0 \end{pmatrix} := \begin{pmatrix} 0 \\ 0 \\ 0 \end{pmatrix} \quad vx_0 := v_0 \cdot \cos(\alpha_0) \quad vy_0 := v_0 \cdot \sin(\alpha_0)$$

$$h := 0.1 \quad N := 50 \quad i := 0..N \quad S := 15 \cdot \text{deg} \quad M := 3$$

$$k := 0..M \quad \alpha_{k+1} := \alpha_k + S \quad vx_i := vx_0 \quad vy_i := vy_0 + g \cdot t_0$$

$$\begin{pmatrix} t_{i+1} \\ x_{i+1,k+1} \\ y_{i+1,k+1} \end{pmatrix} := \begin{bmatrix} t_i + h \\ v_0 \cdot t_i \cdot \cos(\alpha_k + S) \\ v_0 \cdot t_i \cdot \sin(\alpha_k + S) - \frac{g \cdot (t_i)^2}{2} \end{bmatrix}$$

Сурет 1. Горизонтқа бұрыш жасай лақтырылыған дене қозғалысын зерттеуге арналған MathCAD 15 ортасында жасалған бағдарлама



Сурет 2. Горизонқа 30°, 45°, 60° және 75° бұрыш жасай лақтырылған дене қозғалысының траекториялары

Траекторияның квадраттық функцияның графигі параболла екенін оқушылар біледі. Берілген 4 түрлі траекторияны зерттей отырып оқушылар мынандай қорытындыға келеді:

ядроны неғұрлым алысқа лақтыру үшін оған шамамен горизонтқа 45^o бұрыш жасай лақтыру керек;

егер ядроны горизонтпен 30^o немесе 60^o бұрыш жасай лақтырсақ, бұл екі жағдайда да ядроның жерге түсу қашықтығы бірдей болады.

ұзындыққа секірген кезде адам денесінің ауырлық центрінің ортасының жылдамдығы горизонтпен 45^o бұрыш жасауы керек;

параболаның тармақтары төмен қараған, демек оны сипаттайтын $y=ax^2+bx+c$ теңдеуіндегі $a^o 0$, $c = 0$. 1 суреттегі 4 параболаның математикалық теңдеулері мынандай болады. Қызғылт-сары траекторияның теңдеуі: $y_1=3,73\cdot x - 0,18\cdot x^2$; қоңыр: $y_2=1,73\cdot x-0,05\cdot x^2$; көк: $y_1=x-0,02\cdot x_2$; қызыл; $y_1=0,56\cdot x - 0,02\cdot x^2$.

Дене-шынықтыру пәнінің физикамен байланысы. Оқушылардың білімі мен өмірлік тәжірибесіндегі факторларды зертханалық физикалық эксперимент жүргізу кезінде де қолдануға болады. Оқушыларға мынандай зертханалық жұмыс беруге болады: «Отырып тұру» (приседание) жаттығуын орындаған жағдайдағы адамның орташа қуатын анықтау керек». Ол үшін төмендегі жұмыстарды жасау керек:

1. Жер бетінен кіндікке дейінгі биіктікті өлшеу керек H(м) (адамның ауырлық центрі кіндіктің деңгейіне жақын орналасқан).

2. Денеңіздің ауырлық центрінің жер бетінен биіктігін «отыру» жағдайында өлшеу керек (h (м)).

3. Денеңіздің массасын m (кг) таразымен өлшеңіз.

4. t (сек) уақыт аралығында n «отырып-тұру» жасаңыз.

5. Физикалық жаттығу жасаған кездегі орташа қуатыңызды есептеңіз (N (Вт)): $N = n \cdot mg/ t \cdot (H – h)$.

Оқу эксперименттері тек физиканы оқытудың әдісі ғана емес, сонымен қатар дене шынықтыру пәнін тиімді ұйымдастырудың әдістемелік құралы болып табылады. Дене шынықтыру сабағында физика ғылымының элементтерін пайдалану арқылы бізді қоршаған ортаны сипаттайтын табиғат заңдарының ортақ екендігіне оқушылардың көздерін жеткізуге болады.

Осындай эксперименттерді үйде немесе үйден тыс жағдайда да жасауға болады. Мысалы, мектепке бара жатқан сәтте орташа қадамыңыздың ұзындығын анықтау; 100 м қашықтыққа жүгіру кезіндегі орташа қуаттыңызды есептеу, штангамен жасалатын жаттығуды орындау кезіндегі қолыңыздың күшін анықтау және т.б..

Оқушылардың үйдегі дене шынықтыру жаттығуларын жүйелі түрде орындауы физика ғылымына қатысты танымдық әдістерді тиімді түрде игеруге себін тигізеді. Атап айтқанда, оқушылар экспериментті физика мен дене шынықтыру пәндерін интеграциялай отырып өз бетінше жасауды, физикалық шамаларды өлшеуді, өлшеу нәтижелерін кестелер, графиктер және т.б. түрінде беруді, эксперименттен қорытынды жасауды, тәжірибелердің нәтижелерін теориялық тұрғыдан түсіндіруді үйренеді.

Дене-шынықтыру пәнінің математикамен байланысы. Айтылған пәндер арасындағы байланысты іске асырудың бір түрі – статистикалық есептерді шешу болып табылады.

Төменде 100 метр қашықтыққа жүгіру бойынша жаттығулар жасап жүрген оқушының спорттық нәтижелері берілген:

Бірінші жолы 100 метр ара қашықтықты 15,5 секундта жүгіріп өтті; екінші жолы – 15,8 с; үшінші жолы – 15, 1 с; төртінші жолы – 15, 3 с; бесінші жолы – 15, 0 с. Мына шамаларды табу керек: 100 метр қашықтықты жүгіріп өтуге қажетті уақыттың орташа шамасы; оқушының орташа жылдамдығы.

Талқылау

Ұсынылған форматта ұйымдастырылған пән аралық байланыс бір жағынан, қарастырылған пәндерге қатысты тақырыптарды тереңірек зерттеуге, екінші жағынан, басқа сабақтарға танымдық қызығушылық арттыруға себепші болады. Оқушының өмірлік тәжірибесі және басқа пәндер бойынша алған білімі мен дағдылары дене шынықтыру сабақтарында оқу мазмұнының басқа пәндермен байланысын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жаратылыстану-математика циклінежататын пәндерге қатысты білім элементтерінің дене шынықтыру пәнінде кездесуі айтылған пәндердегі қарастырылатын теориялық және практикалық нәтижелердің күнделікті өмірде қолданыс табатынына оқушылардың көздері жетеді. Механика негіздерін жақсы меңгерген оқушы әрқашан ядро лақтырарда, немесе қашықтыққа секіру кезінде горизонтқа 45^{o} бұрыш жасай лақтыру немесе секіру әрекетін орындауға тырысады. География сабақтарында қарастырылатын топографиялық белгілерді, олардың карталарда қолданылу мүмкіндіктерін дене шынықтыру пәнін жүргізуде тиімді қолдана білу мүмкіндіктері айқындалды. Дене шынықтыру сабақтарында оқушыларға белгілі анатомиялық-физиологиялық ұғымдар мен құбылыстар туралы мәліметтерді жүйелі түрде пайдаланып отыру керек және анатомия мен физиология курсына қатысты терминологияны үнемі сабақта қолдану қажет. Білім алушылардың физикалық жаттығу ережелерін жеткіліксіз түсінуі кейбір оқушылардың физиологиялық күйлеріне зиян келтіруі мүмкін. Мысалы, ауыр штанганы шамасы келмесе де көтеруге талпынуы, гантельдермен шамадан тыс жаттығулар жасау, әлі құрығанға дейін ұзақ жүгіріске қатысу және т.б. ауыр физикалық жаттығулар жасау. Биология және дене шынықтыру сабақтарына ағзаға зиян келтірмейтін денені шынықтыру жаттығулары туралы мәліметтер бере отырып пәнаралық байланысты күшейтуге болады.

Дене шынықтыру сабақтарында пәнаралық байланыстарды пайдалану оқушыларға сабақта да, сабақтан тыс уақытта да өз бетінше жұмыс істеуге, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзін-өзі тексеруге және көшбасшылық танытуға мүмкіндік береді. Оқушылар қажетті ақпаратты өз бетінше алуға, әртүрлі дереккөздерді пайдалануға үйренеді. Дене шынықтыру сабақтарында бақылау нормативтерін тапсыру кезінде дене дайындығының тиімділігі артады.

Қорытынды

Орта мектептегі жаратылыстану-математика және дене шынықтыру пәндері арасындағы пәнаралық байланыстардың заңдылықтарын зерттей отырып, мынандай нәтижелерге қол жетті:

дене шынықтыру пәнін оқытудың негізгі дидактикалық принциптерінің бірі – пәнаралық байланысты жүзеге асыру бағыттары белгіленді;

оқушыларға денені дамытуға қажетті жаттығулардың тиімділігін арттыруға бағытталған оқу материалдарын басқа пәндер тарапынан қамтамасыз ету мүмкіндіктері қарастырылды;

орта мектептегі пәнаралық байланыстың педагогикалық фунцияларын дене шынықтыру пәнін оқытуда қолдану жолдары айқындалды;

орта мектептегі физика, математика және информатика пәндері мен дене шынықтыру пәні арасындағы пәнаралық байланыстарды жүзеге асыра отырып осы пәндерді кіріктіре (интеграциялап) оқыту жұмысын іске асыру жолдары қарастырылды.

Жұмыста біз зерттеліп отырған мәселенің теориялық жақтарын қарастырдық. Келесі зерттеулерімізде орта мектептегі физика, математика және информатика пәндері мен дене шынықтыру пәні арасындағы пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға арналған әдістеменің тиімділігін ашатын педагогикалық эксперимент нәтижелерін қарастырамыз.

Қаржыландыру

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым комитеті қаржыландырды, грант № AP23487389

Авторлардың үлесі:

Мукушев С.Б. – макаланы жазуда жалпы басшылық жасады.

Сатбаев Е.К. – дене шынықтыру пәнін жүргізу мәселесіне қатысты материалдарды жүйеледі.

Муратова Г.К. – мақаладағы математика пәніне қатысты материалдарды жинақтады.

Кощанова Г.Р – мақаланың стилистикасын жасады.

Сагиндыкова Э.У. – мақаланың ғылыми мәселесін қою және негізгі мәселелерін анықтауға қатысты.

Шуакбаева Р.С. – кіріктірілген білім беруді іске асырды.

Семирханова Д.К. – мақала материалдарын талқылауға қатысты.

Мукушев А.Б. – мақаладағы информатика пәніне қатысты материалдарды жинақтады.

Сыдыкова Ж.К. – мақаладағы физика пәніне қатысты материалдарды жинақтады.

Әдебиеттер тізімі:

Максимова В.Н. Межпредметные связи и совершенствование процесса обучения. - М. - 2020. – 129 с.

Jonathan Savage. Cross-Curricular Teaching and Learning in the Secondary School By. Edition 1st Edition. 2020. Pub. Location London. Pages 208. https://doi.org/10.4324/9780203844205

Lenoir, Y. and Hasni, A. (2016) Interdisciplinarity in Primary and Secondary School: Issues and Perspectives. Creative Education, 7. - P. 2433-2458. doi: 10.4236/ce.2016.716233.

Функции межпредметных связей// [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://ped.bobrodobro.ru/17385 .

Benoit Tonnetti and Vanessa Lentillon-Kaestner. Teaching interdisciplinarity in secondary school: A systematic review. // Cogent Education , Volume 10, 2023 - https://doi.org/10.1080/2331186X.2023.2216038 .

Петунин О.В. Способы межпредметной интеграции школьных естественнонаучных дисциплин // Вестник Кемеровского университета. Серия: Гуманитарные и общест-венные науки. 2017. №2. С.32-35. DOI: 10.21603/2542-1840-2017-2-32-35. .

Барышникова Т. В., Федоренко И.Г. Реализация школьного междисциплинарного проекта «Интеграция физической культуры и биологии» // Молодой ученый. — 2016. — № 7 (111). — С. 1053-1061.

Benoit Tonnetti and Vanessa Lentillon-Kaestner. Interdisciplinarity in Physical Education: Effect on Students' Situational Interest. Educ. Sci. // education Sciences 2023, 13, 373. https://doi.org/10.3390/educsci13040373 .

Akhatayeva, Z., Sagindykov, K., Mukushev, B., Kurmangaliyeva, N., Karipzhanova, A. Visual Basic and MathCAD used for Visualization and modeling STEM education // Education and Information Technologies, 2024. https://link.springer.com/journal/10639 .

Nelson F. Using mathcad to simplify uncertainty computations in a laboratory course // Computer Applications in Engineering Education. – 2014. – Vol. 23. – №2. – P. 250-257. https://doi.org/10.1002/cae.21593 .

References

Maksimova V.N. Mezhpredmetnye svyazi i sovershenstvovanie processa obucheniya [Interdisciplinary communication and improvement of the learning process] - M.: 2020. – 129 p. [in Russian]

Jonathan Savage. Cross-Curricular Teaching and Learning in the Secondary School By. Edition 1st Edition. 2020. Pub. Location London. Pages 208. https://doi.org/10.4324/9780203844205

Lenoir, Y. and Hasni, A. (2016) Interdisciplinarity in Primary and Secondary School: Issues and Perspectives. Creative Education, 7, P.2433-2458. doi: 10.4236/ce.2016.716233.

Funkcii mezhpredmetnyh svyazej [Functions of inter subject relations] [Electronic resource]. – https://ped.bobrodobro.ru/17385 [in Russian].

Benoit Tonnetti and Vanessa Lentillon-Kaestner. Teaching interdisciplinarity in secondary school: A systematic review. // Cogent Education , Volume 10, 2023 - https://doi.org/10.1080/2331186X.2023.2216038 .

Petunin O.V. Sposoby mezhpredmetnoj integracii shkol'nyh estestvennonauchnyh disciplin [Methods of interdisciplinary integration of school natural science disciplines]. // Vestnik Kemerovskogo universiteta. Seriya: Gumanitarnye i obshchestvennye nauki.- 2017. -№ 2. - P.32-35. [in Russian]

Baryshnikova T. V., Fedorenko I.G. Realizaciya shkol'nogo mezhdisciplinarnogo proekta «Integraciya fizicheskoj kul'tury i biologii» [Implementation of the school interdisciplinary project «Integration of physical culture and biology»]. // Molodoj uchenyj. — 2016. — № 7 (111). — P. 1053-1061. [in Russian]

Benoit Tonnetti and Vanessa Lentillon-Kaestner. Interdisciplinarity in Physical Education: Effect on Students' Situational Interest. Educ. Sci. // Education Sciences 2023, 13, 373. https://doi.org/10.3390/educsci13040373 .

Akhatayeva, Z., Sagindykov, K., Mukushev, B., Kurmangaliyeva, N., Karipzhanova, A. Visual Basic and MathCAD used for Visualization and modeling STEM education // Education and Information Technologies, 2024. https://link.springer.com/journal/10639.

Nelson F. Using mathcad to simplify uncertainty computations in a laboratory course // Computer Applications in Engineering Education. – 2014. – Vol. 23. – №2. – P. 250-257. https://doi.org/10.1002/cae.21593.

С.Б.Мукушев[1], Е.К.Сатбаев[1], Г.К.Муратова[1], Г. Р. Кощанова[2], Э.У.Сагиндыкова[2], Р.С.Шуакбаева[2], Д. К. Семирханова[2], А.Б.Мукушев[3], Ж.К.Сыдыкова[4]

[1]Казахский агротехнический университет им.С.Сейфуллина, Астана, Казахстан
[2]Каспийский университет технологий и инжиниринга им.Есенова, Актау, Казахстан
[3]Казахский университет технологии и бизнеса, Астана, Казахстан
[4]Национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

Реализация межпредметных связей естественно-математических дисциплин и физической культуры (теоретические аспекты)

Отандық ғалымдар Ж.Ә. Таңатарова, А. Кожанова өз зерттеуінде білім беру үдерісінде сыни ойлауды дамытуға ықпал ететін әдістерді қарастырса, З.Ш. Мұхамбетәлиева мен Р.Ж. Муканова – химия; М.Ж. Серікбаева және К.У. Кариева – информатика; Г.Б. Джакупова – ағылшын тілі сабақтарында сыни ойлау технологиясын қолданудың тиімділігін баяндайды. Ж.И. Сардарова, Ш.И. Джанзакова, Н.Г. Дамуов, Н.І. Хамзинаның еңбегінде болашақ мамандар үшін «сыни ойлаудың басты мәні – қоршаған шындыққа ойланып қарау, тиісті ақпаратты объективті бағалау, түрлі көзқарастарды салыстыру және талдау, қоғамдық құбылыстардың күрделілігі мен қайшылығын түсінуге баулу» ретінде қарастырылады.

Зерттеудің мақсаты – ақпараттық дәуірдегі білім беру үдерісінде сыни ойлаудың маңызын анықтау бойынша жүргізілген ғылыми зерттеулерге контент талдау жүргізу. Зерттеу жұмысымызды жүргізу барысында аталмыш ұғымға берілген анықтамалар мен аспектілерді қарастыра келе, сыни ойлаудың білім беру үдерісіндегі маңызымен байланысты келесі зерттеу сұрақтарына жауап беру көзделді:

Сыни ойлаушыға қандай сипаттар тән?
Сыни ойлаудың ақпараттық сауаттылықпен байланысы неде?
Сыни ойлаудың білім беру үдерісіндегі рөлі қандай?
Сыни ойлау болашақ мамандар үшін қаншалықты маңызды?

Зерттеу әдістері

Аталмыш тақырып бойынша жүргізілген ғылыми зерттеулерге, атап айтқанда, ағылшын, қазақ және орыс тілдеріндегі диссертация, ғылыми журналдар және ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында жарияланған мақалаларға, электронды кітапханалар мен ғылыми сайттарға шолу жасалды; зерттеу сұрақтарына сәйкес келген материалдар сараланып, оларға тиісті талдау жүргізілді; шетел тілдеріндегі материалдар қазақ тіліне аударылып, синтезделді. Тиісті материалды іздестіру үшін «сыни ойлау», «критическое мышление», «critical thinking» түйін сөздері қолданылды.

Сыни ойлау ұғымына берілген анықтамалар. Сыни ойлау бүгінгі таңда жеке тұлғаның бойында болуы тиіс маңызды қасиеттердің бірі екенімен келісе отырып, сыни ойлау мәселесі жөніндегі зерттеулердің авторлары бұл ұғымға әртүрлі анықтама береді.

Сыни ойлауды зерттеуші американдық психолог Д. Халперн «Ой және білім: Сыни ойлауға кіріспе» атты еңбегінде Расселдің «сыни ойлау – қабылданған кейбір стандарттарды бағалау және категорияларға бөлу үдерісі» деген анықтамасына негіздей отырып, сыни ойлауды көзқарас, білім және ойлау дағдыларының қосындысы ретінде қарастырады [4].

Л.С. Выготский берген анықтамада «сыни ойлау» – адамның интеллектуалды іс-әрекетінің түрі және ол қабылдау мен түсінудің жоғары деңгейімен, ақпараттық өріске деген көзқарастың объективтілігімен сипатталады. Адам мақсатты белгілеп, дұрыс нәтижеге жету үшін өзін-өзі тәуелсіз іс-әрекетке ынталандыруды үйренуі, сондай-ақ ақпараттың үлкен ағыны жағдайында ұтымды ойлануға, тек маңызды материалды бөліп көрсетуге, оны өз бетінше түсінуге қабілетті болуы керек [5].

Р. Пол мен М. Скривен бұлұғымды зерттей келе, сыни ойлау пәндік айырмашылықтардан асып түсетін әмбебап интеллектуалды құндылықтарға, яғни айқындық, мұқияттылық, дәлдік, дәйектілік, өзектілік, сенімді дәлелдер, тура дәлелдер, әділеттілік, сондай-ақ мәселені тереңінен және кеңінен қарастыруға негізделеді деген пікірге келді. Бұл барлық пайымдаулардағы ойлаудың құрылымдары немесе элементтері болып табылатын – мақсат, проблема немесе даулы мәселе, болжамдар, тұжырымдамалар, эмпирикалық негіздеме, қорытындыға әкелетін пайымдаулар, балама көзқарастардағы қарсылықтар және анықтамалық жүйені зерттеуге әкеледі. Сыни ойлау өзгеретін тақырыпқа, проблемалар мен мақсаттарға жауап беру қабілеті ретінде ойлаудың өзара байланысты тәсілдерінің, атап айтқанда, ғылыми ойлау, математикалық ойлау, тарихи, антропологиялық, экономикалық, моральдық және философиялық ойлау тобына кіреді.

Сыни ойлаудың бұл тұжырымдамасын Ричард Пол мен Линдер Элдер нақтылап, Пол-Элдердің сыни ойлау тұжырымдамасы аясында одан әрі дамытты. Қазіргі уақытта бұл тәсіл сыни ойлау туралы әдебиеттерде жиі кездесетін тәсілдердің бірі болып табылады. Пол-Элдер тұжырымдамасына сәйкес, сыни ойлау ойлаудың бөліктеріне немесе

құрылымдарына назар аудару арқылы ойлауды талдауды; сапаға баса назар аудара отырып, ойлауды бағалауды; бұған дейін белгілі болған мәліметтерді пайдалану арқылы ойлауды жақсартуды қамтиды [3].

Д. Клустер сыни ойлауды ойлаудың басқа түрлерінен ажырататын бес ерекшелікті ұсына отырып, ойлаудың келесі үш түрі сыни ойлауға жатпайды деп есептейді: есте сақтау, күрделі ұғымдарды түсіну, шығармашылық немесе интуициялық ойлау. Автордың пікірінше, мәліметтерді есте сақтау және идеяларды түсіну – тек сыни ойлауға қажет алғышарттардың бірі, ал шығармашылық ойлау кейбір мамандықтардың ерекшелігіне байланысты (суретші, спортшы, т.б.) бейсаналы түрде орын алады [6].

Отандық зерттеушілер Ж.И. Сардарова, Ш.И. Джанзакова, Н.Г. Дамуов, Н.І. Хамзинаның еңбегінде сыни ойлау – адамның өзінің және өзгенің пікірін объективті бағалай білуі, ережелер мен қорытындыларды мұқият және жан-жақты тексеру қабілеті ретінде анықталады [1, 269 бет].

Сыни ойлау ұғымының білім беру саласындағы маңыздылығын сондай-ақ әлемнің алдыңғы қатарлы университтерінің «сыни ойлау» ұғымына берген анықтамаларынан көруге болады [7]:

Сыни ойлауды және оның элементтерін анықтайтын көптеген әдебиеттерді мұқият зерттей келе, АҚШ-тағы Луисвилл университеті М. Скривен мен Р. Полдың тұжырымдамасын жан-жақты әрі қысқаша анықтама ретінде қолдануға шешім қабылдады: «Сыни ойлау – бұл сенімдер мен әрекеттерге басшылық ретінде бақылау, тәжірибе, рефлексия, пайымдау немесе қарым-қатынас арқылы алынған ақпаратты белсенді және шебер түсіну, қолдану, талдау, синтездеу және/немесе бағалаудың интеллектуалды тұрғыда тәртіпке келтірілген үдерісі».

«Сыни ойлау – бұл басқа адамдардың дәлелдерін, идеялары мен теорияларын жүйелі бағалау. Сыни ойлаудың негізгі алғышарты тиісті ресурстардың сенімді екендігі туралы сауатты пікір қалыптастыру үшін сыни сұрақтар қоюды қамтиды» (Стэнфорд университеті, 2018).

«Сыни ойлау дегеніміз – идеяларды зерттеу, оларды бұрыннан білетін нәрселермен салыстыру және олардың артықшылықтары туралы шешім қабылдау. Сыни ойлаудың мақсаты – «объективті» позицияны сақтауға тырысу. Сыни ойлау кезінде дәлелдің барлық тұстары таразыланып, оның күшті және әлсіз жақтары бағаланады» (Оупен университеті, 2008).

«Сыни ойлау үш элементтен тұрады: басқа дәлелдердегі әлсіз тұстарды байқай білу, тура дәлелдерге деген құштарлық және оларды өзгерту мақсатында өз көзқарастары мен құндылықтары туралы ойлау қабілеті» (Гарвард университеті, 2018).

Эдинбург университеті (2020) сыни ойлауды «өнер» ретінде анықтайды: «Сыни ойлау – бұл бақылаулар, мәліметтер оқу мен эксперименттер нәтижесінде жиналған дәлелдемелерді түсіндіруге, түсінуге, қолдануға және жалпылауға негізделген нақты, дәлелді пайымдаулар жасау өнері».

Плимут университеті берген анықтамаға сәйкес (2010), сыни ойлау кез келген саладағы маманның жетістікке жетуінің алғышарты болып табылады: «Сыни тұрғыдан ойлау – сұрақ қою дегенді білдіреді. Сыни ойлайтын адамдар оқыған немесе естіген

нәрсені «номиналды түрде» қабылдаудың орнына, бір нәрсені шындық ретінде санамас бұрын дәлелдер мен себептерді іздейді. Бұл – кез келген саладағы ғалым, зерттеуші немесе кәсіпқой маманның басты сипаты әрі жетістікке жетудің кілті».

Зерттеушілер сыни ойлау дағдыларының әртүрлі анықтамасын қолданғанымен, көптеген анықтамалар талдау, синтез, бағалау және пайымдаудың негізгі тұжырымдамасын; сондай-ақ сыни ойлау ақпарат жинау, оның сапасын талдау, мәселені тұтастай қарау, мәселені анықтау, оны нақтылау, себеп-салдарлық байланыстар орнату, логикалық қорытындылар құру, зерттелетін мәселеге қатысты өз ұстанымын әзірлеу, балама ақпаратқа байланысты өз пікірін өзгерту мүмкіндігі сияқты дағдыларды меңгеруді қамтиды [2, 23 бет].

Зерттеушілердің сыни ойлаудың түрлі аспектілерін зерделеу барысы бойынша жасалған контент талдауды төмендегі кестеде ұсынамыз.

Кесте 1

Сыни ойлаудың аспектілері

Авторлар	Сыни ойлаудың аспектілері
Эннис сыни ойлаудың мәдени, гендерлік көзқарастағы ерекшеліктерін жан-жақты сипаттай келе, негізгі үш аспектіге тоқталады:	Мүмкіндігінше «бәрін дұрыс жасау» Адал және айқын позицияны ұстану Әр адамның қадір-қасиетіне мұқият қарау [8, 31 бет]
Д. Клустер сыни ойлауды ойлаудың басқа түрлерінен ажырататын бес аспектісін ұсынды:	1. Сыни ойлау – бұл тәуелсіз ойлау. 2. Ақпарат сыни ойлаудың соңғы нүктесі емес, бастауы болып табылады. 3. Сыни ойлау сұрақтар қоюдан және шешілетін мәселелерді түсінуден басталады. 4. Сыни ойлау сенімді дәлелге ұмтылады. 5. Сыни ойлау – бұл әлеуметтік ойлау [6; 9].
Пол-Элдер тұжырымдамасына сәйкес:	Сыни ойлау – ойлау бөліктеріне немесе құрылымдарына («ойлау элементтері») назар аудару арқылы ойлауды талдау; сапаға баса назар аудара отырып, ойлауды бағалау («әмбебап зияткерлік стандарттар»); бұған дейін белгілі болған мәліметтерді пайдалану арқылы ойлауды жақсарту («интеллектуалды қасиеттер») [3].
Н.А. Ходикова сыни ойлаудың үш аспектісін бөліп көрсетеді:	Логикалық – дұрыс тұжырымдарды құра білу және басқалардың тұжырымдарының дұрыстығын бағалай білу; Ақпараттық – ақпараттың растығы мен өзектілігін анықтай білу; Психологиялық – рефлексия, объективті бола білу, басқалардың пікірінің құндылығын мойындай білу [2, 23 бет].

Е.Е. Ивунина А.Н. Шуманның зерттеуіне негіздей отырып, сыни ойлаудың келесі аспектілерін ұсынады:	1. Жүйелілік 2. Кешенділік 3. Пайымдаулардағы бірізділік 4. Мультиперспективтілік 5. Метатаным 6. Білім алуға қолжетімділік [10].
М.Ж. Серікбаева және К.У. Кариеваның пайымдауынша, сыни ойлау 4 компоненттен тұрады:	Ынталандырушы компонент Рефлексивті компонент – өз іс-әрекеттерінің нәтижелеріне, сондай-ақ өз іс-әрекеттеріне саналы түрде әсер ету қабілетіндегі көрініс. Когнитивті компонент – танымдық қабілеттер Белсенділік – сыни ойлауды дамытуға ықпал ететін компонент [11].

Нәтиже

Сыни ойлаудың білім беру үдерісіндегі маңызымен байланысты зерттеу сұрақтарына жауап іздеу нәтижесінде келесідей мәліметтер жинақталды.

1. Сыни ойлаушыға қандай сипаттар тән? Сыни ойлаушы тиімді әрі тәуелсіз түрде логикаға сәйкес ойлайды, қойылған міндеттерді жылдам әрі шығармашылықпен шеше біледі, дұрыс салыстырулар жасайды, негізделген қорытындылар қалыптастырып, салмақты шешімдер қабылдайды [1, 269 бет].

Сыни ойлай алатын білімгер ақпаратты түсіндіру мен бағалаудың әртүрлі тәсілдерін біледі, мәтінде қайшылықтарды бөліп көрсете алады, тек логикаға ғана емес, сұхбаттасушының пікіріне де сүйене отырып, өз көзқарасын қорғауда дәлелдер келтіре алады. Мұндай адамдар кез келген ақпаратпен жұмыс істегенде өзін сенімді сезінеді, әртүрлі ресурстарды тиімді пайдалана алады, қоршаған әлемнің көпполярлығын, әртүрлі көзқарастардың болу мүмкіндігін қабылдай отырып, ақпараттық кеңістіктермен тиімді қарым-қатынас жасай алады [5, 24 бет].

Г. Фоллмердің пікірінше, сыни ойлау ақталмаған үміттер, болжамдар, қабылданған бірнеше шешімдер арқылы дамиды. Сыни ойлау арқылы мәселенің қаншалықты күрделі екенін түсініп, шындыққа жақындататын жетілген шешімдер ұсынуға мүмкіндік алады. Осылайша, сыни ойлаушыға тән сипаттардың бірі – өз қателіктерінен сабақ ала білу қабілеті [5, 23 бет].

П.А. Флуд бірқатар зерттеушілердің, атап айтқанда, Эннис, Фационе, Саад, Лани, Фредериксон, Спарк және МакДаффи еңбектеріне негіздей отырып, «адамның қоршаған ортасы және оның көзқарасы әркімге жеке әсер етсе де, тәжірибелі сыни ойлаушы логикалық пайымдауды жеке пікірден ажырата алады. Жеке көзқарасты ескере отырып, сыни тұрғыдан ойлайтын адамдар ақпаратты талдайды, салыстырады және дәлелдер келтіреді. Олар ашық пікірде, ақылға қонымды болуға және тиісті нәрседен барынша жақсы хабардар болуға ұмтылады, қызығушылық танытады, икемділік танытады, басқалардың көзқарастарына құрметпен қарайды және оларды ескеруге дайын. Сыни ойлауды пайдалану қабілеті тұлғаның түсінігіне, өзіне деген сенімділігіне, жетілу деңгейіне және тәжірибесіне байланысты» деген қорытындыға келді [8, 30 бет].

Абрами және басқа да зерттеушілер «сыни тұрғыдан ойлайтын адамдардың өз үлестерін қосатын функционалды ересектер ретінде болашағы жақсы» деп мәлімдеді. Ересектер өздерінің алдында тұрған түйіткіл мәселені немесе жағдайды шешуі үшін өз бетінше ойланып, сыни ойлау дағдыларын қолданбаса, оларда эмоция немесе импульс арқылы жауап беруі ықтималы артады [12].

Сыни ойлаушы қоғамда кеңінен таралған көзқарастарды, қолжетімді ақпаратты бірден қабылдап, мойындамас бұрын өзін-өзі шектейді, яғни күмәнданады, сондықтан олардың дәлелдері мен тұжырымдауларын іздестіреді, басқалардың пікірлерімен санаса отырып, оны өз көзқарасымен салғастырады. Алайда бұлай күмәндануды ақпаратты теріске шығарумен шатастырмаған жөн [13], себебі сыни ойлауға дағдыланған адамның ойы барлық уақытта таласпен, қарсы пікір айтумен қатар жүреді [14].

2. Сыни ойлаудың ақпараттық сауаттылықпен байланысы неде? Сыни ойлау дағдылары ақпараттық сауаттылық дағдыларымен байланысты, бірақ ақпараттық сауаттылық дағдылары сыни ойлау дағдыларының қажетті құрамдас бөлігі емес [15].

Ақпараттық сауаттылық сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді және адамдардың білім алуды өз бетінше бақылауына мүмкіндік береді. Алайда, ақпараттың көп мөлшерде қолжетімділігі білім алушылардың білімінің артуына ықпал етпеді, керісінше, ақпараттың көптігі олардың миының өңдеу жүйесіне ауыртпашылық түсірді. Адамның миы белгілі бір уақытта қанша ақпаратты өңдей алатындығымен және ақпаратты қаншалықты жылдамдықпен өңдей алатындығымен шектеледі. Сондықтан ақпаратқа қол жеткізу жеткіліксіз; білімгерлер сонымен қатар ақпаратты тиімді игеру қабілетіне ие болуы керек [8; 16].

Боухник пен Гиат «соңғы жылдардағы ақпараттық технологиялардағы жылдам өзгерістерге байланысты қазіргі оқу бағдарламалары білімгерлердің қажеттіліктерін қанағаттандырмауда, нәтижесінде білім алушыларға сенімді, нақты, негізделген ақпаратты жалған, ойдан шығарылған және сенімсіз ақпараттан ажырату қиын» деп мәлімдеді [17].

3. Сыни ойлаудың білім беру үдерісіндегі рөлі қандай? Сыни ойлауға оқытудағы негізгі мақсат – «әлеуметтік, ғылыми және іс жүзіндегі мәселелерді тиімді шешу үшін ойлау құзыреттілігін кеңейту, сондай-ақ жаңа идеялар мен инновацияларды ұсынуды ынталандыру» [1, 269 бет].

Тиісті әрі лайықты ақпараттың білім мәртебесіне өтуі үшін оны сыни тұрғыда түсіну қажет. Сондықтан білім алушылардың сыни ойлау дағдысын қалыптастыру білім беру үдерісіндегі негізгі міндеттердің біріне айналуда [2, 22 бет].

Сыни ойлау туа біткен қабілет емес, табиғатынан ұшқыр ойлы білімгерлерде де сыни тұрғыдан ойлаудың табиғи дағдылары жоқ, сондықтан оларды білім алу барысында талдау жасай алуға, әділ және ашық болуға үйрету керек [18]. Білімгерлер табиғи түрде сыни тұрғыдан ойлауға бейім болмағандықтан, олардың сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру және дамыту білім беру орындарының міндеті болып табылады [19] .

Осыған байланысты әлемнің көптеген оқу орындары сыни ойлау бойынша жүргізілген зерттеулерді негізге ала отырып, оқу бағдарламаларына енгізе бастады. Мәселен, сыни ойлау бойынша оқу бағдарламасын әзірлеу және жетілдіру кезінде Луисвилл

университеті Пол-Элдердің сыни ойлау моделін таңдады, себебі сыни ойлаудың бұл жүйесі жан-жақты, барлық пәнге ортақ қолдануға жарамды, бейтарап терминологияны қолданады, белгілі бір танымдық дағдыларды, соның ішінде метатануды анықтайды және жоғары сапалы ресурстарды ұсынады. Сыни ойлауға үйрету бойынша курстарды оқу бағдарламасына енгізу арқылы білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын бүкіл білім беру үдерісі барысында дамытып нығайтуға мүмкіндік береді [3].

Марин және Халперннің зерттеулеріне сәйкес, сыни ойлау дағдыларын оқытуға білім беру мазмұнының материалына қосу арқылы немесе сыни ойлау дағдыларына бағытталған арнайы оқыту арқылы қол жеткізуге болады. Сыни ойлау дағдыларын үйретудің ең тиімді әдістері нақты өмірлік жағдайға негізделген рөлдік ойындар, кейстерді қолдану, топтық талқылау және білімгер мен мұғалімнің өзара әрекет етуі болып табылады [20].

Ал, Мири және басқалардың пайымдауынша, жоғары деңгейлі ойлау, оның ішінде сыни ойлау дағдыларын дамытуда ең тиімді деп анықталған үш оқыту стратегиясына: нақты шынайы өмір жағдайларына негізделген тапсырмалар, ашық пікірталас және зерттеуге бағытталған тәжірибелер жатады [21].

Д. Дьюидің пікірінше, нақты бір түйіткілді мәселенің шешімін табумен айналысу білімгерлердің табиғи әуесқойлығын оятып, оларды сыни ойлауға итермелейді: «нақты бір мәселені қарастырып, қиын жағдайдан шығудың жолын өзінше іздеу арқылы білім алушы шын мәнінде ойланады» [14, 181 бет].

Д. Клустер «сыни ойлауға үйрету – оқытушы жұмысының бір қыры» деп есептейді, себебі сыни ойлау арқылы дәстүрлі таным үрдісі жеке дара сипатқа ие болып, барынша саналы, үздіксіз әрі нәтижелі бола түседі [6, 3 бет].

Ж.Ә. Таңатарова мен А. Кожанованың зерттеуіне сәйкес, білім беру үдерісінде сыни ойлаудың принциптері мен әдістерін дұрыс қолдану білімгерлердің оқуға деген уәждемесін арттырады, тұлғалық қасиеттерін көрсетуге, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ынтымақтастық пен әлеуметтік белсенділікке ұмтылуына көмектеседі [13, 51 бет].

4. Сыни ойлаудың болашақ мамандар үшін қаншалықты маңызды? Сыни ойлау дағдыларының маңызы бітіруші түлектер үшін артуда, себебі түлектер тәжірибесіз бола тұра, жұмысқа орналасып, мансап орнату үшін жаңа ақпаратты игеріп, оны түсініп, шығармашылықпен қолдана білуі керек [22]. Мәселен, Дж. Алленнің зерттеуінде, сауалнамаға қатысқан жұмыс берушілердің жартысы түлектерге өз жұмысында табысты болуы үшін сыни тұрғыдан ойлау дағдылары өте маңызды екенін айтса, олардың 70%-ы түлектер жеткілікті деңгейде сыни тұрғыдан ойламайды деп бағалады [23]. Болашақ мамандардың сыни ойлау дағдыларын жетік меңгермеуі ақпаратты талдау және салыстыру, дәлелдер келтіру, көзқарастарды құрметтеуіне және құбылыстарды әртүрлі тұрғыдан қарауына кедергі келтіреді [24].

Отандық зерттеулерде ақпараттың жылдам өзгеруі жағдайында болашақ мұғалімдерді оқушылардың сыни ойлауын дамытуға даярлау – маңызды әрі өзекті, сондықтан болашақ мамандардың өз бетімен білім алуына қажет метакогнитивті қабілеттері мен біліктерін дамыту, сондай-ақ ақпаратты сауатты талдау және бағалау дағдыларын жетілдіру керек

екені баяндалса [1, 269 бет], болашақ медицина мамандарының сыни ойлау дағдыларын шетел тілін оқыту арқылы тиімді дамытуға болатыны қарастырылады [25].

21 ғасырда білім алушылар сыни ойлау дағдыларын қолданумен ерекшеленуі тиіс, сондықтан оқытушылар осы дағдыларды қалыптастырып, дамыту үшін білімгерлерге арнайы нұсқау беруі керек. Сыни ойлау дағдыларының жоғары болуы болашақ мамандардың өміршең жұмыс тауып, мансап құруына оң әсер етсе [12], керісінше, білім алушыларда сыни ойлау дағдысының жеткілікті деңгейде болмауы олардың кәсіби маман ретінде қоғамға қосатын үлесін шектейді [18].

Талқылау

Сыни ойлаудың білім беру үдерісіндегі маңызымен байланысты зерттеу сұрақтарына жауап іздеу нәтижесінде қарастырылған мәліметтер негізінде сыни ойлауға үйретудің білім беру үдерісіндегі міндеттердің біріне айналуының себептеріне тоқталайық:

Сыни ойлау туа біткен қабілет емес әрі ойлаудың басқа түрлерінен ерекшеленетіндіктен, арнайы әдістер арқылы қалыптасып, дамиды.

Ақпараттың көп мөлшерде қолжетімділігі әрі жылдам жаңаруы жағдайында сыни ойлау білімгерлердің тек фактілерге емес, оқу үдерісіне назар аудара отырып, тиімді білім алуларына ықпал етеді.

Болашақ мамандарға кәсіби білімді меңгертумен қатар, сыни ойлау арқылы өз бетінше мәлімет алуға, өңдеуге, жүйелеуге және пайдалануға үйрету нәтижесінде білімгерлер 21 ғасыр талабына сай кәсіби маман ретінде және жеке тұлға ретінде қоғамға зор үлес қосады.

Қорытынды

Қорыта келе, сыни ойлаудың білім беру үдерісіндегі маңызын зерттеушілердің терең әрі жан-жақты жүргізген еңбектерінен, сондай-ақ әлемдік деңгейдегі университеттердің аталған ұғымға өз анықтамаларын беріп, оны білім беру үдерісінің арнайы бөлігі ретінде қарастыруынан анықтадық.

Сыни ойлау қазіргідей ақпараттың қолжетімді әрі жылдам жаңаратын кезеңінде білім алушылар үшін аса қажет дағды болғандықтан, оны қалыптастырып, дамыту – білім беру орындарының басты міндеттерінің бірі.

Осыған байланысты, «сыни ойлау» ұғымына берілген анықтамалар мен қарастырылған зерттеу сұрақтары бойынша жинақталған мәліметтерді негізге ала отырып, біз аталмыш ұғымға білім беру үдерісі тұрғысында **келесідей авторлық анықтама береміз:** «Сыни ойлау – 21 ғасырда білімнің құндылық ретінде берілуі үшін, оқу орындарында арнайы әдістер арқылы білім беру үдерісінің барлық кезеңінде үйретуді талап ететін дағды».

Авторлардың қосқан үлесі

Нұрғожа Б.Б. – теориялық тұжырымдама, зерттеу нәтижелерін түсіндіру және ұйымдастыру, орыс және ағылшын тілдеріндегі материалдарды талдау, мақала жазу.

Майлыбаева Г.С. – зерттеу тұжырымдамасы мен әдістемесін жобалау, зерттеу нәтижелерін түсіндіру, мақала жазу.

Әдебиеттер тізімі

1. Сардарова Ж.И. и др. Необходимость развития критического мышления будущих учителей //Хабаршы «Психология» сериясы. – 2020. – Т. 62. – №. 1. – С. 268-273

2. Ходикова Н.А. Логика и критическое мышление: история и современность //Известия высших учебных заведений. Северо-Кавказский регион. Общественные науки. – 2019. – №. 3 (203). – С. 22-25.

3. What is Critical Thinking [Электронды ресурс] –https://louisville.edu/ideastoaction/about/criticalthinking/ (өтініш берілген күн 11.03.2023)

4. Halpern D. F. Thought and knowledge: An introduction to critical thinking. – Psychology press, 2013.

5. Якунина Н.А. Критическое мышление: аналитическое осмысление понятия //Гаудеамус. – 2019. – Т. 18. – №. 4 (42). – С. 21-26.

6. Клустер Д. Что такое критическое мышление? //Перемена: международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо. – 2001. – Т. 4. – №. 36. – С. 40-43.

7. Critical thinking skills [Электронды ресурс] –https://academicenglishuk.com/critical-thinking/ (өтініш берілген күн 19.10.2022)

8. Flood P.A. Critical thinking skills and information literacy skills: Discerning online information among high school students: дис. – Liberty University, 2015.

9. Мұхамбетәлиева З., Муканова Р. Химия сабақтарында сыни ойлауды дамыту технологиясын қолдану //Scientific Collection «InterConf». – 2023. – №. 140. – С. 258-264.

10. Ивунина Е.Е. О различных подходах к понятию «критическое мышление» //Молодой ученый. – 2009. – Т. 11. – С. 170-174.

11. Серикбаева М. Ж., Кариева К. У. Развитие критического мышления на уроках информатики с использованием активных стратегий //Вестник Евразийского национального университета имени ЛН Гумилева. Серия: Педагогика. Психология. Социология. – 2022. – Т. 141. – №. 4. – С. 251-258.

12. Abrami, P. C., Bernard, R., Borokhovski, E., Wade, A., Tamim, R., & Zhang, D. Instructional interventions affecting critical thinking skills and dispositions: A stage 1 meta-analysis //Review of Educational Journal. – 2008. – Vol. 78(4). – P.1102-1134.

13. Танатарова Ж. А., Кожанова А. Сыни ойлаудың негізгі принциптері мен әдістерінің зияткерлікті дамытуда алатын рөлі //Вестник Атырауского университета имени Халела Досмухамедова. – 2020. – Т. 56. – №. 1. – С. 49-55.

14. Tuyebayev M. Сын тұрғысынан ойлау, шығармашылық ойлау және рефлексия: ұқсастықтары мен айырмашылықтары; ойлау және ойлау түрлері //Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi. – 2016 – Т. 4. – №. 9. – С. 178-182.

15. Albitz, R. S. The what and who of information literacy and critical thinking in higher education //Portal: Libraries and the Academy. – 2007. – Vol. 7(9). – P. 46-61.

16. Saadd, R. G., Morin, D., & Thomas, J.D.E. Critical thinking in e-learning environments //Computers in Human Behavior. – 2012. – Vol. 28. – P. 1608-1617.

17. Bouhnik, D., & Giat, Y. Teaching high school students applied logical reasoning //Journal of Information Technology Education. – 2009. – Vol. 8. – P. 1-16.

18. Snyder, L. G., & Snyder, M. J. Teaching critical thinking and problem solving skills //The Delta Pi Epsilon Journal. – 2008. – Vol. L(2). P. 90-99.

19. Angeli C., Valanides N. Instructional effects on critical thinking: Performance on ill-defined issues //Learning and Instruction. – 2009. – Vol. 19.– P. 322-334.

20. Marin L. M., Halpern D. F. Pedagogy for developing critical thinking in adolescents: Explicit instruction produces greatest gains //Thinking skills and creativity. – 2011. – Vol. 6. – P. 1-13.

21. Miri, B., David, B., & Uri, A. Purposely teaching for the promotions of higher-order thinking skills: A case of critical thinking //Research Science Education. – 2007. – Vol. 37. – P. 353-369.

22. Akyuz, H. I., & Samsa, S. The effects of blended learning environment on the critical thinking skills of students //Procedia Social and Behavioral Sciences. – 2009. – Vol. 1. – P. 1744-1748.

23. Allen M. Promoting critical thinking skills in online information literacy instruction using a constructivist approach //College & Undergraduate Libraries. – 2008. – Vol. 15. – P. 21-38.

24. Wang Q., Woo H. L., Zhao J. Investigating critical thinking and knowledge construction in an interactive learning environment //Interactive learning environments. – 2009. – Vol. 17. – P. 95-104.

25. Джакупова Г.Б. Эффективность использования технологии критического мышления в обучении английскому языку студентов медицинского факультета //Вестник Северо-Казахстанского университета им. М. Козыбаева. – 2022. – №. 2 (54). – С. 50-55.

Б.Б. Нургожа, Г.С. Майлыбаева

Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан

Важность критического мышления в образовательном процессе

Аннотация. В статье на основе контент-анализа приведены определения и аспекты понятия критического мышления, рассмотренные различными исследователями. Согласно многочисленным определениям, критическое мышление включает в себя основную концепцию анализа, синтеза, оценки и суждения; также приобретение таких навыков, как анализ качества соответствующей информации, рассмотрение проблемы в целом и уточнение ее, устанавление причинно-следственных связей, приведение аргументов, навык делать логические выводы, выработка своей позиции по исследуемому вопросу, а также и другие навыки.

Также в статье представлены результаты исследований авторов, изучавших критическое мышление в контексте характеристик человека, мыслящего критически; связи критического мышления с информационной грамотностью; его роли в образовании; а также о важности критического мышления для достижения профессиональных успехов будущими специалистами в своей области. По результатам исследования сделан вывод, что критическое мышление является наиболее востребованным навыком для обучающихся в эпоху доступности и быстрого обновления современной информации и что формирование и развитие данного навыка – одна из главных задач образовательных учреждений.

В качестве научной новизны исследования дано авторское определение понятия «критическое мышление» в контексте образовательного процесса.

Ключевые слова: образовательный процесс, критическое мышление, обучающийся, знание, информационная грамотность.

B.B. Nurgozha, G.S. Mailybayeva
Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan

The importance of critical thinking in educational process

Abstract. The article presents definitions and aspects of the concept of critical thinking, considered by various researchers, based on content analysis. According to numerous definitions, critical thinking includes the basic concept of analysis, synthesis, evaluation and judgment; also, the acquisition of skills such as analyzing the quality of relevant information, considering the problem as a whole and clarifying it, establishing cause-and-effect relationships, making arguments and logical conclusions, developing one's position on the issue under study, etc.

The article contains the results of the authors' research who studied critical thinking in the context of the characteristics of a critical thinker; the relationship of critical thinking with information literacy; its role in education; as well as the importance of critical thinking for achieving professional success by future specialists in their field. According to the results of the study, it is concluded that critical thinking is the most demanded skill for students at the stage of accessibility and rapid updating of modern information, and that the formation and development of this skill is one of the main tasks of educational institutions.

As a scientific novelty of the research, the authors give their own definition of the concept of "critical thinking" in the context of the educational process.

Keywords: educational process, critical thinking, student, knowledge, information literacy.

Reference:

1. Sardarova ZH. I. i dr. Neobhodimost' razvitiya kriticheskogo myshleniya budushchih uchitelej, Habarshy «Psihologiya» seriyasy [The Need to Develop critical thinking of future teachers, Bulletin Series «Psychology»], 1, 268-273 (2020). [in Kazakh]

2. Hodikova N. A. Logika i kriticheskoe myshlenie: istoriya i sovremennost' Izvestiya vysshih uchebnyh zavedenij. Severo-Kavkazskij region. Obshchestvennye nauki. [Logic and critical thinking: History and modernity, Bulletin of Higher educational institutions. The North Caucasus region. Social sciences]. 3 (203), 22-25 (2019). [in Russian]

3. What is Critical Thinking [Electronic resource] – Available at: https://louisville.edu/ideastoaction/about/criticalthinking/ (Accessed: 11.03.2023)

4. Halpern D. F. Thought and knowledge: An introduction to critical thinking. – Psychology press, 2013.

5. YAkunina N. A. Kriticheskoe myshlenie: analiticheskoe osmyslenie ponyatiya. Gaudeamus [Critical thinking: analytical understanding of the concept, Gaudeamus], 4 (42), 21-26 (2019). [in Russian]

6. Kluster D. CHto takoe kriticheskoe myshlenie? Peremena: Mezhdunarodnyj zhurnal o razvitii myshleniya cherez chtenie i pis'mo [What is critical thinking?, Change: An international journal on the Development of Thinking through Reading and Writing.], 36, 40-43 (2001). [in Russian]

7. Critical thinking skills [electronic resource] – Available at: https://academic-englishuk.com/critical-thinking/ (Accessed: 19.10.2022)

8. Flood P. A. Critical thinking skills and information literacy skills: Discerning online information among high school students: dissertation. – Liberty University, 2015.

9. Muhambetalieva Z., Mukanova R. Himiya sabaqtarynda syni ojlaudy damytu tekhnologiyasyn qoldanu: Scientific Collection «InterConf», [Use of technology for the development of critical thinking in Chemistry lessons, Scientific Collection «InterConf»], 140, 258-264 (2023). [in Kazakh]

10. Ivunina E. E. O razlichnyh podhodah k ponyatiyu «kriticheskoe myshlenie» Molodoj uchenyj [About different approaches to the concept of critical thinking, Young Researcher], 11, 170-174 (2009). [in Russian]

11. Serikbaeva M. ZH., Karieva K. U. Razvitie kriticheskogo myshleniya na urokah informatiki s ispol'zovaniem aktivnyh strategij, Vestnik Evrazijskogo nacional'nogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Seriya: Pedagogika. Psihologiya. Sociologiya. [Development of critical thinking in computer science lessons using active strategies, Bulletin of the L.N. Gumilev Eurasian National University. Series: Pedagogy. Psychology. Sociology.], 4, 251-258 (2022). [in Russian]

12. Abrami, P. C., Bernard, R., Borokhovski, E., Wade, A., Tamim, R., & Zhang, D. Instructional interventions affecting critical thinking skills and dispositions: A stage 1 meta-analysis, Review of Educational Journal, 78(4), 1102-1134 (2008).

13. Tanatarova ZH. A., Kozhanova A. Syni oilaudyn negizgi principteri men adisterinin ziyatkerlikti damytuda alatyn roli Vestnik Atyrauskogo universiteta imeni Halela Dosmuhamedova. [The role of basic principles and methods of critical thinking in the development of Intelligence, Bulletin of Atyrau University named after Khalel Dosmukhamedov], 1, 49-55 (2020). [in Kazakh]

14. Tuyebayev M. Syn turgysynan oilau, shygarmashylyq oilau jane refleksiya: Uqsastyqtary men aiyrmashylyqtary; Oilau jane oilau tyrleri, Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi [Critical thinking, creative thinking and reflection: similarities and differences; thinking and types of thinking, Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi], 9, 178-182 (2016). [in Kazakh]

15. Albitz, R. S. The what and who of information literacy and critical thinking in higher education, Portal: Libraries and the Academy, 7(9), 46-61 (2007).

16. Saadd, R. G., Morin, D., & Thomas, J.D.E. Critical thinking in e-learning environments, Computers in Human Behavior, 28, 1608-1617 (2012).

17. Bouhnik, D., & Giat, Y. Teaching high school students applied logical reasoning, Journal of Information Technology Education, 8, 1-16 (2009).

18. Snyder, L. G., & Snyder, M. J. Teaching critical thinking and problem solving skills, The Delta Pi Epsilon Journal, L(2), 90-99 (2008).

19. Angeli C., Valanides N. Instructional effects on critical thinking: Performance on ill-defined issues, Learning and Instruction, 19 (4), 322-334 (2009).

20. Marin L. M., Halpern D. F. Pedagogy for developing critical thinking in adolescents: Explicit instruction produces greatest gains, Thinking skills and creativity, 6 (1), 1-13 (2011).

21. Miri, B., David, B., & Uri, A. Purposely teaching for the promotions of higher-order thinking skills: A case of critical thinking, Research Science Education, 37, 353-369 (2007).

22. Akyuz, H. I., & Samsa, S. The effects of blended learning environment on the critical thinking skills of students, Procedia Social and Behavioral Sciences, 1, 1744-1748 (2009).

23. Allen M. Promoting critical thinking skills in online information literacy instruction using a constructivist approach, College & Undergraduate Libraries, 15, 21-38 (2008).

24. Wang Q., Woo H. L., Zhao J. Investigating critical thinking and knowledge construction in an interactive learning environment, Interactive learning environments, 7, 95-104 (2009).

25. Dzhakupova G.B. Effektivnost' ispol'zovaniya tekhnologii kriticheskogo myshleniya v obuchenii anglijskomu yazyku studentov medicinskogo fakul'teta Vestnik Severo-Kazahstanskogo Universiteta im. M. Kozybaeva [The effectiveness of the use of critical thinking technology in teaching English to students of the faculty of Medicine, Bulletin of the North Kazakhstan University named after M. Kozybayev], 2(54), 50-55 (2022). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Нұрғожа Б.Б. **–** хат-хабар үшін автор, Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының 1-курс докторанты, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, І. Жансүгіров көш., 187а, Талдықорған, Қазақстан.

Майлыбаева Г.С. **–** PhD философия докторы, Педагогика және психология жоғары мектебі деканының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, І. Жансүгіров көш., 187а, Талдықорған, Қазақстан.

Information about authors:

Nurgozha B.B. **–** corresponding author, the 1st year doctoral student of the educational program "Pedagogy and methodology of primary education" of Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Str. I.Zhansugurov, 187a, Taldykorgan, Kazakhstan.

Mailybayeva G.S. **–** Doctor of Philosophy PhD, Deputy Dean for Scientific Work of the Higher School of Pedagogy and Psychology of Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Str. I.Zhansugurov, 187a, Taldykorgan, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Нургожа Б.Б. **–** автор-корреспондент, докторант 1 курса образовательной программы «Педагогика и методика начального образования», Жетысуский университет им. И. Жансугурова, Республика Казахстан, г. Талдыкорган, ул. Жансугурова, 187а.

Майлыбаева Г.С. **–** доктор философии (PhD), заместитель декана по научной работе Высшей школы педагогики и психологии, Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Республика Казахстан, г. Талдыкорган, ул. Жансугурова, 187а.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN: 2616-6895. eISSN: 2663-2497

ПЕДАГОГИКА СЕРИЯСЫ/
PEDAGOGY SERIES / СЕРИЯ ПЕДАГОГИКА

МРНТИ 14.35.07
Мақала типі: ғылыми мақала

DOI: https://doi.org//10.32523/2616-6895-2024-147-2-406-419

Болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арт-технологиялар арқылы дамыту

Ы.Н.Оханова[1], А. К. Дуйсенбаев[2]

[1]әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан
[2] әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан

(E-mail: iris_ohan@mail.ru, adk7575@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада еліміздегі адами капиталдың дамуы негізінде мамандарды дамыту мәселесіне ерекше көңілі бөлінетіндігі айтылып, болашақ әлеуметтік педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытудың маңыздылығы туралы жан-жақты қарастырылады. Студенттерді әлеуметтік педагогикалық қызметке дайындауда олардың кәсіби құзыреттілігін арт-технологиялар арқылы дамыту – болашақ әлеуметтік педагогтердің кәсіби мәселелерді шығармашылықпен шешуіне ықпал етеді. Мақалада арт-технология ұғымына сипаттама жасалып, оның әлеуметтік педагогикалық қызметтегі мүмкіндіктері қарастырылды. Арт-технологиялардың арт-педагогика, арт-терапия негізіндегі зерттелуі отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау арқылы жүргізілді. Сондай-ақ философиялық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік педагогикалық еңбектердегі арт-технологиялардың шығу тарихы мен қолданылуы да қарастырылған. Зерттеудің теориялық бөлімінде арт-технологиялардың болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудағы маңыздылығы, ерекшеліктері қарастырылса, зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімінде болашақ әлеуметтік педагогтерге тәжірибе жүргізілді. Тәжірибеге тек студенттер ғана қатысып қоймай, кәсіби қызметіндегі кейстерімен бөлісуі мақсатында, қазіргі таңда жұмыс жасап жүрген әлеуметтік педагогтер де қатысты. Еліміздің әртүрлі өңірінен жиырмаға жуық әлеуметтік педагогтер кәсіби әрекетіндегі қиындықтарын, мәселелерін, олардың шешімдерін табу жолдарымен бөлісті. Эксперименттік топтағы студенттер әлеуметтік педагогтердің кейстерін «Өнерге негізделген әлеуметтік педагогикалық қызмет» курсында арт-технологиялар арқылы шешу негізінде талдады. Он екі сабақты қамтитын курста студенттер әр сабақ сайын арт-технологияның бір түрін талдау арқылы, болашақ қызметінде кездесуі мүмкін мәселелерді жан-жақты талдап, арт-технологиялар туралы терең білім алды. Сонымен қатар, тәжірибе жүргізу барысында бақылау және эксперименттік топ студенттерінен «Кәсіби әрекетті өздігінен бағалау» сауалнамасы жүргізіліп, эксперименттік топ студенттеріндегі soft skills екі есеге артық болғандығы байқалып, арт-технологиялардың әлеуметтік педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытудағы маңызы дәлелденді.

Түйін сөздер: болашақ әлеуметік педагог, кәсіби құзыреттілікті арт-технология арқылы дамыту, арт-технология, soft skilss.

Түсті: 17.01.2024; Жөнделді: 20.04.2024; Мақұлданды: 04.06.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

Кіріспе

Еліміздің Президенті Қ.Ж. Тоқаев өзінің жолдауларында еліміздегі адами капиталды дамытудың маңыздылығына ерекше ден қояды. Адам капиталын дамытушы негіздердің бірі – білім беру саласы. Білім беру саласының қызметкерлері оқу-тәрбие-дамыту категориясы аясында білім алушыларға білім беріп қана қоймай, өскелең ұрпақты қоғамға, өмірге дайындап, әртүрлі жағдайлардан шешім таба алуға үйретуде. Осы тұста, білім беру мекемелеріндегі әлеуметтік педагогтардың жауапкершілігі өте жоғары. Себебі, білім алушыны өмірге дайындаудың алғашқы қадамдары – әлеуметтік педагогикалық қызметтің аясында жүзеге асады. Әлеуметтік педагог баламен, ата-ана, сынып жетекші және педагогикалық ұжыммен тікелей байланысатындықтан, қоғамда орналып жатқан жаңалықтардан үнемі хабардар болып отыруы, трендтерден қалмай қызмет атқаруы өте маңызды.

Уақыт өте келе әлеуметтік педагог тұлғасының ұтқырлығына, оның коммуникативтік әлеуетіне, қазіргі заманғы менеджмент негіздерін меңгеруіне, жеке тұлғаны әлеуметтік оңалтудың психологиялық-педагогикалық технологияларын үйлестіруіне, отбасын әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеуге, тұлғаның өмірдегі өзін-өзі анықтау жағдайларына ықпал етуге ерекше талаптар қойылады. Әлеуметтік педагогтың кәсіби құзыреттілігінің маңызды сипаттамаларының қатарында тұлғаның бейімделу, білім беру қабілеттеріне, оның шығармашылығына, бастамашылығына, тиімді әлеуметтік-педагогикалық модельдерді жобалау және іске асыру қабілетіне байланысты компоненттер едәуір күшейтілген.

Дегенмен, әлеуметтік педагогты даярлау мен кәсіби қызметтің қазіргі теориясы мен практикасының жағдайы жоғарыда көрсетілген әлеуметтік-мәдени дамудың объективті талаптарынан әлдеқайда алыс. Нарықтық экономикаға көшу кезінде әлеуметтік-өндірістік саланың дағдарыстық жағдайында әлеуметтік педагогтың шынайы функцияларын елемеу және оны басқа, ситуациялық міндеттермен қамтамасыз ету, оның қызметін білім беру мекемесінің кеңістігімен ғана шектеу тәжірибесі кездеседі. Тәжірибенің мұндай жағдайы бүгінгі күннің талаптарына жауап бермейтіні анық, ал жағдайдың түбегейлі өзгеруінің негізгі шарттары жоғары және орта оқу орындарының студенттерін әлеуметтік-педагогикалық қызметке даярлау жүйесін жаңғырту болып табылады.

Мәселені қою

Жоғарыда аталған мәселелер тұрғысынан ерекше назар аударуға лайық тәсілдердің бірі – болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арт-технологиялар арқылы арттыру. Арт-технологиялар педагогика-психология саласында проективті немесе терапиялық әдістер ретінде қолданысқа еніп кеткендігімен, әлеуметтік педагогика саласында арт-технологияның ерекшеліктерін әлеуметтік педагогикалық мәселелерді шешуде қолдану кең таралмаған. Сол себепті де, әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудағы арт-технологиялардың әлеуетін теориялық негіздеу,

әртүрлі қоғамда жұмыс істеу үшін мамандарды даярлау кезінде оларды іске асыру шарттары, кәсіби білім беру жүйесінде арт-технологияларды қолданудың мазмұны мен әдістемесін әзірлеу, болашақ әлеуметтік педагогтардың әлеуметтік-педагогикалық практикада арт-технологияларды қолдану дағдылары мен біліктерін дамыту өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Болашақ әлеуметтік педагог үшін өнер тілін түсіну – болашақ кәсіби қызметіндегі мәселені жартылай шешумен тең. Әлеуметтік педагог қызметіне мұқтаж білім алушы, ата-ана немесе педагогикалық ұжымды арт-технологияның ерекшеліктерінің көмегімен анықтап, арт-технология арқылы көмек көрсету жолдарын анықтауға болады. Сол себепті де, болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруда арт-технологияларды қолдану – студенттерге арт-технологиялармен жұмыс жасаудың ерекшеліктерін тәжірибе негізінде түсіндіруге жол ашады.

Әлеуметтік педагогтарды даярлаудың білім беру процесіне енгізілген инновациялық технологиялар тиісті әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешуге көмектесе алады. Арт-технологиялар осы мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда жаңа сапаны қамтамасыз ететін маңызды мәдени-білім беру ресурсы болып табылады. Ерекше әлеуметтік-педагогикалық әлеует шығармашылықты, жеке тұлғаның әлеуметтік ұтқырлығын, коммуникативтік мәдениетті, әлеуметтік-педагогикалық жағдайларды жобалауға дайындықты арттыру, оны кәсіби қызмет пен әлеуметтік шығармашылықта өзін-өзі жүзеге асыруға ынталандыру, белсенді өмірлік ұстанымды дамыту мүмкіндіктерімен байланысты.

Әлеуметтік педагогтың кәсіби құзыреттілігінің маңызды сипаттамаларының қатарындағы – жеке тұлғаның бейімделуі, білім беру қабілеттері, оның шығармашылығы, бастамашылығы, тиімді әлеуметтік-педагогикалық модельдерді жобалау және іске асыру қабілетіне байланысты компоненттерді, арт-технологияларды кәсіби меңгеру негізінде едәуір күшейту қажет.

Арт-технология – білім алушылардың жеке басының шығармашылық әлеуетін ашу және дамыту, зерттелетін ғылыми фактілердің, заттардың, құбылыстардың маңыздылығын түсіну мақсатында білім беру процесінде қолданылатын әртүрлі өнер түрлерінің әдістері, тәсілдері, формалары мен құралдары.

Арт-технология келесідей мүмкіндіктерге жол ашады:

1) болашақ әлеуметтік педагогтардың шығармашылық қабілеттері мен жеке әлеуетін ашу;

2) болашақ әлеуметтік педагогтардың рефлексиялық қабілеттерін дамыту;

3) кәсіби әлеуметтік педагогикалық қызметте туындауы мүмкін әлеуметтік педагогикалық міндеттерді шешу құзыретін дамыту.

Осы тұста, арт-технологиялар арқылы әлеуметтік педагогтың қандай кәсіби құзыреттіліктерін дамытуымыз қажеттілігін анықтап алуымыз керек. Әлеуметтік педагогтың кәсіби құзыреттілігі әлеуметтің педагог қызметіндегі міндеттерден туындайды. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына [1] сәйкес, әлеуметтік

педагогтің лауазымдық міндеттеріне жеке тұлғаның психологиялық-медициналық-педагогикалық ерекшеліктерін және оның шағын ортасын, өмір сүру жағдайларын зерделеу, мүдделер мен қажеттілікті, мәселелерді, даулы жағдайларды, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мінез-құлқындағы ауытқуларды анықтау және оларға уақытылы әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету жатады.

Әлеуметтік педагогтың кәсіби құзыреттілігі туралы зерттеу өте көп, сондай-ақ олардың барлығы әлеуметтік педагогтың кәсіби құзыреттілігі әлеуметтік педагогикалық қызметке байланысты екендігін алға тартады. З.М. Махмутова [2], Н.Ю. Клименко [3], И.С. Николаева, С.В. Старикова, О.В. Баркунова [4] сынды зерттеушілердің еңбектерін саралай келе, әлеуметтік педагогтың келесідей кәсіби құзыреттіліктерін атап өте аламыз:

кәсіби әлеуметтік педагогикалық қызметтің теориялық білім кешенінің болуы;

кәсіби әлеуметтік педагогикалық қарым-қатынас құралдарын меңгеру;

жаңа жағдайларда, төзімділікке бейімделу қабілеті;

әлеуметтік-педагогикалық шешім қабылдауға әсер ететін коммуникативтік мінез-құлық стратегиясын әзірлеу мүмкіндігі;

заманауи педагогикалық дағдылардың болуы, тәрбиенің психологиялық-педагогикалық негіздерін білу.

А.С. Макарова кәсіби құзыреттілікті жүйелі түрде жіктеп көрсетеді:

– арнайы құзыреттілік – құзыреттілік жоғары кәсіби деңгейдегі қызметті игеруді және арнайы білімнің болуын, оларды іс жүзінде қолдана білуді қамтиды.

– әлеуметтік құзыреттілік – бірлескен кәсіби қызмет пен ынтымақтастық тәсілдерін, кәсіби қоғамда қабылданған кәсіби қарым-қатынас әдістерін меңгеруді сипаттайды (тәжірибемен бөлісу, мәселелерді ашық талқылау, жанжалды жағдайлардан сауатты шығу, балалармен, , ата-аналармен, әкімшілікпен ынтымақтаса білу);

– тұлғалық құзыреттілік – өзін-өзі көрсету және өзін-өзі дамыту тәсілдерін, кәсіби деформацияға қарсы тұру құралдарын меңгеру, өзінің кәсіби қызметін жоспарлау, өз бетінше шешім қабылдау, мәселені анықтау қабілетін қамтиды.;

– даралық құзыреттілік – құзыреттілік өзін-өзі реттеу әдістерін меңгеруді, кәсіби өсуге дайындықты, кәсіби қартаюға ұшырамауды, тұрақты кәсіби мотивацияның болуын сипаттайды.

Осыған сәйкес, зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты – болашақ әлеуметтік педагогтардың арнайы, әлеуметтік, даралық, тұлғалық – кәсіби құзыреттіліктерін дамытудағы арт-технологиялардың тиімділігін теориялық негіздеу, сондай-ақ оларды оқу процесінде тиімді пайдалану жолдарын анықтау болып табылады.

Тарихы

Елімізде арт-технологияларды қолданушылар дербес мамандық иелері (арт-терапевт, арт-технолог, т.с.с.) ретінде танылмағанымен, оны педагогика, психология, медицина саласының мамандары қосымша көмек әдісі ретінде кеңінен пайдаланады. Ал педагогикалық ғылымдарды арт-технологиялар арт-педагогика аясында қолданылады.

Арт-технологиялар арт-терапияның құралдары болып табылатындықтан, шығу тарихы арт-терапиямен тікелей байланысты. Арт-терапия ең алғаш психотерапияда қолданыла бастады. Қазіргі таңда арт-технологияларды кез келген салада – білім беру саласында, медицинада, кәсіпкерлікте, психологиялық тренингтерде, тим-билдингтерде және т.с.с. орындарда түрлендіре отырып қолдануға болады. Ал алғашқы арт-технологиялар сырқат адамдарды, демалыс үйіндегі емделушілерді емдеу мақсатында қолданылған болатын. Қазақ тіліне аударғанда «өнермен емдеу» ұғымын білдіретін бұл терминді алғаш ғылымға енгізген Адриан Хилл болды [5].

Арт-технологияларды арт-педагогика, арт-терапия негізінде қолдану идеялары Н. Роджерс, З. Фрейд, К. Юнг сынды психологтардың еңбектерінде бейнелеу өнерінің тұлғаның өзін-өзі емдеу әлеуеті; К.Н. Вентцель, М. Монтессори, В.А. Сухомлинский, Л.Н. Толстой, Р. Штайнер, К. Роджерс, А.Маслоу, Д. Морено еңбектерінде ойын, қозғалыс, ертегі, сурет салу арқылы эмоционалды-сенсорлық саланың, қиялдың, шығармашылық қабілеттердің басым дамуы туралы тұжырымдамалық ережелер; Л.С. Выготский, Б.Т. Лихачев, А.А. Мелик-Пашаева, Ж. Пиаже сынды ғалымдардың еңбектерінде эстетикалық тәрбие тұжырымдамалары, көркем сурет туралы білім мәселелері тұрғысынан қарастырылса, Э. Адамсон, Л.А. Аметова, А.И. Копытин, Э. Крамер, М. Либман, Л.Д. Лебедева, М. Наумбург сынды ғалымдар арт-педагогика мен арт-терапияны қазіргі таңдағы зерттеушілері болып табылады.

ХХ ғасырдың басында пайда болған сәттен бастап-ақ арт-технологиялар жеке тұлғаның ішкі жағдайын және оның дамуына әсерін зерттеу үшін психологиялық-педагогикалық практикада бейнелеу өнерінің емдік және диагностикалық мүмкіндіктерін пайдалану идеяларын негізге алған К. Ричи «Суретші балалар» (АҚШ), Ж. Рум «Баланың графикалық тілі» (Франция), К. Лампрехт пен Ф. Флейдер «Образдың туындауы» (Германия) сынды еңбектерден байқала бастады. Сондай-ақ қазіргі заманғы арт-технологиялар ХХ ғасырдың ортасында Еуропа мен Американың прогрессивті педагогикасындағы бейнелеу шығармашылығының салауатты, үйлесімді тұлғаны дамытудың маңызды құралы ретіндегі тәжірибесінің жалғасы іспеттес.

Елімізде арт-технологияларды педагогика, психология, әлеуметтік педагогика және оқыту пәндері аясында қолдануды зерттеген, әлі де зерттеп жүрген ғалымдар жетерлік. А.Б. Айтбаева, Г.А. Қасен, Мукашева А.Б., Мадалиева З.Б., Абибуллаева А.Б., Ракишева Г.М., Ұ.Б. Төлешова, А.А. Булатбаева және т.б. ғалымдар арт-технологиялардың, арт-терапияның әртүрлі педагогикалық мәселелерді шешудегі тиімділігін жан-жақты зерттеп, зерттеу еңбектерін жазған.

А.Б. Айтбаева, Г.А. Қасен, А. Мырзахановалардың айтуынша [6], педагогика мен көркем өнердің тоғысында дамып отырған арт-педагогикада акцент тек көркемөнерлік мәдениетті дамытып, көркемөнерлік іс-әрекеттің әр түрінде қолданбалы шеберліктерді табысты игеру жолдарын табуға ғана қойылмайды, сонымен бірге, ішкі өзіндік тәжірибе, өзіндік эмоциялық бастан кешіру, шығармашылық процеске тікелей қатысу арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарға ортақтасуды мақсат етеді.

Например, черты творческой личности подробно изучались и осмысливались различными исследователями (Майзел, 2007; Саймонтон, 2003; Дэвис, 1992; Хатена, 1992; Дэвид и Римм, 1980; Шефер, 1971). Список выявленных ими свойств творческой личности включает такие установки, как воображение, любознательность, открытость, объективность, гибкость, беглость, чувствительность к сенсорной стимуляции, чувство юмора, интеллектуальная игривость, безразличие к конформизму, готовность пробовать новые идеи, навыки синтеза и способность интенсивно работать в течение длительного периода времени.

Кроме того, о творческом продукте в конечном счете можно судить по уровням творческого мышления, представленного в продукте (Karwowski, 2006; Simonton, 2003; Dacey, 1989; Besemer & O'Quin, 1987; Taylor, 1964; Gamble, 1959; Lehman, 1953). Он включает: (1) выразительное творческое мышление, которое иллюстрируется мозговым штурмом, (2) продуктивное творческое мышление, о котором судят по количеству продуктов, (3) изобретательское творческое мышление, сочетающее эффективность и изобретательность с доступными материалами и идеями, и (4) новаторское творческое мышление, которое перестраивает поле как кубизм в изобразительном искусстве (например, эстетические ценности в кубистической живописи Пабло Пикассо).

Кроме того, процесс творческого мышления включает в себя способность генерировать оригинальные идеи, воспринимать новые и неожиданные отношения или устанавливать уникальный и улучшенный порядок среди, казалось бы, не связанных между собой факторов. Другими словами, творческое мышление предполагает не только один вид поведения. Черты творческого процесса были задокументированы Саймонтоном (2003), Даунингом (1997), Дейси (1989), Торрансом (1979), Маккинноном (1978), Осборном (1963), Гилфордом (1950), Дьюи (1930) и Уоллахом (1963).

Отечественные ученые Нагымжанова К.М. [12], Швайковский А.С. [13], Оспанова Б.А. [14] рассматривают формирование креативности будущих специалистов, Нургалиева Г.К. [15] использование инновационных технологий в формировании креативности студентов, Сагадуллаев И.И. [16] изучала формирование акме-креативности будущих специалистов иностранного языка, Т. Г. Галиев [17] - развитие креативности обучающихся, Т.С. Сабиров [18] – подготовку будущих учителей к организации познавательной деятельности учащихся и др.

Результаты и обсуждения

Анализируя часто встречающиеся в литературе методы оценки креативности, можно выделить инструменты каждого из четырех подходов. Процессный метод, например, включает такие тесты, как тесты Уоллака-Когана, Торренса, тесты на определение дивергентного мышления Гилфорда и комплекс оценки креативности CAP. Эти инструменты требуют от испытуемых генерации максимального количества ответов на открытые задачи, после чего производится оценка ответов на беглость (количество ответов), оригинальность (статистическая редкость), гибкость (разнообразие категорий) и детализацию (количество деталей) (Джаук и др., 2014). Такие тесты не только изучают количество предложенных ответов, но и качество этих ответов.

Однако процессные методы имеют свои ограничения. Во-первых, они часто основаны на общем представлении о креативности, не учитывая специфики творческого процесса в конкретных областях (например, требования к креативности в математике могут сильно отличаться от творческих требований в изобразительном искусстве). Во-вторых, такие тесты проводятся в условиях искусственного эксперимента, что может неполностью отражать реальные творческие задачи и условия.

Персональный метод оценки креативности включает использование различных опросников, таких, как "Как ты думаешь?" (HDYT), шкала творческой личности Гуха и опросник о креативных достижениях. Эти методы направлены на изучение личностных черт и прошлых творческих достижений с целью предсказания будущих креативных способностей (Клэпхэм, 2004). Однако наличие определенных личностных черт не всегда гарантирует успешную творческую деятельность в различных областях.

Продуктный подход к оценке креативности сосредоточен на новизне и полезности созданных продуктов в зависимости от социальных, культурных и исторических контекстов, в которых они создаются (Саймонтон, 2012). Он включает модели, такие, как модель анализа креативных продуктов (CPAM) и метод согласованной оценки (CAT), где креативные продукты оцениваются экспертами в соответствующей области (Амабиле, 1982).

Пресс-подход к изучению креативности анализирует влияние рабочей среды на творческие процессы, выявляя факторы, такие, как поддержка руководства, сотрудничество и доступ к ресурсам (Амабиле, 1996; Эквалл, 1996). Исследования используют инструменты, включая анкету творческого климата (CCQ) и шкалу поддержки инноваций (SSSI), для оценки различных аспектов рабочей среды, которые могут способствовать или ограничивать творческие усилия.

Каждый из этих подходов имеет свои преимущества и недостатки, отражая разнообразие подходов к измерению и пониманию креативности в различных контекстах и областях.

Заключение

Таким образом, в науке представлен широкий арсенал определений понятий «интегральность» и «креативность». Следовательно, в литературе можно найти множество определений. Результаты данного обзора дополняют растущий объем исследований творчества. Он предлагает всеобъемлющий современный обзор существующей литературы по теме креативность, интегральность, мышление, выявленных путем сканирования нескольких источников информации. Полученные в результате обзора данные могут быть использованы для глубокого понятия креативности, интегральности в исследованиях и на практике. Он информирует исследователей о последних разработках в этой области исследований и выявляет пробелы и пути для последующих исследований. Он также может служить полезным руководством для исследователей и преподавателей, заинтересованных в теме творческих способностей.

Вклад авторов

Косыбай Айнур Калтайкызы, автор-корресподент, ответственный за сбор, анализ, интерпретацию результатов.

Гайворонская Ирина Борисовна, ответственный за утверждение окончательного варианта статьи для публикации.

Список литературы:

1. Галиев Г.Т. Проблемы социальной технологии преодоления межнациональных конфликтов и гармонизации межнациональных отношений: автореф. дисс. на соискание ученой степени д. социол. наук. - Уфа: БГУ, 1997. - 44 с.

2. Кыдырова С.Р., Л.И. Шалабаева, Э.А.Айтенова, С.Л.Э. 2021. Проблемно-деятельностное обучение-условие развития творческого мышления студентов// Хабаршы. «Психология» сериясы. – 2021. – С.148–152. DOI: 10.51889/2020-3.1728-7847.28

3. Нағымжанова Қ.М. Университет студенттерінің педагогикалық креативтілігін инновациялық білім беру ортасында қалыптастырудың ғылыми негіздері: пед. ғыл. док. ... дис.: 13.00.01. - Алматы, 2010. - 345 б.

4. Нургалиева Г.К. Психолого-педагогические основы ценностно-ориентированной личности: дис. ... док. пед. наук: 13.00.01. Алматы, 1994. - 379 с.

5. Оспанова Б.А. Педагогические основы формирования креативности будущего специалиста в системе унивеситетского образования: автореф... док. пед. наук: 13.00.08. - Туркестан, 2006. - 43 с.

6. Сабыров Т.С. Оқушы жастардың танымдық әрекетін арттырудағы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолдануға мұғалімді даярлаудың теориялық негіздері: пед. ғыл. док. ... дис: 13.00.01. - Алматы, 1996. - 278 с.

7. Сагадуллаев И.И. Формирование акмекреативных качеств у будущих учителей английского языка. – Алматы, 2015. – 206 с.

8. Швайковский А.С. Педагогические условия развития креативного потенциала студентов на основе инновационных образовательных технологий: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.01. - Шымкент, 2009. - 25 с.

9. Gidley JM. Globally scanning for “Megatrends of the Mind”: Potential futures of futures thinking. Futures - 2010; P. 42 DOI:10.1016/j.futures.2010.08.002

10. Gallifa, J. and Botella, L. The Structural Quadrants Method: A new approach to the Assessment of Construct System Complexity via Repertory Grid. Journal of Constructivist Psychology - 2000; Vol.13(1): P.1-26. DOI:10.1080/107205300265955

11. McGregor SL. The promise of integral-informed FCS practice. Journal of Family and Consumer Sciences - 2014; Vol.106(1): P.8

12. McGregor SL. The promise of integral-informed FCS practice. Journal of Family and Consumer Sciences - 2014; Vol.106(1): P.9

13. Sri Aurobindo The Synthesis of Yoga [Электрон. ресурс] URL: http://integral-yoga.narod.ru/Sri_Aurobindo/The_Synthesis_of_Yoga/Part_II.html (дата обращения: 15.09.2022).

14. Schöllhammer and Kuriloff, 1979, стр. 10–14; Иванцевич и др., 1994, стр. 564

15. SDG Media Zone: Creativity for the Goals [Электрон. ресурс] URL:https://www.un.org/sustainabledevelopment/blog/2017/10/sdg-media-zone-creativity-for-the-goals/ (дата обращения: 07.10.2022)

16 Wilber K. The theory of everything. Boston, MA: Shambhala; 2001. Wilber K. Introduction to Integral Theory and Practice IOS basic and the AQAL map. AQAL Journal of Integral Theory and Practice - 2005; Vol.1(1): P.1-38

А.Қ.Косыбай[1], И.Б.Гайворонская[2]

[1]Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ., Қазақстан

[2]А.С.Пушкин атындағы Ленинград мемлекеттік университеті, Санкт-Петербург қаласы, Ресей

Интегралды-креативті ойлау стилі психологиялық феномен ретінде

Аңдатпа. Бұл мақалада авторлар ойлау стилі, дәлірек айтқанда студенттердің интегралды-креативті ойлау стилі сияқты психологиялық құбылысқа теориялық шолу жасады. Ойлау стилі – бұл адамның ақпаратты игеру, өңдеу және жүйелеу, идеялар мен көзқарастарды қалыптастыру, мәселелерді шешу, шешімдер қабылдау және өз ойын білдіру тәсілі. Әр адамның оқу, проблемаларды шешу немесе тіпті өнімді әзірлеу кезінде өзіндік ойлау стилі болады. Мақаланың негізгі мақсаты "ойлаудың интегралды-креативті стилі" ұғымына талдау жүргізу, осы құбылыстың пайда болуы мен даму тарихын қысқаша баяндау, оны зерттеген танымал психологтардың тұжырымдамалары мен көзқарастарын ұсыну. Қолда бар зерттеулерді талдай отырып, осы саладағы креативтіліктің, интегралдылықтың әртүрлі анықтамалары қарастырылды, креативтіліктің дамуына әсер ететін факторлар сипатталды. Күрделі сұрақтар мен құбылыстарды ажыратуға бағытталған ойлау дағдыларының әртүрлі түрлерін зерттегеннен кейін, бұл мақалада интегралды ойлау ретінде анықталған ойлаудың жаңа модальділігін қолдану қажеттілігі айтылады. Интегралды ойлау – бұл қазіргі заманғы қажеттілікке сәйкес келетін ғылымда, мәдениетте, кәсіп, және өнердегі интегралды ойлау түрі немесе жеке сананың эволюциясы. туралы. Сондай-ақ, оны әртүрлі кәсіби салаларда, әсіресе кешенді тәсілдер қажет болған кезде қолдану пайдалы. Интегралды ойлауды тұтас білім мен педагогикада қолдануға болады. Тақырып өзектілігі интегралды білім берудің тәжірибесі мен күн тәртібін сипаттауға көмектеседі.

Түйін сөздер: ойлау, ойлау стилі, креативтілік, интегралдылық, интегралды-креативті ойлау стилі, студент.

A.K. Kossybay[1], I.B.Gaivoronskaya[2]

[1]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

[2]LSU named after A.S.Pushkin, St.Petersburg, Russia

Integral-creative thinking style as psychological phenomenon

Abstract. In this article, the authors have made a theoretical review of such a psychological phenomenon as the style of thinking, or rather, the integral-creative style of thinking of students. Thinking style is how a person assimilates, processes and organizes information, as well as forms ideas and attitudes, solves problems, makes decisions and articulates self-expression. Everyone has their own way of thinking when teaching, problem solving, or even product development. The main purpose of the article was to analyze the very concept of "integral creative style of thinking", a brief summary of the

history of the emergence and development of this phenomenon, the presentation of the concepts and views of famous psychologists who studied it. After analyzing the available research, various definitions of creativity, integrality in this area were considered, and the factors influencing the development of creativity were described. After exploring various types of thinking skills focused on discerning complex issues and phenomena, this article argues for the need to use a new modality of thinking, defined as integral thinking. Based on the holonic theory and the properties of holons and their interrelations of part and whole, the article proposes and characterizes integral thinking, a type of thinking that is holistic, but also has a scope and depth that goes beyond the traditional Aristotelian epistemological ways. Integral thinking combines in a single model the assets of premodern, modern and postmodern thought systems; and helps to go beyond the modern syncretism of many points of view. Integral thinking is a type of thinking that corresponds to the modern need to think integrally in science, culture, profession, and art or about the evolution of personal consciousness. It is also useful to apply it in various professional fields, especially when complex approaches are needed. Integral thinking can be used in holistic education and pedagogy. Relevance can help characterize the practice and agenda of integral education.

Keywords: thinking, thinking style, creativity, integrality, integral creative thinking style, student.

References:

1. Galiev G.T. Problemy social'noj tehnologii preodolenija mezhnacional'nyh konfliktov i garmonizacii mezhnacional'nyh otnoshenij: avtoref. diss. na soiskanie uchenoj stepeni d. sociol. nauk. - Ufa: BGU, 1997. - 44 s.

2. Kydyrova S.R., L.I. Shalabaeva, Je.A.Ajtenova, S.L.Je. 2021. Problemno-dejatel'nostnoe obuchenie-uslovie razvitija tvorcheskogo myshlenija studentov// Habarshy «Psihologija» serijasy. – 2021 - 64, 3 148–152. DOI: 10.51889/2020-3.1728-7847.28

3. Nagymzhanova K.M. Universitet studentterinin pedagogikalyk kreativtiligin innovacijalyk bilim beru ortasynda kalyptastyrudyn ғylymi negizderi: ped. gyl. dok. ... dis.: 13.00.01. - Almaty, 2010. - 345 b.

4. Nurgalieva G.K. Psihologo-pedagogicheskie osnovy cennostno - orientirovannoj lichnosti: dis. ... dok. ped. nauk: 13.00.01. Almaty, 1994. - 379 s.

5. Ospanova B.A. Pedagogicheskie osnovy formirovanija kreativnosti budushhego specialista v sisteme univesitetskogo obrazovanija: avtoref... dok. ped. nauk: 13.00.08. - Turkestan, 2006. - 43 s.

6. Sabyrov T.S. Okushy zhastardyn tanymdyk areketin arttyrudagy okytudyn adisteri men formalarynyn didaktikalyk zhujesin tiimdi koldanuga mugalimdi dajarlaudyn teorijalyk negizderi: ped. gyl. dok. ... dis: 13.00.01. - Almaty, 1996. - 278 c.

7. Sagadullaev I.I. Formirovanie akme-kreativnyh kachestv u budushhih uchitelej anglijskogo jazyka. – Almaty, 2015. – 206 c.

8. Shvajkovskij A.S. Pedagogicheskie uslovija razvitija kreativnogo potenciala studentov na osnove innovacionnyh obrazovatel'nyh tehnologij: avtoref. ... kand. ped. nauk: 13.00.01. - Shymkent, 2009. - 25 s.

9. Gidley JM. Globally scanning for “Megatrends of the Mind”: Potential futures of futures thinking. Futures - 2010; P. 42 DOI:10.1016/j.futures.2010.08.002

10. Gallifa, J. and Botella, L. The Structural Quadrants Method: A new approach to the Assessment of Construct System Complexity via Repertory Grid. Journal of Constructivist Psychology - 2000; Vol.13(1): P.1-26. DOI:10.1080/107205300265955

11. McGregor SL. The promise of integral-informed FCS practice. Journal of Family and Consumer Sciences - 2014; Vol.106(1): P.8

12. McGregor SL. The promise of integral-informed FCS practice. Journal of Family and Consumer Sciences - 2014; Vol.106(1): P.9

13. Sri Aurobindo The Synthesis of Yoga [Jelektron. resurs] URL: http://integral-yoga.narod.ru/Sri_Aurobindo/The_Synthesis_of_Yoga/Part_II.html (data obrashhenija: 15.09.2022)

14. Schöllhammer and Kuriloff, 1979, str. 10–14; Ivancevich i dr., 1994, str. 564

15. SDG Media Zone: Creativity for the Goals [Jelektron. resurs] URL:https://www.un.org/sustainabledevelopment/blog/2017/10/sdg-media-zone-creativity-for-the-goals/ (data obrashhenija: 07.10.2022)

16. Wilber K. The theory of everything. Boston, MA: Shambhala; 2001. Wilber K. Introduction to Integral Theory and Practice IOS basic and the AQAL map. AQAL Journal of Integral Theory and Practice - 2005; Vol.1(1): P.1-38

Авторлар туралы мәлімет:

Косыбай Айнұр Қалтайқызы **–** PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университететі, Астана, Қазақстан.

Гайворонская Ирина Борисовна **–** психология ғылымдарының кандидаты, доцент, А.С.Пушкин атындағы Ленинград мемлекеттік университеті, Санкт-Петербург қаласы, Ресей

Сведения об авторах:

Косыбай Айнур Калтайкызы **–** докторант PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Гайворонская Ирина Борисовна **–** кандидат психологических наук, доцент, Ленинградский государственный университет им. А.С.Пушкина, город Санкт-Петербург, Россия

Information about authors:

Kossybay Ainur Kaltaikyzy **–** Doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Gaivoronskaya Irina Borisovna **–** Candidate of Psychological Science, Lecturer, Leningrad State University named after A.S.Pushkin, St.Petersburg, Russia

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN: 2616-6895. eISSN: 2663-2497

ПСИХОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ/
PSYCHOLOGY SERIES / СЕРИЯ ПСИХОЛОГИЯ

ХҒТАР 15.21.45
Мақала типі: ғылыми мақала

DOI: https://doi.org//10.32523/2616-6895-2024-147-2-588-605

Жоғары оқу орындарындағы студенттерде эмоциялық интеллекті мен жетістікке жету мотивациясының өзара байланысы

Б.Е. Сабырбай*[1], Г.Қ. Айкинбаева[1], Хамит Кошкун[2]

[1,2]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
[2]Болу Абант Иззет Байсал университеті, Болу, Түркия

(E-mail: [1]b.e.sabyrbay@gmail.com,[2]gulden_1975@mail.ru, hamitcoskun2000@gmail.com)

Аңдатпа. Зерттеу мақсаты – студенттердегі эмоциялық интеллект пен жетістікке жету мотивациясы арасындағы өзара байланысты айқындау. Мақалада эмоциялық интеллект ұғымына теориялық талдау жасалды. Еліміздегі және шетелдердегі зерттеулерге сүйене отырып, эмоциялық интеллектінің адам өміріндегі орны, оқу және кәсіби әрекетіне әсері мен жетістікке жету құралы ретінде сипатталынады. Мақалада жоғары білім беру жүйесіндегі оқыту технологияларында эмоциялық интеллектіні негізге ала отырып, білім беруде, академиялық жетістіктерге қол жеткізу мүмкіндіктері пайымдалады. Студенттердегі эмоциялық интеллект олардың мақсатқа бағдарлануына, оқу белсенділігінің артуына, академиялық үлгерімінің жоғарылауына, оқу және кәсіби даму барысында жетістікке жетуге деген ынта-ықыласының артуына себеп болатыны дәйектеледі. Сондай-ақ теориялық зерттеу нәтижелерін талдау негізінде «эмоциялық интеллектінің адам өміріндегі тұлғалық және кәсіби жетістіктерімен байланыстылығын» көрсететін авторлық модель ұсынылады. Арнайы эксперименттік зерттеуде Д.В. Люсиннің «Эмоциялық интеллект» сауалнамасы және С.А. Пакулинаның «ЖОО-да студенттердің жетістікке жету мотивациясы» әдістемесі алынды. Зерттеуге 130 студент қатысты. Эксперимент нәтижелері негізінде студенттердің эмоциялық интеллектісі олардың жетістікке жету мотивациясымен байланысы, академиялық үлгерімі көрсеткіштерімен байланысты дәйектеледі. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында оқыту барысында есепке алу арқылы студенттердің жетістікке жету мотивациясын жоғарылату мүмкіндігіне қол жеткізуге болады.

Түйін сөздер: Студенттер, эмоциялық интеллект, әлеуметтік интеллект, жетістікке жету, мотивация, оқуға қатынасы, оқу нәтижелері, академиялық жетістік.

Түсті: 30.04.2024; Жөнделді: 11.06.2024; Мақұлданды: 19.06.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

Кіріспе

Елдегі жоғары оқу орындарындағы білім сапасы, маманның кәсіби дайындығы қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады (U.F. Sahibzada және басқалар, 2019). ЖОО оқу жүйесі нарықтық сұранысқа ие әлеуметтік және эмоциялық құзіретті маман дайындауды қамтамасыз етуді жүзеге асыратындай болуы шарт.

ЖОО жүйесінде қаншама жаңа инновациялық оқу технологияларының енгізілуі студенттердің кәсіби білімі мен кәсіптік қабілеттіліктеріне, әрі құзыреттілігіне бағытталған. Дегенмен қазіргі кездегі қоғамдағы эмоциялық әл-ауқатты ескеретін болсақ, онда болашақ жас мамандардың психологиялық тұрғыда қайратты, эмоциялық интелектісі жоғары, әлеуметтік құзыретті болуында екендігін ұмытпағанымыз жөн сияқты. Кәсіби білімі терең, кәсіптік шеберлігі өте жоғары, бірақ өзгелермен тіл табыса алмайтын, өз эмоцияларын басқара алмайтын маманды көз алдыңызға елестетіп көріңізші. 30-шы жылдарда Дейл Карнеги адамның кез-келген жұмыстағы, өмірдегі қол жеткізген қаржылық, әл-ауқаттық дәрежесінің 15 пайызы оның кәсіби біліктілігіне, ал жетістіктерге жетуге әсер еткен қалған 80-85 пайызы оның адамдармен ортақ тіл табысуына, қарым-қатынасқа түсуіне байланысты екенін атап өткен.

ЖОО білім жалпы қоғамдағы экономиканың құрылуы мен дамуына ықпал ететіні анық. Жоғары білім неғұрлым сапалы және нәтижелі болатындай құрылса, одан түлеп шығатын жоғары білікті маман қоғамның дамуына үлесін қосары анық. Жоғары білім жүйесінде кәсібиліктің қалыптасуын, студенттердің оқу нәтижелерін жақсартудың мәні зор. Бұл ретте, ЖОО ЭИ стратегияларын жүйелі енгізу мен қолдану арқылы оқу нәтижелерін жақсарту қажеттілігі туындап отыр. Олай болса, ЖОО студенттері ЭИ көмегімен, оқу үдерісі барысында жетістікке жету арқылы қоғамның сұранысына жауап бере алатын маман болуы керек (K.C. Zhoc және басқалар, 2018). Әрине, әрбір ЖОО-да ішкі тәртіпке, академиялық дәрежеге, оқытудың белгілі бір құндылықтары мен тактикасына байланысты, стресстік эмоциялық күйзелістерді шешуге байланысты студенттер өзіндік қиындықтарды басынан өткереді (Y.Turner және A.Acker, 2017). Бұл ең алдымен студенттердің әлеуметтік және эмоциялық интеллект даму деңгейлеріне орай күрделелігі сезіледі. Бұл өзінің және өзгелердің эмоциясын қабылдау және түсіне білу, өзінің және өзгелердің эмоциялық күйлерін реттеу, басқара алу қабілеттіліктеріне байланысты түрліше байқалады. ЭИ және оқу нәтижелері ресми оқу саласынан басқа да салаларда, айталық еңбек іс-әрекетінде көптеген жетістіктерге жетуді қамтамасыз етеді. Сондықтан ЖОО студенттердің ЭИ мәселесін зерттеу, сол арқылы оқу жетістіктеріне қол жеткізу өзекті болып табылады.

Теориялық талдау

Жоғарыда зерттеу өзектілігін айқындау арқылы зерттеу мақсаты анықталды:

– теориялық зерттеулер негізінде жоғары оқу орындарындағы студенттердің оқу үдерісі жағдайында эмоциялық интеллектінің көрінуі мен дамуының өзіндік ерекшеліктерін көрсету;

– студенттік кезеңдегі эмоциялық интеллектінің оқу нәтижелері мен кәсіби әрекеттеріне ықпалын айқындау;

– эксперименттік зерттеу арқылы студенттердің эмоциялық интеллектісі мен жетістікке жету мотивациясының өзара байланыстылығын анықтау.

Бірқатар шетелдік зерттеулерге сүйенсек, ЖОО оқу жүйесі тек білім беруге баса назар аударып қана қоймай, олардың қоғамдық өмірде де жетістіктерге жетуіне қажетті интелллектуалды, әлеуметтік, тұлғалық, эмоциялық дағдыларды меңгертуді басшылыққа алу керектігін көрсетеді [1].

Эмоциялық интеллект ұғымына берілетін сипаттамалардың көптігіне қарамастан, М.А. Brackett және басқалардың айтуы бойынша ЭИ-дің ортақ анықтамасы мен құрылымына байланысты ортақ тұжырымның болмауы осы психологиялық феноменнің зерттелуінің ғылыми өзектілігі мен практикалық құндылығын көрсетеді [2]. Біздің пікірімізше, ЭИ-дің адам өміріндегі маңыздылығына орай, әртүрлі зерттеулердің өзіндік тұжырымдары негізінде ортақ түсініктің құрылуы қиынға соғып отыр. Сондықтан, М.А. Brackett-тің пікірімен келісуге болады. Оған қоса ЭИ-дің адам өмірінде маңызды рөль атқаратындығын түрлі практикалық құндылық ретінде қарастыруға болады.

Дәстүрлі психологиялық ілімдерге сүйенсек, шындықты адекватты бейнелеу үшін эмоцияға берілмей, шынайы ойлау қажет деп есептелінеді. Оған қоса, адамның эмоциялық мәдениетінің даму мәселелері ЭИ даму деңгейлерімен тікелей байланыстылығын көрсетеді. Соның негізінде тұлғаның басымдықта болатын көңіл-күйі, субъективті күйзелістері адам өмірінде маңызды рөл атқарады.

Зерттеу әдістері теориялық және эксперименттік зерттеу әдістерінен тұрады. Теориялық зерттеу барысында шетелдік және отандық психологиялық ғылыми әдебиеттерге талдау, жүйелеу, жалпылау, зерттеу нәтижелерін талдау, салыстыру әдістері қолданылады. Ал, эксперименттік зерттеу әдістері ретінде Д.В. Люсиннің «Эмоциялық интеллект» сауалнамасы және С.А. Пакулинаның «ЖОО-да студенттердің жетістікке жету мотивациясы» әдістемесі, математикалық-статистикалық, корреляциялық талдау әдістері алынады.

Алдымен, адамның ресурстық жүйесі элементі ретінде эмоциялық интеллект адамның психологиялық әл-ауқатын да жақсарту мүмкіндігін қамтамасыз ететіндігін көрсететін зерттеулер туралы да айтуға болады. Мұнда эмоциялық интеллект адамның өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін өзінің де, өзгелердің де эмоциясын танып білу, түсіну, басқару ретінде қарастырылады [3].

М.А. Brackett және басқалардың зерттеуінде эмоциялық интеллектінің тұлға аралық және ішкі тұлғалық түрлерін ажыратады. Аталмыш ғалымдардың эмпирикалық зерттеулеріне сүйенсек, [2], ЭИ деңгейі жоғары адамдар эмоциялық тұрақсыздық жағдайын дұрыс реттей алады, тұлғааралық ЭИ деңгейінің жоғары көрсеткіші коммуникативтілік құзіреттілікті қалыптастырады, соның негізінде тұлға аралық қатынастар саласында бейімділікті қалыптастырады; ішкі тұлғалық ЭИ деңгейінің жоғары көрсеткіші мақсатқа жетуге деген табандылықты, шешім қабылдау мен оны жүзеге асыруға деген талаптануды, басқаша айтқанда, кәсіби іс-әрекет саласында және тұлғалық жетістіктерде бейімділікті қамтамасыз етеді деген дәйекті дәлелдемелер келтіреді.

И.А. Бердниковаңың пайымдауынша, адамның ЭИ мен оптимизмі тұлғалық ресурс ретінде тұлғаның тұтас психологиялық әл-ауқатын көрсетеді [4]. Э.Г. Эриксон «тұлғаның эмоциялық әл-ауқатын қамтамасыз ететін жағдайларға индивидуалдылық сезімді, көпшіл болуды және жақын қатынастар құра алуды, белсенділік таныта алу ептілігін» жатқызады [5].

Ендігі кезекте ЭИ-нің жетістікке жету мотивациясымен байланыстылығын пайымдайтын бірқатар зерттеулерге шолу жасайтын болсақ, мұндағы жетіктікке жету ЖОО болғандықтан студенттердің оқу жетістіктері мен оқу нәтижелерінің көрсетікіші басты мәселе болып табылады.

Шетелдерде білім беру жүйесінің соңғы жылдарындағы ерекшеліктеріне назар аударсақ, көп жағдайда оқытудың әлеуметтік және эмоциялық аспектісіне мән беріледі. Оған негіз болатын бүкіләлемдік SEL (social-emotional learning, бұдан кейін SEL) бағдарламасын атауға болады. Әлеуметтік даму мен эмоциялық оқытудың моделі өзіндік сана, өзін-өзі бақылау және өзара қатынастар дағдысы компоненттерінің интеграциясы негізінде түсіндіріледі. Бірқатар зерттеулерде ЭИ сыни ойлау, күрделі мәселелерді шешу, креативтілік – эмоциялық интеллектінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Сондықтан J.A. Durlak [6] және басқалар өздерінің эксперименттік зерттеулерінде эмоциялық интеллект көрінісі ретінде «оқушылардың өзіндік санасын» зерттейді. Ал өзіндік сана өлшемі ретінде оқушылардың өзіндік ойы мен эмоциясын танып білуін, олардың өзіндік мінез-құлқына әсерін диагностикалайды. Осы арқылы оқушылар өздерінің ойлары мен эмоцияларын, мінез-құлықтарын эффективті бақылай отырып, өз бетінше оқуды басқара алатындығын дәлелдейді. Соның негізінде оқу жетістіктеріне де қол жеткізу мүмкіншіліктерін көрсетеді.

Z. Shafait [7] зерттеулері көрсеткендей, ЖОО студенттері академиялық жоғары нәтижелілікке қол жеткізудің арқасында олар ең алдымен өзіндік эффективтілігін арттырады, өздерінің қалаған білім жетістіктеріне жету үшін әрекет ету жоспарларын құру мен оны жүзеге асыру қабілеттері мен дағдыларын тұлғалық бағалауын дамытады (Zimmerman B.J., 1995). ЖОО студенттердің академиялық жетістігі дегеніміз, олардың оқу іс-әрекетінде білімін арттыруға, нәтижелі жетістікке жетуге негіз болатын психологиялық өсуін білдіреді (Alt D.2015). ЭИ-дің студенттердің оқу нәтижелеріне әсері туралы көптеген ғылыми зерттеулер бар. Енді солардың біразына талдау жасап кетер болсақ, Қытай ЖОО студенттердің оқу үлгерімі деңгейлері мен оқу нәтижелеріне өмірдің маңызды көрсеткіштері ретінде қарауға аса мән береді (Zhoc K.C. және басқалар) [8]. Студенттер университетте оқу кезінде әртүрлі эмоциялардың (толқу, мазасыздану) түрлі сатысынан өтеді, (King R.B. және Chen J., 2019). ЭИ білім алушының оқу үдерісіне зейін қоюды ынталандырады және білім алу барысында оқуға деген қызығушылықты ұстап тұрады. (Ganotice F.A. Jr. және басқалар, 2016). C.M. Tyng және басқалар (Tyng C.M., және басқалар, 2017) оқу кезіндегі эмоцияның маңызды рөль атқаратынын дәлелдейді.

Студенттердің оқу жетістіктеріне әсер ететін оқытушылардың да ЭИ-дің көріну ерекшеліктерінің маңызын көрсететін зерттеулер баршылық. Атап айтқанда, эмоциялық тұрғыда интеллект көрсеткіші жоғары оқытушы сапалы білім алуды қамтамасыз етеді деп санайтын зерттеулер де бар (Yin H., және басқалар, 2016). Оқытушы эмоциясының

маңыздылығын қаншалықты түсінетін және эмоциямен жұмыс істей алуы, оның тек оқу тәсіліне ғана әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар, білім алушылардың мінез-құлық ерекшеліктеріне де, жалпы білім беру ахуалына да едәуір әсер етеді (Chen J., 2019).

R.B. King және J. Chen эмоцияны оқудың негізгі катализаторы деп қарастырады. (King R.B. және Chen J., 2019). Қытай зерттеулерінде ЭИ студенттердің өзіндік оқу нәтижелеріне мән беруіне едәуір көмектесетінін көрсетеді (Zhoc K.C. және басқалар, 2018), (Luo Y. және басқалар, 2019).

Ф.С. Ташимова және басқалар еңбектерінде [9] студенттердің қарым-қатынасындағы эмоционалды интеллект пен толеранттылықтың өзара байланысын зерттейді. Авторлар эксперименттік тұрғыда эмоциялық интеллектінің интегративті көрсеткіші мен тұлғаның қарым-қатынас интолеранттылығының жалпы көрсеткіші арасындағы кері корреляцияны анықтайды. Ғалымдар арнайы іс-шаралардың көмегімен, студенттердегі тұлғалық қасиеттерді және қарым-қатынастағы толеранттылықты дамыту мүмкіндігін дәлелдейді. Мәселен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті студенттерінің өзіндік эмоцияларын ырықты басқару, өзге адамдардың эмоцияларын түсіну, эмпатияны дамыту, ерік қасиеттерін қалыптастыру, басқа адамды және өзін адекватты қабылдау мен бағалау, әртүрлі адамдармен қарым-қатынас барысында өз сезімдерін басқаларды ренжітусіз оларға жеткізу, тұлғаның ерекшеліктеріне көбірек назар аудару, басқаларды жеке-даралық адам ретінде қабылдау, олардың сезімдерін сыйлау және т.б. ерекшеліктерінің дамуына қол жеткізе алған.

C. Gerber (2004) оқушылардағы эмоциялық интеллект пен мектептегі табыстың арасындағы байланысты зерттейді. 8 сынып оқушыларына арнайы эксперименттік бағдарлама әзірлеу арқылы, тренинг нәтижесінде оқушылардың эмоциялық интеллект деңгейіне және мектептегі жетістіктеріне әсері, олардың оқу үлгерімінде, тәртібінде және қарым-қатынасына оң және елеулі айырмашылық бар екені анықталады.

Сол сияқты Potter (2005) өз зерттеуінде Оңтүстік Техас жоғары оқу орнының бірінші курс студенттеріне эмоциялық интеллект интервенциясы бағдарламасының әсерін дәлелдейді. Зерттеу нәтижесіне сәйкес, университеттің 310 бірінші курс студенттері қатысқан эксперименттік зерттеуде айтарлықтай оң даму қамтамасыз етілгенін тұжырымдайды.

Chang (2006) «Эмоционалды интеллекті үйрете аламыз ба?» деген мәселені көтере отырып, эксперименттік зерттеу арқылы университеттің 79 студенттеріне «мінез-құлықты өзгерту» әдістерін қолдана отырып, қолданылған тренингтің студенттердің эмоциялық интеллект деңгейіне оң және маңызды әсері болатынын дәлелдейді.

Boylan мен Laughrey (2007) «Дәрігерлердің эмоциялық интеллектісінің дамуы» атты эксперименттік зерттеуінде, оқыту семинарларын ұйымдастыру арқылы тәжірибелік дәрігердің, докторанттардың, тіпті оқытушылардың да эмоциялық интеллект дағдыларында оңтайлы өзгерістер болғандығы байқалған.

Brackett, Rivers, Reyes and Salovey (2012) жүргізген зерттеулерінде арнайы RULER бағдарлама көмегімен, оқушылардың әлеуметтік және эмоционалдық құзыреттілікті арттыру арқылы академиялық өнімділікті жоғарылату мүмкіндігін көрсетеді.

S. Geßler, J.B. Nezlek және A. Schütz (2020) «Эмоциялық интеллектті үйрету: негізгі эмоционалдық қабілеттерге үйрету адамдарға жоғары эмоционалдық қабілеттерді

жақсартуға көмектесе ме?» – атты эксперименттік зерттеулерінде студенттерге жаттықтыру арқылы эмоцияны реттеудің таза және аралас тәсіл түрлерін үйретеді. Соның нәтижесінде ЭИ таза әдіс түрі эмоцияларды реттеу қабілетін жақсартатыны және аралас тәсіл оқу өнімділігін арттыратыны анықталады.

B.Aydın (2010) өз зерттеуінде университет студенттеріндегі психологиялық тұрақтылық, эмоциялық интеллект және үміт арасындағы өзара байланысты зерттеді. Эмоциялық интеллект, үміт пен психологиялық тұрақтылық арасында оң байланыс бар. Сонымен қатар эмоциялық интеллект пен үміт деңгейі жоғары оқушылардың психологиялық тұрақтылығы да жоғары болады деген қорытындыға келді.

S. Kim және S. Shin (2021) медицина саласында білім алушы студенттер арасындағы әлеуметтік-эмоционалдық құзыреттілік (ӘЭҚ) және оқу жетістіктері (ОЖ) арасындағы корреляцияны зерттейді. Студенттердің сыни тұрғыдан ойлауға, мәселелерді шешуге, ынтымақтастыққа, өз бетінше білім алуға, шығармашылыққа және эмоциялық интеллектке бейімділігі сияқты ӘЭҚ компоненттері студенттердің академиялық көрсеткіштерін арттыру үшін маңызды фактор екендігі дәлелденеді [10].

Осылайша көптеген зерттеулерге сүйенсек, студенттердің, әсіресе бірінші курс студенттерінің жетстікке жетуі, оқудағы табыстары тікелей эмоциялық интеллектінің даму деңгейіне байланысты болатынын көрсетеді. Сондықтан, ЖОО білім беру жүйесіндегі кейбір тұжырымдарға толықтырулар енгізу арқылы білім беру сапасын арттыру мүмкіндіктерін қарастыру қажеттігі туындайды.

C. Valiente және басқалардың айтуы [11] бойынша эмоциялық құзіретті балалар, құрдастары мен мұғалімдердің жақсы қолдауы арқасында, өз эмоцияларын қадағалаудың нәтижесінде мектепте өздерін едәуір жайлы сезінеді. Эмоциялық дағдысы қалыптаспаған балалар көбінесе, эмоциялық стресті басынан өткереді, көңіл қалушылықтың салдарынан бөлектену байқалады. Әрине, сабақта сыныптастарынан бөлек жүру оқу іс-әрекетінің мотивациясын, әлеуметтік интеграцияны төмендетеді, ал мұның барлығы оқушының академиялық үлгерімінің (LeCroy and Krysik, 2008), (Wang және Holcombe, 2010) және саулықты дамытудың предикторы болып табылады.

C. Valiente және басқалар зерттеуінде мектепке деген сүйіспеншілік эмоциялық дағды мен академиялық құзіреттілік арасындағы байланысты тудыратындығын дәлелдейді [11].

Jane D. McLeod және Karen Kaiser (2004) тіпті эмоциялық және мінез-құлықтық мәселелер орта мектепті бітіріп, диплом алуға да кедергі жасауы мүмкіндігін көрсетеді.

J.J. Montroy, R.P. Bowles, L.E. Skibbe және T.D. Foster (2014) жүргізген зерттеулерінде эмоциялық өзін-өзі реттеу – сауаттылықты арттыратынын, мінез-құлыққа қатысты мәселелерін шешу мүмкіндігі мен мұғалімнің бағалауы өзгеретінін дәлелдейді.

M. Akbarilakeh және басқалар эмоциялық интеллект пен сыни ойлау жетістікке жетудің негізгі элементі екендігін дәлелдейді [12]. Авторлар өз зерттеулерінде Захедан университетінде соңғы курста оқитын ЭИ мен сыни ойлау қабілеттері жоғары студенттерді, ЭИ мен сыни ойлауы төмен студенттермен салыстыру арқылы біріншілерінің академиялық жоғары жетістіктерге қол жеткізу нәтижелі болатынын тұжырымдайды.

C. Elmi әлеуметтік және эмоциялық оқыту (SEL) стратегиясы оқушыларда когнитивті дамумен байланысты дағдыларды жетілдіреді, зейінін ашады, оқу мотивациясын жоғарылатады, оқушы мен мұғалімдер арасындағы қатынасты жақсартады, сондай-ақ, оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттырады, жетістікке жетелейді дейді [13].

C. Elmi сондай-ақ, жоғары оқу орындарында студенттердің эмоциялық инттелектісін дамыта отырып, оқытудың маңыздылығы олардың оқуға деген қызығушылығын арттырады, әлеуметтік сауаттылығын жетілдіреді (басқаларға деген сый-құрмет, басқа көзқарас тұрғысынан түсіну, көмекті қажет ететіндерге қол ұшын беру), мотивациясы мен академиялық жетістіктерін жоғарылатады деген пікірді алға тартады [13].


Shafait және басқалар өздерінің эмпирикалық зерттеулерінде Қытай зерттеу университетінің студенттерінің оқу нәтижелеріне (әлеуметтік, когнитивтік, өзін-өзі дамыту нәтижелері және университет тәжірбелеріне қанағаттануы) ЭИ әсерін зерттеуді мақсат етеді. Бұл зерттеуде оған қосымша студенттердің оқытушыға сенім артуы (эмоциялықжәнекогнитивтікоқу) меноқуғабағдарлануы(оқуғаықылас)дазерттелінеді. Аталмыш зерттеуге 454 студентті қатыстыра отырып, ЭИ оқу нәтижелеріне едәуір әсер ететіндігін дәлелдейді, оған қоса, ЭИ-дің оқу нәтижесіне студенттердің оқытушыларға сенімі мен оқуға бағдарлануы арқылы жанама әсер ететіндігі де тұжырымдалады. Сонымен қатар, оқу нәтижесі мен академиялық көрсеткіштің нәтижелі болуының да өзара тікелей байланысы бар екендігін дәйектейді [7].

Зерттеу нәтижелері

ЭИ мәселесі соңғы жылдары білім беру саласында ерекше мәнге ие болып отыр (Asrar-ul-Haq M. және басқалар 2017). Оған қоса, ЭИ адекватты басқара алмаудың салдарынан студенттердің ұзақ мерзімді дамуына, әсіресе олардың оқу нәтижелеріне теріс әсер ететінін көрсететін зерттеулер де табылады [5]. ЭИ-і едәуір жоғары студенттер оқуда және ынтымақтастықта жақсы нәтижелерге қол жеткізеді (King R.B. and Chen J.,2019). Оған қоса, оқуға және оқу нәтижесіне эмоциялық ынталылық тұрақтылығын айқын көрсетеді (Shatalebi B. және басқалар, 2012). ЭИ оқудың жақсы нәтижелеріне қол жеткізу үшін когнитивті өзгерістерін ынталандыра алатынын білдіреді (Zhoc K.C., және басқалар 2018), сондай-ақ, ЭИ оқу тапсырмаларындағы ұйымдастыру міндеттерін жеңіл орындайтынын көрсетеді. ЭИ мен оқу жетістіктері, оқуға деген қатынас арасында байланыс бар екендігі анықталады. Осылайша, студенттердің негізгі іс-әрекеті – оқу іс-әрекеті екенін ескеретін болсақ, онда олардың жетістікке жетуі – оқу нәтижелері мен академиялық жетістіктерімен пара-пар келуімен түсіндіруге болады.

Сонымен, студенттердегі ЭИ оқу үдерісіндегі білімді меңгеруге, оқытушылармен өзара тиімді әрекеттесуде, оқу үлгерімінің жоғарылауына, студенттердің оқуға деген оңтайлы қатынасына, білім алуға деген қызығушылығының ұзағырақ тұрақталуына т.б. әсер ететіндігі анықталды.

Осылайша ЭИ-дің білім алушылардың оқу жетістіктеріне, жалпы өмірлік табыстылыққа әсерін қарастырған әртүрлі отандық және шетелдік ғылыми зерттеулерге талдау жасау негізінде, біз өзіміздің авторлық ЭИ мен өмірдегі кәсіби және тұлғалық жетістіктермен байланыстылығы моделін ұсынамыз (сурет 1).



Сурет 1. ЭИ мен өмірдегі кәсіби және тұлғалық жетістіктермен байланыстылығы моделі

Ұсынылып отырған модель негізінде жоғары оқу орындарындағы студенттерде эмоциялық интеллекті мен жетістікке жету мотивациясының өзара байланыстылығы айқындалады. Эмоциялық интеллект студенттердің оқуға жағымды қатынасын құра отырып, оқуға қызығушылығын арттырады. Оқу белсенділігі студент пен оқытушы арасындағы өзара тиімді әрекетті қамтамасыз етеді. Соның негізінде студенттердің оқу үлгерімі жоғарылайды, оқудан күтілетін нәтижелерге қол жетеді, сондай-ақ, кәсіби іскерлік қарым-қатынас орнығады. Ал бұл студенттердегі өмірлік кәсіби және тұлғалық жетістіктерді қамтамасыз етеді.

Эксперименттік зерттеу мақсаты – студенттердің ЭИ мен жетістікке жету мотивациясының өзара байланысын анықтау болғандықтан, Д.В.Люсиннің «Эмоциялық интеллект» сауалнамасы және С.А.Пакулинаның «ЖООда студенттердің жетістікке жету мотивациясы» әдістемесі алынды. Оған қоса, оқу жетістіктері ретінде студенттердің оқу үлгерімі көрсеткіштері есепке алынды. Жалпы алғанда, зерттеуге барлығы 194 зерттелінуші қатысты, дегенмен, кейбір жауаптардың қателігіне, дұрыс белгілемеуіне байланысты, сондай-ақ, докторант (1), оқытушы (1) қатысқан зерттелінушілердің жауаптарын жарамсыз деп тауып, экспериментке 130 студент алынды. Зерттеуге қатысушы студенттердің 84 %-ын әйел, 16 %-ын ер балалар құрады.

Студенттердің оқу нәтижелерін бағалау сауалнамадағы оқу үлгерімімен байланысты баға көрсеткіштері бойынша деректер негізінде алынды, ол төмендегі Диаграмма 1-де келтірілген. Онда бес бағалық категория берілген: «өте жақсы», «өте жақсы» мен «жақсы», тек «жақсы», «жақсы» мен «қанағаттанарлық», тек «қанағаттанарлық».




Диаграмма 1. Зерттелінушілердің оқу үлгерімі туралы мәлімет

Төмендегі 1-ші кестеде Д.В. Люсиннің «Эмоциялық интеллект» сауалнамасындағы шкала атаулары мен оның сипаттамалары берілген. Әрбір шкала көрсеткіштері «өте төмен», «төмен», «орта», «жоғары», «өте жоғары» мәнділігінде сипатталынады.

Кесте 1

Эмоциялық интеллект шкалалары

қ/с	Шкала атаулары	Шкала өлшемдері	Тұжырымдамалық мысалдары
1	Тұлғааралық эмоциялық интеллект	Басқа адамдардың эмоцияларын түсіну және соған сәйкес эмоцияның көрінуі	Адамның сезімін оның бет-әлпетімен болжау оңай
2	Тұға ішілік эмоциялық интеллект	Өз эмоцияларын түсіну және мақсатқа сәйкес білдіре алу	Маған жаман көңіл-күймен күресу қиын
3	Эмоцияны түсіну	Өзінің және басқа адамдардың эмоциясын түсіну қабілеті	Әдетте мен қандай эмоцияны сезінетінімді түсінемін
4	Эмоцияны басқару	Өзінің және басқа адамдардың эмоцияларын басқару мүмкіндігі	Мен басқалардың көңіл-күйін жақсарта аламын

С.А. Пакулинаның «Жоғары оқу орындарында студенттердің жетістікке жету мотивациясы» әдістемесі жетістікті анықтайтын 36 тұжырымдамадан тұрады. Әр тұжырымдаманы 1-ден 5-ке дейін бағалай отырып, жетістіктің экстериоризациялауы – материалдық өмір деңгейі, сәттілік, танымалдылық, өктемділік ретінде бағаланса, жетістіктің интериоризациясы – өз қызметінің нәтижесі, тұлғалық жетістік, психикалық күй, кедергілерді жеңу, кәсіби жетістік ретінде бағаланады, әрі алынған мәліметтер төмендегі 2-ші кестеде берілді.

Кесте 2

Зерттелінушілердің эмоциялық интеллект даму деңгейлері

Шкала атаулары	өте жоғары		жоғары		орташа		төмен		өте төмен	
	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
Тұлғааралық эмоциялық интеллект	43	33.1%	51	39.2%	30	23.1%	4	3.1%	2	1.5%
Тұлға ішілік эмоциялық интеллект	29	22.3%	37	28.5%	58	44.6%	5	3.8%	1	0,8%
Эмоцияларды түсіну	50	38.5%	51	39.2%	25	19.2%	3	2.3%	1	0.8%
Эмоцияларды басқару	17	13.1%	44	33.8%	57	43.8%	9	6.9%	3	2.3
Жалпы көрсеткіштері	43	33.1%	51	39.2%	30	23.1%	4	3.1%	2	1.5%

2-кестедегі мәліметтердің өзара салыстырмалы нәтижесі 2-диаграммадан көріп отырғанымыздай, эмоциялық интеллектің қай шкаласы болса да, студенттердегі эмоциялық интеллектінің даму деңгейі жоғары көрсеткіштерге ие екендігі байқалады.




Диаграмма 2. Зерттелінушілердің эмоциялық интеллект даму деңгейлері

Ендігі кезекте С.А.Пакулинаның «Жоғары оқу орындарында студенттердің жетістікке жету мотивациясы» әдістемесі бойынша алынған нәтижелерге талдау жасайық. 3-диаграммада жетістікке жету бойынша зерттелінушілердің пайыздық көрсеткіштері беріледі.




Диаграмма 3. Жетістікке жету бойынша зерттелінушілердің пайыздық көрсеткіштері

Келесі кезекте біз төменде келтірілген 3-кестеде жетістікке жету мотивациясының материалдық өмір деңгейі, сәттілік, танымалдылық, өктемділік, өз қызметінің нәтижесі, тұлғалық жетістік, психикалық күй, кедергілерді жеңу, кәсіби жетістік ретінде бағалануының «жоғары», «орташа» және «төмен» деңгейлері бойынша көрсеткіштер алынды. Әрбір жетістік өлшемі бойынша жоғары деңгей – 18-20 ұпай, орташа деңгей 14-17 ұпай, төмен деңгей 13 ұпайдан төмен бағалармен өлшенеді.

Кесте 3

Жетістікке жету мотивациясының негізгі категориялары бойынша жоғары, орташа, төмен деңгейдегі зерттелінушілердің санына байланысты көрсеткіштер

Жетістікке жету мотивациясының негізгі категориялары	Жоғары	Орта	Төмен
Жетістік – сәттілік	36	62	32
Жетістік материалдық өмір деңгейі ретінде	45	51	34
Жетістік – танымалдылық	34	48	48
Жетістік – өктемділік	16	31	83
Жетістік өз қызметінің нәтижесі ретінде	79	34	17
Жеке жетістік	62	45	23
Жетістік психикалық күй ретінде	75	30	25
Жетістік кедергілерді жеңу ретінде	54	54	22
Жетістік – кәсібилік	66	45	19

3-кестеден көріп отырғанымыздай, студенттердің көпшілігі жетістікті өз қызметінің нәтижесі және психикалық күй ретінде бағалайды. Яғни, неғұрлым көп жұмыс істеу арқылы, қандай да бір іс-әрекеттен нәтиже шығару (79) арқылы жетістікке жету

мүмкіншілігін мойындайды. Оған қоса, жетістікке жетуге әсер ететін психикалық күйдің (75) мәні зор екендігін түсінеді. Сондай-ақ, өктемділіктің жетістікке жетуге (83) кері ықпал ету мүмкіндігін көрсетеді, оны төменде келтірілген 4-ші диаграммадан қарастыруға болады.




Диаграмма 4. Жетістікке жету мотивациясының негізгі категориялары бойынша зерттелінушілердің көрсеткіштері

Кесте 4

Жетістікке жету мотивациясының әрбір қатегорияларының статистикалық көрсеткіші

Әдістеменің негізгі категориялары	Mean	Std. Error of Mean	Median	Mode	Std. Deviation
Жетістік – сәттілік	1.9692	.06362	2.0000	2.00	.72538
Жетістік материалдық өмір деңгейі ретінде	1.9154	.06823	2.0000	2.00	.77794
Жетістік – танымалдылық	2.1077	.06928	2.0000	2.00a	.78992
Жетістік – өктемділік	2.5154	.06200	3.0000	3.00	.70694
Жетістік өз қызметінің нәтижесі ретінде	1.5231	.06294	1.0000	1.00	.71761
Жеке жетістік	1.7000	.06611	2.0000	1.00	.75380
Жетістік психикалық күй ретінде	1.6154	.06940	1.0000	1.00	.79128
Жетістік кедергілерді жеңу ретінде	1.7538	.06374	2.0000	1.00a	.72670
Жетістік – кәсібилік	1.6385	.06368	1.0000	1.00	.72608

а – бірнеше режим бар, ең кіші мәні көрсетілген

Жоғарыда 4-ші кестеде жетістікке жету мотивациясының әрбір қатегорияларының статистикалық көрсеткіштерінің нәтижелері нақты көрсетілген.

Сонымен, зерттелінушілердің эмоциялық интеллектісі бойынша жалпы көрсеткіш бойынша 33.1% - өте жоғары, 39.2% - жоғары, 23.1% - орташа, 3.1% - төмен, 1.5% - өте төмен деңгейде көрінгендігі анықталды. Бұл студенттердің ең алдымен жоғары деңгейдегі эмоцияларды түсіну және тұлға аралық эмоциялық интеллекті шкаласы бойынша басымдылыққа ие екендігі көрсетеді. Эмоциялық интеллектің қай шкаласы болса да, даму деңгейі жоғары көрсеткіштерге ие болуына қоса, олардың оқу нәтижелеріне ықпал ететіндігі байқалады. «4» және «5» деген бағамен оқитын студенттер жалпы зерттелінушілердің 78%-ын, үздіктер 5 %-ы құрайды.

Эксперименттік зерттеу нәтижелері бойынша байқағанымыздай, студенттердегі эмоциялық интеллектінің жоғарылығы, жетістікке жету мотивациясының экстериоризациялануы – өз қызметінің нәтижесі, психикалық күй және кәсібилік шкалаларының басымдылығымен өзара байланысты екендігі анықталды. Студенттердің эмоцияларды түсіну және тұлға аралық эмоциялық интеллектісінің айқын болуы нәтижесінен олардың академиялық үлгерімінде де жоғары көрсеткіштері ие болатындығы анықталды. Оған қоса, студенттердің сабақты жақсы оқуы жетістікке жету ретінде өзіндік оқу іс-әрекетінің нәтижесі мен оқуға деген зор қанағаттанушылық күйімен айқындалады. Осылайша, біздің зерттеуіміз де студенттердің неғұрлым эмоциялық интеллект тұрақтылығы жоғары болған сайын, академиялық мансаптық даму барысында сабақты жақсы оқып, оқу жетістіктерінде жақсы көрсеткіштерге ие болатындығы дәйектеледі.

Қорытынды

Ғылыми теорялық зерттеулерді қорытындылай келе, эмоциялық интеллектінің мәні зор екендігі жан-жақты айтылып жатқанымен, практикалық білім саласында, әсіресе жоғары оқу орындарында білім беру үдерісінде эмоциялық интеллектінің рөлін зерттеуге қатысты ақпараттарға мән бермейтіндігін атап кетуге болады. Басқаша айтқанда, ғылыми зерттеулерде оқу-білім барысында білім алушылардың да, оқытушылардың да ЭИ мәні зор екендігін дәлелдеп жатқан деректер жетікілікті. Алайда, ол білім беру саласы тәжірибесінде қаншалықты жүзеге асып жатыр, ол белгісіз. Егер ғылыми зерттеулердегі ЭИ қатысты дәлеледемелер оқу жүйесінде нәтижелі қолданылса, онда білім беру саласындағы жастардың көптеген психологиялық мәселелерінің алдын алу мүмкіндігі артар еді.

Сондықтан біз өз зерттеуімізде жоғары оқу орындарында студенттердің эмоциялық интеллектісінің даму деңгейлерін айқындау арқылы олардың жетістікке жету мотивациясымен байланыстылығын дәлелдедік. Университеттік оқу жүйесінде академиялық жетістіктен басқа да маңызды жетістіктер бар. Студенттердің сыни ойлауын дамыту, университеттік қоғамға әлеуметтік-эмоциялық бейімдеу – жоғары білім саясатының басымдықтарына айналуы тиіс, оған қоса, студенттерді дамыту саласындағы зерттеулердің жалпы бағыты болуы қажет. Ал, мұның барлығы студенттердің эмоциялық интеллектісі мен жетістікке жету мотивациясы негізінде жүзеге асу мүмкіндігі арқылы анықталады.

Авторлар үлестері

Б.Е. Сабырбай – зерттеу мәтінін жазды, мазмұнын құрды, эксперименттік зерттеу жүргізуде, деректерді жинауда, мәліметтерді өңдеуде, зерттеу нәтижелерін талдауда және түсіндіруде елеулі үлес қосты.

Г.К. Айкинбаева – зерттеу идеясы – «эмоциялық интеллектінің адам өміріндегі тұлғалық және кәсіби жетістіктермен байланысы» моделін ұсынды, зерттеу мазмұнын сыни тұрғыда қарастырды, теориялық тұжырымдарды негіздеуге, зерттеу концепциясына елеулі үлес қосты.

Х. Кошкун – Мақала деректерінің сенімділігін, мақаланың тұтастылығы мен жүйелігін тексерді, соңғы нұсқасын жариялауды бекітті.

Причины, влияющие на игровую аддикцию человека – «ошибочное мышление», «ошибочное восприятие», «ошибочные установки», «негативный сценарий», из-за чего человек, попав в ловушку, не может выйти из замкнутого круга, пока не помогут специалисты осознать природу аддикции.

Рабство в плену зависимости: чаще всего туда попадают люди, которые не имеют внутреннего стержня, слабая сила воли и недостаток психологической культуры, нет психорегуляционной опытности, не владеет копинг-стратегиями совладания в стрессе, не обладает сформированной эмоциональной культурой, коммуникативной культурой.

Несомненно, человек не справится самостоятельно, пока не осознает, что нужно принять окончательное решение, и здесь важна психология выбора, принятие ответственного поведения, забота о себе – то, что будет в его пользу, если помогут компетентные специалисты и покажут другие грани аддиктивных агентов на природу человека. Игровая индустрия с помощью рекламы показывает красивую жизнь, но в реалии мы знаем и понимаем, что всего этого можно достичь с помощью целенаправленных действий и деятельности.

Чаще всего причиной и факторами является то, что человека не научили справляться со стрессами, человек перекладывает ответственность на других и, «убегая от реальности», временно усложняет адаптационные возможности человека. Главным свойством разума является способность разрешать любые проблемы, то есть проблемы разбивать на задачи и маленькими шагами идти вперёд. Лучше, если человек научится принципу верификации и сотрудничеству с другими людьми, если сам не может справиться в одиночку. И здесь, в первую очередь, важна психологическая поддержка, а именно - семья как первое и ближайшее окружение.

Критериями, определяющими зависимое поведение, могут быть следующие сигналы: раздражение, неспособность сконцентрироваться на главном, забывание об основных обязанностях, злоупотребление временем.

Справиться с игровой аддикцией поможет подход вмешательства и когнитивно-поведенческий подход, который меняет ошибочное мышление, и человек в последующем делает выбор в пользу осознанного поведения и изменения своего жизненного сценария.

Вклад авторов:

Садвакасова Зухра Маратовна – обзор литературы, теоретический анализ, разработка методики, анализ данных, идея написания обзора, интерпретация исследования и математический анализ.

Нурмаханбетов Арман Лесханович – научное руководство, концепция исследования, формулировка и описание методологических проблем исследования.

Аймаганбетова Ольга Хабижановна – обзор литературы, теоретический анализ, анализ данных.

Список литературы

1. Садвакасова З.М. Гэмблинг: практико-ориентированные подходы в работе с молодежью в Казахстане и в мире: монография – Алматы: Қазақ университеті, 2024 – 241 с.

2. Психотехнологии в работе с психическими нарушениями: учебное пособие / Садвакасова З.М., Купеев А.Р., Карабалина Ж.Б., Воробьева А.А., Распопова Е.А., Пивкина В.А. – Алматы: 2024. – 373 с.

3. Аршинова В.В. Профилактика зависимого поведения. Системный подход – РнД: Феникс, 2014. - С. 278-335.

4. Егоров А.Ю. Современные подходы к терапии игровой зависимости// Журнал неврологии и психиатрии им. С.С. Корсакова. Спецвыпуски. 2014. - 114(5-2) – С.46-52. / https://www.mediasphera.ru/issues/zhurnal-nevrologii-i-psikhiatrii-im-s-s-korsakova- 2 /2014/5/031997-729 82014531?lang=ru

5. Казиханов Б.М., Касымканов А.Б. Аспекты игрового расстройства / Профессор Қ.Б.Жарықбаевтың 95 жылдығына арналған «Психология және педагогика дамуының өзекті мәселелері» (I Жарықбаев оқулары) атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – С.106-109.

6. МКБ-11. Глава 06. Психические и поведенческие расстройства и нарушения нейропсихического развития. Статистическая классификация. – М.: «КДУ», «Университетская книга» – 2021. – 432 с.

7. Старшенбаум Г.В. Аддиктология: психология и психотерапия зависимостей. - Москва: Когито-Центр, 2006. - 366 с.

8. Короленко Ц. П. Аддиктология: настольная книга. – М.: Институт консультирования и системных решений, 2012. – 526 с.

9. Аршинова В.В. Системная профилактика зависимого поведения: монография. – М.: ООО «Издательский сервис», 2012. – 320 с.

10. Короленко Ц.П., Дмитриева Н.В. Аддикции в культуре отчуждения. Фрагментарная идентичность в зазеркалье постмодернизма: монография. – Новосибирск: изд-во НГПУ, 2013. - 434 с.

11. Осипова Е.М. Гэмблинг как девиантное поведение: Психологические и социальные корни // Социологические науки- 2009. -с.85-91. / https://cyberleninka.ru/article/n/gembling-kak-deviantnoe-povedenie-psihologicheskie-i-sotsialnye-korni

12. Буизман В., Оттена Э., Ялтонский В., Сирота Н. Когнитивно-поведенческие вмешательства в терапии зависимости от психоактивных веществ руководство по проведению тренингов. - Москва, 2007. – 62 с.

13. Бек А., Фримен А. Когнитивная психотерапия расстройств личности. СПб.: Питер, 2024. — 448 с (Серия «Мастера психологии»).

14. Бек Джудит. Когнитивно-поведенческая терапия. От основ к направлениям. — СПб.: Питер, 2018. — 416 с. (Серия «Мастера психологии»).

15. Касьяник П.М., Романова Е.В. Диагностика ранних дезадаптивных схем. – СПб.: Политехн. университет, 2016. – 151 с.

16. Диагностика КПП / https://associationcbt.ru/article/diagnostika-v-kognitivno-povedenches-5

17. Бек А. Когниции / https://psychojournal.ru/psychologists/1167-aaron-bek-sozdatel-kognitivnoy-psihoterapii.html

18. Варяница Д. Когнитивная реструктуризация /https://4brain.ru/blog/%D0%BA%D0%BE%D0%B3%D0%BD%D0%B8%D1%82%D0%B8%D0%B2%D0%BD%D0%B0%D1%8F-%D1%80%D0%B5%D1%81%D1%82%D1%80%D1%83%D0%BA%D1%82%D1%83%D1%80%D0%B8%D0%B7%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F/

19. Лихи Р. Техники когнитивной психотерапии. Издательство «Питер», 2020. Серия «Сам себе психолог / http://maxima-library.org/mob/b/499884?format=read

20. Когнитивно-поведенческий подход / https://www.b17.ru/article/kpt/

21. Когнитивно-поведенческая парадигма в современной психотерапии / https://www.bolshakova-psy.com/ru/kognitivno-povedencheskaya-paradigma-v-sovremennoj-psihoterapii/

22. Когнитивная терапия А. Бека: базовые положения / https://www.bolshakova-psy.com/ru/kognitivnaya-terapiya-a-beka-kognitivno-povedencheskaya-terapiya-bazovye-polozheniya/

23. Старков Д. Ошибки в мышлении. Правило 3 «О». 2021г. /https://vk.com/wall-62004261_46799

24. Зайковский П.А. Инструменты когнитивно-поведенческой психотерапии, практическое руководство / https://www.b17.ru/article/kpt/. Дата публикации 20 апреля 2017 г.

25. Арнтц А., Якоб Г. Практическое руководство по схема-терапии. Методы работы с дисфункциональными режимами при личностных расстройствах / пер. с англ. – М.: Научный мир, 2016. – 320 с.

26. Дж.Янг Схема-терапия / https://www.bolshakova-psy.com/ru/shema-terapiya-v-praktike-psihologicheskoj-pomoshhi/

27. Янг Дж., Клоско Дж. Прочь из замкнутого круга! Как оставить проблемы в прошлом и впустить в свою жизнь счастье. М.: Эксмо, 2019. -384 с.

28. Янг Дж., Клоско Дж., Вайсхаар М. Схема-терапия. Практическое руководство: Пер. с англ. Спб.: ООО «Диалектика», 2020.-464 с.

29. Луз К., Грааф П., Зарбок Г., Рут А.Холт. Схема терапия для детей и подростков. Практическое руководство. Спб.: ООО «Диалектика», 2021.- 544 с.

30. Сад¬ва¬ка¬со¬ва З.М. Технологии в работе с детьми девиантного поведения. Арт-педагогический аспект: монография / З.М. Садвакасова. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 274 с

31. Садвакасова З.М., Жигитбекова Б.Д., Казиханов Б.М. Психологическое сопровождение и технологии помощи с девиантным поведением человека // Вестник КАзНПУ. Серия: Психология. - 2024. - Том 78 - № 1 - С.253-264.

З.М. Садвакасова, А.Л. Нурмаханбетов, О.Х. Аймаганбетова
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Құмар ойынға тәуелді адамдардың психологиялық ерекшеліктері және құмар ойынға аддикциясы бар адамдармен жұмыс істеу бағыттары

Аңдатпа. Мақала құмар ойынға тәуелділік аддикцияның психологиялық бейнелеуіне арналған. Адамның құмар ойынға тәуелділік аддикциясының сипаттамасы және әсер ететін ерекшеліктер, механизмдер.

Зерттеудің негізі адамның қате ойлауының өзгеруіне және психологтың практикасында когнитивтік-мінез-құлық тәсілін қолдануға бағыталған. Мамандардың консультациялық әрекетінде деструктивті мінез-құлықты конструктивтіге аустырудың табиғатын түсіну адамның саналы тиімді схемаларын өзгертуге көмектеседі. Өйткені, когнитивтік-мінез-құлық тәсілін құмар ойынға тәуелділермен жұмыс істеу құралы ретінде схема-терапияны белсенді қолданылады. Бұл құрал ойынға тәуелді адамға шын мәнінде сындарлы және ұтымды тәсілге көшуге көмектеседі және оның нанымы мен ұстанымы өзгереді.

Сонымен қатар, мақалада түрлі мамандардың құмар ойынға тәуелділік аддикциясы бар адамдардың өмірлік қиындықтарды еңсеру және психологиялық қолайсыздығын теңестіру үшін түрлі тәсілдерді қолданатыны көрсетілген.

Зерттеудің мақсаты: адамның құмар ойынға тәуелділік аддикциясымен жұмыс істеуде заманауи тәсілдерді және психологтың құмар ойынға тәуелді адамдарға уақытылы көмек көрсетуін зерттеу.

Түйін сөздер: құмар ойынға тәуелді адам, құмар ойынға тәуелділік аддикциясы, танымдық-мінез-құлық тәсілі, схема-терапия.

Z.M. Sadvakassova, A.L. Nurmakhanbetov, O.Kh. Aimaganbetova
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Psychological characteristics of a gambling addict and approaches to working with a person's gambling addiction

Abstract. This article is devoted to the psychological portrait of gambling addiction. This article will examine the characteristics, mechanisms, and triggers that influence and result in the development of game addiction in individuals. What triggers and drags a person into a thinking trap where a person cannot break out of the vicious circle.

The main focus of the study is on the approaches and their influence on a person in changing erroneous thinking and the practical application of the cognitive-behavioral approach in the work of a psychologist. Understanding the nature and replacing destructive with constructive behavior in the counseling activities of a specialist helps a person change the mental schemas, where the cognitive-

behavioral approach is used, actively using the tool in working with gambling addicts as schema therapy. This tool helps a person to cope with the transition to a constructive and rational approach in reality, while changing the chain of beliefs and attitudes.

The article also presents the approaches different specialists use when working with gaming addiction in order to cope with temporary life difficulties and level out a person's psychological discomfort, helping to cope with emotional swings.

Purpose of the study: to study modern approaches to working with a person's gaming addiction and timely, step-by-step assistance with a gaming addiction from a psychologist.

Key words: gambler, gambling addiction, cognitive-behavioral approach, schema therapy.

References

1. Sadvakassova Z.M. Gembling: praktiko-oriyentirovannyye podkhody v rabote s molodezh'yu v Kazakhstane i v mire. Monografiya – Almaty: Қazaқ universitetí, 2024 – 241 s.

2. Psikhotekhnologii v rabote s psikhicheskimi narusheniyami. Uchebnoye posobiye / Sadvakasova Z.M., Kupeyev A.R., Karabalina ZH.B., Vorob'yeva A.A., Raspopova Ye.A., Pivkina V.A. – Almaty: 2024. – 373 s.

3. Arshinova V.V. Profilaktika zavisimogo povedeniya. Sistemnyy podkhod – RnD: Feniks, 2014. - 414s. (s. 278-335)

4. Yegorov A.YU. Sovremennyye podkhody k terapii igrovoy zavisimosti. // Zhurnal nevrologii i psikhiatrii im. S.S. Korsakova. Spetsvypuski. 2014- 114(5-2) – S.46-52. / https://www.mediasphera.ru/issues/zhurnal-nevrologii-i-psikhiatrii-im-s-s-korsakova-2/2014/5/031997-72982014531?lang=ru

5. Kazikhanov B.M., Kasymkanov A.B. Aspekty igrovogo rasstroystva / Materialy mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii, posvyashchennoy 95-letiyu professora K.B. Zharykbayeva «Aktual'nyye problemy razvitiya psikhologii i pedagogiki» (chteniya I. Zharykbayeva) – Almaty: Қazaқ universitetí, 2022. – 514 b (S.106-109.)

6. MKB-11. Glava 06. Psikhicheskiye i povedencheskiye rasstroystva i narusheniya neyropsikhicheskogo razvitiya. Statisticheskaya klassifikatsiya. – M.: «KDU», «Universitetskaya kniga» – 2021. - 432s

7. Starshenbaum G.V. Addiktologiya: psikhologiya i psikhoterapiya zavisimostey. - Moskva: Kogito-Tsentr, 2006. - 366 s.

8. Korolenko TS. P. Addiktologiya: nastol'naya kniga. – M.: Institut konsul'tirovaniya i sistemnykh resheniy, 2012. – 526 s.

9. Arshinova V.V. Sistemnaya profilaktika zavisimogo povedeniya: Monografiya. – M.: OOO «Izdatel'skiy servis», 2012. – 320 s.

10. Korolenko TS.P., Dmitriyeva N.V. Addiktsii v kul'ture otchuzhdeniya. Fragmentarnaya identichnost' v zazerkal'ye postmodernizma: monografiya. – Novosibirsk: izd-vo NGPU, 2013. - 434 s.

11. Osipova Ye.M. Gembling kak deviantnoye povedeniye: Psikhologicheskiye i sotsial'nyye korni // Социологические науки- 2009. -c.85-91. / https://cyberleninka.ru/article/n/gembling-kak-deviantnoe-povedenie-psihologicheskie-i-sotsialnye-korni

12. Buizman V., Ottena E., Yaltonskiy V., Sirota N. Kognitivno-povedencheskiye vmeshatel'stva v terapii zavisimosti ot psikhoaktivnykh veshchestv rukovodstvo po provedeniyu treningov. - Moskva, 2007. – 62 s.

13. Bek A., Frimen A. Kognitivnaya psikhoterapiya rasstroystv lichnosti. SPb.: Piter, 2024. — 448 s (Seriya «Mastera psikhologii»)

14. Bek Dzhudit. Kognitivno-povedencheskaya terapiya. Ot osnov k napravleniyam. — SPb.: Piter, 2018. – 416 s. (Seriya «Mastera psikhologii»)

15. Kas'yanik P.M., Romanova Ye.V. Diagnostika rannikh dezadaptivnykh skhem. – SPb.: Politekhn. universitet, 2016. – 151 s.

16. Diagnostika KPP / https://associationcbt.ru/article/diagnostika-v-kognitivno-povedenches-5

17. Бек А. Когниции / https://psychojournal.ru/psychologists/1167-aaron-bek-sozdatel-kognitivnoy-psihoterapii.html

18. Varyanitsa D. Kognitivnaya restrukturizatsiya /https://4brain.ru/blog/%D0%BA%D0%BE%D0%B3%D0%BD%D0%B8%D1%82%D0%B8%D0%B2%D0%BD%D0%B0%D1%8F-%D1%80%D0%B5%D1%81%D1%82%D1%80%D1%83%D0%BA%D1%82%D1%83%D1%80%D0%B8%D0%B7%-D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F/

19. Likhi R. Tekhniki kognitivnoy psikhoterapii. Izdatel'stvo «Piter», 2020. Seriya «Sam sebe psikholog / http://maxima-library.org/mob/b/499884?format=read

20. Kognitivno-povedencheskiy podkhod/ https://www.b17.ru/article/kpt/

21. Когнитивно-поведенческая парадигма в современной психотерапии / https://www.bolshakova-psy.com/ru/kognitivno-povedencheskaya-paradigma-v-sovremennoj-psihoterapii/

22. Kognitivnaya terapiya A. Beka: bazovyye polozheniya/ https://www.bolshakova-psy.com/ru/kognitivnaya-terapiya-a-beka-kognitivno-povedencheskaya-terapiya-bazovye-polozheniya/

23. Starkov D. Oshibki v myshlenii. Pravilo 3 «O». 2021g. /https://vk.com/wall-62004261_46799

24. Zaykovskiy P.A. Instrumenty kognitivno-povedencheskoy psikhoterapii, prakticheskoye rukovodstvo / https://www.b17.ru/article/kpt/. Дата публикации 20 апреля 2017 год

25. Arntts A., Yakob G. Prakticheskoye rukovodstvo po skhema-terapii. Metody raboty s disfunktsional'nymi rezhimami pri lichnostnykh rasstroystvakh / per. s angl. – M.: Nauchnyy mir, 2016. – 320 s.

26. Dzh.Yang Skhema terapiya / https://www.bolshakova-psy.com/ru/shema-terapiya-v-praktike-psihologicheskoj-pomoshhi/

27. Yang Dzh., Klosko Dzh. Proch' iz zamknutogo kruga! Kak ostavit' problemy v proshlom i vpustit' v svoyu zhizn' schast'ye. M.: Eksmo, 2019. -384 s.

28. Yang Dzh., Klosko Dzh., Vayskhaar M. Skhema-terapiya. Prakticheskoye rukovodstvo: Per. s angl. Spb.: OOO «Dialektika», 2020.-464 c.

29. Luz K., Graaf P., Zarbok G., Rut A.Kholt. Skhema terapiya dlya detey i podrostkov. Prakticheskoye rukovodstvo. Spb.: OOO «Dialektika», 2021.- 544 s.

30. Sadvakassova Z.M. Tekhnologii v rabote s det'mi deviantnogo povedeniya. Art-pedagogicheskiy aspekt: monografiya / Z.M. Sadvakasova. – Almaty: K¸azak¸ universitetí, 2016. – 274 s

31. Sadvakassova Z.M., Zhigitbekova B.D., Kazikhanov B.M. Psikhologicheskoye soprovozhdeniye i tekhnologii pomoshchi s deviantnym povedeniyem cheloveka. // Vestnik KAzNPU seriya «psikhologiya»-2024. - TOM 78 - № 1 - S.253-264

Авторлар туралы мәлімет:

Садвакасова Зухра Маратовна **–** педагогика ғылымының кандидаты, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессор м.а., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Әл-Фараби даңғылы 71, 050040, Алматы, Қазақстан

Нурмаханбетов Арман Лесханұлы **–** психология ғылымдарының докторы, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан

Аймағанбетова Ольга Хабижановна **–** психология ғылымдарының докторы, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан e-mail: alnara25@mail.ru;

Information about authors:

Sadvakassova Zurhra **–** Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of General and Applied Psychology, al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: zuhra76@mail.ru

Nurmakhanbetov Arman **–** Doctor of Psychological Sciences, Professor of the Department of General and Applied Psychology, al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

Aimaganbetova Olga **–** Doctor of Psychological Sciences, Professor of the Department of General and Applied Psychology, al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: alnara25@mail.ru

Сведения об авторах:

Садвакасова Зухра Маратовна **–** кандидат педагогических наук, доцент, и.о.профессора кафедры общей и прикладной психологии, КазНУ имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Нурмаханбетов Арман Лесханович **–** доктор психологических наук, профессор, кафедра общей и прикладной психологии, КазНУ имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Аймаганбетова Ольга Хабижановна **–** доктор психологических наук, профессор кафедры общей и прикладной психологии, КазНУ им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: alnara25@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN: 2616-6895. eISSN: 2663-2497

ПСИХОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ/
PSYCHOLOGY SERIES / СЕРИЯ ПСИХОЛОГИЯ

ХҒТАР 15.21.51
Мақала типі: ғылыми мақала

DOI: https://doi.org//10.32523/2616-6895-2024-147-2-647-659

Ойлау іс-әрекетінде студенттердің әлеуметтік интеллектідегі ерекшеліктерін зерттеу

К.К. Сайлинова[1], Н.С. Жұбаназарова[1], А.К. Бейсенбаева[2]

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Азаматтық авиация академиясы, Алматы, Қазақстан

(E-mail: sailinova777@gmail.com, zhubanazarova@mail.ru, baigulk.75@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада ЖОО студенттерінің әлеуметтік интеллектісі қарастырылады. Әлеуметтік интеллектіні зерттеу арқылы студенттердің болашақта тұлғалық әлеуметтік жетістікке жетудегі психологиялық ерекшеліктерін анықтау - қазіргі кезеңде өзекті мәселенің бірі. ЖОО студенттерді кәсіби даярлау жүйесінде ықпалы тиетін және оны болашақ өмірге дайындайтын маңызды орынға ие болады. Білім беру ортасы бұл болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін дамыту мен ішкі тұлғалық әлеуметтік бағдарлы қасиеттері тоғысатын өзара байланысты бірге дамытатын кеңістік.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орнының студенттері.

Зерттеудің эмпирикалық базасы: Алматы гуманитарлы экономикалық университеті. Зерттеуге жас ерекшелігі 18-21 жас аралығындағы 50 студент қатысты. Зерттеу көрсеткендей, сыналушылардың жоғары әлеуметтік интеллекті бойынша 3%, әлеуметтік ортада, тұлғааралық қарым-қатынаста көпшіл, әлеуметтік бейімділігі жоғары, әлеуметтік интеллект ортадан жоғары көрсеткіші 6% көрсетті. Бұл статистикалық анықталған көрсеткіштермен берілген.

Зерттеудің ғылыми және практикалық маңызы оның көрсеткіштері әлеуметтік интеллектінің түрлі деңгейлері қарым-қатынас барысындағы ерекшеліктері болжам жасауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: әлеуметтік интеллект, оқыту, әлеуметтену, қарым-қатынас, тұлға, мінез-құлық, таным процесі.

Түсті: 02.05.2024; Жөнделді: 06.06.2024; Мақұлданды: 19.06.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

Кіріспе

Қазіргі қоғамда адамның тұлғааралық жағдайды басқаруы, өзінің және өзгенің эмоцияларын түсінуі, психикалық жағдайды бағалауы, белгілі бір әрекеттерді таңдауы, өзінің мінез-құлқын тануы және болжауы, оның құрылымына кіретін қабілеттерді дамыту әлеуметтік интеллектінің маңызды тұлғалық қасиеттеріне айналды. Тұлғааралық қарым-қатынасты реттеу, өзінің және өзге адамның эмоцияларын түсіну, психикалық жағдайды бағалау, қарым-қатынастағы өзінің мінез-құлқын игере алуы мен өзін-өзі басқару қабілеттерін меңгеру өзекті мәселе болып табылады. Отандық және шетелдік зерттеулерде әлеуметтік интеллектіні тұлғаның жеке өмір сүру стилі мен кәсіби дамуындағы жоғары жетістіктердегі әлеуметтік тәжірибедегі өзін-өзі жүзеге асыру деңгейімен ерекшеленеді. Маманның кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейде болуы үшін әлеуметтік тұрғыдан қалыптасқан қабілеттері болуы керек. ЖОО студентті кәсіби тұрғыдан теориялық білім мен практикалық дағдыларын түрлі қабілеттер негізінде қалыптастырады.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы бойынша:

Әлемге қазірдің өзінде орташа өмір сүру ұзақтығы 100 жыл болады деп күтілетін ұрпақ келді. Сондықтан адамның белсенді экономикалық қызмет кезеңі 35-40 жастан 50-60 жасқа дейін өсті. Еңбек мансабының мұндай ұзақтығы еңбек нарығының үнемі өзгеруі, таныс мамандықтардың жоғалуы және жаңа кәсіптердің пайда болуы жағдайында бір негізгі білімге негізделе алмайды. Соңғы онжылдықтарда өзекті трендке айналған өмір бойы оқыту интеллектісі, құрылымдық ойлау, бейімделу және өзін-өзі ұйымдастыру қабілеттерін дамыту, танысу шеңберін кеңейту, әлем туралы мүмкіндіктер мен идеялар, психикалық денсаулықты жақсарту арқылы адамдардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Осыған орай ЖОО орнындағы студенттерді дайындауда әлеуметтік интеллектіні дамытудың маңызы ерекше. ЖОО тұлғаны әлеуметтік дамытуда маңызды стратегиялық ресурс, яғни мамандарды оқыту барысында бәсекеге қабілеттілік, психологиялық күйлерді меңгеру әлеуметтік интеллектімен байланысты.

Негізгі бөлім

Қазіргі кезеңдегі тұлғаны дамытудағы қуатты ресурс ол интеллектуализация процесі. Адамзатта интеллектуалдық потенциалдың жоғарылауы психологиялық және әлеуметтік өзгерістерге әкелді. Қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге тұлғаның заман талабына сәйкес қалыптасуына әсер ететін ойлау іс-әрекетінің ерекшелігі өте маңызды. Біріншіден, интеллектуалды дамудың қажеттілігі әлеуметтік факторлармен байланысты, екіншіден, психологиялық-әлеуметтік қажеттілік ойлау іс-әрекеті мен әлеуметтік интеллектіні дамыту арқылы қоғамдағы технологиялық және ақпараттандыру процесіне бейімделе алу. Әлеуметтік инновациялардың қоғамда қарқынды дамуына байланысты тұлғаның ойлау іс-әрекетінің теориялық және практикалық маңыздылығы

тұлғаның танымдық әрекетімен байланысты. Ойлау формалары мен құрылымдары тұлғаның түрлі мәселелерді шешуде, қоршаған ортаға бейімделу, коммуникативтілік, интеллект пен когнитивті дамуы әлеуметтік қатынастарды басқаруға ықпал етеді. Қазіргі психология ғылымында интеллектуалды іс-әрекетті таным процестерінің жиынтығы ретінде қарастырады. Әлеуметтік интеллект - адамның қоғамдық өмірде табыстылығы, жетістікке жетудегі өзін-өзі жетілдірудегі қабілеттілік деп аталады.

Отандық ғалымдар Т.Т. Тәжібаев, М. Мұқанов, А. Алдамұратов, А. Темірбеков, Б. Хамзин, С.М. Жақыпов, А. Ерментаева және шет елдік ғалымдар Эдвард Ли Торндайк, Ф.Е. Вернон, А. Бине, Ж. Пиаже, Ч.Спирмен, Дж. Гилфорд , М.Салливан, Р. Кэттел және Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, А.Р. Лурия. П.Я. Гальперин, Б.М. Теплов, Б.Г. Ананьев, А.В. Брушлинский, Л.А. Анцыферова, О.К. Тихомиров интеллектуалды іс-әрекеттің түрлі аспектілерін зерттеді. Қоғамдық-тарихи даму барысында адамның интеллектуалды іс-әрекетінде ойлау биологиялық психологиялық құбылыс болып табылады. Интеллектуалды іс-әрекет, яғни ойлау тарихы логика мен философияның ілімдерінен басталады. Бұл психологияның логикамен, философиямен байланысы ойлау туралы психологиялық білімдерде байқалады.

Ойлаудың арқасында ғылым мен техниканың қарқынды дамуы, ақыл-ой еңбек әрекеттерін реттеуде басым рөль атқарады. Ойлау түрлері: шығармашылық және практикалық болып бөлінеді. Соңғысы визуалды тиімді деп те аталады. Шығармашылық ойлау – ойлаудың ең жоғарғы формасы, оның қозғаушы күшінде обьективті дүниедегі ақиқат пен жаңа идеялар арасындағы қайшылықтар болып табылады. Өндірістік операция практикалық ойлау орындалатын тапсырманың жоспарымен анықталады. Ол уақыт бойынша қатаң шектелген, сондықтан орындаушының практикалық есептердің әртүрлі шешімдерін талдауға мүмкіндігі болмайды. Ойлаудың бұл түрі операциялық деп аталады. Ойлаудың ең қарапайым әрекеті - пайымдау, ол жұмыс процесінде адамға пікір қалыптастыруға мүмкіндік береді пайда болған өндірістік жағдайға немесе мәселелерге қатысты адамның еңбек міндеттерін орындайтын кезеңі. Практикалық іс-әрекеттер үшін бұл үлкен маңызға ие пайымдау қателерін психологиялық талдау. Адамның ақыл-ой әрекеті шешілетін өндірістік мәселелерге сәйкес келгенде ғана, табысты жұмыс істей алады. Оның жұмыс нәтижелері осы мәселелерді шешу құралдарының кемелдік дәрежесіне байланысты[1].

О.К. Тихомировтың «Ойлау психологиясы» еңбегінде, ойлау дегеніміз жоғары когнитивтік процесс деп қарастырған. Бұл процесте адамның ақиқатты түрлендіруде шығармашылық бейнелеу арқылы жаңа білімдер пайда болады. Мұндағы бірінші ерекшелікте заттар мен құбылыстарды жалпы бейнелеу болса, екіншіден жанама ақпарат арқылы талдау.

Жанама ойлау айналадағы заттар мен құбылыстарды кеңінен тануға мүмкіндік береді. Ойлау әрқашанда сұрақтан басталады, ал оның жауабы болып ойлау мақсаты табылады. Бұл сұраққа жауапты процесс барысындағы ақпаратты түрлендірумен өзгертумен ойлау операциялары көмегімен жүзеге асырады. Ойлаудың дамуы концепцияға дейінгі және концептуалды болып екі кезеңнен өтеді. Концепцияға дейінгі бұл баладағы ойлаудың дамуындағы бастапқы кезеңі. Бұл кезеңде баланың пікірлері ұқсастық пен аналогияны

есте сақтау арқылы байланыстырады. Бала ұғымдарды мысалмен түсіндіреді. Балада бес жасқа дейін эгоцентризм тұрғысынан алғанда сыртқы жағдайларды толық түсіне алмайды. Эгоцентризм балалар логикасының ерекшеліктерін көрсетеді: 1)қарама-қайшылыққа сезімтал болуы; 2) синкретизм (барлығын бірге байланыстыру); 3) трансдукция (жекеден жекеге өту); 4) шаманың сақталуын түсінбеу. Концептуалды ойлауға дейінгі кезеңде ойлау бірте-бірте дамиды[2]. Осы танымдық іс-әрекет негізінде адамның сыртқы дүниемен қарым-қатынас процесі туындап отырады. С.М.Жақыпов пікірінше, мақсатқа бағытталған жағдайдан біріккен практикалық іс-әрекетке өту, таным іс-әрекетінің генезисін зерттеудің адекватты моделі ретінде оның процессуальді жағын зерттейді. Танымдық іс-әрекетте субьектінің өзінің дамуы мен қалыптасуы, кеңістік-уақытта субьектінің индивидуалды ойлау іс-әрекетінде субьект жиынтығы практикалық іс-әрекет процесінде түзіледі. Бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекетті эксперименттік жағдайларда моделдеу қажеттілігі, оқу процесінде қалыптасатын және оның нақты психологиялық мазмұны болып жүйелі формация табылады [3].

Психологияда 1920 жылы адамның қарым-қатынасына қатысты әлеуметтік интеллект термині пайда болды. Әлеуметтік интеллектіні алғаш рет Эдвард Ли Торндайк енгізді. Әлеуметтік интеллектіні зерттеуші Ф.Е. Вернон моделі бойынша, адамдармен жалпы тіл табыса білуі; өзге адамдар ортасында өзін еркін және жеңіл ұстауға мүмкіндік беретін әлеуметтік әдістер жиынтығы; әлеуметтік тақырыптар мен мәселелерді білу; әлеуметтік топ мүшелерінен қабылданған стимулдарға сезімталдық және бейтаныс адамдардың көңіл-күйі мен тұлғалық ерекшеліктерін түсіну деп жіктеді[4].

Әлеуметтік интеллектінің алғашқы моделінің бірі–Ф.Е.Вернон(1933ж) моделі. Оның құрамына келесі қабілеттер жатады:

1. Адамдармен жалпы тіл табыса білу;
2. Өзге адамдар ортасында өзін еркін және жеңіл ұстауға мүмкіндік беретін әлеуметтік әдістер жиынтығы;
3. Әлеуметтік тақырыптар мен мәселелерді білу;
4. Әлеуметтік топ мүшелерінен қабылданған стимулдарға сезімталдық және бейтаныс адамдардың көңіл-күйі мен тұлғалық ерекшеліктерін түсіну.

Дж.Гилфорд және М.Салливан (1965ж.) әлеуметтік интеллект құзыреттерін келесі қабілеттермен толықтырды:

1. Адамдардың ішкі менталді күйлерінің сипатын түсіну;
2. Адамдардың ішкі менталді күйлерін ұқсастығы бойынша топтастыра білу;
3. Іс-әрекеттер арасындағы маңызды байланыстарды орната білу;
4. Әлеуметтің іс-әрекет тіркесін түсіндіру;
5. Әлеуметтік іс-әрекет өзгерістеріне бара-бар жауап беру;
6. Іс-әрекет контекстіне байланысты болашақ өзгерістерді болжау қабілеті [5]. Д. Браун бойынша, ЖОО әлеуметтік интеллектінің дамуының стратегиялық болжауында, оқу жоспарын әлеуметтік интеллектімен интеграциялау озық бағдарлама деп сипаттап, оны парадигмалы бағыт ретінде қарастырады [6]. Әлеуметтік интеллект - мінез-құлық пен қарым-қатынасты болжау арқылы адамның жай-күйін түсіне алу. Эмоционалды тұрғыдан ерекшеліктерін жіктей білу, тұлғаның әрекеттерінің себептері мен әлеуметтік

контексте байқалатын мінез-құлықтарын қабылдай алу және тану, эмпатия көрсету және өзін-өзі реттей алу, тиімді әлеуметтік өзара әрекеттесе алатын көп компонентті қабілеті[7]. Жастардың кәсіби және әлеуметтік әлеуетін айқындайтын маңызды фактор ретінде, тұлғаның дамуында әлеуметтік интеллектінің практикалық маңызы зор. Бұл жастарға кәсіби басымдықтарын, өз бетінше анықтау, өмірлік траекторияны таңдау, өздерін қоғамның мүшесі ретінде тану, сонымен бірге өзін және мүмкіндіктерін түсіну, жаңа ортаға үйренуде қажетті болады. Әлеуметтік интеллектіні дамыту дегеніміз адамның табысты болуы, оның әлеуметтік бейімделуі мен лидерлік қасиеттерін арттырудағы жетекші фактор[8].

Әлеуметтік интеллект – бұл басқалармен жақсы тіл табыса білу және оларды өзіңізбен ынтымақтастыққа шақыру. Мінез-құлықтың дұрыс қалыптаспауы әлеуметтік интеллектінің төмен деңгейі – адамдармен өзара қарым-қатынаста тиімді әсер ету қабілетсіздігін көрсетеді. Әлеуметтік интеллект-бұл адамның басқалармен жақсы қарым-қатынас жасау қабілеті, көбінесе адамдық дағдылар немесе әдептілік деп те аталады. Бұл сананы, әлеуметтік динамиканы түсінуді және өзін-өзі танудың лайықты мөлшерін қамтитын қабілет. Зерттеушілер анықтаған әлеуметтік интеллектінің төрт ықпал ететін аспектілері бар:

1. Қарым-қатынас дағдылары. Бұл адамды жақсы тыңдау, естіген сөздерді және олардың эмоционалдық мазмұнын түсіну, басқалармен жақсы сөйлесу, өз ойлары мен эмоцияларын анық жеткізу, басқалармен сөйлескенде әдептілік қолдану қабілетін қамтиды.

2. Әлеуметтік рөлдер мен ережелер. Олар түрлі әрекеттесу түрлері мен жағдайларының әртүрлі, әдетте айтылмайтын ережелерін білуді, сондай-ақ өзара әрекеттесулерде дұрыс рөль атқаруды қамтиды.

3. Басқалардың мотивациясын түсіну. Бұл өзгенің эмоциясын тану, басқалардың ниетін, қалауын түсіну.

4. Әсерді басқару. Бұл дағды басқалардың бізге деген реакциясын түсінуді және өз қалауымызша әсер қалдыратындай әрекет етуді қамтиды [9].

(1965-1969)-АҚШ-та алғаш рет «құрылым моделі» жобасы аясында әлеуметтік интеллект бойынша ауқымды зерттеу жүргізілді.

Дж. Гилфорд теориялық интеллект тұжырымдамасы негізінде осы жобаның ұйымдастырушысы және ғылыми жетекшісі болды.

Зерттеушілер екі түрдегі айқын әлеуметтік қабілеттерді өлшей алды: субьектінің мінез-құлқын түсіну және тұлғааралық эффективті қарым-қатынас жасау. О.Салливан мінез-құлықты танудың салыстырмалы түрде тәуелсіз әлеуметтік қабілеттерін анықтады. Ал М.Хендрикстің жетекшілігімен шығармашылық әлеуметтік жүйеге енгізілген дивергентті ойлау қабілеттерінің топтарын анықтады.

Тұлғаның мінез-құлқын дұрыс түсіне білу арқылы, адамдардың өзара әрекеттесу негізінде табысты әлеуметтік бейімделу қабілетін құрайды. Осы қабілет негізінде логикалық ойлау және мағыналы ес, логикалық ойлау мен бейнелі ес, вербалды және вербалды емес ойлау, практикалық ойлау, есте сақтау көлемі мен зейін, ойлаудағы тұжырымдау деңгейі мен ақпарат көлемі байланыстары интеллектінің күрделі жүйесін құрайды[10].

1980 жылдары М.Форд және М.Тисак интеллектіні өлшеуде проблемалық жағдайларды шешудің табысты шешімін анықтады. Әлеуметтік интеллектінің негізі академиялық интеллекті тестерімен анықталған «формалді» ойлауда, ал оның қабілеттерден негізгі айырмашылығы, менталды қабілеттердің нақты нәтижедегі әлеуметтік ақпаратты өңдеудмен байланысын көрсетті[11].

Н.Кэнтор мен Дж. Кильстром әлеуметтік интеллекті әлеуметтік білімдердің формалары мен мазмұнын, әлеуметтік мақсат пен міндеттерді жақсы түсінуге ықпал етеді, әлеуметтік өмірдегі мәселелерді шешу үшін әлеуметтік интеллектіні қолданады. Бұл іс-әрекетті жоспарлау мен оқиғалар барысында, жұмыс істеуде, ақпараттарды тасымалдау біліктілігінде әлеуметтік интеллектіні қамтиды [12].

Зерттеу әдістері

Зерттеудің мақсаты студенттердің әлеуметтік интеллектісін зерттеу болып табылады. Дж.Гилфорд жасаған интеллект құрылымының моделі психологиялық тәжірибеде кеңінен қолданылады. Құрылым белгілі бір операциялардың, психикалық әрекет әдістерінің, психикалық процестерінің мазмұны мен психикалық әрекет өнімдерінің көптеген комбинацияларының мүмкіндігін қарастырады.

Бұл модельге сәйкес операциялардың бес түрін бөлу керек:

1) Таным (ақпаратты қабылдау, тану, сезіну және түсіну процестерін қамтиды);

2) Жады (ақпаратты сақтау және жаңғырту механизмі);

3) Дивергентті ойлау (қиялға сүйенеді және түпнұсқа идеяларды тудыру құралы ретінде қызмет етеді);

4) Конвергентті ойлау (мүмкіндіктердің кең ауқымын қамтуға қарағанда, нақты жауапты «мақсаттауды» қамтиды);

5) Бағалаушылық ойлау (стандарттар немесе белгіленген критерийлермен салыстыру механизмі).

Ойлау процестерінің мазмұнының да төрт түрі бар. Операциялар көрнекі-бейнелі ақпаратқа (бейнелі мазмұн) қатысты қолданылуы мүмкін; белгілермен көрсетілген ақпаратқа, яғни әріптер, сандар, кодтар (символдық мазмұн); сөздік идеялар мен ұғымдарға (семантикалық мазмұн); адамдардың қарым -қатынасына қатысты ақпаратқа (мінез-құлық мазмұны). Сондай-ақ психикалық әрекет өнімдерінің алты түрі бар:

1) Бірлік (бөлек, бірыңғай ақпарат);

2) Кластар (жалпы қасиеттеріне қарай топтастырылған ақпарат жинақтары);

3) Қатынастар(заттар немесе түрдегі ұғымдар арасындағы айқын байланыстар– «артық,«қарсы»т.б);

4) Жүйелер(интегралды жүйені құрайтын ақпарат блоктары);

5) Түрлендірулер (түрлендірулер, ауысулар, ақпаратты қайта анықтау);

6) Салдарлар(қорытындылар,қолда бар ақпаратта жаңа байланыстар орнату)

Осылайша, операциялардың әрқайсысы мазмұнның кейбір түріне қатысты орындалады және өнімнің белгілі бір түрін береді. Осы үш параметрдің жиынтығы 120 түрлі, сапалық бірегей психикалық қабілеттердің бар екендігін көрсетеді.

Дж.Гилфордтың әлеуметтік интеллектіні зерттеу әдістемесі.

Дж. Гилфорд, М. О'Салливан (J. Guilford, M. O'Sullivan, 1976) Е. С. Михайлова бойынша адаптацияланған (1996).

Әлеуметтік интеллектіні зерттеу де Дж. Гилфордтың интеллект құрылымының жеке моделдеріне негізделген. Әлеуметтік интеллекті жалпы интеллект факторларына тәуелсіз. Үш айнымалы мазмұны, операциялары, нәтижелері мінез-құлық ақпараттарының танымымен байланысты. Әлеуметтік интеллектіні зерттеу әдістемесі 4 субтест арқылы анықталады:

№1 субтест «Оқиғалардың аяқталуы» мінез-құлық нәтижелерін білу факторын, яғни белгілі бір жағдайда зерттелушілердің мінез-құлқының себептерін болжай алу қабілетін анықтайды.

№2 субтест «Экспрессия тобы» мінез-құлық кластарының таным факторын қарым-қатынас пен коммуникацияға, басқа адамдарды вербалды емес экспрессияда түсінуге қабілетті.

№3 субтест «Вербалды экспрессия» сөздік экспрессия тән.

№4 субтест «Қосымшалар тарихы» тұлғааралық ситуациялық динамиканы құрылымын тану қабілетімен өлшенеді.

Үш субтест вербалды емес ынталандырушы материал бойынша, ал бір субтест вербалды түрде құрастырылады. Субтесттер әлеуметтік интеллект құрылымындағы төрт қабілетті кластарды, жүйелерді, түрлендіру және мінез-құлық нәтижелерін тануды диагностикалайды [13].

Талқылау

Дж. Гилфорд әлеуметтік интеллектіні зерттеу әдістемесі бойынша нәтижелері: Пилотаждық зерттеуге эксперименттік таңдау тобына Алматы гуманитарлы экономикалық университетінің 50 студенті қатысты. Жас ерекшелігі 18-21 жас аралығы.

Жүргізілген зерттеу нәтижесі бойынша, сыналушылардың жоғары әлеуметтік интеллектісі бойынша 3%, әлеуметтік ортада, тұлғааралық қарым-қатынаста көпшіл, әлеуметтік бейімділігі жоғары, әлеуметтік интеллект ортадан жоғары көрсеткіші 6% көрсетті. Алынған мәліметтерге сүйене, адамдардың мінез-құлқы туралы ақпаратты тиімді алады. Әлеуметтік интеллектінің дамуы тұрақты қарым-қатынас нәтижесі болып табылады. Қарым-қатынаста табысты болуы, қоршаған ортадағы адамдарға дұрыс коммуникация жасай білу және тұлға аралық қарым-қатынас барысында адамдарды түсіну қабілеті жоғары екенін байқауға болады. Орташа әлеуметтік интеллект бойынша (47%) зерттелушілердің әлеуметтік ортадағы қарым-қатынаста өзіндік деңгейде қоғамда қалыпты бейімделуін білдіреді. Субтестер бойынша қарастырсақ, әлеуметтік интеллект ортадан төмен 34% көрсеткіште, төмен әлеуметтік интеллект қарым-қатынас барысында адамдарды түсінбеуі, тұлғаның интеллекттік әлеуеті әлеуметтік құндылықтарды игеру барысында қалыптасады. Интеллект де үнемі дамуды, қалыптастыруды көздейді. Егер жеткіліксіз болса, онда әлеуметтік ортаға бейімделу, адамдармен тіл табысу, қарым-қатынаста қиындықтар туындайды. Әлеуметтік интеллект үнемі дамытуды қажет етеді.

Тұлға әлеуметтік өзара әрекеттерге ортада түседі, яғни субъективті тәжірибе жинайды. Бұл процессте әлеуметтік тәжірибедегі белсенділігі сипатталған.

Әлеуметтік интеллектінің статистикалық айырмашылықтары адамдарға әсер ету және тұлғааралық қарым-қатынас кезінде жеке мақсаттарға қол жеткізу мүмкіндігін қамтиды.

Нәтижелер

Әлеуметтік интеллектінің дамуының жалпы деңгейі бойынша зерттелушілер саны – 50. Әлеуметтік интеллектінің композиттік интерпретациясы бойынша төменгі әлеуметтік интеллект – 1 балл, әлеуметтік интеллект ортадан төмен – 2 балл, орта әлеуметтік интеллект – 3 балл, әлеуметтік интеллект ортадан жоғары – 4 балл, жоғары әлеуметтік интеллект – 5 балл. Студенттердің әлеуметтік интеллектісін зерттеу барысында алынған нәтижелер бойынша әлеуметтік интеллект ортадан төмен 6%, орта әлеуметтік интеллект 44%, әлеуметтік интеллект ортадан жоғары 32% жоғары әлеуметтік интеллект 18%.




Диаграмма 1 Әлеуметтік интеллектінің өлшемі пайыздық көрсеткіші %

Пилотаждық зерттеу барысында қоршаған ортада адамдардың мінез-құлқын дұрыс түсіне білу қабілеті түрлі құндылықтарды меңгеруге байланысты. Бұл қабілет адамға тиімді тұлғааралық өзара әрекеттесу және сәтті әлеуметтік бейімделу үшін қажет.

Бұл студенттік жас кезеңінде басқа адамдарды түсіну, қоғаммен байланыс орната білу маңызды болып табылады. Зерттелушілердің психологиялық ерекшеліктерін, үміттерін, құндылықтары мен өмірлік қағидаларын дамытуға бағыттайды.

Қорытынды

Әлеуметтік интеллект ең алдымен бірі-бірімен қарым-қатынас жасайтын адамдардың мінез-құлқы, ниеттері туралы нақты құрылымдық ақпарат беруге мүмкіндік беретін жағдайларда көрінетін интеллектуалды қабілет екенін көрсетеді.

Ортадан төмен деңгейлі көрсеткіштегі тұлғаларда әлеуметтік деңгейдің түрлі аспектілерін қарастырып, коммуникативті компонент пен сыртқы ортамен қоммуникацияны жетілдіру.

Орта деңгей көрсеткіші білім алушыларға әлеуметтік қарым-қатынаста тиімді орындалатын мінез-құлықты меңгеру және мәселелік жағдаяттарда әрекеттердің дайын тәсілдерін таба білуді ұсынады.

Орта деңгейден жоғары әлеуметтік интеллектіге ие студенттер өзін басқа адамның орнына қою негізінде түсінуді біледі. Мұнда эмоциялық икемділік, еліктеу тән. Тұлғааралық байланыстарда сенімділік пен шынайылық атмосферасын құру, басқа тұлғалардың мінез-құлқын болжай алу, ол адам туралы ақпарат толық болмаған жағдайда тәжірибеге сүйену дамиды. Сондықтан әлеуметтік интеллектіні дамыту ойлау іс-әрекетін қалыптастыруда когнитивті тапсырмаларды орындау ұсынылады.

ЖОО тұлғаны әлеуметтік дамытуда маңызды стратегиялық ресурс, яғни мамандарды оқыту барысында бәсекеге қабілеттілік, психологиялық күйлерді меңгеру әлеуметтік интеллектімен байланысты. Студенттердің әлеуметтік интеллектісінің дамытуға ықпал ететін оқыту мен дамыту болғандықтан, әлеуметтік ортадағы мінез-құлықты ресми түрде оқыту, менторинг немесе индукциялық бағдарламалар немесе бейресми қарым-қатынас жасау тәжірибесі, дағдысы ЖОО әлеуметтенудің бастапқы процесінде жүреді. Әлеуметтенудегі нормаларды, құндылықтарды, көзқарастарды және мінез-құлықтарды үйрену арқылы оларға қойылатын міндеттер мен жауапкершілікті сезінеді.

Тұлғааралық қарым-қатынастағы әлеуметтік интеллект – психологиялық ерекшеліктері адам мінез-құлқының әр түрлі аспектілерін дамытуға қызмет етеді. Бұл тұлғаның қабілеттерін дамытады, білім мен дағдыларды меңгеру құралы ретінде қызмет етеді. Тұлғааралық өзара әрекеттесуде, қажетті іскерлік және ұйымдастыру дағдыларын игереді.

Әлеуметтік өзара әрекеттесу процесінде тұлға басқа адамның мінез-құлқын түсінуге сәйкес әрекет ету қабілетінің психологиялық ерекшеліктерін меңгереді.

Авторлар үлестері

Сайлинова Карлыгаш Кайрбергеновна – зерттеу мәтінін жазды, мазмұнын құрды, эксперименттік зерттеу жүргізуде, деректерді жинауда, мәліметтерді өңдеуде, зерттеу нәтижелерін талдауда және түсіндіруде елеулі үлес қосты.

Жубаназарова Назираш Сулейменовна – зерттеу идеясын, зерттеу мазмұнын сыни тұрғыда қарастырды, теориялық тұжырымдарды негіздеуге, зерттеу концепциясына елеулі үлес қосты.

Бейсенбаева Айгуль Калтаевна – мақала деректерінің сенімділігін, мақаланың тұтастылығы мен жүйелігін тексерді, соңғы нұсқасын жариялауды бекітті.

Әдебиеттер тізімі

1. Адамчук В.В. Эргономика. - Москва: ЮНИТИ-ДАНА, 1999. – 254 с .

2. Тихомиров О. К. Психология мышления: учебное пособие. - М.: Изд-во Моск. ун-та, 1984. – 272 с.

3. Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения: – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 68 с.

4. Люсин Д.В., Ушаков Д.В. Социальный интеллект: теория, измерение, исследования.– М.: Институт психологии РАН, 2004. – 176 с.

5.Бердибаева С.Қ., Сайлинова К.К., Адилова Э.Т., Айдосова Ж.К., Кайратова М.К., Психология: Оқу құралы. – Алматы:Қазақ университеті, 2021. –145 б.

6.Бейсембаев А. To the social intelligence of pupils through strategic planning (from the experience of a comprehensive educational school)//Білім .Серия: Nurturing and personal development.–2023.–106(3).P.133-142. DOI:10.59941/2960-0642.

7. Турсынбет Г.Т. Шкутина Л.А.Ахметова А.Е. Жоғарғы оқу орнының оқыту жүйесіне бейімделу процесінде болашақ педагог психологтардың әлеуметтік интеллектісін дамыту// 3i: intellect, idea, innovation - интеллект, идея, инновация.Серия:Педагогика.–2023.–№3.–С.279-286.DOI: 10.52269/22266070.

8. Muradullayeva D.M. Features of social intelligence of humanities students// Science and innovation international scientific journal. –2024.–Vol.3.–P.164-167. DOI:10.5281/zenodo.10667075

9. T.Kanimozhi, M.Vasimalairaja. Role of social intelligence in student's educational development// International Journal of Creative Research Thoughts.–2018. –Vol. 6.–P.137-140. ISSN : 2320-2882

10.Аршанская (Шешукова) О.В. Психологические условия становления социального интеллекта: история и современность: монография.–СахГУ. Тамбов: Юком, 2018.–85 с. DOI: 10.17117/mon.2018.06.01

11. Кудинова И. Б., Вотчин И. С. Социальный интеллект как предмет исследования // Сибирский педагогический журнал. – 2005.– №4. – С.132-142.

12. Савенков А.И. Социальный интеллект как проблема психологии одаренности и творчества // Психология. Журнал высшей школы экономики. – 2005. – № 4. С.94-101.

13. Михайлова (Алешина) Е.С. Тест Гилфорда диагностика социального интеллекта: методическое руководство. – СПб.: ИМАТОН, 2006. – 56 с.

К.К. Сайлинова[1], Н.С. Жубаназарова[1], А.К. Бейсенбаева[2]

[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
[2]Академия гражданской авиации, Алматы, Казахстан

Изучение особенностей социального интеллекта студентов в мыслительной деятельности

Аннотация. В статье рассматривается социальный интеллект студентов вузов. Выявление психологических особенностей студентов в достижении личностного социального успеха в будущем посредством изучения социального интеллекта - одна из актуальных проблем на современном этапе. Вуз будет занимать важное место в системе профессиональной подготовки

студентов и готовить их к будущей жизни. Образовательная среда - это пространство, которое совместно развивает взаимосвязь, в которой переплетаются развитие профессиональной компетентности будущего специалиста и внутренние личностные социально ориентированные качества.

Объект исследования: студенты вуза.

Эмпирическая база исследования: Алматинский гуманитарно-экономический университет. В исследовании приняли участие 50 студентов в возрасте от 18 до 21 года. Исследование показывает, что 3% испытуемых имеют высокий социальный интеллект, общительны в социальной среде, межличностном общении, имеют высокую социальную предрасположенность, социальный интеллект выше у 6%. Это дано статистически определенными показателями. Научно-практическая значимость исследования заключает в том, что его показатели различных уровней социального интеллекта позволяют делать прогнозы особенностей в ходе общения.

Ключевые слова: социальный интеллект, обучение, социализация, общение, личность, поведение, процесс познания.

K.K. Sailinova[1], N.S. Zhubanazarova[1], A.K. Beisenbaeva[2]
[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[2]Civil Aviation Academy,Almaty, Kazakhstan

The study of students' social intelligence in mental activity

Abstract. The article deals with the social intelligence of university students. Identification of psychological features of students in achieving personal social success in the future through the study of social intelligence-one of the actual problems at the present stage. The university will occupy an important place in the system of students' professional training and prepare them for their future life. The educational environment is an interconnected and developing together space in which the development of professional competence of the future specialist and internal socially oriented qualities of personality are intertwined.

The subject of the study is university students. Empirical base of the study: Almaty Humanitarian and Economic University. The study involved 50 students aged 18 to 21. According to the study, 3% of the subjects had high social intelligence, sociability in a social environment, and interpersonal relationships. Additionally, 6% of subjects showed higher social propensity, an above average level of social intelligence. This is confirmed by statistically established dependencies.

The scientific and practical significance of the study lies in the fact that its results suggest that a person with a high level of social intelligence is highly capable of distinguishing between individual and situational determinants.

Key words: social intelligence, learning, socialisation, communication, personality, behaviour References, cognitive process.

References:

1. Adamchuk V.V. Ergonomics. Moscow: UNITY-DANA, 1999. – 254 p.

2. Tikhomirov O. K. Psychology of thinking: Textbook. M.: Publishing house Mosk. University, 1984. – 272 p.

3. Dzhakupov S.M. Psychological structure of the learning process: – Almaty: Kazakh University, 2004. – 68 p.

4. Lyusin D.V., Ushakov D.V. Social intelligence: theory, measurement, research. – M.: Institute of Psychology of the Russian Academy of Sciences, 2004. – 176 p.

5. Berdibaeva S.K., Sailinova K.K., Adilova E.T., Aidosova Zh.K., Kayratova M.K., Psychology: Oku kuraly. – Almaty: Kazakh University, 2021. –145 p.

6. Beysembaev A. To the social intelligence of pupils through strategic planning (from the experience of a comprehensive educational school)//Білім .Серия: Nurturing and personal development.–2023.–106(3).P.133-142. DOI:10.59941/2960-0642.

Медициналық - әлеуметтік жұмыс адам денсаулығын сақтауға, қалпына келтіруге және нығайтуға бағытталған медициналық, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-құқықтық аспектілерді қамтитын кешенді кәсіби қызмет болып табылады. Медициналық және әлеуметтік факторларды денсаулықтың алдын-алу жұмыстарында оларды жеке қарастырудан гөрі бірге талдау тиімдірек. Медициналық-әлеуметтік жұмыстың негізгі бағыты патогенетикалық және профилактикалық болып бөлінеді. Біріншісіне медициналық-әлеуметтік көмекті ұйымдастыру, медициналық салада сараптама жасау және жеке әлеуметтік қолдауды жатқызамыз. Профилактикалық медициналық-әлеуметтік жұмыс әлеуметтік және медициналық мәселелердің алдын алуға, салауатты өмір салтын насихаттауға және денсаулық сақтау саласындағы азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған.

И. В. Пантюк медициналық-әлеуметтік жұмыстың басты мақсаты мүгедектік, әлеуметтік және экономикалық теңсіздік, тұрмыстық зорлық-зомбылық және жұмыссыздық сияқты әртүрлі мәселелері бар адамдардың денсаулығы мен әлеуметтік бейімделуін жақсарту екенін атап айтады [7, 3].

Медициналық-әлеуметтік жұмыс пациенттердің жағдайының әртүрлі аспектілерін терең түсінуге негізделген денсаулық сақтау жүйесіндегі маңызды буын болып табылады. Медициналық-әлеуметтік көмек бағдарламаларын әзірлеу кезінде медициналық деректерді ғана емес, сонымен қатар жыныстық-жас ерекшеліктері, кәсіби қызмет, бейімделу ресурстары және әлеуметтік орта сияқты әлеуметтік факторларды да ескеру қажет. Әлеуметтік жұмыс аурулардың алдын алуда, пациенттерді емдеу мен оңалтудың тиімділігін арттыруда, олардың әлеуметтік бейімделуінде және еңбек қызметіне оралуында шешуші рөл атқарады. Мүгедектер, созылмалы аурулары бар адамдар және қарт адамдар сияқты белгілі бір шектеулер мен қиындықтарға тап болған халықтың санаттары үшін қолдау көрсету өте маңызды. Әлеуметтік жұмыс саласындағы

мамандар медициналық, құқықтық, психологиялық, философиялық, экономикалық және әлеуметтік аспектілерді қоса алғанда, білім мен дағдылардың кең спектріне ие болуы керек. Олардың міндеттеріне пациенттердің бейімделу ресурстарын жақсартуға көмектесу, медициналық көмекті ұйымдастыру және қоғамда толыққанды өмір сүру үшін қажетті ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету болып табылады.

Оған қоса, жаны үзіліп бара жатқандарға қажетті әлеуметтік көмек, санитарлық-гигиеналық шаралар, халықты санитарлық ағарту, мүгедектерді санитарлық көлік секілді қарапайым өмірлік дағдыларды орындауға арналған әртүрлі құрылғылармен қамтамасыз етуде санитарлық көмек көрсету. Әлеуметтік жұмыстың ерекшелігі нақты пациенттің саулығы (физикалық, психологиялық), қоғамға оның адаптациялық ресурстарының бұзылу деңгейі және оны жекелей не толықтай қалыпқа келтіре алу деңгейімен анықталады.

Медициналық-әлеуметтік жұмыстың маңызды бағыттары:

– отбасын жоспарлау және ана мен баланың денсаулығын қолдау;

– психотерапия психикалық денсаулықты қолдауға және психологиялық мәселелерді шешуге бағытталған;

– наркология нашақорлықтың алдын алу мен емдеуді қамтиды;

– онкология онкологиялық науқастарды диагностикалау, емдеу және оңалтумен айналысады;

– геронтология егде жастағы адамдардың денсаулығы мен өмір сүру сапасына қамқорлық жасайды.

Денсаулық сақтаудағы медициналық-әлеуметтік жұмыс әйелдердің, аналар мен балалардың, жасөспірімдердің, ересектердің және мүгедектердің әртүрлі санаттарындағы әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған. Бұл мәселелер өмірдің көптеген аспектілерін қамтиды және оларды шешу қоғамдық денсаулыққа айтарлықтай әсер етеді. Заңнама мен құқықтық нормалар әлеуметтік жұмысты реттеуде және халықты тиісті қолдау мен қорғауды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады [10, 158-159].

Олардың жұмысы тәуелді адамдардың өздеріне де, олардың отбасыларына да, қоршаған қоғамға да көмектесуге бағытталған әртүрлі аспектілерді қамтиды. Жеке кеңес беру және қолдау арқылы әлеуметтік қызметкерлер нашақорлықпен ауыратын адамдарға үйсіз қалу, жұмыссыз қалу, заңмен байланысты мәселелер және т.б. сияқты әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектеседі. Сондай-ақ олар емдеу және оңалту жоспарларын жасауға көмектеседі. Әлеуметтік қызметкерлер нашақорлардың отбасыларына нашақорлық пен оның салдарымен байланысты эмоционалдық және практикалық қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

Әлеуметтік қызметкерлер нашақорлықтың алдын алу бойынша білім беру бағдарламалары мен науқандарын жүргізеді, белсенді нашақорлық сатысынан кеткен адамдардың әлеуметтік бейімделуін қалпына келтіруге ықпал етеді. Түрлі қызметтер арасын үйлестіру арқылы олар нашақорларға жан-жақты көмек көрсету үшін медициналық, психологиялық және құқық қорғау қызметтерімен ынтымақтасады. Әлеуметтік қызметкерлер нашақорлардың өмір сүру сапасын жақсартуға және қоғамдағы нашақорлық деңгейін төмендетуге бағытталған нашақорлықпен емдеу

бағдарламалары мен саясатын әзірлеуге және іске асыруға қатысады. Нашақорлықты емдеу саласында жұмыс істеу әлеуметтік қызметкерлерден жоғары эмпатияны, түсіністік пен кәсібилікті талап етеді. Дегенмен, бұл өте қанағаттанарлық және нашақорлыққа байланысты қиындықтарға тап болған адамдарға маңызды көмек көрсете алады. Әлеуметтік қызметкерлер онкологиялық науқастарға және олардың отбасыларына қолдау көрсетуде маңызды рөл атқарады.

Олардың жұмысы қатерлі ісікке қарсы күресте туындайтын психологиялық, әлеуметтік және практикалық мәселелерді жеңуге көмектесуге бағытталған. Әлеуметтік қызметкерлер қатерлі ісікке шалдыққан науқастарға және олардың отбасыларына осы диагноздан туындаған қиындықты, стрессті және депрессияны жеңуге көмектесу үшін эмоционалды қолдау көрсету арқылы ерекше маңызды рөл атқарады.

Одан бөлек, ауру, емдеу, паллиативтік және стационарлық көмек және онкологиялық науқастарға қолдау көрсететін ұйымдар туралы ақпарат береді. Пациенттерге қажетті медициналық қызметтерге, дәрі-дәрмектерге және процедураларға қол жеткізуге қол ұшын созып, әртүрлі мамандар мен қызметтер арасындағы жұмысты үйлестіреді. Күтім бойынша көмекті ұйымдастырып, онкологиялық ауруларды емдеуге байланысты қаржылық қиындықтарды жеңуге әрі жұмысқа орналасуға және сақтандыру мәселелеріне жәрдемдеседі.

Пациенттерге және олардың отбасыларына паллиативтік көмек туралы шешім қабылдауға көмектеседі және осы қиын кезеңде қолдау көрсетеді. Онкологиялық аурулардың алдын алу туралы білім беру бағдарламаларын жүргізеді және қоғамда онкологиялық науқастар үшін қолайлы ортаны дамытады. Осы ауыр аурумен күресу кезінде қиындықтарды жеңуге және өмір сүру сапасын жақсартуға көмектесуде маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік қызметкерлер психикалық сырқаты бар науқастарға және олардың отбасыларына, өмірлерін жеңілдетуге және оларға қажетті қызметтерге қол жеткізуге жәрдемдеседі. Атап айтқанда, пациенттердің қажеттіліктерін бағалайды және жеке қолдау мен емдеу жоспарларын әзірлейді.

Пациенттерге және олардың отбасыларына психикалық бұзылулардың салдарын жеңуге көмектесу үшін эмоционалды қолдау білдіріп, пациенттерге медициналық және психологиялық қызметтерге, оңалту бағдарламаларына және басқа қолдауларға қол жеткізуге көмектеседі. Пациенттерге күтім көрсету мен қолдауға кешенді көзқарасты қамтамасыз ету үшін психиатрлар, психологтар және медициналық қызметкерлерді қоса алғанда, басқа мамандармен ынтымақтасады. Оңалту бағдарламаларын ұсыну арқылы емделгеннен кейін күнделікті өмірге оралуға көмектеседі. Қоғамға психикалық бұзылулар туралы білім беру бағдарламаларын жүргізеді, стигманы азайтуға және психикалық ауруы бар науқастарға қоғамның көзқарасын жақсартуға көмектеседі.

Психиатрия саласындағы әлеуметтік қызметкерлердің жұмысы жоғары эмпатияны, түсіністік пен кәсібилікті талап етеді. Олар психикалық ауруы бар науқастарға психоәлеуметтік қолдау мен көмек көрсетуде, олардың өмір сүру сапасын жақсартуда және аурумен сәтті күресуде маңызды рөл атқарады. И.В. Пантюк медициналық-әлеуметтік жұмыс маманының кәсіби, рухани-адамгершілік қасиеттері қандай болуы қажеттігін түсіндіреді: Оның бойында жанашырлық, мейірімділік, азаматтық және

әлеуметтік әділеттілік сезімі болуы тиіс. Эмпатия және қиын өмірлік жағдайды өзгерту үшін оны жеңуге көмектесетін клиентпен қарым-қатынас орнату қабілеті.

Оған керек маңызды жеке қасиеттердің ішінде 3 негізгі топты бөліп көрсетуге болады:

1) осы қызмет түріне қабілеттілік, психофизиологиялық сипаттамалар;

2) әлеуметтік қызметкерді тұлға ретінде сипаттайтын психологиялық қасиеттер;

3) жеке сүйкімділігі болуы, психологиялық-педагогикалық қасиеттер.

Бірінші топтың қасиеттері психикалық процестерді көрсетеді (қабылдау, есте сақтау, елестету, ойлау); психикалық жағдайлар (шаршау, апатия, стресс, мазасыздық, депрессия); зейін сананың күйі, эмоционалды және ерікті көріністері ретінде (ұстамдылық, енжарлық, табандылық, жүйелілік, импульсивтілік). Екінші топқа өзін-өзі бақылау, өз іс-әрекетін бағалау, өзін-өзі түсіну ерекшеліктері, тұлғаның бағыты сияқты психологиялық қасиеттер жатады; сондай-ақ стресске төзімді қасиеттер - физикалық дайындық, өзін-өзі гипноз, ауысу қабілеті және эмоцияларды басқару. Үшінші топқа қарым-қатынас дағдылары (тез әрекет ету қабілеті), адамдармен байланыс орнату; эмпатия (сипатия, басқа адамдардың күтулерін, көзқарастарын, күйлерін анықтау); тартымдылық (сыртқы тартымдылық); шешендік (сөзбен шабыттандырып, сендіре білу) жатады 7, 5-6].

Қазақстанда «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында ағылшын тілінен қазақшаланған Мэри Коннолли, Луиза Хармс, Джейн Мэйдменттің «Әлеуметтік жұмыс: контексі мен практикасы» атты еңбегінде әлеуметтік жұмыстың мәдени аспектілеріне кеңірек талдау жасалып, әлеуметтік жұмыстың мазмұны, теориялық қырлары назарға ұсынылған.

Мүгедектігі бар адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету кезінде әлеуметтік қызметкерлер олардың қажеттіліктерін ескереді және интернатта, үйде немесе басқа мекемелерде көрсетілетін қызметтердің ыңғайлылығы мен пайдалылығын басшылыққа алады. Бұған мүгедек балаларға және қант диабеті немесе бүйрек жеткіліксіздігі сияқты әртүрлі медициналық жағдайлары бар адамдарға арналған диеталық тамақтануды ұйымдастыру да кіреді. Көбінесе әртүрлі қолдау шаралары қажет болады. Әлеуметтік қызметкер стационарлық жағдайда немесе үйде медициналық-әлеуметтік оңалту кезінде ұйымдастырушылық көмек көрсете отырып, облыстық емхананың немесе диспансердің медициналық қызметкерлерімен ынтымақтасады, сондай-ақ санаторий-курорттық емдеуді ұйымдастыруға көмектеседі. Сонымен қатар әлеуметтік қызметкер тасымалдауға көмек көрсетеді, түзету жабдықтарын, қажетті тренажерлар мен дене шынықтыру құралдарын ұсынады және аурулары бар балалардың ата-аналарына медициналық-генетикалық кеңес беруді ұйымдастырады.

Н.Г.Сушко мен Н.А. Колобова өз мақалаларында әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби қызметіндегі стрессті талдап, оның әр түрлі аспектілеріне және осы саладағы мамандардың психоэмоционалды жағдайына назар аударды. Олар әлеуметтік қызметкерлердің жұмыс процесінде туындайтын стресстің әртүрлі көздерін қарастырды, мысалы, қиын жағдайларда клиенттермен қарым-қатынастың эмоционалды шиеленісі, күрделі тұлғааралық қақтығыстар, ресурстар мен көмек көрсету мүмкіндіктерінің шектеулілігі.

Олар үнемі өмірде қиын жағдайларға душар болған, көмекке жүгінген адамдардың проблемаларының бел ортасында жүру, соған қатысты эмоционалды салмақ, жүйкені жұқаруы, басқа да әлеуметтік психологиялық себептер жұмыскерлердің денсаулығына кері әсерін тигізетінін, әлеуметтік қызметкерлер қиналған жандарға қол ұшын беруде көптеген кәсіби біліктілікке ие болғанмен кәсіби жұмыстарында өздері күйзелісті жағдайға ұшырағанда өздеріне қалай көмектесуді біле бермейтінін айтады.

Эмоционалды күйзеліс басқаларға көмектесетін мамандықтармен шектелмейді, дегенмен ол ең көп көмекші мамандық иелерінде кездеседі. Көмекші мамандық иелері арнайы талаптарға ие, физикалық және саналылық, интеллект, клиенттерді тарта білу, үміт беру, қарым-қатынас дағдылары мен қайғыны бөлісу. Жоғарыда аталған мамандықтарда күйзеліс 90 % кездессе, күйзелістің әртүрлі симптомдары 85 % әлеуметтік қызметкерлерде кездеседі [8, 412]. Н.Е. Водопьяров пен Е.С. Старченкованың (2002) берген мәліметтерінде күйзеліс деңгейінің 55% әлеуметтік жұмыскерлерде байқалған.

Р.Т. Голембиевский (1999) әлеуметтік ұйымдарда 41 % жұмыскерлерде күйзеліске ұшырау қаупі барын дерек ретінде келтірген. Олардың ойынша, күйзелістің орташа деңгейі 10%, ең дұрысы жалпы жұмыскерлердің 5% ғана құрағаны. Осындай нәтижелер көрсеткендей, әлеуметтік жұмыскерлер кәсіби күйзеліске ұшырау тәуекелі бар топқа жатады [10, 589-590].

Әлеуметтік жұмыскер клиенттермен жұмыста оларға материалды және әлеуметтік көмек жасату үшін көптеген құқықтық актілерді білуі тиіс (халықты әлеуметтік қорғау, зейнеткерлік сақтандыру және т.б.). Әлеуметтік қызметкерлерде стрессті тудыратын факторлардың ішінде орындалмаған үміттер мен армандарды, шамадан тыс жұмыс жүктемесін, үнемі назар аударуды қажет ететін клиенттердің жоғары көлемін, әріптестер мен басшылықтан әлеуметтік қолдаудың жоқтығын, эмоцияларды білдіру қажеттілігін, өз жұмысының бағаланбау сезімін, демалу мен жұмыс уақытының жоқтығын атап өтуге болады.

Әлеуметтік қызметкерлер көбінесе уақытпен шектеледі, бұл қосымша қысым жасайды және өз міндеттерін орындауды қиындатады. Бұл олардың жеке және отбасылық өміріне белгілі бір ауыртпалық әкеледі. Көптеген әлеуметтік қызметкерлер жауапкершіліктің жоғарылығы, жедел нәтиже көрсету талап етілетін жұмыстың көптігі себепті стресске түседі. Жұмыс уақыты бітіп үйіне қайтқан соң да жұмыстың жалғасатыны, осыдан барып отбасымен өткізетін уақыттың қысқаруы, қысымның артуы, өмірге қанағаттанбау. Күйзеліс жақындарымен қатынастарына әсер етіп, арты отбасылық кикілжіңдерге ұласып жатады. Клиенттермен ауыр өткен күннен кейін мамандар біршама уақыт оңашаланғанды ұнатады, бұл да отбасымен өткізетін уақыт есебінен жүреді.

Күйзеліске ұшыраған жан негативті эмоциялардан бөлек, физикалық тұрғыдан да шаршайды. Белгілі бір аурудың белгілері болмаса да ол өзін ауыр сезінеді. Күйзеліс синдромы әртүрлі белгілермен көрініс береді. Ауырған жағдайы субъективті түрде де (шаршау, өзін бағалаудың төмендеуі, көңілі толмаушылық, ештеңені жақтырмау) мен объективті жағдайда да өтеді (жұмысқа ынтасының төмендеуі). Н.Г. Сушко, Н.А. Колобова әлеуметтік жұмыскерлердің күйзелісін анықтауға ұсыныстар алға тартады. Әдістер

қатарында В.В. Бойконың «эмоционалды күйзеліс деңгейін анықтау» әдісі, К. Маслач пен С. Джексонның кәсіби күйзелісті анықтау әдістерін атайды. Осыған негіздей отырып, профилактика шарасы мен психокоррекция жасалуы қажеттігін ескертеді. Авторлар әлеуметтік жұмыскерлер күйзелісімен жұмыста супервизияның орны да маңызды екенін алға тартады. «Көптеген европалық мемлекеттерде әлеуметтік қызметке супервизия жұмысы да қамтылады.

Супервизия әлеуметтік қызметтердің сапасын жақсартуға айтарлықтай көмектеседі. Супервизор әлеуметтік қызмет персоналдарын бақылап, кеңес беріп, бағыттап отырады. Осы ықпалдастық әлеуметтік жұмыскерлер үшін айтарлықтай қолдау әрі көмекке жатады. Себебі әлеуметтік қызметкердің психикалық саулығын сақтау мен эмоционалды тұрғыдан өзін реттеу (эмоциональная саморегуляция) проблемасы маңызды психологиялық проблема ретінде әлеуметтік қызмет саласындағы барлық жұмыскерлер үшін кәсіби және жеке даму тұрғысынан қазіргі уақытта өзекті мәселеге жатады. Бұл тұрғыда психологиялық, әлеуметтік пихологиялық тренингтер ұйымдастыру қажетті. Әлеуметтік жұмыс қарқынды қарым- қатынаспен тығыз байланысты болғандықтан, ол эмоционалды ерікті регуляцияны талап етеді.


Осы орайда Аутогенді жаттығу (аутогенная тренировка) психикалық және физикалық жағдайда өзін реттеу жаттығулары жүйесін құрайды. Ол адамның саналы түрде өзінің денесіне және жүйке жүйесіне әртүрлі психологиялық ықпал жасауға негізделген, сол арқылы релаксация және белсендердіру мақсатын көздейді. Аутогенді жаттығуларды қолдану көңіл күйді көтеріп, өзін жақсы сезінуге әкеледі, ол адамның жұмысқа деген қабілетін арттырып, психофизикалық саулығын дұрыстайды. Әлеуметтік қызметкерлердің күйзелісінің алдын алуда басқа салаларда билет бағаларында жеңілдіктер жасату да пайдалы (театр, концерт, мұражай, көрмелер және т.б.). Біліктілік арттыру курстары, конференциялар, жаңа мәліметтер алу да әлеуметтік қызметкерлердің өзін жетілдіруіне септеседі. Бұл күнделікті қайталанатын бір жұмыстан гөрі олар үшін қызықты әрі басқа адамдармен де араласып, пікіралмасуында тиімді.

Күзелістің алдын алуда жұмыс орнындағы жағдайларды (әлеуметтік, гигиеналық, сауықтыру, эстетикалық т.б.) жақсарту да қажетті. Одан бөлек, әлеуметтік қызметкерлердің айлығын да өсіріп отыру назардан тыс қалмағаны дұрыс [8, 415-416]. Мамандардың қызметіндегі кәсіби күйзеліске және басқа да жағымсыз құбылыстарға әкелетін факторлар әдетте жеке және ұйымдық болып бөлінеді. Бірқатар зерттеушілер стресс пен күйзеліс синдромының күшеюінде жеке қасиеттер аса елеулі деп санайды, мысалы, невротизмнің жоғары деңгейі, алаңдаушылық, өзін-өзі бағалаудың төмендігі, стресстік жағдайларда жағымсыз мінез-құлық стратегиялары, әлсіз немесе керісінше, өте күшті жұмыс мотивациясы, А типті мінез-құлық, төмен жеке төзімділік және басқалар.

Ситуациялық тәсілді жақтаушылар жұмыс ортасының факторлары да маңыздырақ деп есептеп, басшыларға арналған ұсыныстар әзірлеген. Ол ұсыныстар мыналар: әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінде халықпен жұмыс істеуге мүдделі емес адамдар қалмау үшін кадрларды қабылдау мен таңдауды жақсарту; жаңадан келгендерге ауысу үшін тәлімгерлік жүйесін құру; жұмыста «өмір сүру» дағдылары; шешілетін тапсырмалардың сипатын уақытша өзгертуге және клиенттермен байланыста үзіліс

алу үшін жоспарланған күту уақытын белгілеу; икемді жұмыс кестесі; қызметкерлерді басқаруға қатысуға тарту; жеке мансаптық жоспарларды әзірлеу; ұжымда жақсы психологиялық климат құру; супервизияны және кәсіби қолдаудың басқа түрлерін енгізу және т.б.

Әлеуметтік қызметкерлер стресстік жүктеменің себептері, механизмдері және салдары туралы хабардар болуы керек. Олар іштей қайғырып, күйзеліске ұрынбау үшін әдеттегі стресс жауаптарын білуі керек [10, 591]. Әлеуметтік қызметкерлер жұмысындағы стрессті реттеуде негізгі рөл тұлға екенін көрсететін қарапайым және пайдалы модельді С.Файнман (1985) ұсынған. Бұл диаграмманы талдау (1 суретті қараңыз) жеке тұлғаның мотивациялық аспектілері, өзін-өзі түсінуі, сондай-ақ күйзеліске қарсы тұру қабілеті барлық стресс тудыратын факторларды сындыратын призма екенін көрсетеді. Оны қолдайтын әсерлердің дәрежесі мен көлемі әлеуметтік қызметкердің жеке ұстанымына да байланысты. Осыған байланысты әлеуметтік қызметкерлер қызметінде рефлексия мен өзін-өзі реттеудің (саморегуляция) рөлі артып келеді.



Сурет 2. Әлеуметтік жұмыскердің стресс аспектілері

Ескерту: автор құрастырған

Әлеуметтік қызметкерлердің жұмысында орын алатын өзін-өзі реттеу процесі әртүрлі қызмет салаларында көрінетін бірнеше маңызды кезеңдерді қамтиды:

– ол көрсетілетін қызметтің нақты мақсатын анықтаудан басталады, бұл жұмысты нақты іс-қимыл жоспары негізінде құруға көмектеседі. Маңызды еңбек жағдайлары жүйесі туралы идеяны қалыптастыру жұмыс ерекшеліктерін ескеруге және клиенттермен тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

– іс-қимыл бағдарламасын құру мақсатқа жету үшін қажетті нақты қадамдар мен әдістерді анықтайтын негізгі қадамға айналады. Іс-әрекеттегі тәуелсіздікті ескере отырып, қызметті жүзеге асыру нәтижелерге қол жеткізуге және жұмыстың тиімділігін бағалауға көмектеседі;

– жетістік критерийлері жүйесін әзірлеу қол жеткізілген нәтижелерді бағалауға және қойылған мақсаттарға сәйкестік дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Қол жеткізілген нәтижелер туралы ақпарат алу және оларды таңдалған критерийлер бойынша бағалау тапсырмалардың қаншалықты сәтті орындалғанын түсінуге көмектеседі;

– алынған ақпарат негізінде түзету әрекеттерінің қажеттілігі мен сипаты туралы шешім қабылданады, бұл жұмыс процесін үнемі жақсартуға және жақсы нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді.

Әлеуметтік қызметкерлердің жұмысында маңызды рөл атқаратын рефлексия оларға клиенттермен жұмыс жасау кезінде өз әрекеттері, ойлары мен сезімдері туралы білуге көмектеседі, бұл тиімдірек және сапалы көмекке ықпал етеді.

Бұл процесс әлеуметтік қызметкерлерге өздерінің күшті және әлсіз жақтарын білуге және кәсіби ойлауын және эмоционалдық интеллектін дамытуға көмектеседі. Рефлексия әлеуметтік қызметкерлерге өз тәжірибесін жетілдіруге, қателіктерден аулақ болуға және мақсаттарына тиімдірек жетуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік қызметкерлер үшін рефлексияның негізгі аспектілерінің бірі - олардың жұмысын сыни тұрғыдан бағалау және мүмкін жақсартуларды анықтау мүмкіндігі. Рефлексиялық тәжірибе оларға клиенттердің қажеттіліктерін жақсырақ түсінуге, олардың тәсілдері мен жұмыс әдістерін бейімдеуге және клиенттермен және әріптестермен тиімді қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.

Сонымен қатар, рефлексия әлеуметтік қызметкерлер арасында эмпатияның дамуына ықпал етеді. Бұл оларға клиенттердің сезімдері мен тәжірибесін жақсырақ түсінуге әрі оларға жақсырақ және тиімдірек қолдау көрсетуге жол ашады. Жалпы алғанда, рефлексия әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби дамуының құрамдас бөлігі болып табылады және олар көрсететін қызметтердің сапасын арттыруға ықпал етеді. Рефлексияның тұрақты тәжірибесі әлеуметтік қызметкерлердің құзыретті, жауапты және тиімді маман болуына септігін тигізуінде. Өзінің кәсіби іс-әрекетіне, сондай-ақ олармен бірге жүретін сезімдерге рефлексия жасау маманның алдында тұрған қиындықтарды сәтті жеңуге ғана емес, сонымен қатар өзгерген жағдайларға, мақсаттарға және қызмет міндеттеріне байланысты жаңа механизмдерге ауысуға мүмкіндік береді. Өзін-өзі реттеу және рефлексия кәсіби күйзелістер мен жұмыстағы сәтсіздіктердің салдарын жеңуде, жүйке-психикалық денсаулықты және жұмысқа деген оң көзқарасты сақтауда ерекше рөл атқарады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, денсаулық сақтау саласында жұмыс істейтін әлеуметтік қызметкерлер өзара байланыс орнататын адамдардың қиындықтары мен азаптарына байланысты бірқатар мәселелерге тап болатынын атап өткен жөн. Олар өз клиенттерінің қайғы-қасіреті мен қиындықтарына куә болады, сол себепті белгілі бір шешім қабылдауда ерекше нақтылықты және қабылданған шешім дұрыс болуын талап етеді.

Кез келген басқа саладағы сияқты, денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкерлер шешім қабылдау кезінде жоғары этикалық стандарттарды сақтауы

керек. Олар өздерінің кәсіби білімдеріне, құндылықтарына, дағдыларына сүйеніп, айналасындағыларға кәсіби пайымдау мен жанашырлық танытады. Осы процестерді қолдау және қажетті тәжірибені дамыту үшін қолдау көрсету, үздіксіз оқыту және өзін-өзі көрсетудің тиімді стратегияларын дамыту өте маңызды. Тек осылай ғана әлеуметтік қызметкерлер өз клиенттеріне сапалы және этикалық көмек көрсетіп, денсаулық сақтау саласындағы күрделі жағдайларда тиімді жұмыс істей алады.

Сыни рефлексия мен рефлексивтілік – эмансипаторлық практикада денсаулық пен салауаттылықты басты орынға қоюда маңызды рөл атқарады. Оның құндылығы тек оқыту мен кәсіби дамуда ғана емес, сонымен қатар қызметкерлердің эмоционалдық әл-ауқаты мен кәсіби сәйкестігін қолдауда.

Тұрақты супервизия сессиялары мамандарға өздерінің күшті жақтарын түсінуге және әлсіз жақтарын жеңуге көмектеседі, бұл олардың жұмысының сапасы мен тиімділігіне әсер етеді. Қолдау көрсететін супервизияның негізгі артықшылықтарының бірі оның күйзелістің алдын алу мүмкіндігі болып табылады. Әлеуметтік жұмыс мамандары жиі қиын және эмоционалды жағдайларға тап болады және супервизия қолдауы оларға оқшауланған немесе үмітсіз сезінбестен осы қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Сонымен қатар, қолдаушы супервизия мамандарға өздерінің кәсіби қызметі шеңберінде олардың ойларын, сезімдерін және әрекеттерін білуге мүмкіндік беретін рефлексиялық тәжірибенің дамуына ықпал етеді. Бұл сыни тұрғыдан ойлау дағдысы оларға клиенттермен жұмыс істеу кезінде көбірек ақпараттандырылған және негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі.

Тұтастай алғанда, қолдаушы супервизия денсаулық сақтау жүйесіндегі әлеуметтік жұмыс мамандарының жоғары кәсіби деңгейі мен тиімділігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Ол оқыту және дамыту құралы ғана емес, сонымен қатар, қызметкерлердің эмоционалдық және кәсіби әл-ауқатын сақтаудың негізі болып табылады. Қолдау көрсететін супервизия бағдарламаларын кеңейту және жетілдіру денсаулық сақтаудағы әлеуметтік жұмысты дамытудың басымдылығы ретінде қарастырылуы керек.

Авторлардың қосқан үлесі:

Шанбаева Г.Н. денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік жұмыстаға қолдаушы супервизияға қатысты материалдар мен әдебиеттерге тыңғылықты шолу жасады. Денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкерлерді кәсіби қолдаудағы қадағалаудың өзектілігіне назар аудара отырып, негізгі тұжырымдамаларды, тенденцияларды және мәселелерді атап өтті.Оның аналитикалық көзқарасы мақаланың негізін құрайтын негізгі аспектілерді анықтауға көмектесті.

Мақаланы жазу барысында Шанбаева Г.Н. оқырмандарға ақпараттарды, күрделі ұғымдарды оңай түсінуге болатындай етіп құрылымдады, денсаулық сақтау саласы үшін олардың маңыздылығы мен практикалық өзектілігін атап көрсете отырып, тезистер мен қорытындыларды тұжырымдады.

Аубакирова А.К. әлеуметтік жұмыстағы супервизияға белсенді қатысты, бұл оған басшылармен және тәжірибесі мол әріптестерімен кәсіби жағдайларды және де әртүрлі

кейстерді талдауға және талқылауға мүмүмкіндік берді. Осы практикалық тәжірибе арқылы Аягөз супервизияның әдіс-тәсілдері мен принциптерін терең түсініп, әлеуметтік көмек көрсету саласындағы жұмысының сапасын арттыру үшін оларды іс жүзінде қолдану жолдарын үйренді.

Супервизиядағы жинақталған тәжірибе мақаланы жазу кезінде маңызды ресурс болды. Аубакирова А.К. тақырыпты әлеуметтік қызметкерлердің күнделікті тәжірибесінде кездесетін нақты қиындықтар мен қажеттіліктерді ескере отырып, қарастыра алды. Оның білімі мен тәжірибесі мақалаға осы саладағы нақты тәжірибеге негізделген практикалық аспектілер мен ұсыныстарды қосуға мүмкіндік берді.

Әдебиеттер тізімі

1. Брюс Э.Дж., Остин М.Дж. Әлеуметтік жұмысты қадағалау: өткенді бағалау және болашақты карталау // Клиникалық жетекші. – 2001. – Vol. 19(2). – P. 85-107. DOI: 10.1300/J001v19n02_05. - журнал

1. Гуслова М.Н. Қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қорғау жұмыстарын ұйымдастыру және мазмұны. – М.: Академия, 2010. – 232 б. – кітап

2. Busse S. Сыни рефлексия мен практикалық әрекет арасындағы қадағалау // Әлеуметтік жұмыс тәжірибесі журналы. – 2009. – Т. 23(2). – П.159-173. DOI: 10.1080/02650530902923700. - журнал

3. Кадушин Г. және т.б. Ауруханаңың әлеуметтік жұмысын қадағалаудағы модельдер мен әдістер // Клиникалық жетекші. – 2009. – Т. 28(2). – 180-199 б.DOI: 10.1080/07325220903324660. - журнал

4. Дуброва Н.Б. Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік жұмысты құқықтық қамтамасыз ету: Оқу-тәжірибелік оқу құралы. - Қарағанды: Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің баспасы, 2017. 130 б.- кітап

5. Ковшова О.С. Клиникалық психологтың рефлексиясын және кәсіби сәйкестендіруін дамытудағы қадағалаудың маңызы // Технологиялық құрылымдардың өзгеруі жағдайында персоналды басқару психологиясы және тәлімгерлік экожүйесі. Екінші халықаралық ғылыми-практикалық конференция (11–12 қараша, 2021 ж., Нижний Новгород): мақалалар жинағы / ред. проф. Л.Н. Захарова, доцент I.S. Леонова. – Н.Новгород: Нижний Новгород мемлекеттік университеті. Н.И. Лобачевский, 2021. – 686 б. – 159-166 б. - конференция материалдары

6. Коннолли М., Хармс Л., Мэйдмент Дж. Әлеуметтік жұмыс: контексі мен практикасы – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 2020. – 384 бет. – кітап

7. Пантюк И.В. «Әлеуметтік жұмыстың теориялық негіздері» пәні бойынша дәріс конспектісі. Беларусь мемлекеттік университеті. Минск,2013 г. – 246 б. – кітап

8. Сушко Н.Г., Колобова Н.А. Әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби іс-әрекетіндегі эмоционалды күйіп қалу синдромы // «Томск мемлекеттік университетінің ғылыми жазбалары» том 9, № 2, 411-416 б.электронды ресурс

9. Тұрсынбекова Ж.Д. Медициналық-әлеуметтік технологиялар денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік қызметкердің құзыреттерін іске асыру құралы ретінде // Медицина және экология, 2015 ж., №4. Астана. - 110-118 б. - кітап

10. Холостова Е.И. Әлеуметтік жұмыс: Бакалаврларға арналған оқу құралы. — М.: «Дашков и К.» баспа-сауда корпорациясы 2012. — 612 б.- кітап

11. Чернецкая А.А. және т.б. әлеуметтік жұмыс технологиясы: Оқулық. Ростов қ.: «Феникс», 2006. – 400 б. – кітап

12. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік қызметкерлерге қызметтік міндеттерді атқару кезіндегі мінез-құлықтың кәсіби әдебі бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы //www.gov.kz (жүгінген күні: 17.02.2024) - Заңнамалық және нормативтік құжаттар

13. Энгельбрехт Л.К. (ред.). Әлеуметтік қызметкерлерді басқару және қадағалау: әлеуметтік даму парадигмасындағы мәселелер мен қиындықтар. –, 2014. – 23-27 б. – кітап

14. O'Donoghue K. B. Aotearoa Жаңа Зеландияда әлеуметтік жұмысты қадағалау құрылысына қарай: әлеуметтік жұмыс практиктері мен жетекшілерінің перспективаларын зерттеу: әлеуметтік жұмыстағы философия докторы дәрежесіне қойылатын талаптарды ішінара орындау кезінде ұсынылған диссертация. Масси университеті, Солтүстік Палмерстон, Жаңа Зеландия. [Электрондық ресурс] – URL: http://hdl.handle.net/10179/1535 (жүгінген күні: 11.11.2023). - электронды ресурс

15. Schaufeli W.B., Leiter M.P., Maslach C. Burnout: 35 жыл зерттеу және тәжірибе // Мансаптық даму халықаралық. – 2009. – Т. 14(3). – б.204-220. DOI: 10.1108/13620430910966406. - журнал

16. Gowdy E.A., Rapp C.A., Poertner J. Менеджмент - бұл өнімділік: Әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарындағы клиентке бағытталған тәжірибеге арналған стратегиялар // Әлеуметтік жұмыстағы әкімшілік. – 1993. – Т. 17(1). – П.3-22. DOI: 10.1300/J147v17n01_02. – журнал

17. Бергер С., Мизрахи Т. Өзгеретін денсаулық сақтау ортасындағы қадағалаудың дамып келе жатқан парадигмасы // Денсаулық сақтаудағы әлеуметтік жұмыс. – 2001. – Т. 32 (4). – б.1-18. DOI: 10.1300/J010v32n04_01. - журнал

18. Busse S. Сыни рефлексия мен практикалық әрекет арасындағы қадағалау // Әлеуметтік жұмыс тәжірибесі журналы. – 2009. – Т.23(2). – б. 159-173. DOI: 10.1080/02650530902923700. - журнал

19. Беддо Л., Ховард Ф. Әлеуметтік жұмыс және психологиядағы кәсіпаралық бақылау: мандат және (аралық) кәсіби қарым-қатынас //Клиникалық жетекші.–2012.–Т.31(2).–б.178-202.DOI: 10.1080/07325223.2013.730471. - журнал

20. Гибельман М., Шервиш П.Х. Әлеуметтік жұмыстағы қадағалау: өзгермелі ортадағы сипаттамалар мен тенденциялар // Клиникалық жетекші. – 1998. – Т.16(2). – Р. 1-15. DOI: 10.1300/J001v16n02_01 - журнал

21. Грей С.В. Әлеуметтік жұмысты лицензиялау мен қадағалаудың өзара әрекеттесуі: зерттеушілік зерттеу // Клиникалық жетекші. – 1990. – Т. 8(1). – б. 53-65. DOI: 10.1300/J001v08n01_05 - журнал

22. Барретта-Херман А. Лицензияланған әлеуметтік жұмыс практиктері үшін қадағалау үлгісін әзірлеу туралы // Клиникалық жетекші. – 1994. – Т.11(2). – б. 55-64. DOI: 10.1300/J001v11n02_05.57 - журнал

23. Кадушин А. Әлеуметтік жұмыс бойынша кеңес беру. – Нью-Йорк: Колумбия университетінің баспасы, 1977. – 236 б. - кітап

24. Munson C.E. Әлеуметтік жұмысты қадағалауда құрылымдық, өкілеттік және оқыту үлгілерін пайдалану. – Мэриленд университеті, Балтимор, 1975. – 340 б. – кітап

Г.Н. Шанбаева[1], А.К. Аубакирова[2]
[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, Алматы
[2]Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,
Республика Казахстан, Астана

Поддерживающая супервизия социальных работников в системе здравоохранения

Аннотация. Данная научная статья посвящена исследованию поддерживающей супервизии как важного элемента профессиональной поддержки социальных работников в системе здравоохранения. При этом очень важно правильное понимание сущности и миссии социального работника в системе здравоохранения. Супервизия в социальной работе является одним из эффективных методов повышения качества услуг и профилактики профессионального выгорания сотрудников данной сферы . Она определяется как метод, с помощью которого более опытный специалист помогает супервизируемому выполнять свои функциональные обязанности в соответствии с принятыми стандартами. Супервизия предоставляет возможность найти альтернативные решения в процессе работы со случаями семей высокого риска.

В статье представлен обзор основных понятий и методов поддерживающей супервизии, а также ее роли в повышении качества и эффективности работы социальных работников здравоохранения. В исследовании излагаются принципы и практика поддерживающей супервизии, включая саморегуляцию, рефлексию, обратную связь и процессы профессионального развития. Особое внимание уделено влиянию поддерживающей супервизии на снижение профессионального выгорания и повышение качества предоставляемых услуг в сфере здравоохранения. Кроме того, в статье рассматриваются проблемы и перспективы внедрения поддерживающей супервизии в современную систему здравоохранения, в том числе необходимость обучения и поддержки супервизоров, адаптации методов супервизии к специфике оказания услуг социального здравоохранения, разработки эффективных моделей сотрудничества. между лидерами и социальными работниками.

Ключевые слова: поддерживающая супервизия, социальные работники, система здравоохранения, профессиональный стресс, обратная связь, рефлексия.

G.N. Shanbaeva[1], A.K. Aubakirova*[2]
[1]Kazakh National University named after al-Farabi, Almaty, Republic of Kazakhstan
[2]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

Supportive supervision of social workers in the health system

Abstract. This scientific article is dedicated to the study of supportive supervision as an important element of professional support for social workers in the healthcare system. It is crucial to understand the essence and mission of social workers in the healthcare system correctly. Supervision in social work is one of the effective methods for improving service quality and preventing professional burnout among

employees in this field. It is defined as a method through which a more experienced specialist helps the supervisee perform their functional duties in accordance with accepted standards. Supervision helps resolve professional difficulties, analyze the effectiveness of actions towards clients, evaluate goals objectively, rethink reactions in difficult situations, and assess professional capabilities, client relationships, and colleague interactions from a new perspective to find new solutions.

The article presents an overview of the main concepts and methods of supportive supervision and its role in enhancing the quality and effectiveness of social workers' performance in healthcare. The research outlines the principles and practices of supportive supervision, including self-regulation, reflection, feedback, and professional development processes. Special attention is given to the impact of supportive supervision on reducing professional burnout and improving the quality of services provided in the healthcare sector. Additionally, the article discusses the challenges and prospects of implementing supportive supervision in the modern healthcare system, including the need for training and supporting supervisors, adapting supervision methods to the specifics of social healthcare services, and developing effective collaboration models between leaders and social workers.

Key words: supportive supervision, social workers, health care system, professional stress, feedback, reflection.

References

1. Bruce E.J., Austin M.J. Social work supervision: Assessing the past and mapping the future // The Clinical Supervisor. – 2001. – Vol. 19(2). – P. 85-107. DOI: 10.1300/J001v19n02_05. - journal

2. Guslova M.N. Organization and content of work on social protection of the elderly and disabled. - Moscow: Academy, 2010. - 232 c. [in Russian]

3. Busse S. Supervision between critical reflection and practical action // Journal of Social Work Practice. – 2009. – Vol. 23(2). – P. 159-173. DOI: 10.1080/02650530902923700.

4. Kadushin G. et al. Models and methods in hospital social work supervision // The Clinical Supervisor. – 2009. – Vol. 28(2). – P. 180-199. DOI: 10.1080/07325220903324660.

5. Dubrova N.B. Legal support of social work in the Republic of Kazakhstan: Training and practical manual. - Karaganda: Publishing house of the Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz, 2017. 130 c. [in Russian]

6. Kovshova O.S. The significance of supervision in the development of reflection and professional identification of clinical psychologists // Psychology of personnel management and mentoring ecosystem in the conditions of changing technological mode. Second international scientific and practical conference (11-12 November, Nizhny Novgorod): collection of articles / edited by Prof. L.N. Zakharova, Associate Professor I.S. Leonova. - N. Novgorod: N.I. Lobachevsky NNGU, 2021. - 686 c. - 159-166 c. [in Russian]

7. Connolly M., Harms L., Maidment J. Әleumettik zhumys: conteksi men praktikasy - Almaty: "Ұlttyқ аударма бюросы" kyogamdyқ kory. - 2020. - 384 bet.

8. Pantyuk I.V. Lecture notes of the discipline "Theoretical bases of social work". Belarusian State University. Minsk, 2013. - 246 c. [in Russian]

9. Sushko N.G., Kolobova N.A. Emotional burnout syndrome in the post-professional activity of social workers // Electronic scientific edition "Scientific Notes of TOGU" vol. 9, no. 2, 2018. C. 411-416. [in Russian]

10. Tursynbekova J.D. Medico-social technologies as a means of realization of competencies of a social worker in the field of health care // Medicine and ecology, 2015, No. 4. Astana. - 110-118 c.Engelbrecht L.K. (ed.). Management and supervision of social workers: Issues and challenges within a social development paradigm. – Cengage Learning, 2014. – 23-27 p. [in Russian]

11. O'Donoghue K. B. Towards the construction of social work supervision in Aotearoa New Zealand: a study of the perspectives of social work practitioners and supervisors: a thesis presented in partial fulfilment of the requirements for the degree of Doctor of Philosophy in Social Work at Massey University, Palmerston North, New Zealand. [Electronic resource] – URL: http://hdl.handle.net/10179/1535 (accessed: 11.11.2023).

12. Schaufeli W.B., Leiter M.P., Maslach C. Burnout: 35 years of research and practice // Career development international. – 2009. – Vol. 14(3). – P. 204-220. DOI: 10.1108/13620430910966406.

13. Gowdy E.A., Rapp C.A., Poertner J. Management is performance: Strategies for client-centered practice in social service organizations // Administration in Social Work. – 1993. – Vol. 17(1). – P. 3-22. DOI: 10.1300/J147v17n01_02.

14. Berger C., Mizrahi T. An evolving paradigm of supervision within a changing health care environment // Social Work in Health Care. – 2001. – Vol. 32 (4). – P. 1-18. DOI: 10.1300/J010v32n04_01.

15. Busse S. Supervision between critical reflection and practical action // Journal of Social Work Practice. – 2009. – Vol. 23(2). – P. 159-173. DOI: 10.1080/02650530902923700.

16. Beddoe L., Howard F. Interprofessional supervision in social work and psychology: Mandates and (inter) professional relationships // The Clinical Supervisor. – 2012. – Vol. 31(2). – P. 178-202. DOI: 10.1080/07325223.2013.730471.

17. Gibelman M., Schervish P.H. Supervision in social work: Characteristics and trends in a changing environment // The Clinical Supervisor. – 1998. – Vol. 16(2). – P. 1-15. DOI: 10.1300/J001v16n02_01.

18. Gray S.W. The interplay of social work licensure and supervision: An exploratory study // The Clinical Supervisor. – 1990. – Vol. 8(1). – P. 53-65. DOI: 10.1300/J001v08n01_05.

19. Barretta-Herman A. On the development of a model of supervision for licensed social work practitioners // The Clinical Supervisor. – 1994. – Vol. 11(2). – P. 55-64. DOI: 10.1300/J001v11n02_05.57.

20. Kadushin A. Consultation in social work. – New York: Columbia University Press, 1977. – 236 p.

21. Munson C.E. The uses of structural, authority and teaching models in social work supervision. – University of Maryland, Baltimore, 1975. – 340 p.

Авторлар туралы мәлімет:

Шанбаева Г.Н. **–** әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 1 курс докторанты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан.

Аубакирова А.К. **–** корреспонденцияға автор, әлеуметтік жұмыс магистрі, әлеуметтану кафедрасының оқытушысы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтпаев көш., 2, 010008, Астана, Қазақстан.

Информация об авторах:

Шанбаева Г.Н. **–** докторант 1 курса кафедры социологии и социальной работы КазНУ им. аль-Фараби, пр. аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Казахстан.

Аубакирова А.К. **–** автор для корреспонденции, преподаватель кафедры социологии, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан.

Information about authors:

Shanbaeva G.N. **–** Ph.D. student, Department of Sociology and Social Work, Al-Farabi Kazakh National University, 71 al-Farabi Ave, 010008, Almaty, Kazakhstan.

Aubakirova A.K. **–** corresponding author, master of science in social work, lecturer at the department of sociology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev str., 010008, Astana, Kazakhstan.

Редакторы: Г.Ж. Менлибекова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ХАБАРШЫСЫ.

Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы.
– 2(147)/2024 – Астана: ЕҰУ. – 776 б.

Шартты б.т. – 97,1. Таралымы – сұраныс бойынша .
Басуға қол қойылды: 20.06.2024
Ашық қолданыстағы электронды нұсқа: https://bulpedps.enu.kz

Мазмұнына типография жауап бермейді

Редакция мекен-жайы: 010008, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Сәтбаев көшесі, 2.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Тел.: +7(7172) 709-500, (ішкі 35-108)
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасында басылды